

**ӘШІМОВА ГҮЛНАЗ БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ**

**Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экологиялық  
даму тарихы (1991-2009 жж.)**

07.00.02 - Отан тарихы  
(Қазақстан Республикасының тарихы)

тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін  
алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшілері:  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор Мажитов С.Ф.  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
доцент Нурбетова Г.О.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2010

## МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ .....	3
КІРІСПЕ .....	5
1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ .....	13
1.1 Экологиялық мәселелердің тарихи аспектісі .....	13
1.2 Әлеуметтік-экологиялық мәселелердің шиеленісуі: ауыр зардаптары мен салдары .....	41
1.3 Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелерге байланысты әлеуметтік жағдайы мен ахуалы .....	66
2 ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ХАЛ-АХУАЛЫ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ .....	82
2.1 Экологиялық мәселелерді шешуде Қазақстанның халықаралық ынтымақтастықтағы алатын орны, мазмұны және мәні .....	82
2.2 «Жаңа экологиялық саясаттың» қазіргі моделіне өтудің мазмұны және ерекшеліктері .....	102
2.3 Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралардың ұлттық жоспары .....	125
ҚОРЫТЫНДЫ .....	150
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....	155

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

АҚ - акционерлік қоғам  
АГТКС - автомобильдік газ толтырғыш компрессорлық стансасы  
АҚШ - Америка Құрама Штаттары  
АҚ - Акционерлік қоғамы  
АӨК - Аграрлық өндірістік кешен  
АЭС - Атомдық электр станциясы  
БДСҰ - Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ - Всемирная Организация Здравоохранения)  
БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы  
БҰҰ ДБ - Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы  
га - гектар  
г/лит - литрге грамм  
ГИС - Геолого-исследовательская система (геологиялық зерттеу жүйесі)  
ҒТП - Ғылыми-техникалық прогресс  
ж.ж. - жылдар  
ЖШС - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
км - километр  
км<sup>2</sup> - шаршы километр  
квт - киловатт  
КОКП ОК - Кеңес Одағының Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті  
КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
Қазақ КСР - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы  
ҚКСР ҒА - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Ғылымдар Академиясы  
ҚазМУ - әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университеті  
ҚРТД/ҚОҚҮІЖ - Қазақстан Республикасының Тұрақты Дамуына арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Ұлттық іс-шаралар жоспары  
ҚР ҰҒА - Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылымдар Академиясы  
л - литр  
м - метр  
м<sup>2</sup> - шаршы метр  
м<sup>3</sup> - текше метр  
млн. - миллион  
млрд. - миллиард  
МӘЖ қызметі - медициналық-әлеуметтік жүйе қызметі  
МОДББ - Мүгедектердің орталықтандырылған деректер базасы бағдарламасы  
НПДЭ - Национальный план действий по экологии (Экология бойынша іс-әрекеттердің ұлттық жоспары)  
ОАЫ - Орталық Азия ынтымақтастығы  
ОА АЭО - Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы  
ОБСЕ - Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе (ЕҚЫҰ - Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық бойынша ұйым)  
ОЭО - Отын электр орталығы (ТЭЦ - топливно-энергетический центр)

ПДК - предельно допустимая концентрация (белгілі мөлшерде белгіленген қосынды)  
СЭС - Су электр станциясы  
ТДДС - Тұрақты Дамудың Дүниежүзілік Саммиті  
ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
ТҚХО - «Халықаралық қызыл кітапты» табиғатты және оның ресурстарын қорғаудың халықаралық одағы (МСОП - Международный Союз по охране природы)  
ТОЛ - тұрақты органикалық ластағыштар  
Фосфор ШӨБ - Фосфор Шымкент өндірістік бірлестігі  
ХҚС - Халықаралық қызмет ету, тіршілік ету қабілетін шектеу және денсаулық сыныптаамасы  
ХЕҰ - Халықаралық Еуропа Ұйымы  
ШЕКОА - Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдері  
ЮНЕСКО - Организация Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры (Білім, ғылым және мәдениет бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы)  
ЮНДП - Программы Организации Объединенных Наций по оказанию технической помощи и Специального фонда ООН (Біріккен Ұлттар Ұйымының техникалық көмек көрсету бойынша және БҰҰ-ның арнайы қоры)  
ЮНЕП - Программа Организации Объединенных Наций по окружающей среде (Қоршаған орта бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламасы)  
ЮНИСЕФ - Детский фонд Организации Объединенных Наций (Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры)

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қазіргі кездегі маңызды, өмірлік мәні бар адамзат алдындағы мәселелердің бірі - экология, табиғатты қорғау болып табылады. Экологиялық жағдай табиғи және әлеуметтік стихиялық тоғысуынан туындап зерттеу объектісіне айналууда. Ядролық қару мен химиялық өндіріске толы қазіргі дүниеде бірде-бір мемлекет өз саясатын әлемдік дамудың мүдделерінен тысқары белгілей алмайды. ХХІ ғасырда әлемдік даму жолын адамзаттың құндылықтарына бағынуы тиіс екендігі айқын болып отыр. Жалпы адамзаттық құндылықтардың ортақ мақсаты адамның тіршілігі болса, қазіргі таңда адамның тіршілік орны - табиғи ортадағы өзгерістер тек қана биосфералық мәселе болып қоймай, әлеуметтік мәселеге айналуы белең алып келеді.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев 2003 жылы жарық көрген «Сындарлы он жыл» атты кітабында былай деп жазады: «Қазақстан - әлемдік қоғамдастықтың өзіне артқан үмітін бәрінен көп ақтаған ел... Сенім саясатының нақты көрінісі әрі қауіпсіздіктің жаңа үлгісінің символы - Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы және Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақ құру процесі» [1].

Егеменді Қазақстанда қазақ халқының болмысына, мәдениетіне және тарихына деген ізденістер қарқындауда, оның тарихи және этномәдени кезеңдеріне, әлеуметтік және ынтымақтасу тәжірибесінің көріністеріне деген қызығушылық түрлі мамандарды қамтуда. Отандық тарих ғылымында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экологиялық мәселелердің қалыптасу және даму тарихы бұрын соңды зерттелмеген мәселелердің бірі.

Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Қазақстанда жаңа реформалар, әлеуметтік-қоғамдық өзгерістер болды. Кеңестік тәжірибеге сүйене отырып, жаңа экономикалық жағдайда Қазақстанда әлеуметтік-экологиялық жағдайдың қалыптасу тарихы, еліміздің әлеуметтік жағдайы мен ахуалы, халықаралық ынтымақтастықтың маңызы мен мәні, «Жаңа экологиялық саясаттағы» ақтаңдақтар мен кателіктердің алдын алу мәселелері қарастырылды. Өткеніміздің тың беттерін аша отырып, Қазақстан тарихының кеңістігін кеңейту, қазақ халқының әлеуметтік өмірінің болмысын жетілдірудің тәсілдерін, түрлерін және кезеңдерін талдау, таңдау және жинақтау кәсіби де, мемлекеттік те мәселеге айналууда.

Экологияның жер бетінде барған сайын күрделіленіп бара жатқаны бұл күндері әркімге-ақ белгілі, ол ұлттық және аумақтық шегіне жетіп, ғаламдық мәселеге айналууда. Экологиялық қиыншылықтар бір аймақта немесе бір салада басталып, аймақтық, яғни мемлекеттік, тіптен халықаралық қиындықтарға ұшыратады. Ғасырлар бойы жер бетіндегі табиғи, ресурстық және биосфералық жүйе бір-біріне байланысты ғана емес, олардың тағдыры да бір-біріне тәуелді. Бұл жүйелердің экологиялық қауіпсіздігінің деңгейін қалыпты жағдайда сақтау және планеталық ресурстарды реинвестициялау үшін, солардың мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өздерінің экономикалық өсуін жасайтын мемлекеттер мен геосаяси жүйелердің өзара келісімді іс-әрекеті қажет [2].

Соңғы жылдары, әсіресе 30 жыл бойы бұл мәселелер күн тәртібінен түскен емес. Табиғатты адам баласының аяусыз пайдалануының соңында қандай қауіп пен қатер тұрғанын адамзат біраз уақытқа дейін елеген жоқ. Ал білген кезде ең алдымен экономикасы өркендеген өркениетті елдер дабыл қақты. Соның нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен 1972-жылы 5-маусымда Стокгольмде Дүниежүзілік мемлекеттер басшыларының конференциясы ұйымдастырылды. Бұл конференцияда қоршаған ортаны қорғау проблемасы көтерілді. Сол жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 5-маусымды Бүкілдүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні деп жариялады. [3].

Қазіргі ғылым мен техниканың жетістіктері адам баласына табиғи ортаны сақтау мен оның ластануына жол бермеуге, қамқорлық танытуға мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндіктердің бірнешеуі төмендегідей: табиғи ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік беретін, аз қалдықты немесе қалдықсыз технологияны жаппай өндіріске ендіру және ортаның ластануын барынша азайту; су шығынын едәуір азайтуға мүмкіндік беретін өндірісті сумен жабдықтаудың қайтымдық және тұйық айналымдарын кең қолдану; топырақтағы ылғалдың жиналуын және атмосфералық ауадағы газдардың тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік беретін орман алқаптарының сақталуы және қалпына келтірілуі; жылу мен энергияның дәстүрлі көздерінің атмосферадағы көмір қышқыл газының жиналуы мен климаттық өзгеруінің алдын алуға мүмкіндік беретін табиғи көздерімен алмастырылуы болып табылады.

Қоршаған ортамен табиғатты тиімді пайдалана отырып, соны сақтау үшін келеңсіз әрекеттерді жасамау осы кездегі ең басты бағыт болып табылуы керек. Жер шарындағы халық санының өсуі мен көптеген елдердің индустриалды дамуы табиғи ресурстарды пайдалануды еселеп, адамның табиғатқа әсерін арттыра түсуде...

Табиғи ортаның шектен тыс ластануы ерекше белең алып келеді. Көп елдерде қоршаған ортаның табиғи үйлесімділігінің өзгеруінен ондағы жағдайдың нашарлағаны соншалық адамдардың денсаулығы бұзыла бастады. Экология ғылымының бүгінгі таңдағы өзекті мәселеге айналуы осында [4].

Семей полигонының жабылуы атом тарихындағы тұңғыш әрі бірегейлі үлгі болды, мемлекет ерікті, бір жақты түрде ядролық және термоядролық зарядтардың сынақ жарылыстары жөніндегі өз аумағындағы жұмыстардың бүкіл кешенін доғарды. Ең алдымен біздің мемлекетімізде полигонның жабылуы - оның бүкіл күрделі инфрақұрылымын жай ғана құрту және сынақта тыйым салу емес, бұл - ластанған жерлерді ақтау, топырақ пен айналадағы ортаны жөнге келтіру, биологиялық әлеуетті қалпына келтіру, науқастарға атомдық ажал жанында жарты ғасыр тұрып, психологиялық жағынан морт сынған адамдарға көмек жөніндегі ұзақ жылдарға созылатын процесс. Бұл - ұзақ та қиын процесс.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экологиялық даму тарихы: өткені, бүгіні және болашағы тұрғысынан қарастырылады. Ғылыми жұмыста Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экологиялық даму тарихы аясындағы экологиялық мәселелердің тарихи аспектісі, әлеуметтік-экологиялық мәселелер - қоршаған ортаны қорғау ісі бойынша мемлекет қызметінің негізі,

еліміздің әлеуметтік жағдайы мен ахуалы, әлеуметтік-экологиялық саясаты: даму жолдары мен бағыттары, экологиялық мәселелерді шешуде Қазақстанның халықаралық ынтымақтастықтағы алатын орны, мазмұны және мәні, «жаңа экологиялық саясаттағы» ақтандақтар мен қателіктердің алдын алу шаралары, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралардың ұлттық жоспары кеңінен қарастырылады.

**Мәселенің зерттелу деңгейі.** Қазақстанда әлеуметтік-экологиялық қалыптасу және даму тарихы мәселелері кеңестік кезеңде біржақтама қарастырылған.

Мемлекетіміздің ұлттық тұрғыда өркениетті және салауатты өмір деңгейіне жетілдіру, демократиялық қоғамымыздың жан-жақты дамуын қатар қарқынлату, оны халқымыздың әлеуметтік-мәдени кеңістігінде тарату - еліміздің бүгінгі таңдағы ілгерілеуінің өзіндік жолы. Тәуелсіздіктің туын биікке көтерген Қазақстан Республикасы халқының түп-тамырына деген тарихи сұраныс әрдайым жаңаруда. Халықты әлеуметтік-экологиялық және сауықтыру мәселелерінің мәні мен орнын анықтау - теориялық жағынан маңызды мәселе, тарихи тың бетбұрыс және практикалық өзекті де әрі өткір мәселе. Қоршаған ортамызды қорғап және оның табиғи сұлулығын сақтап қалу еліміздің әрбір азаматының парызы.

Қазақстандағы әлеуметтік-экологиялық жағдайдың қалыптасу және даму тарихы мәселелері қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде біршама қарастырылған. Мысалы, 1970-1990 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экологиялық саясатына қатысты тарихи аспектілер Ю.П. Полянский [5], Ж.Ж. Жатқанбаев [6] М.Н. Исмагиловтың [7] зерттеулерінде кездеседі.

Егемендік алған жылдардың ішінде Қазақстан Республикасында Отан тарихына арналған еңбектер тереңдей түсті. Бірқатар ғалымдар, атап айтқанда Ж.М. Әділов [8], Ә.С. Бейсенова, Ж.Б. Шілдебаев [9], Г.К. Сағымбаев [10], С.С. Төребаев, Ж.Б. Шілдебаев [11] т.б. Отан тарихының әртүрлі кезеңдеріне байланысты өз еңбектерін жарыққа шығарды.

Мәселенің зерттелу тарихын тұжырымдай келе, біз тарихнамада, соның ішінде тәуелсіз Қазақстанның ғылымында әлеуметтік-экологиялық мәселелердің қалыптасу және даму тарихы, қоршаған ортаны қорғау ісі бойынша мемлекет қызметінің негізі ретінде қарастырылатын мәселелері шынайы көзқараспен айтарлықтай көрсетілмегендігін байқаймыз.

Қазақстандағы әлеуметтік-экологиялық мәселелер бірқатар ресейлік ғалымдардың, атап айтқанда В.Н. Экзарьян [12], Н.Н. Моисеев [13], Н.Ф. Реймерс [14], В.П. Казначеев, В.И. Вернадский [15], Э.И. Колчинский [16] және т.б. ғылыми еңбектерінде қарастырылған.

Өкінішке орай, өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы Қазақстан мен Ресейдің әлеуметтік дамуының тарихи тәжірибесін зерттеуге байланысты еңбектер өте аз.

Жалпы алғанда, диссертацияның тарихнамасын келесі топтарға бөлуге болады. Ресей мемлекетінің позициясымен саяси-әлеуметтік және экологиялық даму мәселелерін қарастырған В.И. Данилов-Данильян, К.С. Лосев [17], Л.Н. Самойлов [18], Т.А. Акимова, В.В. Хаскин [19], Г. Бейтсон [20], С. Гроф [21],

Л.Н. Гумилев [22] және т.б. сияқты орыс ғалымдарының еңбектерін бірінші топқа жатқызуға болады.

Қарастырылып отырған мәселені зерттеген қазақстандық ғалымдардың еңбектерін екінші топқа енгізуге болады. Біріншіден бұлар - М. Пик [23], В.И. Фурсов, Т. Ергалиева [24], Ж.Б. Шілдебаев [25], А.Б. Бигалиев, Е.Ж. Жамалбеков [26], Т.К. Сұлтанбеков [27], Н.Қ. Сейдақұлова [28], Б.Э. Төлеубаев [29], Р. Атраубаева [30], А. Есеналиев [31], А. Нұрғызыранов, Қ. Шапшаңов [32], Ә.Т. Қанаев, З. Қанаева [33], Мажитов С.Ф., Игликова К.С., Турмашева Б.К. [34], Г.О. Нурбетова [35] сияқты қоғамтанушы-ғалымдар.

Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі» т.б. [36] атты еңбектеріне ізденушілер тарапынан қызығушылық танылуда.

Қазақстандық ғалымдар М.Х. Асылбеков және В.В. Козина «Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета» атты өздерінің еңбегінде егеменді Қазақстанның жергілікті халқының ұлттық, жыныстық құрылымын, әлеуметтік құрамын, еңбек ресурстарын және адамдардың жұмыспен қамтылуы, сондай-ақ миграциялық процестерді және т.б. мәселелерді қарастырған. Бұл ғылыми еңбекте «1999 жылы қан айналымы жүйесіне қатысты аурулар 199,0 мыңды, 2003 жылы - 261,5 мыңды, 2007 жылдың 1 қаңтарына - 417,5 мыңды құрады. Бұл кезеңде гипертониялық аурулар, стенокардия, жүректің ишемиялық аурулары сияқты күрделі аурулар көбейе түсті. Ал, 1990 жылдан 1999 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда 100 мың адамға шаққанда тіркелген 410 жағдайда онкологиялық ауруларға шалдыққандардың саны 188,5 құрады. Егер 1999 жылы 61,2 мың онкологиялық аурумен ауыратындар тіркелген болса, онда 2003 жылы - 77,4 мың, ал 2007-жылдың 1-қаңтарына - 80,4 мың ауруларды құрады» [37].

Тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымы саласындағы ең іргелі еңбектердің бірі «Қазақстан тарихы (ежелгі заманнан күні бүгінге дейін)» экологиялық проблемалардың шиеленісуі, халықтың өмір сүру деңгейі жөніндегі мәселелерді және т.б. қарастырған. Бұл еңбекте Арал теңізінің апатты жағдайына қатысты мәселелері зерттелген. «КСРО-ның Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің тікелей қатысуының арқасында Арал аймағы өлі далаға айналды. Арал теңізінің деңгейі 14 м төмендеді, акваторияның көлемі 40%-ға, су мөлшері - 65 %-ға қысқарды. Егер 1950-жылдары бұл жерде балықтың 24 түрі болса, олардың ішінен өндірістік құндылығы бар 12 түрі болатын, ал балық аулау жылына 500 мың тоннаны құрады, ал 1980-шы жылдардың соңына қарай балықтың 20 түрі түгелдей жойылды, сондықтан теңіз өзінің балық шаруашылықтық маңызын жоғалтты. Кеуіп қалған теңіз түбірі тұздардың жиналған үлкен ошағына айналды және тұзды шаң борандарының пайда болуына себеп болды» [38].

Егеменді Қазақстан Республикасының 90-шы жылдарынан бастап күні бүгінге дейінгі әлеуметтік-экологиялық даму тарихы мәселелеріне, оның кезеңдеріне және тарихи тәжірибесіне талдау жасайды. Қоғамның демократиялық, әлеуметтік, қоғамдық және экологиялық даму теориясының мәселелеріне қызығушылық танытқан бұл еңбектердің ғылыми жағынан



маңызы зор. Семей ядролық полигоны және Арал маңында тұратын жергілікті тұрғындардың денсаулығының хал-ахуалы және басқа да экологиялық мәселелер Б.И. Гусевтің, Н.Ж. Чайжунусованың, М.Ж. Еспембетованың, Г.К. Расованың, М.М. Унисьянованың, С.Ф. Мажитовтың, Т.А. Алимбаевтың, А.Ш. Алтаевтың, Л.Н. Нұрсұлтанованың докторлық диссертацияларында және Н.С. Ибраевтың, Т.Т. Тохтарованың, К.К. Жылқышбаеваның, А.Д. Оразбақовтың, Г.М. Серғазинаның, Г.С. Жәңгірованың кандидаттық диссертацияларында зерттелген.

Кеңестік және егемендік жылдарындағы мемлекет пен қоғамның әлеуметтік-экологиялық дамуының әрқилы мәселелеріне арналған ғылыми ізденістер өте аз. Қазақстанда өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-экологиялық модернизациялаудың теориялық және практикалық мәселелері нақтылы деңгейінде қарастырылмаған.

Зерттеліп отырған мәселенің негізгі жақтарын қарастыратын ғылыми еңбектердің жоқтығы диссертацияның тақырыбы бойынша жарияланған еңбектердің баршылығына қарамастан бұл зерттеу жұмысының қажеттілігін айқындайды.

**Зерттеу жұмысының негізгі нысаны.** Диссертациялық жұмыстың негізгі нысаны ретінде тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экологиялық даму тарихына қатысты мәселелерді және олардың ауыр зардаптары мен салдарлары талдауға алынды.

**Зерттеу жұмысының пәні.** Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экологиялық ахуалы мен жағдайының даму жолдары мен негізгі бағыттарының ерекшеліктерін зерттеу барысындағы құқықтық және ұйымдастырушылық шаралары диссертациялық жұмыстың пәні болып табылады.

**Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері.** 1991-2009 жылдар аралығын қамтиды. Диссертациялық жұмыста экологиялық, әлеуметтік ахуалдың қалыптасу және даму тарихын, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін нарықтық жағдайға өту кезеңінен бастап қазіргі күнге дейін қарастырамыз.

**Диссертациялық жұмыстың мақсаты.** 1991-2009 жылдардағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экологиялық даму тарихын қоршаған ортаны қорғау бойынша жалпы әлемдік мәселелерді шешудің әлеуметтік әдісі ретінде зерттеу.

**Диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттері:**

- кеңестік кезеңдегі экологиялық апаттардың ауыр салдары мен зардаптарын қарастыру және экологиялық мәселелердің тарихи аспектілеріне талдау жасау;
- әлеуметтік-экологиялық саясатты - қоршаған ортаны қорғау ісі бойынша мемлекет қызметінің негізі ретінде қарастыру;
- қазіргі таңдағы Қазақстанның әлеуметтік жағдайы мен ахуалын зерттеу;
- экологиялық мәселелерді шешуде Қазақстанның халықаралық ынтымақтастықтағы алатын орны, мазмұны және мәніне талдау жасау;
- «Жаңа экологиялық саясаттың» қазіргі моделіне өтудің мазмұны және ерекшеліктерін зерттеу;

- қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралардың ұлттық жоспарына талдау жасау.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:**

- Қазақстанның әлеуметтік-экологиялық дамуы тарихи аспектілері тұрғысынан алғаш рет зерттеліп отыр.

- қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің қалыптасу және дамуының негізгі кезеңдері анықталды;

- егеменді Қазақстанның әлеуметтік қорғау мәселелерінің негізгі бағыттары зерттелді;

- әлеуметтік және экологиялық мәселелердің аясында Қазақстанның Орта Азия республикаларымен қарым-қатынасы қарастырылды;

- тәуелсіз Қазақстанның экологиялық саясатының мазмұны мен бағыттарына талдау жасалды;

- тарихи-әлеуметтік процестердің мазмұны мен формаларын, өтпелі қоғамның әлеуметтік жүйесінің ерекшеліктерін терең айқындайтын тұжырымдар қалыптасты.

Сонымен қатар, Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан аумағының мұрағат қорларынан бұрын қолданылмаған жаңа құжаттар ғылыми айналымға енгізілді.

**Диссертациялық зерттеудің методологиялық және теориялық негізі** ретінде отандық және ресейлік ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері қолданыс тапты. Ғылыми зерттеудегі жалпы тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелеу әдістері пайдаланылды. Теориялық-методологиялық негіз ретінде, сондай-ақ тарих, география мен әлеуметтанудың іргелі тұжырымдары басшылыққа алынды. Тарихи оқиғаларды баяндау кезінде әлеуметтік және логикалық бірліктің айқындамасына сүйеніп, қоғамдық, саяси-тарихи және әлеуметтік процестерді қарастыруда зерттеу жұмысында сыннан өткен диалектикалық амал қолданылды.

**Диссертацияның деректік негізі.** Диссертацияда қоршаған ортаны және әлеуметтік қорғау мәселелеріне қатысты нормативты-құқықтық актілер пайдаланылды. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының құжаттары мен нормативтік актілері, декларация мен келісім-шарттар негізгі деректерді құрайды. Осы фактілер мен материалдар зерттеліп отырған кезеңде Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экологиялық үдерістер жүйесінің, саяси ілімдердің, әлеуметтік дамудың негізін қалады.

Көрсетілген кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік-экологиялық жүйесінің негізгі бағыттарының дамуын анықтайтын салыстырмалы статистикалық мәліметтері көрсетілген анықтамалық басылымдар, статистикалық жинақтар, ақпараттық бюллетендер де құжаттық дерек болып табылады.

Автор Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың талдап отырған мәселеге қатысты еңбектерінен құнды мәліметтер алып, пайдаланды.

Қарастырылып отырған мәселенің жеке аспектілерін қарастыруда мұрағаттық материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағат құжаттары пайдаланылды (Қор - №5-Н - Қазақстан Республикасының Президенті, №7 - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Президенті); Қазақстан Республикасының Орталық

мемлекеттік мұрағаты (Қор - №2258 - Табиғатты қорғау бойынша Қазақ КСР Мемлекеттік комитеті, Табиғатты пайдалану және экология бойынша Қазақ КСР Мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының экология және биоресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, №2259 - Қазақстан Республикасы экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Биоресурстар министрлігінің «Қазглавживохрана» жануарлар әлемін қорғау бойынша Басқарма), Оңтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағаты (Қор - №86 - Оңтүстік Қазақстан облысының Білім беру департаменті (Шымкент облыстық еңбекші депутаттар кеңесінің Атқарушы комитетінің Білім беру бөлімі), №771 - Әйелдер ісі бойынша комитет, №161 - Шымкент облыстық еңбекші депутаттар кеңесінің Атқарушы комитетінің әлеуметтік қамтамасыздандыру бөлімі). Жоғарыда аталған мұрағаттардың қорларынан Қазақстан Республикасының (Қазақ КСР) Президенті Н.Ә. Назарбаевтың баяндамалары мен жолдаулары, Семей полигоны және Арал аймағының экологиялық жағдайына, әлеуметтік қорғау мәселелеріне қатысты анықтамалар, ұсыныстар мен ақпараттар пайдаланылды.

Ресейлік және қазақстандық басылымдардың негізінде ауқымды материалдар қоры жинақталған болатын. Бұқаралық ақпарат құралдарының, шетелдік және отандық, ресми және тәуелсіз басылымдардың жарияланымдары, сонымен қатар интернет материалдары қолданылды.

**Диссертацияның қолданыстық маңызы.** Осы еңбек қазіргі таңда қайта қаралып жатқан тарихи мәселелерге өз ықпалын тигізеді деп ойлаймыз. Біздің зерттеуіміз 1991-2009 жылдарда Қазақстандағы әлеуметтік-экологиялық даму тарихымен таныстыра отырып, қазіргі кезеңде жүргізіліп отырған экологиялық саясаттың мәні мен Отан тарихындағы орнын көрсетеді. Зерттеу жұмысының мазмұны, тұжырымдары Отан тарихына байланысты ғылыми еңбектер жазуында, Қазақстанның қазіргі заман тарихына арналған мемлекет тіліндегі оқулық пен оқу құралдарын дайындауда қолданыс таба алады. Сонымен бірге жоғары оқу орындарында, колледждерде Отан тарихы, әлеуметтану салалары бойынша дәрістер оқуда, арнайы курстар мен семинар дәрістерін жүргізу барысында қолдануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

- жаңа экономикалық жағдайда еліміздің әлеуметтік-экологиялық даму тарихын зерттеу барысында кеңестік жүйе кезеңінде қалыптасқан экологиялық апаттардың салдары мен зардаптарын тәжірибе ретінде зерттеу тәсілдері, концептуалды-әдістемелік тұжырымдары мен қазіргі кезеңде оларды шешу жолдарын, тенденцияларын анықтау - ғылыми зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелер;

- нарықтық жағдайда әлеуметтік-экологиялық саясатты және қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешудің тиімді жолдары - экологиялық қауіпсіздікті сақтау заңының, экологиялық кодекстің және т.б. құқықтық заңдардың мемлекет тарапынан қабылдануы;

- қазіргі кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік жағдайы мен ахуалына қатысты мәселелер қатарына жататын халықты әлеуметтік қорғау заңдары және басқа да құқықтық заңнамалар зерттелген;

- Қазақстандағы экологиялық мәселелерді халықаралық қауымдастықта іске асырудың жолдарын айқындауға мемлекетіміздің ішкі саясаты себепкер болды;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы органдары мен ұйымдары экологиялық мәселелерді қазіргі деңгейде жоғары әрі сапалы шешуді көздеп отыр;

- Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралардың ұлттық жоспары және экологиялық мәселелерді тиімді шешуде жаңа зерттеу жобасын дайындау әдістері мен жолдары анықталды. Олар: адам экологиясын, экологиялық сақтандыру, экологиялық қауіпсіздік мәселелерін және т.б. қарастыру.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі.** Диссертацияның материалдары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Қазіргі заман тарихы және ғылыми ақпарат» бөлімінің мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның жеке тұжырымдары мен қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес автордың 4 ғылыми мақалаларында және Халықаралық ғылыми-практикалық, республикалық конференцияларда жасаған 4 баяндамада оқылып, материалдарының жинақтарында жарияланды.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертациялық жұмыс қысқартылған сөздер тізімінен, кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

## 1.1 Экологиялық мәселелердің тарихи аспектісі

Қазіргі кезде адам мен қоғамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы ерекше күрделене түсті. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі және көптеген елдердің өндіріс орындарының күрт дамуы, II-дүниежүзілік соғыстан кейін ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесінде табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануы және адамның табиғатқа ықпалы еселеп ұлғаюда.

Соңғы жылдары пайдалы қазбалар қорларының сарқылуы жер бетіндегі өсімдік пен жануарлар дүниесінің көптеген өкілдерінің азайып кетуі, сол сияқты табиғи ортаның шектен тыс ластануы күрделі мәселеге айналуда. Әлемдік кеңістікті, компьютерді, интернетті игеру - осының барлығы адам баласына, денсаулығына, өркендеуіне қауіп төндіріп, табиғат пен қоғам арасында қайшылық тудырып қана қоймай, сондай-ақ, адам баласының өзіне қатерлі қауіпті алып келді. Әсіресе, кейбір өндіріс орындары жақсы дамыған елдерде қоршаған орта жағдайының нашарлағаны соншалық, бұл жағдай адамдардың денсаулығына әсер ете бастады [39].

Осы мәселелерді шешудің негізгі көзі - табиғаттың даму заңдылығын, қарама-қайшылығының болу себептерін, салдарын талдап, табиғат өзгерістерін ұзақ жылдар бойы жиналған ғылыми-практикалық тәсілдерді қолдана отырып, қоғамды, қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлу және оны қалпына келтіру мәселелерімен айналысу, сондай-ақ, табиғи ресурстарды игеруде тек қана адамның сұранысын қанағаттандыру емес, оны қорғау, тиімді пайдалану үшін дәйекті де нақты жолдарын анықтау. Сондықтан жыл сайын жерлерді суландыру, ормандарды қалпына келтіру, өндірістік қалдықтар мен техникалық лас суларды тазарту, топырақтың құнарлығын сақтау және топырақ эрозиясына жол бермеу шаралары бойынша жұмыстар жүргізілуі керек.

Атмосфераның ластануы, литосфераның пішінінің өзгеруі, биосферадағы тіршіліктің жұтаңдауы т.б. осы сияқты күрделі өзгерістер адам баласының болашағына, тіршілігіне, денсаулығына кері әсерін тигізуде. Бұл аса қатерлі мәселеге орай, экология ғылымының негізін - «адам экологиясы» бағытында құру. Бірақ экология - ұзақ уақытты қамтитын ғылым [40].

Бүгінгі таңда жер шарымыздағы табиғи экологиялық апаттар саны еселеніп өсіп отыр. Сондай үлкен апаттың біріне ұшырап отырған - Арал теңізі. «Мақта тәуелсіздігі» желеуімен мақта егістіктерін кеңейтіп, көптеген су қоймаларын, суару каналдарын салып, оларды толтыру үшін Аралға келіп құятын өзендер - Әмудария мен Сырдария суын ысырапты пайдаланғанның нәтижесінде теңіз суы тартылып, көлемі кішірейді.

Қазір теңіз деңгейінің күрт төмен түсіп, өсімдік және жануарлар дүниесі өзгеріп, жүздеген мың адам жұмыссыз қалған кезде, Арал теңізі апаты туралы сөз естіліп, бұрынғы теңіз деңгейін құтқару үшін шарасыздық жағдайындағы ұмтылыстар жасалуда. Мақта және күріш егістерінің көлемін қысқарта отырып, суды көп пайдаланатын ұсақ бөгендерді жоюда. Бұл да түбегейлі шешім емес.

Себебі, Өзбекстан өзіне қарасты Әмудария суын мақта егісіне көп қолданады. Аралға қатысты мемлекеттер арасында ауызбірлік, мәселені шешетін ортақ іргелі жоспарлар жоқ. Бұл жерде Әмудария мен Сырдария өзендері суларын тиімді пайдалану арқылы теңіздің деңгейін сақтап қалуға болмас па еді деген сұрақ туады.

Әрине, мұндай мүмкіндіктер болған, алайда ол кезде теңіздің болашағы, қоршаған ортаға келтіретін зияны, осы аймақта тұрып жатқан халықтың тағдыры туралы ескерілмеді. Енді дабыл қағылуда, бірақ уақыт өтіп кетті. Аралды қалпына келтіру үшін миллиардтаған қаржы жұмсау керек, алайда оған Қазақстанның да, Өзбекстанның да шамасы жоқ. Ал осында өсірілген шикізат көздері - мақта, күріш дақылдарын пайдаланған ТМД елдері өздерін Аралды құтқаруға міндетті деп санамайды [41].

1990-жылғы 14-маусымдағы «Аралдың құтқаруға әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерін тездетіп шешу бойынша шаралар жайында» Қызыл-Орда қаласындағы Қазақ КСР ҒА Президиумының мәжілісіндегі Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев өз баяндамасында: «Арал маңындағы қасірет - ұр да жық әдісін қолданатын құбылыс емес. Сонымен қатар, іс-тәжірибесіндегілер ғылымға арқа сүйемей, әзірге осы тиімсіз жолмен жүруге мәжбүр. Сіздерге белгілі, 1988-жылы КСРО-ның КОКП ОК және Министрлер Кеңесі Арал теңізі аймағындағы экологиялық және санитарлық жағдайды жақсартуға, оның бассейнінде су және жер ресурстарын қорғауды күшейтуге бағытталған өкім қабылдады. Сондай-ақ, одақтық және республикалық органдардың осыны қарастырған шешімдерімен іс-шаралар баяу, толық мөлшерде емес іс жүзінде асырылуда және сезінетіндей нәтижелер бермеді», [42] - деді.

Арал апаты планетарлық сипат алды. Оның зиянды әсерін қазірдің өзінде көптеген мемлекеттер басынан кешіруде. Міне, сондықтан Германия, АҚШ, Жапония және басқалары Аралды құтқаруға байланысты шараларға қатысуға келісімін берді.

Арал теңізінің апаты жайында өткізілген мемлекетаралық конференциялар мен қабылданған шешімдердің күні бүгінге дейін нәтижесі жоқтың қасы.

Арал қасіреті республика аумағынан асып, бүкіл планетаның бас ауруына айналып отыр. Оны сауықтыру бағытында Орта Азиядағы бес мемлекет Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстанның Президенттері бірнеше рет кездесті. Мемлекет басшыларының шешімін Арал бассейнін қалпына келтіру жобаларына қолдау туралы шаралар айқындалады. ...Экологиялық апат аймағында отырған ел ең алдымен, ауыз су тапшылығын көріп отыр, теңізбен қоса арал төңірегіндегі жергілікті тұрғындарды да құтқару керек. Өйткені, елді мекендердің тек 15-20 пайызы таза су ішіп отыр, ал қалған тұрғындар стандартқа мүлдем қайшы келетін ауыз суды пайдалануда. Соның өзінде ауылдық жерде су бір адамға бір шелектен келеді. Ал өркениетті елдерде оның шамасы 200-400 литрге жетіп отыр. Мұның өзі түрлі жұқпалы аурулардың өршуіне, өңір халқының денсаулығына кері әсерін тигізуде [43].

Арал мен Каспийдің аянышты тағдыры біздің бәріміз үшін табиғатқа жәй көзбен қарауға болмайтынын, қоршаған ортамен қарым-қатынас кезінде әрбір

жан жасаған іс-әрекетінің нәтижелері жайлы жиі ойлау керектігін үйрететін маңызды сабақ, қатал ескерту болып табылады.

1992-жылы 18-қаңтарда тәуелсіз Қазақстан елінің Жоғарғы Кеңесі «Арал аймағы тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын түбегейлі жақсартудың бірінші кезектегі шаралары туралы» жарлық шығарса, сол жылдың 11-сәуірінде Ресей Федерациясының Президенті Б. Ельцин «Биологиялық қару жөніндегі халықаралық келісімді орындауды қамтамасыз ету туралы» № 390-жарлыққа қол қойды. Ажал аралына айналған Возрождение әскери сынақ нысаны осыдан кейін барып қана жабылған еді. Бірақ, әскери нысанды жапқанмен, басты қауіп әлі алда болатын: ол - аралдың мүлде қараусыз қалып, ондағы бактериялар мен вирустардың ауа арқылы жан-жаққа таралу қатерінің зор екендігі байқалатын. ...Өзбекстан жағы американдық мамандарды шақырып, 1995-жылы олар Возрождение аралына жасырын келіп, әлгі жерасты моласындағы антракс ұнтағын алып, соған тәжірибе жасаған. Сөйтсе, антракс споралары жер астында 10 жыл көміліп жатқанына қарамастан, өз күшін әлі жоймаған болып шығыпты. АҚШ бактериологтары сол өзбек жағының шақыруымен аралға тағы да екі рет (1997, 1999 жылдары) келіп, әлгі антракс спораларына американдық вакциналарды төтеп бере ала ма, жоқ па, соны тексеріп, тәжірибе оң нәтиже бергеннен кейін ғана барып кемелденсе керек» [44].

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992-жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 47-сессиясында сөйлеген сөзінде әлемдік қоғамдастықтың назарын Семей ядролық полигонының салдары проблемасына аударды. Ол «бұл өңірді сауықтыру, адамдарды емдеу, жаңа туған балаларды қауіпсіздендіру үшін өте көп қаржы қажеттігін» атады және Біріккен Ұлттар Ұйымының мүше мемлекеттерін Қазақстанға халықаралық көмек беруге шақырады [45].

1993 жылдың наурызында Президент Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қызылорда қаласында Арал мәселелеріне арналған алғашқы Халықаралық конференция өтті. Жаңадан тәуелсіздік алған Орта Азия мемлекеттері - Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасының мемлекет басшыларының шешімімен мемлекетаралық координациялық су шаруашылығы комиссиясы құрылды [46].

Конференцияда Халықаралық Аралды сақтап қалу қоры құрылып, оны Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев басқарды. Орта Азия мемлекеттерінде жаһандық экологиялық қордың Арал теңізі бассейнінде су ресурстары және қоршаған ортаны басқару ұлттық топтары жұмыс істей бастады.

Арал теңізінің деңгейі түскеннен кейін оның кепкен табанының көлемі 23 мың шаршы шақырымға жетті. Бұл кеңістікте жиі болатын дауыл 150-500 шақырымға дейін 15-75 мың тонна тұзды шаңды дүние жүзіне таратуда [47].

Теңіздің тартылу салдарынан ауаның орташа ылғалдығы 18 пайызға төмендесе, ауа райының жылы кезеңі бір айға дейін қысқарды. Бұл өлкедегі бұрынғы 3-мың көлден қалғаны - 85. Аралдықтардың қазіргі жоспары кіші

теңізді суға толтырып оны бұрынғы қалпына келтіру, «Көк арал» бөгетінің құрылыс жұмыстарын аяқтау.

1990-жылғы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Президентінің Қазақ КСР Жоғарғы кеңесіне жолдауынан: «Қазақ КСР және Орта Азия республикаларының сұранысы бойынша Арал маңындағы экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың өте мүшкіл халын ескере отырып, КОКП-ның ОК және КСРО-ның Министрлер Кеңесі Арал теңізі өлкесіндегі экологиялық және санитарлық жағдайын жақсартуға, оның бассейніндегі су мен жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігін жоғарылатуға және оларды қорғауды күшейтуге бағытталған қаулы қабылдады. Арал мәселесі 1992-жылы өткізілуі жоспарланған Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта бойынша Бүкіләлемдік конференциясында оң шешімін табуға қол жеткізуіміз қажет. Экологиялық апаттың алдын алу шынайы жолдарының бірі - планетаның ежелгі теңізін құтқару бойынша Халықаралық қорды құру» [48].

Дүние жүзінде адам үшін қолайсыз экологиялық жағдайдың қалыптасқаны, экологиялық дағдарыс турасында жиі әңгімелер айтылуда. Алайда, мұндай жағдай бірден емес, бір жыл сайын тіпті он жылдың ішінде емес, бірте-бірте қалыптасқан. Адам баласы әр уақытта табиғатқа белгілі бір деңгейде әсер етіп келген. Мысалы, ауыл шаруашылығын дамыту барысында жерді игергенде ормандардың көлемі азайды, үздіксіз каналдар мен жолдар салынды.

Осындай қарбалас тіршілік кезінде олар табиғатқа орасан зиян келтіргенін білмеген. Яғни, табиғаттың тепе-теңдігін өзгерткен. Әрине, бұл зиянның мөлшері түкке тұрмайтын, өте аз еді. Өйткені, табиғи орта өзін-өзі реттеп қалпына келтіріп отырған. Яғни, табиғаттың тепе-теңдігі толық сақталынды немесе ол өте аз өзгерді [41, б. 82].

XX ғасырдың екінші жартысында қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасына жаңа сападағы жағдай қалыптасты. Материалдық өндірістің көлемі көп еселеп өсті, шикізатқа сұраныс еселене түсті. Дүниежүзілік мұхитпен жер қойнауы жеделдетіліп игерілді. Ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесінде жасалынған табиғатқа әсер, жер бетінің өзгеруі, дауылдар, су тасқындары, жер сілкіністері сияқты табиғи құбылыстардың әрекетімен тепе-тең, тіпті олардан асып түсетіндей жағдайға келді. Мысалы, бұл табиғи ортаға келеңсіз әсерді шұғыл күшейтіп, биосферадағы табиғи жағдайдағы энергия мен зат алмасуды бұзды. Адамның табиғатты өзгертуі өте қауіпті жағдайға айналды. Дүние жүзіндегі экологиялық апаттарға, әсіресе, XX ғасырдың 60 жылдарынан кейінгі объективтік жағдайлардың әсері күшті болды.

Біріншіден, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін тек 10-15 өнеркәсібі дамыған мемлекеттер болды. Соғыс аяқталған соң және отаршылдық жүйе жойылғаннан кейін көптеген елдер тәуелсіздік алып, индустриалды даму жолына түсті. Осы мақсатта олар өздерінің табиғи ресурстарын игеріп, зауыттар, фабрикалар және жолдар жүйесін сала бастады. Өнеркәсіптің жаппай дамуы табиғатқа тигізетін әсер ауқымын кеңейтіп, пайдалы қазбаларды пайдалануды ұлғайтып және қоршаған ортаның ластануын күшейтті.

Екіншіден, дүниежүзіндегі демографиялық жағдай күрт өзгерді. Жер шары халқының саны тез өсіп кетті. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша



2050-жылға қарай планета халқының саны 11,9 млрд. болады немесе жаңа еселену үшін тағы да сол уақыт мөлшері қажет. Халық санының жылдам өсуі табиғатқа деген «тұтыну қысымының» өсуіне алып келеді, қазірдің өзінде табиғат ресурстарын (су, топырақ, пайдалы қазбалар, отын қорлары) қалпына келтіре алмайтындай дәрежеге жеттік. Одан әрі жоспарсыз пайдалануды көбейту - бірден табиғаттың тозып, бүлінуін (деградация) жылдамдатуы әбден мүмкін.

Үшіншіден, қалалардың, қала тұрғындарының саны тез өсуде. 1980-жылы 18000 млн. адам тұрса халықтың жалпы санының қалаларға тиесілі бөлігі 20-дан 51,5%-ке өседі. Осынша көп адамның салыстырмалы түрдегі шағын территорияларда жиналуы бұл территорияларға түсірілетін салмақты ұлғайтып, қала және оған жақын орталардың қатты ластануын тудырады. Әрине, ешкім ресурстарды пайдаланудан бас тарту керек деп есептемейді де, ойламайды да, өйткені адамзаттың алға жылжуы табиғат пен қоғам арасында болатын «зат алмасусыз» мүмкін емес. Алайда бұл алмасу қоршаған ортаға зиянсыз, байыпты болуы керек. Адамзат әр уақытта табиғатқа бағынышты болды, оның ресурстарын өз қажеттіліктеріне жұмсады. Алайда, өкінішке орай, адамдарда «бәрін де жеңемге» саятыны, табиғатқа қожайындық қылатыны, оны «бағындыру» мүмкіндіктеріне ие болатын қиял пайда болды [41, б. 83].

Табиғат ресурстарына байлықпен пайда табудың қайнар көзі ретінде қарамау керек, уақытша табысқа қызығып, оларды жыртқыштықпен жұмсауға, қоршаған ортаны өзімізге пайдалы барлық тіршілік үшін зиянды қалдықтармен ластауға болмайды. (Мысалы, полиэтилен, бояу т.б.).

Ғылыми-техникалық прогресті қазіргі экологиялық дағдарыстың себепшісі деп есептейтін көзқарасты жақтайтындар да кездеседі. Шынтуайтқа келгенде, ғылыми-техникалық прогресс адамдарды табиғи ортаға әсер етудің кең ауқымды мүмкіндіктері және құралдарымен жабдықтап қана қоймай, сонымен бірге бұл ортаны сақтау мен қалпына келтірудің тәсілдері мен жолдарын көрсетіп береді.

Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі деңгейі, қуатты компьютерлер, талдаудың жүйелілік әдістері іске асыруға белгіленген үлкен масштабтағы (кең көлемді) жұмыстар мен жобалауға, шығын кейпін елестетуге мүмкіндік береді. Оларды іс жүзіне асырмас бұрын мүмкін болатын табиғат үшін теріс нәтижелерді тек талдау ғана емес, бұл нәтижелердің алдын алудың ең тиімді жолдарын немесе олардың теріс әсерін едәуір азайтатын жолдарын талдау қажет [41, б. 85].

Қазіргі кезде адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы ерекше маңызға ие болып отыр. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі және көптеген елдердің индустриалды дамуы табиғи ресурстарды пайдалануды еселеп арттырып, адамның табиғатқа әсерінің көлемін өсіре түсуде.

Соңғы жылдары пайдалы қазба қорларының азаюы, жер бетінен өсімдік және жануарлар дүниесінің көптеген өкілдерінің жойылуы және сондай-ақ, табиғи ортаның шектен тыс ластануы ерекше белең алып отыр. Кейбір елдерде, әсіресе дамыған елдерде қоршаған орта жағдайының нашарлағаны соншалық, адамдардың денсаулығы нашарлап төмендей бастады. Осының бәрі қоғамды

қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлуге, табиғатты сақтау және қалпына келтіру мәселелерімен жақсырақ айналысуға, сондай-ақ оның ресурстарын тиімді пайдалануға итермелейді. Сондықтан жыл сайын жерлерді суландыру, ормандарды қалпына келтіру, өндірістік қалдықтар мен техникалық лас суларды тазарту, топырақтың құнарлылығын сақтау және топырақ эрозиясына жол бермеу төңірегіндегі жұмыстар кең көлемде жүргізілуде.

Табиғаттың өзгертуді қаламайтыны белгілі. Ондағы өзгерістер баяу, байқаусыз өтеді, өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі қалпына келтіру процестері ұзаққа созылады. Адамның зиянды істері бірден байқалмайды, тек ұзақ жылдардан соң, бір нәрсені өзгерту немесе түзеу өте қымбатқа түскенде әрі кешігіңкірегенде, кейде тіпті нәтижесіз болған кезде ғана көрінеді [49].

Өткен кезеңдердің барлық тәжірибесі көрсетіп отырғандай, табиғатқа ұқыптылықпен қарамау, бүгінгі пайда үшін атқарған істеріміздің күні ертең орны толмас зиянға ұшыратарын алдын ала болжап барып әрекет етуіміздің қажет екенін естен шығармаған жөн. Табиғатқа ұқыптылықпен қарамаудың ащы мысалдары өте көп және олардың зиянды жақтары баршаға белгілі.

Мәселен, XX ғасырдың ортасында Қара бұғаз Гол шығанағы Каспий теңізінен бөгет арқылы бөлінген болатын. Осындай жолмен теңіз деңгейінің төмендеуіне тосқауыл қою көзделген еді. Алайда құрғап қалған шығанақтың қоршаған ортаға, жалпы халық шаруашылығына, теңіз акваториясының уақытша азаюына көбірек зиян келтіретіні ескерілмеді. Кейіннен 25-30 жыл өткен соң Каспий деңгейінің төмендеуінің шығанақпен байланысты еместігі, оның жердің эволюциялық даму заңына бағынышты екендігі айқын болды. Ғасырлық геологиялық айналымға сәйкес әр 60-80 жыл сайын теңіз деңгейінің көтерілуі немесе төмендеуі жүзеге асады. Құрғап қалған шығанақ түбінен атмосфераға жыл сайын 120-140 млн. тонна натрий сульфаты мен тозаң көтеріліп, тек қана Түркменстан мен Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ, Ресейдің, Кавказ тауының (Закавказье), Орта Азияның, Түркияның, Иранның, Қытайдың, Монғолияның, Украинаның, Белоруссияның және басқалардың аймақтарын ластауда, оның зияны мыңдаған шақырымдарға жел арқылы таралып отыр [49, б. 122].

Шығанақты теңізден бөлудегі ағат шешім зор экономикалық зиян келтірді. Нәтижесінде егістердің және мал шаруашылығының өнімділігі азайып, халық арасында өлім мен ауру көбейіп кетті. Одан әрі кезекті геологиялық айналым келіп, Каспий деңгейі көтеріліп, жағаларды су баса бастады. Енді топырақ қамалды алып тастап, теңіз суын қайтадан шығанаққа жіберу туралы шешім қабылданды. Алғаш топырақ қамалды соғуға, содан соң оны жоюға кеткен үлкен материалдық қаражат, еңбек күші шығындары пайдасыз артық рәсуә болып шықты. Табиғат дамуының заңдылықтарын білмеу, кейде оларды есепке алмау бос шығындарға, адамдардың өмір сүру жағдайларының, табиғи орта кейпінің нашарлауына алып келді.

Осы шешімін табуға тиісті мәселелер Арал теңізіне де тән нәрсе. «Мақта тәуелсіздігі» желеуімен мақта егістері кеңейтілді, көптеген терең емес су қоймалары мен суару каналдары салынды, соларды толтыру Аралға келіп құйылатын өзендердің су көлемінің шұғыл қысқаруына және түптеп келгенде

оның жойылуына алып келді. Қазір теңіз деңгейі мүлде құрғауға айналды, өсімдік пен жануарлар дүниелері құрып, жүздеген мың адам жұмыссыз және күн көріссіз қалды, Арал теңізі апаты туралы, теңізді құтқарудың жолдары айтыла бастады, теңізді құтқарып қалудың пәрменсіз шаралары қарастырылуда. Мақта егістерін қысқарту, суды көп буландыруға жағдай жасайтын ұсақ, таяз сулы орындарды жою арқылы Арал теңізіне өзендер суын көбірек жіберу көзделуде. Бұл жерде Әмудария мен Сырдария өзендері суларын байыппен пайдалану арқылы теңіздің құрғап қалуын болдырмауға болмас па еді деген сауал туады [49, б. 133].

Әрине, мұндай мүмкіндіктер болған, алайда ол кезде теңіздің болашағы, қоршаған ортаға келтіретін зияны, осы аймақта тұрып жатқан халықтың тағдыры туралы ескерілмеді. Енді дабыл қағылуда, бірақ уақыт өтіп кетті. Аралды қалпына келтіру үшін көп миллиард қаржы қосу керек, алайда ол не Қазақстанда, не Өзбекстанда жоқ. Ал осында өсірілген мақтаны ақысыз-пұлсыз алып кеткен кешегі Одақ өзін Аралды құтқаруға міндетті деп санамайды.

Арал мен Каспийдің тағдыры біздің бәріміз үшін табиғатқа жай қарауға болмайтынын, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатқан кезде күні ертең іс-әрекетіміздің қандай нәтижеге жеткізетінін алдын ала ойлауға итермелейді.

Дүниежүзінде адам үшін қолайсыз экологиялық жағдай қалыптасқаны, экологиялық дағдарыстың келгені жайлы жиі әңгімелер айтылуда. Алайда мұндай жағдай бірден, бір жылда, тіпті он жылдың ішінде емес, бірте-бірте қалыптасты. Адам баласы әр уақытта табиғатқа белгілі бір деңгейде әсер етіп келеді. Жабайы жидектер мен жемістер тергенде немесе жабайы аңдарды аулағанда, немесе егіс үшін алаңдар тазартқан кезде де табиғатқа зиян келтірілген. Әрине, бұл зиян мөлшері өте аз, түкке тұрмайтын еді. Өйткені, табиғи орта өзін-өзі қалпына келтіріп және зиянды істердің ізін жойып үлгеріп отырды. Яғни, табиғи жаратылыс тепе-теңдігі толық сақталынды немесе ол өте аз бұзылды. Мал және егін шаруашылықтарының пайда болуынан бастап жағдай өзгерді. Үй жануарларын ұстау және ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін дала, өзен алқаптары жыртылды, ормандар қырқылып өртелінді, каналдар мен жолдар салынды, зиянкес жәндіктер мен жыртқыш аңдарды азайту кең етек алды [49, б. 146].

XX ғасырдың екінші жартысында қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасында жаңа сападағы жағдай қалыптасты. Материалдық өндірістің көлемі еселеп өсіп, барған сайын шикізатты өндіру артты, дүниежүзілік мұхит пен қазба байлықтар жеделдетіліп игерілді. Ғылыми-техникалық прогресс нәтижесінде жасалынған табиғатқа әсер етудің ұлан-ғайыр мүмкіндіктері мен құралдары және адам баласының өсіп отырған қажеттіліктері табиғат ресурстарын, олардың планетадағы жалпы қорымен бара-бар мөлшерде пайдалануға алып келді, ол жер бетінің өзгеру ауқымы, дауылдар, су тасқындары, вулкандар атқылаулары, жер сілкіністері сияқты табиғи құбылыстардың нәтижелерімен тепе-тең, тіпті олардан асып түсетіндей жағдайға келді. Бұл табиғи ортаға деген зиянды әсерді күшейтіп, биосферадағы табиғи түрдегі энергия мен зат алмасуды бұзды.

Адамның табиғатты өзгертуге байланысты іс-қимылдары планетадағы өмір үшін қауіп тудыратын тоқтаусыз өзгерістерді алып келетін деңгейге жақындады. Дүние жүзіндегі экологиялық жағдайдың өзгеруі, әсіресе өткен ғасырдың 60 жылдарынан кейінгі объективтік жағдайлар да осыған себепкер болды.

Біріншіден, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін өнеркәсібі дамыған мемлекеттер саны тек қана 10-15 болды. Соғыс аяқталған соң және отаршылдық жүйенің жойылуынан кейін көптеген елдер тәуелсіздік алып, индустриялық даму жолына түсті. Осы мақсатта олар өздерінің табиғи ресурстарын игеріп, зауыттар мен фабрикалар, кең таралған жолдар жүйесін сала бастады. Өнеркәсіптің жаппай дамуы табиғатқа тиетін әсер ауқымын кеңейтіп, пайдалы қазбаларды пайдалануды ұлғайтты және қоршаған ортаның ластануын күшейтті.

Екіншіден, дүние жүзіндегі демографиялық жағдай күрт өзгерді. Жер шары халқының саны тез өсіп кетті. 1986-жылдың орта шеңінде жер бетінде 5 млрд. адам өмір сүріп жатты немесе еселену небәрі 35 жыл ішінде жүзеге асты. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша 2050-жылға қарай планета халқының саны 11,9 млрд. болады немесе жаңа еселену үшін тағы да сол уақыт мөлшері қажет [41, б. 176].

Адамдар барлық уақытта да қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарау пікірімен келісіп келеді. Алайда бұл дұрыс экологиялық көзқарас материалдық игілікті өндіру және қажетке жарату туралы сөз болғанда ұмытылып кетеді. Осы қарама-қайшылықтардан шығатын дұрыс жол таба алмаған қоғам мен адамдар табиғат мүдделерін аяққа басып, оны құрбандық қылады, өйткені ой қорғана алмайды. Мұндай кезде әр уақытта өзін-өзі ақтайтын «бәрі солай істейді» дейтін көзқарас қалыптасады. Әрине, басқалардың келеңсіз тәжірибесі мен табиғи ортаны бүлдірудің жалпылама сипатына сілтеме жасау - сөзсіз әлсіз жұбаныш. Гүлдеп тұрған алаңқайдың - сасық қоқысқа, әдемі көлдің - шіріп бара жатқан батпаққа, шұрайлы шалғындар мен жайылымдардың жарамсыз жерге айналуының жеке адам немесе адамдар тобының әрекеті екені түсінікті. Дүниені жақсартқысы келетін адам басқалардың осыны тілейтінін күтпей, өзінен бастау керек. Егер адам ағашты шауып, ал ол өзінің үйіне құлайтын болса, сонда ол бір нәрсені дұрыс істемегенін түсінеді. Бірақ зауытта немесе фабрикада басқалармен бірге су орындары ауаны лаптап жатса, бұған көп алаңдамайды. Осылайша қат-қабат мораль көрініс тауып, «ортақ өгізден жеке бұзау артық» қағидасы орнығады [41, б. 189].

XXI ғасырдың табалдырығын аттағалы отырған кезеңде жас тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ тағдыры мен оның дүниежүзі мемлекеттерінің арасында алар орны қандай болмақ деген сұрақ кімді де болса толғандырады. Ал жер тағдыры және оның тәуелсіздігі ел тағдырларымен тікелей байланысты. Көп ғасырлар бойы халқымыз бодандықта болып, өз жеріне өзі ие бола алмай қызуы мен жылуын жат жұрт көріп, бейнеті мен суығын өзін өзі арқалағаны мәлім.

Мысалы соңғы 70 жыл бойы Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағының шикізат бағасы ретінде жер қойнауымыздан алынған барлық қазба байлықтарын және

ауылшаруашылық өнімдерін Ресейге, Украинаға тағы басқа республикаларға тегіннен-тегін жіберіп отырды. Оған қоса республикамыздың кеңдігін және ондағы халықтың сирек орналасуын себеп еткен бұрынғы Одақ басшыларының әскери саясаты территориямыздың біраз бөлігін ядролық, химиялық, биологиялық қаруларды сынау полигонына айналдырып, екінші бір бөлігін тактикалық, стратегиялық мәні бар ракеталарды, әскери кешендерді орналастырды. Сол уақытта Қазақстан КСРО-ның оңтүстік шығысындағы ракето-ядролық қамалы болды. Сөйтіп Қазақстанның көп жерлері шаруашылықтан аластатылып, билігі Мәскеудің қолында еді [50].

Кеңес Одағы мақтадан шет елдерден тәуелсіз етеміз деген саяси лақаппен, Орта Азия және Қазақстанның өңіріндегі жерлерді игеру жұмыстары жүргізіліп, Сырдария, Амудария өзендерінің 70-80 % су қорын сол үшін пайдаланды. Бұл тек Одақ үшін экономикалық пайда келтіруді көздеген, оған қоса айтылған шаралардың «терең байланыстырмаған сыңар жақты саясат» болатын. Осындай саясаттың нәтижесінде бір уақыттарда көп халыққа пана болып, өмірдің көзі болған Арал теңізі тартылып, бұл күнде өлі теңізге, ал оның маңайы шөл далаға айналып отыр. Осы алқапты игеруді бастамай тұрып, академик Герасимов бастаған бір топ оқымыстылар КОКП Орталық Комитетіне хат жазып, мақта саясатының түбі үлкен экологиялық апатқа әкеп соғатынын жан-жақты дәлелдеген болатын. Өкінішке орай оқымысты-мамандардың пікірімен санасудың орнына, оларға партияның саясатын бұрмалап, түсінбеушілік жасап отыр деп айып тақты [50, б. 2-3].

Тың және тыңайтылған жерлерді тез игеру мақсатымен Қазақстанның миллиондаған құнарлы жерлері есепсіз жыртылып, топырақты уақытында тыңайту, өсімдіктерді жаңа технологиялық әдістермен өсіру жұмыстарына аз көңіл бөлінді. Осының нәтижесінде бір уақыттағы құнарлы жерлер көп мөлшерді гумусынан айрылып, құнарлылығын жоғалтқан құлазыған шөл далаға айналу қаупі осындай отаршылық саясаттың арқасында Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстанның еншісіне ядролық құрылыстардың зардабынан жарым-жарым болып адам өмірі үшін үлкен қауіп туғызатын жерлер, шаруашылықты басқару орындарының қоршаған ортаға жауапсыздықпен қарауының салдарынан деңгейімен арнасын жоғалтқан көлдер мен теңіздер, тау-тау үйілген тау-кен, металлургия өндірістерінің қалдықтары, сыңар жақты, қайшылығы мол экономика тиді. Сондықтан да қазір Қазақстан территориясының бір қатар аудандары өте ауыр экологиялық жағдайда [50, б. 3].

Әсіресе Арал өңіріндегі экологиялық апат дүниежүзі жұртшылығын алаңдатуда. Оның себебі Арал маңайындағы экологиялық өзгерістердің әсері күннен-күнге өзінің шеңберін ұлғайтып, бүкіл әлемдік дәрежеге көтеріліп отыр. Егер де Аралдың су алуымен байланысты пайда болған шөл дала өз көлемін әрі қарай ұлғайтып, Қарақұм шөлімен жалғасатын болса, онда Орта Азия мен Қазақстан өңіріндегі екінші бір Сахара тууы мүмкін. Ондай процестің ауа-райымызға, табиғатымызға қандай әсері болатыны өзінен-өзі белгілі. Соңғы отыз жыл ішінде Арал теңізінің деңгейі 17 метрге төмен түсіп, су көлемі 50 % азайып отыр. Ондағы қазіргі судың тұздылығы 26-30 г/лит. жетіп, теңізде

тіршілік мүлдем тоқтап қалған. Ал құрғап қалған бұрынғы теңіз түбінен жылына 1 млн. тоннаға жуық тұз бен құм аспанға көтеріліп, алыс аудандарға дейін жайылады. Осылардың барлығы маңайындағы табиғатқа, оның әртүрлі экожүйелеріне, үлкен зиянын тигізуде. Мысалы, Арал маңайында бүкіл ТМД елдерімен салыстырғанда безгек ауруымен ауыратын адамдардың саны - 30, сары ауруымен - 8, туберкулез және рак ауруларымен ауыратындардың саны - 15 есе көп [50, б. 3].

1950-жылдарда жалпы құс түрлерінің саны - 319 болса, қазір 100-ден аспайды. Қазақстан территориясындағы радиациялық жағдай осы уақытқа дейін өте күрделі және қауіпті болып отыр. Оның негізгі себебі Семей ядролық сынақ полигонында 1949-жылдан 1990-жылға дейінгі өткізілген 470 ядролық және термоядролық жарылыстар. Оның 128 аспанда, 38 жер бетінде жарылды. Бұл жарылыстардың жалпы күші Хиросима мен Нагасакида болған жарылыстардың нәтижесінде жиналып қалған радиоактивтік қалдықтардың жалпы көлемі 12 млн. тонна, оның 6,5 млн. тоннасы жер астында мәңгілік көмілген. Семей полигонынан да басқа Батыс Қазақстан өлкесінде әскери мақсатымен 10 жарылыс ауада болған және зерттеу, технологиялық мақсаттар үшін 37 жер асты жарылыстары өткізілген. Осы жарылыстар нәтижесінде пайда болған экология үшін, оның ішінде жер асты сулары үшін өте қауіпті болып саналатын радиоактивтік бөлінуден пайда болатын стронций - 90, цезий - 137 элементтері көп кездеседі, бұларға қоса 100-ден астам уран өндіретін тау-кен орындарынан шыққан қалдық та тағы бар. Сондықтан да айтылған өңірлерде радиациялық жағдайды үнемі бақылап отыру және керекті шараларды уақытында жеткізу жауапты жұмыс [41, б. 3].

Осы тұрғыдан қарағанда Жапонияның экология саласындағы тәжірибесі көп елдерге үлгі боларлықтай. Жапонияның бұл саладағы саясаты экология мәселелерін шешуге бүкіл қоғамды жұмылдыруға бағытталған. Жапония елінің бұл бағыттағы алғашқы қадамы сонау 50-60-шы жылдарда аты шулы Миномега қаласындағы сынаптан Тайямада кадмийден улану уақиғаларымен тікелей байланысты. Сол жылдары қоғамдық күштердің дүмпуімен үкімет орындары қоршаған ортаны ластандырудан сақтауға бағытталған бірнеше заңдар мен құжаттар қабылдады [41, б. 3].

Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының Институттары мен Ғылыми орталықтары, соңғы елу жыл бойы еліміздің табиғатын (жер, су, ауа, өсімдіктері мен жануарлары), табиғи байлықтарын кеңінен зерттеп, ғылыми-практикалық мәні зор ақпарат жинады. Атап айтсақ, Гидрогеология және гидрофизика Институты республика территориясындағы жер-асты суларының пайда болу заңдылықтарын және олардың жалпы қорын анықтап, өндіріске пайдалануы туралы ұсыныстар беріп келеді. География институты табиғи су қоймаларының динамикасын, олардың экологиялық тұрақтылығын зерттеп, тау шыңдарындағы мұз және қар қорларына бақылау жүргізіп, олардың экологиясы туралы ғылыми тұжырымдар жасайды.

Ластанған суды, автокөліктер мен үлкен өндіріс орындарынан шығатын газдарды тазалау технологиясын жасау жұмыстарын Электрохимия және

органикалық катализ, Химия ғылымдар институттары көп жылдан бері жүргізіп, үлкен жетістікке жеткені мәлім.

Экология, табиғи байлықтарды тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясат нақтылы, оперативтік түрде жерден, ғарышта қабылданатын ақпараттарға, математикалық модельдерге, биосфера және гидросфера арасындағы ғылыми заңдылықтарға негізделген болуы қажет [50, б. 3].

Жобаланып отырған мониторинг тек қана мемлекеттік бағдарлама көлемінде ғана іске асырылуы мүмкін. Осы жобаның белгілі бір бөлігі бүгінгі күнде Ғарыш зерттеу институтында іске асырылып отыр. Институттың ғарыштық ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығы Америка Құрама Штаттарының (АҚШ) NOAA спутниктерінен оперативті түрде ақпарат қабылдап отырады. Бұл спутниктердің жерді айналу орбитасы 850-1200 км. биіктікте де, ал көлбеуі 81-83 градус аралығында. Әрбір сеанс жалпақтығы 3000 км. болатын жер бетінде керек ауданының спектрталдық суретін 1000 м. дәлдікпен түсіріліп ғарыштық сипаттан жердегі станцияға беріледі. Сеанс аралығы 12 сағат.

Алынған ақпараттар ауа-райын болжау, шөлді және тұзды аудандарды бақылау, жайылымдар мен егістіктердің жағдайына баға беру, жер асты сулардың қорын анықтауға, су мен сулардың ластануын бақылау үшін пайдалануға болады. Соңғы кезде территорияларды басқаруға және экологиялық бақылау жүргізу үшін геоинформациялық жүйе кең қолданылуда. Геоинформациялық жүйелер ғарыштық және электрондық карталарды жасауға негізделген. Электрондық карталардың әдеттегі карталардан ерекшелігі, тұл бойына көп көлемді ақпарат сыйғыза алатындығы және сол карталар арқылы үлкен жобаларды тезірек жүзеге асыруға мүмкіндіктің болуы [50, б. 2-3].

Қазірдің өзінде Ғарыштық зерттеу институтының Францияның Ұлттық Ғарыш агенттігімен бірігіп Алматы қаласының ГИС-ін жасауға кірісіп отыр. Соңғы уақытта табиғи ресурстарда және экологиялық апаттарды (космостан жәні жердегі станциялардан) ғарышкерлердің қатысуымен зерттеуде біраз жетістіктерге жетіп отырмыз. Оның дәлелі Т. Әубәкіровтің, Т. Мұсабаевтың бағдарламаларының сәтті аяқталуы да осы бағдарламаларды нәтижесінде Аралдың құрғап қалған түбінен көтерілген тұз және құмдардың таралу жылдамдығы мен алыстығын анықтау үшін біраз жұмыстар жүргізді. Ғылым Академиясы институттарының потенциалы республикаға экология мәселелерін шешуде кең пайдалануы тиіс. Сонда ғана бір нәтижеге жетеміз [50, б. 3].

Бұл мәселелер «Қазақстан Республикасы - 2030» ұзақ мерзімді даму бағдарламасында басты орын алады. Қазақстан Республикасының экологиялық білім бағдарламасында экологиялық білім мен тәрбиенің жалпы үздіксіз жүзеге асуы кезінде жан-жақты мәселенің шешілу мүмкіндігі көрсетілген. Қоғамның барлық инфрақұрылымдарын қолдайтын экологиялық білім ғана әлеуметтік-экологиялық нақтылықтың кезінде жан-жақты қызметке бейімделген, ХХІ ғасырдың қазіргі азаматын қалыптастыра алады. Тұрақты дамуға көшу, біртұтас әлеуметтік, экономикалық, экологиялық саясаттың бірігуіне, тұрақты даму стратегиясын жүзеге асыруын, елдің даму механизмі мен мақсатын анықтайды [51].

Қолданбалы жоспардағы тұрақты даму моделі - бұл сыртқы және ішкі қауіпті жою мен ескертуін қамтамасыз ету, тұрақты принциптердің экономикалық мемлекеттің, қоғамның қызмет етуі мен ұйымдастырылу әдісі. Барлық қызмет түрлері мен қайта оқытудың нақты бағытын анықтайтын ұзақ мерзімді бағдарламаның тұрақты дамуға кезеңдік көшуі ұлттық стратегия болып саналады.

Тұрақты дамудың принциптері:

- прогрестің мақсаты - адам, адамзат дамуының деңгейі - бұл оның әлеуметтік-экономикалық саясатының, мемлекетінің, қоғам қалыптасуының шарасы;

- ұлттық игілікті тұрмыс деңгейінің жоғарылауы, кедейлікті жеңу, қажеттілік құрылымның өзгеруі;

- білім, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау жүйесінің даму басымдылығы - халық шаруашылығының эволюциясы, халық белсенділігінің шығармашылығы, өнімділіктің ұзақ мерзімді өсу факторлары қоғамының рухани өмірінің маңызды саласы;

- демографиялық жағдайдың жақсаруы, тұрғындардың орнықты дамуының іс-әрекеттігі;

- экономикалық инновациялық даму типі ресурстарды жинақтауға, табиғатты қорғауға өту;

- экология және экономика байланысының күшеюі, экономикалық жүйенің экологиялық бағдарын қалыптастыру экожүйенің шаруашылық сыйымдылығы шегіндегі дамуы;

- қалдықтарды қайта өңдеу қауіпсіздігі, ресурстарды қайта пайдалануды кеңейту, қайта өңдеуге жатпайтын ресурстарды тұтынуды азайту мүмкіндігімен шығынды азайтуды ұсынатын рационалды табиғи қолдану;

- экожүйені қайта қалпына келтіру мен қорғау мақсатында әлеуметтік әріптестік пен халықаралық ынтымақтастықтың дамуы;

- жаңа өркендеу құндылықтарының есебіндегі мораль, тәрбие мен білім жүйесіндегі экологияландыруға адамның көзқарасы;

- саяси механизм шешімнің қабылдануы мен жүзеге асырылуы, басқару жүйесін жетілдіру, тұрақты даму міндеті мен мақсатын жүзеге асырудағы мемлекеттің басты рөлі;

- азаматтық қоғам мен жеке бизнестің, мемлекет қызметінің тиімділігі мен үйлесімділігін жоғарылату [51, б. 33].

Қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін экономикалық, әлеуметтік, мәдени, құқықтық және жеке тұлға өмірінің әлеуметтік позитивтік бейнесі мен үйлесімді дамуы үшін басқа да жағдайларды, адам бостандығы мен конституциялық құқық әлемдік одақта мойындалуын жүзеге асыруды құрудың маңызды факторы болып табылады.

Қазіргі қоғамның, тұрақты дамуының принциптері мен талаптарына белсенді салауатты өмір салтын ұстанатын, жан-жақты үйлесімді дамыған дені сау, білімді және рухани тұлға типі сәйкес келеді. Қоғам мүддесі мен тұлғаның дамуы экономика мен қоғамның келешекте дамуына, күшті мемлекетті қалыптастыру азаматтық қоғамды құрудағы демократиялық институттардың



беріктілік шартының қажеттілігі болып табылатын әлеуметтік консолидацияны қамтамасыз ету.

Тұрақты дамудың ұлттық стратегиясының экологиялық компоненті «адам - қоршаған орта - экономика» үштігіндегі тұрақты дамуды құрайтын іргетасты ұсынады, оған үш аспект кіреді:

- қоршаған орта, табиғи ресурстық потенциал;
- қоршаған орта мен адам қарым-қатынасының процесі;
- қоғамның өмір қызметінің барлық жағынан мүддесіндегі экологиялық императивті жүзеге асыру, экологиялық саясат [51, б. 34].

Бірінші аспект тұрақты даму моделіне өту кезінде табиғи потенциалдың динамикасы мен бағалау жағдайын тұрақты қадағалауды ұсынады.

Екінші аспект - адам денсаулығын сақтау мен биоәртүрлілікті қорғау. Қазақстанның табиғи экожүйесін қайта құру ортасының сыйымдылығын өсіру үшін жағдай жасау, қоршаған орта тұрақтылығының кепілі, табиғи ортаға антропогендік қысымды біртіндеп төмендету бойынша шараларды жүзеге асыруды қарастырады.

Үшінші аспект - әлеуметтік-экономикалық даму мақсаты мен экологиялық мақсат келісімінің талаптары - экологиялық императив негізінде экологиялық саясаттың жүзеге асырылуымен өңдеу үрдісінде барлық экологиялық компоненттердің мінездемелік жүйесі біртұтас тұрақты дамудың ауысуын қорытындылайды.

Экологиялық императив келесі талаптарды белгілейді:

- табиғи үйлесімді және салауатты өмірге құқығы бар адам басты назарда болу керек;
- қазіргі уақытқа болашақ ұрпаққа қоршаған ортаны қорғау мен даму мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны қорғау жалпы әлеуметтік-экономикалық процестің ажырамас бөлігі болуы қажет;
- шаруашылық қызметті экологияландыру бойынша шараларды жүзеге асыруда, табиғат ақцентін қорғау тәжірибесінде қалыптасқан айырмашылықты ауыстыру қажет, бірінші кезекте теріс техногендік іс-әрекеттердің себептерін жою;
- әлеуметтік-экономикалық дамуы экожүйе сыйымдылығының шаруашылық шегінде қол жеткізудегі адам өмірінің сапасын жақсартуға бағытталуы қажет;
- экологиялық сана мен адам көзқарасы, білім мен тәрбие жүйесі [51, б. 35].

Бұл талаптар тұрақты даму мақсатындағы экономикалық және экологиялық, әлеуметтік қарым-қатынас органикалық пен үздіксіз экологиялық императивтің мәнін көрсетеді.

Қазіргі кезеңде адам мен оны қоршаған ортаның қарым-қатынасы күрделіне түскені мәлім. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі мен өндіргіш күштердің күрт дамуы адамның табиғатқа ықпалын күшейтті. Әсіресе, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, адам мен табиғат арасында жаңа жағдай қалыптасты. Адамзат қажетіне керек шикізатқа сұраныс материалдық

өндірістің көлемін арттырды, жер қойнауы мен мұхит байлығы жедел игеріле бастады. «Табиғатқа бағынбаймыз, оны өз игілігімізге айналдырып, бермесін тартып аламыз» деген көзқарас қалыптасты. Мұның барлығының жер бетіндегі тіршілікке тигізген әсері табиғаттың өзіне тән құбылыстардан - табиғи өзгеріс пен жел, су тасқыны, жер сілкінісі әсерінен әлдеқайда асып түсті [52].

Халықтың жылдам өсуі табиғатқа деген тұтыну қысымын өсірді. Табиғат өзінен шыққан шығынды қайта қалпына келтіріп отыратын уақытының мерзімінен жаңылды. Қалалар көбейіп, оларда тұратын халық саны артты. XX ғасырдың басында жалпы халықтың 10 % ғана қалада тұрса, ғасыр аяғында бұл 50 %-ға жуықтады. 2003-жылы Қазақстандағы қала халқы 54 %-ға жетті. Осынша көп адамның шағын территорияға жиналуы жерге түсетін салмақты күшейтті, қала мен қала маңының ластануы ұлғайды [52, б. 2].

Бізде материалдық өндіріске баға берудің екі өлшемі (әлеуметтік, экономикалық) қалыптасқан. Ал, қазіргі өмір осы өлшемге экологияны да қосуды қажет етіп отыр. Әрбір салынатын өндіріс орнын әлеуметтік, экономикалық жағынан дәлелдеумен қатар, оның экологиялық жағдайларын (келетін зардаптары мен оны болдырмау мүмкіндігін) қоса ескеріп негіздесе, бұл салада қазір орын алып отырған қателікке жол берілмес еді. Осылардың салдарынан Қазақстан қазір экологиялық жағдайы ауыр өлкенің біріне айналып отыр.

Ежелден мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыз жайылымдарды маусымның өзгеруіне қарай тиімді пайдаланған. Өмірлік тәжірибе оларды табиғатты сақтауға үйреткен. Жайлауды тақырлап көшкен ауыл келесі жазда жер қалпына келіп, шөп жетілгенде ғана қайтып келген. Сондықтан да ұзақ ғасырлар бойы молырақ, өсімдік жамылғыларының қалыптасуында үлкен өзгерістер болмаған. Қазіргі жағдай тіптен басқаша. Онда пайдаланылған, тапталған, өсімдіктері жаншылған табиғаттың қайта жақсаруына уақыт берілмейді. Шөп жетілмей қылтанақтап шығып келе жатқанда-ақ оны қайта жаншып тастау етек алған.

Бір кездері игерілместей болған Қазақстанның кең байтақ жері бұл күнде экономикалық қуатымызды арттырып отырған өндіргіш күштердің өсуінің арқасында қоршаған орта жағдайлары ескерілмей, аз уақыттың ішінде экологиялық дағдарыстар аймағына айналды. Бұрынғы Кеңестер Одағы жүргізген солақай саясат та бұған көп ықпал етті. Қазақстандағы экологиялық мәселелерді көбейтіп жіберді. Табиғат байлығы ысырап болды. Табиғатқа деген тұтынушылық көзқарас қалыптасты. Қоғамдық қажеттілікті жалғыз ғана фактор санап, техникалық-экономикалық есепті соған негіздеп құру орын алды [52, б. 2].

Қазақстандағы 182 млн. гектар жайылымның 110 млн. гектары (60 %) әртүрлі деңгейде зиян шекті. 7 млн. гектар орман жойылып кетті. Оларға жануарлар мен өсімдіктердің аса бағалы түрлерінің жойылғанын қоссақ, шеккен зиянымыздың орны толмайтынын көреміз. Адамның қолымен жасалған зиянды іс табиғаттағы зат алмасу мен табиғи компоненттердің байланысына да әсер етпей қоймайды. Мысалы, орман ағаштарының кесілуі топырақтағы ылғал мөлшерін азайтады, содан топырақ құнарлығы өзгереді. Соның салдарынан

өсімдіктер тіршілігіне зиян келеді, өсімдік азайған жерде жануарлар да тұрақтамайды.

Ауыл экологиясының нашарлауы негізінен шаруашылық кезінің қалыптасқан жүйесінің бұзылуына байланысты болып отыр. Мәселені шешуде Елбасының ауыл мәселесін күн тәртібіне қоюы халықтың қызу қолдауына ие болып кетті.

Еліміздегі экологиялық дағдарысқа химия, мұнай, металлургия, отын өнеркәсібінің жедел және мол мөлшерде дамуы да әсерін молайтып отыр. Жыл сайын Қазақстандағы су қоймаларына химиялық қоспалармен ластанған 6 млрд. текше метр ағын су құйылады, 3 млн. тонна зиянды заттар ауа қабатына сіңеді, 200 млн. тонна қатты қалдықтар қоқысқа тасталады. Басқа да шикізат көздерін игеру ауаны лаптаумен қатар жүргізілуде. Олардың қатарына мыс, қорғасын, мырыш, күміс, хром, ванадий, фосфорит, барит, сурьма, тас көмір, мұнай, т.б. кен орындары жатады. Ірі өндіріс орны болмаса да Алматыда да ауаның қалыптан тыс ластануы байқалады. Бұл, әрине қаланың географиялық орнына байланысты. Онсыз да ауа алмасуы нашар қаланың құрылыстары азын-аулақ ауа жолына бөгет болуда. Мысалы, тау аралық ауа қозғалысының жолында тұрған территорияға «Самал» ықшам ауданының салынуы осыны аңғартады. Оның орнына Фурманов, Достық көшелерінің аралығындағы Медеуден келетін ауа қозғалысының жолында тұрған осы ауданға үлкен бақ, парк жасалғанда, ол қаланың өкпесіне айналған болар еді [52, б. 2].

Ірі өнеркәсіп орындары шоғырланған ірі көлік торабы бар облыс орталықтарының көбінде-ақ экологиялық жағдай нашар. 2000-жылы республиканың 19 қаласында жүргізілген атмосфераның ластану мөлшерін анықтайтын мониторинг лас қалалардың қатарына Өскемен, Риддер, Шымкент, Ақтөбе, Алматы қалаларын алады. Республика қалалары бойынша атмосферадағы зиянды шаңдардың жиынтығы зиянды заттардың шектеулі ластану индексі (17,8), Риддер, Шымкент, Ақтөбе (10,0), Алматы (9,9) қалаларын атады [52, б. 2].

Республика қалалары бойынша атмосферадағы зиянды шаңдардың жиынтығы зиянды заттардың шектеулі мөлшерінен орта есеппен 1,2 есе көп. Ауаның шаңдануының ең көп мөлшері (3-5 ПДК - предельно допустимая концентрация) Жезқазғанда, Шымкентте, Ақтауда байқалған. Атырау, Алматы, Балқаш, Семей, Теміртау қалаларында бұл көрсеткіш 1,3-2-ні құрайды. Ауадағы адам организміне аса қауіпті улы газдардың мөлшері 1328,2 тонна күкірт сутегісінен, 7732,7 тонна аммиактан, 4621,4 тонна қорғасыннан, 1606,6 тонна мышьяктан, 335,6 тонна күкірт қышқылынан құралады. Бір ғана Қарағанды облысының өндіріс орындары 1108,1 тонна улы газды ауаға таратады екен [41, б. 2].

Қазақстан территориясында озон қабатының бұзылуы ғарыш полигоны орналасқан орталық Қазақстанда көбірек байқалады. Сол маңайдағы өсімдіктер дүниесінің, құрамындағы өзгерістер, оны мекендейтін қарақұйрық ақ бөкен етіндегі радиациялық элементтердің шамадан тыс өсуі осыны дәлелдейді.

Елде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің табысты аяқталуы да, ең алдымен, ұстанған экологиялық саясатқа байланысты. Ол үшін

жердің құнарсыздануы мен жер бедерінің жүдеушілігі (территорияның 60 % құм баса бастады), су ресурстарының тапшылығы (сумен қамтамасыз етуде Қазақстан ТМД мемлекеттері ішінде ең соңғы орында), Арал, Балқаш көлдерінің су алуы, Семей ядролық полигоны мен басқа да әскери полигондардың, Каспий жағалауының мәселелері, елді пункттерде ауаның топырақ пен судың ластануы жағдайлары сияқты маңызды мәселелерді шешу мемлекеттік деңгейде қаралуы керек. Қазақстан жерінің табиғи байлықтарының азырақ экономикаға қатты әсер ететіні, әлеуметтік шараларды іске асыруға қол байлау болатыны өзінен-өзі түсінікті [41, б. 2].

Бізге бүгінгі экологиялық дағдарысқа ғылыми-техникалық өрлеу кінәлі, қазіргі даму жағдайларында ол болмай тұрмайды деген біржақты пікір қалыптасқан. Ғылым жетістіктері табиғатқа зиян келтіруге арналмаған ғой. Сонымен бірге ол қоршаған ортаны қорғаудың да, қалпына келтірудің де тәсілдерін ашты. Табиғи ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік беретін немесе қалдықсыз технологияны өндіріске енгізу, өндірісті сумен қамтамасыз етудің қайтымды және тұйық айналымдарын қолдану (бұл су шығынын қысқартады), жылу мен энергияның дәстүрлі көздерін табиғи көздерімен алмастыру, топырақты табиғи тыңайту мен ондағы ылғалдың жиналуын, атмосферадағы газдың тепе-теңдігін сақтауды қамтамасыз ететін орман алқаптарын сақтау және қалпына келтіру - міне, экологиялық дағдарыстың бетін қайтаруға ғылымның берер ақыл-кеңесі осылар.

Бүгінгі таңда халыққа экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесін мемлекеттік деңгейде кең көтерудің қажеттігі осыдан туындап отыр. Экологиялық білім беру дегеніміз адамзат қауымының, қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлестігін және оны тиімді пайдаланудың жолдарын халыққа түсіндіру. Сол арқылы еліміздің халық шаруашылығының әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешуге көмектесеміз. Экологиялық және табиғатты қорғау заңдарын жетілдіру және оларды бұлжытпай орындау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануда жауапкершілікті күшейту, қоршаған ортаның табиғаты мен адам денсаулығының үйлестігін арттыру, үздіксіз экологиялық білім беруді ұйымдастыруды тездету, елдегі экологиялық жағдайлар жайлы мәліметтердің халыққа жетуін қамтамасыз ету, тағы басқалар осы саладағы негізгі міндеттер қатарына жатады [41, б. 2].

Қысқасы, қазақ даласының табиғатын аялау, күту өзіміз үшін керек. Ол байлық көзі, тіршілік көзі, ұлттық ұғым-түсінігіміздің, менталитетіміздің негізі. Ендеше табиғатты сақтау, мәпелеу - біздің ұлттық міндетіміз. Ел тағдыры экологияға да тірелген тұсқа келдік.

Ал жаһандық мәселелер әрқашанда пайда болып, ғасырдан ғасырға жалғасып, тек бет бояуын өзгертіп, өткір міндеттер қойып отырған. Мысалы, қоршаған ортаның ластану мәселесі, экожүйенің дамуындағы биологиялық сан-алуандылық және тұрақтылықтың сақталуы. Не себепті адамзат өміріне экологиялық апаттың жақындауы және ұлғаюы қауіп туғызуда.

Біріншіден - ғылыми-техникалық прогресс. Осы прогресс, өндірістік күштерді және адам өмірін жақсарта отырып, қоршаған ортаның өзгерісіне әкеледі. Ең алғаш ғылыми-техникалық прогресстің әсерін сезінгендер

экономикалық дамыған және халқы өте тығыз орналасқан елдер - АҚШ, Жапония, Германия болды. Адамның қарқынды іс-әрекеті қоршаған ортаның тепе-теңдігіне аса үлкен қысым жасайды. Дүниежүзінде бірнеше миллион химиялық қосылыстар синтезделіп, бірнеше бөлігі өндіріске жұмсалды, 60 мыңнан көбі пайда табу мақсатында пайдаланылды, бұл тек аталуы, ал жұмсалыу көлемі қандай? Олар көп және үздіксіз өсуде, сол себепті де экологиялық жүктемелердің қарқындылығы өткір сұрақ болып тұр.

Адам денсаулығы мен өмірінің ұзақтығы, балалар өлімі, маңызды демографиялық дәрігерлік көрсеткіштер тек қоршаған ортаның тазалығымен тұрақталады, ал жаңа әсер етуші зиянды факторлар адам ағзасының, жануарлардың, өсімдіктердің тұқым қуалау қасиеттерінің өзгеруіне әкеледі. Басқаша айтқанда «білінбей атылатын бомба» тәрізді әсері, мысалы, аллергиялық, жүрек қантамыр аурулары, кәсіптік патология соңы міндетті түрде ауыр қайғыға соқтыратын кеселдер. Соңғы он жылдықта қоршаған ортаның өзгеру қарқыны жылдамдауынан, экогенетикалық мәселелерді оқыту кезектен тыс міндет болып отыр. Қоршаған ортадағы тұқым қуалаушы факторлардың тиімсіз әсері екі түрде көрініс береді [53].

Қазіргі кезде биологиялық, медициналық және әлеуметтік «мутация жүктері» қатаң анықталған түсініктермен айтылады. Жекеленген мутациялар немесе олардың үйлесімі адам және табиғи популяциялардың генетикалық сан алуандылығын көтеріп, летальді (өлім) жағдайына, өсіп-өнудің төмендеуіне соқтырады. Кейде эколог мамандардан сұрайды: «Адам өміріне генетикалық тұрғыдан қауіптісі қайсысы - радиация ма, химия ма?». Бұл жағдайда біз былай жауап береміз: екеуі де, себебі, радиациялық фактор біздің өмірімізге мықтап енген. Өндіріс өнімдерінен радиоизотоптар бөлініп жинақталуда, медициналық процедуралар, т.б. Адам 30 жасында 3 (бір рентгеннің биологиялық эквиваленті) радиация мөлшерін қабылдаса, 70 жасында бұл мөлшер 35 бірден аспауы қажет. Адам ағзасындағы радиацияның генетикалық әсері АЭС апаттарынан, қазіргі таңдағы әйгілі атом ядролық сынақтардан, мысалы, Семей полигоны, Невада (АҚШ), Муророа (Франция), Хиросима және Нагасаки (Жапония) көрінеді. Экогенетикалық қауіпті факторлардың қоршаған ортаға әсерінің нақты бағасын беру мәселесі күн сайын жаңа ғылыми күштерді қолдануды талап етуде [53, б. 22].

«Адам мен табиғаттың қарым-қатынасы жаңадан ХХІ ғасырға аяқ басқан тарихи кезеңде аса маңызды, көкейтесті, өзекті мәселелердің қатарына көтерілді. Жер шарының экологиялық драмасы ядролық соғыс қаупінің көлеңкесінде ескерілмей келді. Ал қазіргі уақытта ядролық соғыс қауіпшіл бұлты сейіле келе «экологиялық бомбаның» адамзат үшін қауіп ядролық бомбадан асып түспесе, кем емес екендігіне көзіміз жетті» - дейді эколог-ғалым В. Песков өз еңбегінде. Сондықтан да экологиялық мәселенің шешілу деңгейіне бүкіл адамзат атаулының болуы не болмауы, жер бетіндегі тіршілік атаулының өмір сүруі не сүрмеуі тікелей байланысты болып отыр [54].

Адамзаттың жер атты көгілдір планетада тіршілік жасағанынан бері миллиондаған жылдар өтті. Әйтсе де адам табиғаттың байлығы мәңгілік еместігі және оны қорғап, қолдап, толықтырып, аялау керектігі жөнінде көп ой

толғаған жоқ. Адам табиғат анадан оның байлықтарын тек қана алып отырды, себебі, оның ойынша табиғат байлығы шексіз әрі сарқылмас. Ал қазіргі таңда табиғатты қорғау мәселесі көкейтесті, себебі қоршаған ортадағы келшектегі өзгерістер ішінде шарықтау шегіне жетіп отыр, ал бұның өзі биосфераның толық бұзылуына әкеп соғуы әбден мүмкін. Өсімдік пен жан-жануарлар ғана емес, топырақ, ауа, атмосфера да адамнан қорған-қолдауды күтіп отыр.

Үлкен Кеңестік энциклопедиялық сөздігінде: «Экология - өсімдік пен жан-жануар организмдердің қарым-қатынасы мен олардың құратын қоғамдастықтарының өзара және қоршаған ортамен байланысы» деген анықтама берілген.

Бүгінгі таңда экология - ол бірқатар ғылымдар кешені, атап айтқанда этноэкология, әлеуметтік экология, ландшафтық, адам экологиясы, т.б. Ал жалпы формада экологияны адамның, табиғатпен және өз-өзімен үйлесімді үндестікте өмір сүруі деп те айтуымызға болады. Ал, бұл үйлесімді үйлестік адамзаттың қалыптағы қолайлы физикалық, психикалық өмір сүруіне жағдай жасайды [54, б. 117].

Сонымен, табиғат рухани сезімталдықты дамытатын бастау. Табиғатты сүю деген - тірі тіршілікті, өмірді сүю деген ұғымда, ал олар жоғарғы гуманизмнің сезімі. Таза табиғат - біздің ырыс-құтымыз, ал ластанған табиғат - бізге қасірет, өлім. Таза табиғат үшін күрес - адам үшін күрес, келешек үшін күрес. Табиғаттың тозуы - экологиялық дағдарыс [55].

Біздің жер - тірі планета. Адам өмірі мәңгі емес. Әрбір адамзаттың өмірі шектеулі, өз өлшемі бар: бір адамның өмірі қысқа болса, екінші адамның өмірі ұзақ болады. Адамдар үшін дәл жас жоқ. Сондықтан да әрбір ерте қиылған адамның өмірі - ол қасірет, қайғы. Өмірді ұзақ әрі бақытты ету үшін табиғатты аялай, бағалай білу керек, себебі тіршілік ортасы, адамзат бесігі [56].

Дегенмен де, адамдар өз денсаулықтарына немқұрайлы қарайды. Ондай немқұрайлықтың басты себептері қазіргі медицина жетістіктері және халық мәдениеті мен оның тұрмыс жағдайының жоғары деңгейде болуында. Қала мен ауылда тәуліктің кез келген уақытында көрсетілетін арнайы маманданған, сапалы тегін, жан-жақты көмек адам денсаулығына оң әсерін тигізгенімен, ол сонымен қатар олардың ауруға деген қорқынышын да жойды.

Денсаулыққа немқұрайлықпен қараудың тағы бір басты себебінің бірі ол денсаулыққа қарсы жасалған іс-әрекеттер «жазаланбайды» деген ұғымның қалыптасып, тұрақтауы. Әдетте, әр адам өз басының аман есен болатынына өздерінше іштей сенімді болады. Көбіне олар өзге адамдардың қайғысын естіген кезде, өз бастарына ол қасірет түспеген соң онша қинала қоймайды, немесе аз уақыт қайғырып кейін оны тез ұмытып кетеді. Елімізде орта есеппен өмір сүру 72-76 жас аралықтарын құрайды, сондықтан адамдар арасында «мен денсаулықты сақтап күтсем де, күтпесем де шамамен 80 жыл жасайтын шығармын» деген ойға жиі келетіндер де аз емес. Әрине, айта берсек ондай себептер жеткілікті, дегенмен, әр адам өз денсаулығын сақтап күтуге міндетті [57].

Ғалымдардың анықтауынша, қала адамдары қоғамда тұлғалық бейнесін жоғалтады, бұл күшті жүйке - психикалық қажуды туғызып, түрлі күйзелістерге

алып келеді. Қазіргі заманның күйзелістері мен кикілжіңдері тек біздің эмоцияларымызға ғана әсер етіп қоймайды сонымен қатар ішкі мүшелерімізге де өз әсерін тигізеді. Күйзелістер негізінен орталық жүйке жүйесіне оның физиологиялық реакцияларына, ішкі секреция бездерінің қызметіне де зиянын тигізеді [58].

Біздің денсаулығымыз өз қолымызда. Біз мына өмірде тек қана дені сау адамдардың ғана тіршілік етуге мүмкіндігі бар екендігін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Әлеуметтік саяси және экономикалық жүйесі ұқсас елдерде экологиялық қиындықтардың өзіндік ерекшелігі болады. Қазақстанның экологиялық мәселесі Кеңес Одағы кезінен көптеп қиындатылып алды. Қазақстандағы экология мәселелері соңғы 20-30 жылда едәуір өрши түсті. Осы кезеңнің басында-ақ табиғатты пайдалану мен оны қорғау мемлекеттік бақылауға алуды қажет етті. Осы мәселелерді шешу, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына енгізіліп, үкіметтің дәйекті құжаттарымен қуатталуда.

Біздің саяси статусқа ие болуымыз (егемендік алуымыз) ортақ экологиялық-экономикалық саясатымызды жүзеге асыруға көп зиянды заттардың көлеміне қарай 30 % бен 70 % аралығында өзгеріп тұрады. Мысалы, атмосфера ауасы шамадан тыс ластанған қалалар көбейді, олардың қатарында Алматы, Лениногорск, Зыряновск, Өскемен, Теміртау, Шымкент, Жамбыл қалалары бар. Бұл аймақтардағы жоғарғы ластану деңгейі, негізінен металлургия, минералды тыңайтқыш, жылу энергетика өндірістерімен, автокөліктердің зиянды қалдықтары т.б. әсерінен болады [59].

Қазақстанда Каспий, Арал теңізі, Балқаш көлі сияқты ірі «су қоймалары», 85 мыңнан астам тұрақты және уақытша өзен, каналдар бар. Су ресурстарының географиялық орналасуларының қолайсыздығынан, жер-жердегі әкімшілік аудандар мен ауыл шаруашылықтары тең дәрежеде сумен қамтамасыз етілмейді. Негізгі су көздерінің былғанып, ластану деңгейі әлі де жоғары. Соңғы жылдары жер ресурстарын тиімді пайдалану мен оны қорғау мәселелері де ұлғайып барады [60].

Қазақстан территориясы 272,5 млн. га құрайды. Оның 222,8 млн. га ауыл шаруашылығына тиесілі. 80 % астам жердің тың аумағының сапасы төмен, пайдалануға ресурстарының құнарлылығы нашарлап, өнім беру сапасы мен деңгейі күрт төмендеді. Зерттеулер нәтижелері, бар жердің 20-дан 70 %-ға дейінгі аумағының құрамы өз құнарлығын жойғандығын көрсетіп тұр.

Ертіс өзені Қазақстанның негізгі су артериясы болып есептеледі. Бұл іргелес ел - Қытайдан Қара Ертіс болып басталып, республикамыздың үш ірі облысын: Шығыс Қазақстан, Павлодар, Семей қаласы және одан әрі Ресей Федерациясын бөліп өтіп, Солтүстік мұзды мұхитқа барып құяды, оның суын нәрлендіретін Бұқтырма, Үба, Үлбі сияқты үлкенді-кішілі өзендердің арқасы. Бұл аймақты 900-ге жуық суды талап ететін өндіріс, құрылыс, ауыл шаруашылығы орындары бар. Мұндағы ауыз су нүктелері, жалпы мөлшерден 20 % ғана екен, ол Ертіс өзені бастауынан сағасына дейін «өте былғаныш» деп есептеледі [61].

1992-жылы ТМД елдерінің Халықаралық экологиялық кеңесінде Қазақстан ресурсы экология және қоршаған ортаны қорғау принциптерін қабылдады. Бұл принциптер Еуропалық одақтың принциптеріне сәйкес келеді. Олар:

- қоршаған ортаны қорғау;
- адамның денсаулығын сақтау;
- табиғи ресурстарды тиімді пайдалану;
- экологиялық проблемаларды аумақтық, дүниежүзілік деңгейде шешудің шараларын қарастыру жатады [62].

Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрлігі Халықаралық көмектің қолдауымен Экологиялық Ұлттық жоспарын құрады (НПДЭ - «Национальный план действий по экологии» деп аталады). Бұл жоспардың шеңберінде экологиялық мәселелер және олардың денсаулық сақтаудағы критерийлері, қоршаған ортаны сақтау және экономикалық даму мәселелері тұр.

2030-жыл бағдарламасы ұзақ мерзімді стратегияның экологиялық секторын төрт кезеңге бөліп қарайды:

- 1) 1998-2000 ж.ж.;
- 2) 2001-2010 ж.ж.;
- 3) 2011-2020ж.ж.;
- 4) 2021-2030 ж.ж.-ға [63].

Бұлардың әрқайсысының өзінің міндеттері мен басшылықтары бар, онда алғашқы кезеңдерінде экологиялық дағдарысының құлдырауын бәсеңдету болса, кейінгі кезеңдерде экологиялық ситуацияның тұрақтануы көзделген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экологиялық басымдықтарында ең маңызды үш географиялық зоналар көрсетілген:

- А зонасы - Каспий теңізінің солтүстік бөлігі;
- Б зонасы - Солтүстік-Шығыс өндірістік аймақтары, яғни, Өскемен, Қарағанды, Павлодар және т.б. аудандардың су, жер, ауаның ластануы деңгейінің көтерілуі, осы жерлердің болашақ дамуына үлкен кедергі келтіруіне әкелуі.
- В зонасы - оңтүстік ауылшаруашылық аймақтары Балқаш көлі бассейні, Алакөл аймағы, ауыз судың шектен тыс жұмсалуды, олардың тазартылмауы т.б. жатады [64].

Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдерінің экологиялық қауымдастығы 1995 жылдан бері халықаралық деңгейде бірнеше бағдарламалар қабылдады, оған ТМД елдері, Моңғолия және барлық Орталық Азия республикалары қатысты.

Жаңа тәуелсіз мемлекеттің қоршаған ортаның ластануын қорғау үшін күрес мүмкіндіктері бұл бағдарлама бюджеті 5 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл 1995-жылдан басталады, оның негізгі міндеті құқықтық әкімшілік негізде қоршаған ортаға ешқандай зиянсыз жұмыс жасайтын экономикалық дамуы болды. Еуропалық Одақтық ұсынғаны Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан және Қазақстан үшін «Арал теңізі бассейнінде су ресурстары мен ауылшаруашылық өндірісін басқару» бағдарламасы қаралды. Бұл жобаға 8 млн.



эко каражатын құрады. Кейін бұл бағдарламаның 2-ші жалғасы 1998-жылдан 2000-жылға дейін бағытталып, оған 4 млн. евро каражаты жұмсалды.

«Каспий экологиясын қорғау» бағдарламасы 1995-жылдан бастап, Бүкіләлемдік банк, Біріккен Ұлттар Ұйымының экологиялық бағдарламасы (UNEP), ал 1998-жылдан бастап Еуропаның Одақ Комиссиясына үлкен техникалық көмектер көрсетілді. Каспий теңізінің экологиясының тұрақты дамуына ат салысу міндеті жатады.

1-кезең - 1998-2000 жылдар, 2-кезең - 2000-2002 жылдар. Бұл жұмыстар үшін бірінші кезеңде 2 млн. 350 мың евро, екінші кезеңде 3 млн. евро қаражатталған. Бұл бағытта тақырыптық орталықтар құрылды, мысалы, Қазақстан ғалымдары теңіз деңгейінің өзгеруін, Әзірбайжан теңіздің акваториясын ластану мәселелерін, Түрікменстан Каспий маңындағы жерлердің шөлейттенуін, Ресей балық ресурсын және де Каспий теңіздің Заңдық негізін құру жұмыстарын атқаруда [65].

ТМД елдері мен Монғолия үшін Еуропалық Одақ «Қоршаған орта мәселелерінің ақпараттық деңгейін көтеру және экологиясының жалпы хабарландыру құралын дамыту» бағдарламасы қабылданды, 1996-жылдан бастап жұмыс жасап оған 5,5 млн. евро жұмсалды.

«Қоршаған орта бойынша жалпы саяси дамуы» бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама 1997-жылы бастау алып, 1998-жылы бекітілген. Бағдарламаның жалпы шығыны - 3,9 млн. евроны құрады. Ал қазіргі кезеңде «Біріккен экологиялық бағдарлама» атты Еуропалық Одақ пен Бүкіләлемдік банк қабылдауымен бағдарлама жұмыс жасауда. Қаражат шығыны 5 млн. евроны құрайды. Мұнда Орталық Азия аумағында экологиялық сектор үшін көптеген инвестицияны тартуға септігін тигізеді.

Қазіргі уақытта Орталық Азияның аймақтық экологиялық ортаның 2001-жылдың қаңтар айынан бастап Алматы қаласында жұмыс жасап жатыр. Бұл идея алғаш рет «Қоршаған орта Еуропа үшін» атты 1998-жылы Данияда өткен бағдарлама шеңберінде қаралған болатын. Бұл орталық - тәуелсіз, саясаттанбаған және халықаралық мәнге ие бірлестігі. Бұл орталықта бүкіл Орталық Азияда болып жатқан экологиялық өзгерістер, жаңалықтар, мәселелердің барлығын бірлесіп шешуге мүмкіндік береді.

2001-жылы Алматы қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымы қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы, Азия және Тынық мұхиты үшін экологиялық және әлеуметтік компаниясы және Азия Даму банкінің ұйымдастыруымен «Рио+10» тұрақты дамуы бойынша Бүкіләлемдік саммитке дайындық және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Орта Азия елдерінің аймақтық кездесуі болып өтті. Аймақтық кездесудің мақсаты экологиялық қауіпсіздік пен жер шарындағы біртұтас ғаламдық экологиялық кеңістіктегі өркениеттің өзіндік мәселелері белгіленді.

Н.Ә. Назарбаев: «Жыл өткен сайын адамдардың денсаулығының негізі күйреп, нәзік табиғи орта бұзыла берді. Тән азабы да, рухани қасірет те біздің жүрегімізді әлі күнге сыздатуда. Ядролық есуастықтың бүкіл адамзат баласына қандай қисапсыз шығындар мен орны толмас құрбандықтар әкелетінін біз

білеміз», - деп атап көрсетті және соның нәтижесі ретінде 1991-жылы 29-тамызда өзінің жарлығымен Семей ядролық полигонын жапты [66].

Радиациялық жағдай, қауіпті сәуленің адам денесіне сіңуіне болатын ауыртпалықтың шамасы туралы деректер, халықтың сырқаттануы мен қазаға ұшырауының демографиялық көрсеткіштері негізінде Семей жерінің барлық аудандары Шығыс Қазақстан облысының Глубокое, Зайсан, Тарбағатай, Ұлан, Шемонаиха аудандары, Қарағанды облысының Егіндібұлақ, Қарқаралы аудандары, Павлодар облысының Баянауыл, Лебяжье, Май аудандары экологиялық апат аймағы деп жарияланды.

2000-жылы Семей полигонында ядролық сынақтар жүргізетін ең ақырғы штольня жойылды. Семей полигоны аса маңызды стратегиялық нысан еді. Жарты ғасырға жуық ішінде ол жерде ұзын саны 456 ядролық және термоядролық жарылыстар жасалған. Соған жұмсалған ядролық зарядтардың жалпы қуаты Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе асып түсетін. Елу жылдағы дерлік Қазақстанда өткізілетін ядролық сынақтар біздің халқымыздың денсаулығына және айналадағы ортаға орны толмас залал келтірді. Тек Семей полигонына жапсарлас аумақтағы экологиялық апат аймағы 300 мыңнан астам шаршы километрді алып жатыр. Бұл Германияның немесе Италияның аумағымен шамалас деді президент.

Мамандар белгілі бір өлшемде радиациялық сәуле алған қазақстандықтардың жалпы саны жүз мыңдаған адам болды деп санайды. Ядролық сынақтардың салдарлары біздің болашағымыздың, біздің балаларымыздың денсаулығын зақымдауда.

Қазақстандықтардың туған кезде Семей полигоны дегеннің не екенін білмейтін әлі талай ұрпағы өздерінің денсаулығында ядролық сынақтардың ауыр салдарының азабын тартатын болады.

Адамдар ғана емес жердің өзі де азап тартуда. Сынақтар ландшафтың бүлінуіне ұрындырды. Ядролық жарылыстардың орнында ластанған радиациялық суға толы тұтас көлдер пайда болды. Мамандардың бағалауы бойынша жер өзінің өнімділік әлеуетін толық қалпына келтіру үшін кем дегенде 300 жыл қажет!

Бүгінде Қазақстан ядролық сынақтардың салдарын жою мәселесін негізінен дербес шешуде. Іс жүзінде полигонға байланысты өз мәселелерімізбен бетпепет қалып отырмыз.

10 жылдың ішінде біз ядролық сынақтардан залал шеккен адамдарға өтем төлеуге, халықтың арасында емдеу, алдын алу шараларын жүргізуге, полигонмен жапсарлас аймақтардың экологиясын қалпына келтіруге жүздеген миллион теңге жұмсалды.

Осы жылдары өз аумағының радиоактивтік ластану мәселелерін шешу үшін Қазақстан алған тегін көмектің жалпы көлемі бар-жоғы 20 миллион доллар болды. Ал енді залалданған аумақты дезактивациялау және рекультивациялау жөніндегі жұмыстардың ғана құны 1 миллиард доллардан асады. Ғаламдық мәні бар мәселені шешу жөнінде осындайлық шығынды жалғыз көтеру бізге айтарлық қиын тиеді.

Бұл күнде жер асты сынақтары жүргізілген апандарға адам кіре алмайды. Оларға бетон құйылып, қалың бітелген. Дүние жүзінде Семей полигонындай сынақ алаңы жоқ және енді болмауы да мүмкін.

Полигонды салуға Семей қаласының батыс жағы оңтүстігі батыс пен солтүстігінен онша биік емес таулармен қоршалған территорияны таңдап алды. Бұл жер Оңтүстік Оралдағы атом өнеркәсібіне жақын болды. Семей ядролық полигонының жері Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарын алып жатты. 18000 шаршы км құнарлы жерді халық шаруашылығына қолдану ісінен айырды.

Кеңестік ядролық жарылыс саласында істейтін қызметкерлерді, ғалымдарды полигондағы алғашқы жетістіктер жігерлендіріп, олар атом қаруының қыры мен сырын одан сайын нығайтты. 1953-жылы 12-тамызда термоядролық қондырғы сыналса, 1955-жылы 22-қарашада академик А. Сахаров жоғары қуатты бомба жасағанын дүние жүзі білді. Енді келесі болатын жарылыстың радиациялық қаупінің орасан зор болатынын ескере отырып, бірінші рет радиациядан қорғану және халықты уақытша эвакуациялау мәселесі қойылды.

Сонымен Семей сынақ полигоны КСРО-ның ядролық қаруының сынағын жүргізетін басты база болды. Полигон объектісінің иесі мен негізгі қолданушысы КСРО Қорғаныс министрлігі болды.

Семейдегі сынақ полигонында болған ядролық сынақты екі кезеңге бөлеміз. Біріншісі атмосферада жүргізілген сынақ 1949-1962 жж. Екіншісі - жерасты ядролық сынағы 1963-1989 жж. Полигондағы ядролық сынақтағы үш ортада: ауада, суда және құрғақта жүргізуге тыйым салу туралы шартқа қол қоюмен байланысты болды. Осыдан кейін ядролық қаруды жер астында сынайтын болды.

Ядролық жарылыстардың залалдары туралы Қазақстан үкіметі білді ме, біздің дәрігер мамандар, ғалымдар қайда қарады деген сұрақ тууы мүмкін. Басшылар білді, бірақ Орталық Үкіметтің «темір қалпағының» астында отырғанда үн шығаруға болмайтын. Себебі, бәрі де «Отан қорғау мүддесі, бейбітшілік сақтау үшін жүргізіліп жатқан шаралар» деген түсінік қазақ халқының шығынын есепке алдырмай, ақиқатты тұншықтырып отырды. Кейін ядролық сынақтарға қарсы қуатты қоғамдық қозғалысқа қару пайда болды.

Қозғалысты қазақтың адал ұлы, үлкен қайраткер, ақын, публицист Олжас Омарұлы Сүлейменов бастады. Алғашқы күннен бастап-ақ «Невада-Семей» қозғалысының мақсаты - жер бетіндегі ядролық жарылыстарды тоқтату. Ресейдің Саха Республикасында да бізге үн қосты. Олар «Жаңа жердегі полигон жабылсын!» деген ұран көтерді. Қозғалыс басқа да халықаралық ұйымдардың, оның ішінде «Әлем дәрігерлері ядролық соғысқа қарсы» деп аталатын халықаралық қозғалысқа ұласты.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері Семей облысының тұрғындарына өте қажетті медициналық тексерулер жасау мүмкін болып отыр. Жергілікті өсімдіктер мен жануарларға радиацияның онкологиялық әсері қандай, оны да бақылауға мүмкіншілік туды. Семей экологиялық қаупінің ұлғаюын қазір ғалымдар әртүрлі мамандар зерттеу үстінде. Бүгінде антиядролық «Невада-

Семей» қозғалысының қимылдарының арқасында АҚШ пен Қазақстан ядролық қарусыздану бағдарламасын өзара келісіп орындай алды.

Н.Ә. Назарбаевтың «Бейбітшілік эпицентрі» («Эпицентр мира») атты кітабында: «Қазақстан ядролық инфрақұрылымынан ада-күде құтылды, екіншіден әлем Қазақстанды бейбітшілік сүйгіш ел ретінде таныды. Қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамып кеткені соншалық, біз бір мемлекет мұздай қаруланып шықса-ақ қауіпсіз бола қалады екен, әлемді бағындыра алады екен деген ұғымы - балалық ұғым. Ең бастысы, мемлекеттер мен халықтар арасында сенім болуы - ядролық қару түптің түбінде бүкіл планетаны жойып тынатынын түсіну» [67] - деп көрсетті.

Семей полигонын жабу, ядролық қарудан бас тарту, Қазақстан халықаралық бейбітшілікті сақтап, қауіпсіздікті нығайтуға айтарлықтай үлес қосты.

Бүгінгі таңда елімізде қоршаған ортаны қорғауға бөлінетін қаржы-қаражат 30 %-дан аспайды. Кейбір дамыған мемлекеттерде бұл мақсатқа ұлттық кірістерден көмекке 3 % қаржы бөледі [68].

Табиғатты пайдалану мәселелері экономикамызды бірқалыпты ету, жер, су ресурстарын пайдалану, біздің нарықтың экономикамызға кері әсерін тигізбеуі керек. Қазақстан әлемдік аренада толыққанды көріну үшін, ең алдымен табиғатты пайдаланудың ақылы механизмін енгізіп, экологиялық зардап шектіретін факторларды болдырмауымыз қажет. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау баршаның парызы.

Бүкіл халықтың игілігін көздейтін және мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелеріне қатысты заңнамаларды жетілдіру тұрғысында парламенттік тыңдаулар өткізудің орны ерекше. Күрделеніп қалған мәселелерді шешуге бағытталған пікірталасқа ұсыныстар айтуға ат салысуға мүдделі болған мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық қауымдастықтар өкілдеріне, лауазымды адамдарға, ғалымдар мен тәжірибелі мамандарға толық мүмкіндік беріледі. Қажетті ақпараттық құжаттармен қамтамасыз етіледі. Сондықтан кезекті парламенттік тыңдаудың бүгінгі күннің өзекті де маңызды тақырыбына арналып отырғанын қолдауға тұрады.

Жиырма бірінші ғасырда адамзаттың алдында тұрған ғаламдық мәселелердің бірі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі екені әртүрлі деңгейдегі мінбелерден жиі мойындала бастады. Адамзат өзі мекен етіп отырған ортаны бүлдіруге немесе оны өмір сүруге жарамсыз етуге бейім күшке айналған жағдай қалыптасты [69].

Бәріміз де тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде еліміздегі нарықтық реформалар мен экономикалық тоқыраулардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару және бақылау жүйесіндегі үйлесімсіздікке әкеп соққанының, экономикалық мүдде мен экологиялық мүдденің бір-біріне қарсы қойылуының куәсі болдық. Қаржы тапшылығының әсерінен мұндай жағдайдағы шаруашылық мәселесін шешкен кезде экологиялық және қорғау мәселелерінен гөрі экономикалық мүдде басым болып келді.

Заңсыз аң аулау, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарларды аулау мен өсімдіктер түрлерін жинау, оларды өткізу, қырып-жою, сондай-ақ ерекше

қорғалатын табиғи аумақтар тәртібін бұзу не әлемдік және республикалық санатқа енгізілген мемлекеттік табиғи қорық қорының объектілерін қасақана бүлдіру немесе жою қылмыскерлер үшін ермек қана емес, бизнес көзі болып отыр. Браконьерлердің бұрын да қатыгездікпен аттары шыққан болатын. Олар өз жолында кедергі келтіргендерді аяусыз жазалайтын.

Көз алдымызда күннен күнге індет болып бара жатқан қоғамның наразылығын туғызып отырған осы келеңсіздіктерді тоқтатып, қаржылық мүмкіндікті барынша пайдалана отырып қалпына келтіруге жағдай жасауға жол ашады деген табиғат қорғау заңнамаларын жетілдіруді Үкімет пен Парламент соңғы жылдары сындарлы жолға қойып келе жатқанын айтпауға болмас. Осы бағытта Жер, Орман және Су Кодекстері, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» (1997 ж.), «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» (1996 ж.) заңдарды қабылдаумен қатар жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу, режимдік аумақтарды пайдалану тәртібі, жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы, жануарлар, өсімдіктер әлемін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау, тағы басқа да мәселелер бойынша оның үстіндегі Үкімет қаулылары мен жауапты Министрліктердің ережелері қабылданды [69, б. 2].

Негізінен таулы жерге орналасқан жер көлемі 198600 гектар болатын Іле Алатауы, жер көлемі 209553 гектар Алтын емел, жер көлемі 640477 гектар болатын Қатонқарағай және басқа ұлттық парктерін немесе ауданы 658892 гектар болатын «Семей орманы», жер көлемі 277961 гектар болатын «Ертіс орманы» табиғи байлықтарын қорғау мен күтіп-қарау ерлікпен тең. Бұл жерлер тек қана табиғат байлығы ғана емес, қоршаған ортаның генетикалық резервтегі табиғи эталондары, уникалдар мен реликтер, ғылыми зерттеулер, ағарту, білім беру ісі, туризм және экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды объектілердің жиынтығы екендігін ескере отырып қаржы бөлу мәселесінде мемлекеттік көзқарас танытқан абзал.

Н. Назарбаев: «...Жер қойнауының байлығы - барша келер ұрпақтың игілігі. Бұған қарап босаңсымауымыз керек. Керісінше, Үкіметті қоса, біздің бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандағыдай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиістіміз», - деп халықты табиғатқа деген ыждағаттылыққа шақырғанды [70].

Өз жұртшылығына айтылған үндеуге татырлық осы Жолдау жолдары, бір жағынан, қазіргі қауіпті экологиямызға меңзеп отырғандай. Бұл меңзеу тек қана Қазақстанға қатысты болмаса керек. Күллі жер планетасына қауіп-қатер төнуде екенін жасыра алмаймыз. Атам қазақ: «Ауруын жасырған - өледі», деп баяғыда тауып айтқан ғой... Сондықтан да бүгінгі заманымызда тек қазақстандықтар емес, барлық адамзат үшін жер бетінен жойылып кетпеудің өзі ең белді мәселеге айналып отырғанын мойындағанымыз абзал.

Енді адам ойының, қиялының жеткен жеріндегі мақсатты істі қос қолы тындыратын болады. Міне, идея мен әрекеттің бас біріктірген нүктесінде енді өркениет жанданып жатты. Содан келе-келе «табиғатты құлпыртушы» И.В. Мичуриннің: «Біз табиғаттан қайырым күтіп отыра алмаймыз. Оның бермесін тартып алу - біздің міндетіміз», - деген «қанатты сөзін» жаратылысқа қатысты

барлық шараларымыздың үндеу туына айналдырдық [71]. Қателік үсті-үстіне жіберіліп жатса, осы «ұран» ақталу актісі есебінде жөн-жосықсыз қолданыла берді. Барлық табиғатқа жасалған зорлықты осы сөздер ақтап алып жатты...

Қазақстан үшін экологиялық мәселелердің ең көкейкесті екендігі де белгілі. Соңғы 40-50 жыл ішіндегі еліміздің табиғат байлықтары қорының азаюы, қоршаған ортаның шектен тыс ластануы және осылардың адам ағзасына зиянды әсерлері айқын байқалуда. Еліміздегі қордаланған экологиялық апаттарды оңтайлы шешу мәселелеріне мемлекетіміз ерекше көңіл бөліп отыр. Соның бір айғағы биылғы 2007-жылдың 9-қаңтарында қабылданған «Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі» болып отыр. Бұл маңызы өте зор жүйелі түрде жинақталған экологиялық заңнамалар жиынтығы еліміздегі экологиялық мәселелерді оңтайлы шешу шаралары жан-жақты талдап көрсетілген. Бұл мемлекеттік маңызы бар заңнамалар жинағының 7-бөлімі тікелей «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білім беру мен ағарту, ғылыми зерттеулер және халықаралық ынтымақтастық» деп аталады. Осы бөлімнің 25-тарауында «Экологиялық білім беру мен ағарту мамандарының біліктілігін арттыру» мәселелері әрі нақтылы, әрі айқын түрде атап көрсетілген.

Ал, қазақтың жарым-жартылай маңдайына жазған Арал теңізінің тағдыры жайында айтатын болсақ, оған Әмудария мен Сырдариядан бұрындары сарқырап жататын су доғарылып, оның есесіне теңізден кері, дарияға құйыла бастаған сұмдықты да, баяғы шалқар теңіздің о шеті мен бұ шетіне енді адам жаяу кешіп өтетін заманның келгенін де ел қазір ғана көріп отыр [71, б. 4].

Ендігі бір «келешек» - Байқоңыр. Сонау бағзы заманда Қорқыт ата көңілінен шыққан өңірді ресейлік мамандар қойнауын үңгіп, қарапайым кісі ойына келіп болмайтын қыруар күрделі құрылыстардың тұңғышын 1955-жылғы 5-мамырда салып үлгірген-ді. Бұл қасіреттің басы еді. Тіпті, керек десеңіз, қазіргі қасірет одан да бұрынырақта, 1955-жылғы 12-қаңтарда Жосалы темір жол бекетіне инженер К. Дежкин бастаған құрылысшылардың Мәскеуден екі жарым мың километр құба далаға келіп жетуінен басталғанды. Оны да өз кезінде біліп жатқан қазақ жоқ. Кеңес Одағы ыдырап, Байқоңыр өз республикасының билігіне 1991-жылы көшкенде, ондағы дүние-мүлік, объектілердің жалпы құны 23 миллиард долларға бағаланғанды.

Ал Кеңес өкіметі дәуірінде лазерлік қаруды зерттеу саласындағы еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын иеленген, техника ғылымының докторы Ғалым Әбілсейітов: «... 1993-жылы Премьер-Министрдің орынбасары қызметін атқарып жүргенімде Президентке, басқа да басшыларға Байқоңырды сақтап қалу мақсатымен оны жалға беруді ұсыныс жасадым», деп мақтанғандай емеурін білдіреді дағы - «не себептен екенін білмеймін, тұңғыш ғарышкеріміз Тоқтар Әубәкіров бұл пікіріме қарсылық білдірді», деп мойындаған-ды. Осы ұсынысқа Т. Әубәкіровтің тегіннен-тегін қарсы болмағанына қазір көзіміз жетіп отыр [71, б. 5].

Қазір өзі Байқоңыр - экологияның «бас сақинасына» айналды ғой!.. «Экспресс К» газеті жазғандай, «Экологтардың айтуынша, Байқоңыр тарихындағы 40 жылдан аса уақыт өтсе де, ғарыш алаңының оған таяу аудандар

тұрғындарының денсаулығы мен айналадағы ортаға әсерін пайымдап ешкім зерттеген емес».

Тарих - бүгін емес. Ол өткен өмірдің шежіресі, баяны. Кейінгі ұрпақ туған жердің географиясымен бірге «Байқоңыр экологиясының тарихы» деген болашақтағы бір автордың жазуы мүмкін кітабынан да дәріс алуы ғажап емес-ау, осы!.. [72].

Кешегі келмеске кеткен кеңес тұсында әлем таныған Арал теңізіне құяр сағаны қолмен байлап, бағын байлағаны өзекке өрт түсірді. Бас аяғы ширек ғасырға жуық уақытта теңіз табаны шаңдақты сорға айналып шыға келді. Міне, соның зарын, шаңды сордың қасіретін бүгінгі ұрпақ көріп келеді. Сексенінші жылдардың өзінде адам ағзасында ауру түрлері көбейді. Бертін келе қанның аздығы, асылып өлу, жүрек талмасы, бас айналып отыра қалу сияқты бұрын болмаған аурулар меңдей түсті.

Барлық кінәні жалғыз теңіздің тартылуы деп айтсақ, тіптен қателескен болар едік. Арал мен Қазалыға таяу орналасқан, бұрын құпия бүгінгі Байқоңырдан күн сайын ұшырылған зымырандар, мезгіл-мезгіл көкке көтерілген протондардың улы газынан ауа қысымы өзгеріске ұшырап, көз жетер кеңістік көк тұман буалдыр сағымға тұнып кетеді. Сөйтсек, бұл нағыз қасірет, айналасындағы тірі жәндікке ажал оты боп шашырайды екен. Жығылғанға жұдырық деген теңіз тартылды деп жер-көкке жағдай айтқанмен Байқоңырдың запыран зардабын осы өлкенің халқы басынан өткізіп келеді.

Тәуелсіздікке ие болдық. Көк туымыз аспанға көтерілді. Бірақ нарық әкелген зардаптың запыраны халқымызға оңай соқпады. Алғашқы 4-5 жылдың көлемі жас ұрпақ үшін айтарлықтай қиямет қиын жылдарға толы болды.

Бұдан 15 жылдай бұрын Сексеуіл стансасының ар жағынан табылған су қоры Қазалы ауданына дейін жетіп, халықтың таза суға деген мейірі қанып қалған еді. Осы мәселе соңғы жылдары үлкен проблема өзегіне айналған. Қазір Қазалы ауданы судың шарықтап кеткен бағасына байланысты бұл құбырдың суын мүлде пайдаланбай, Сыр өзенінің лас суына көшіпті. Ал енді Аралда өндіріс орнын жетілдіруге күш салса, халықтың әл-ауқатының түзелуіне мүмкіндік мол сияқты. Бұрынғы кеме жөндеу зауытының қайта жабдықталуы көңіл кеншітпейді. Құрамында шыны құтысына лайықты құм табыла тұрса да оны тиімді пайдалануда жетерлік жұмыс орны ашылмай тұр. Ілгеріде атақ-даңқы одақ көлемінде дүрілдеген Арал балық комбинаты атынан айырылған қолға ілінген балықты өңдеу, ұқсату жағы да онша жігерлі істі байқатпайды. Бірақ, аралдықтар теңіз табанынан су кеткенімен көңілдерінен жыр кетпегені, алдағы күндерге үлкен үмітпен қарайтыны байқалады [72, б. 7].

Апат аймағында отырған халық үшін 1992-жылы 30-маусымда Елбасының тапсыруымен «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғанда осы өңірдегі халықтың әлеуметтік жағдайына елеулі түрде жәрдем еткен еді. Бірақ бұл Заң 2003-жылдың 1-қаңтарына дейін тоқтатылып, қайтадан халықтың әлеуметтік күйзелісіне көмекші болды. Енді, осы Заң 2003-жылдың 1-қаңтарына күшіне енеді деп тұрғанда Заңның қаржылай көмекші

нормалары күшін жояды дегенді естігенде халықтың төбелерінен жай түскендей болды.

Адам сезімі қандай жағдай болса да сұлулықты ғана көрсетіп қоймайды, ол өз қызметінің объективті заңдылықтарын, өз қызметінің үйлесімділігін табиғат үйлесімділігімен салыстырып көрсетеді. Егер адам неғұрлым сұлулықты түсінуге қабілетті болса, соғұрлым ол үйлесімді, оның істері табиғатпен ұштасады.

Қазақ халқы үшін қоршаған орта деген өте маңызды, мағыналы ұғым. Ол өскен орта адамзаттың Анасы және әулеті. Осыдан барып ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, үзілмей дамып келе жатқан игі дәстүрлеріміздің бірсыпырасы туған жерді ата қонысты қадірлеумен, оны аялап-ардақтаумен, ғасырлар бойы қанымен, жанымен қорғап, жер-ана аялағанымен қалыптасқаны ақиқат.

Бірақ ата-бабаларымыздың осы жиырмасыншы ғасырдың ортасына дейінгі табиғи қалпы өзгермей сақталып келген жер анамыздың суы мен ауасы, жүгірген дала аңы, құсы, орман-тоғай өлкесі бүгінде апатты деңгейге жетіп, қатерлі халге ұшырау үстінде. Бұл экологиялық мәселе яғни табиғатпен келіспеушілік [73].

Табиғат - бұл бізді қоршаған орта. Ол - адам баласының санасынан тыс, өздігінен пайда болған дүние. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Табиғат өлі және тірі табиғат болып екіге бөлінеді. Өлі табиғатқа - ауа, су, пайдалы қазбалар, топырақ құрайтын аналық жыныстар жатады. Тірі табиғатқа өсімдік дүниесі, майда ағзалар, бұнақденелілер, құс, балық, аң мен біздер - адамдар жатамыз. Өлі табиғат - тірі табиғаттың тірегі, ал тірі табиғат өз қалдықтарымен өлі табиғатты байытып отырады.

Табиғаттың өте тамаша қасиеті - ол өзі бөліп шығарған қалдықтардан біздің көмегімізсіз-ақ, өзін-өзі тазарта алады. Алайда адамзат іс-әрекетінен бөліп шығарылған кең-қоқысты, ақыл-ойымен өмірге келген халық шаруашылығының (ауыл, өнеркәсіп, көлік, құрылыс) улы, зиянды қалдықтарды табиғат өздігінен тазалай алмайды. Ол адам баласының қажетін тек уланбаған, тап-таза қалпында ғана өтейді. Қысқасы, таза табиғат - біздің ырыс-құтымыз, ал ластанған табиғат - бізге қасірет, өлім. Таза табиғат үшін күрес - адам үшін күрес, келешек үшін күрес. Табиғаттың тозуы - экологиялық дағдарыс. Бұл - ғаламат апат. Ал одан құтылудың бірден-бір жолы адамның санасыз әрекетінен бүкіл табиғаттың тозуына қарсы бірлесіп күрес жүргізу. Ел біріккен алынбайтын қамал, жеңілмейтін қиындық жоқ [74].

Жер бетіндегі күллі тіршілік атаулының бәрі табиғат құрсауында пайда болған. Миллиондаған жылдар бойы ол өз перзенттерін төл бесігіне тербетіп, өсіп өнуіне, дамып жетілуіне жағдай жасады. Бүкіл тіршілік иелерінің үйлесімді дамуы осы ортада өтті. Сондықтан да қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің арқасында өзі шыққан тарихи тамырынан ажырай бастаған адамзат ұрпағына табиғат ананың қасиетін түсіндіру, табиғат адамға емес керісінше тіршілік етуінің адам табиғатқа тәуелді екенін жас кезінен санасына сіңіру бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып отыр. Сондықтан да экологиялық қатер мәселесі әдебиетте замана ағымына орай туындап отырған үлкен де іргелі тақырып [75].



Расында да солай болғанын біз жас кезімізде көргенбіз, жер бетіндегі өсімдік пен жануарды және аң мен құсты қорғауда экологияны қорғаудың бір бөлігі әрі негізгісі. Оның себебін малдың көбеюінен емес, қамқорлықтың жоқтығынан іздеген дұрыс болар. Ең бастысы экологиялық тәрбие, оның пайдасын әрбір адамның санасына жеткізе ұғындыру.

Табиғи ортада миллиардтаған жылдарға созылған эволюция барысында қалыптасып, дамыған өте күрделі құрылымды жүйе. Бұл жүйенің құрылымды бөліктері бір-бірімен тығыз байланыста, өзара әрекеттесуде болады. Табиғи орта жүйесінің құрылымды бөліктері төмендегілер; микроорганизмдер, саңырауқұлақтар, өсімдік, жануарлар, адамзат, су, ауа, топырақ, температура, жарық, планета, ғарыштағы вакуум, кеңістік, уақыт [76].

Ұлтарактай болса да, ата қоныс жер қымбат.

Ат төбеліндей болса да, туып-өскен ел қымбат.

Табиғат тағдырын ел тағдырымен байланыстыра білген бабаларымыз жерді қорғауды, елді қорғауды басты парызымыз деп, оны ұрпақтарына ұран етіп қалдырып отырды. Тарихта аты аңызға айналып, «Елім-ай», «Баба тілі» деген дастандар жазған Қожаберген жырау ана тіліміз бен туған жердің табиғатын қорғауды ұрпақтарына аманат етіп қалдырған:

Мұсылманның үлгісі, Ақиқат пен шарифат.

Үгітімді ұқ, бозбала, Бұзылмасын табиғат! [77].

## **1.2 Әлеуметтік-экологиялық мәселелердің шиеленісуі: ауыр зардаптары мен салдары**

Адам табиғат пен жер-ананың перзенті. Табиғат пен жер-ананы сүйе білу, оны аялау адамның азаматтық борышы. Халқымыз табиғатты анаға теңеген, өйткені табиғатта тіршілік өсіп өнеді.

«Байқоңыр космодромы да қоршаған ортаға өзінің жағымсыз әсерін тигізді. Ауқымды кешеннің көлемі 6717 шаршы км құрайды, бұл Мәскеу сияқты 12 қаланың жер аумағына тең келеді. Арнайы зерттеулер жерасты сулардың құрамында гептилдың (ракеталық жанармайдың компоненті) бар екендігін және онымен егістік шөптің залалданғанын анықтады. Нәтижесінде шаруашылық айналымнан 180 мың га егістік жер белгіленді» [78].

Өнеркәсіп орындарынан бөлінген қалдықтармен ластанған республикамыздың ең ірі аймақтарының бірі - Оңтүстік Қазақстан облысы. Өнеркәсіп орындары Шымкент және Кентау қалаларында, Ақсу, Славянка, Шәуілдір, Састөбе аудандарында шоғырланған, сонымен қатар, Қаратау тауларындағы Ащысай, Мырғалымсай, Байжансай қорғасын кен орындары бәрімізге мәлім. Облыс аумағында 7 мыңнан астам ластандыру көздері бар.

Қоршаған ортаны ластандыру көзі болып табылатын ірі кәсіпорындардың басым бөлігі Шымкент өнеркәсіп ауданында орналасқан. Мысалы, фосфор ШӨБ (Шымкент өндірістік бірлестігі) жұмысы кезінде атмосфераға фосфорлық қосылыстар шығарады. Кезінде технологиялық регламентті сақтамау салдарынан зиянды заттардың дүркін-дүркін шығарылуы орын алады. Бірлестіктен атмосфераға жыл сайын жүздеген, тіпті, мыңдаған тонна қатты

заттар, күкірт ангидридi, азот қышқылы, күкірт қышқылы, фтор қосылыстары және т.б. заттар тарайды. 1989-жылдан бастап жылдық қалдық мөлшері 137,8 тоннадан 1084,2 мың тоннаға дейін өсті.

Ертіс өзенінің арнасы 3-4 есеге азайып, бүгінгі күнде онда өсетін балықтың түрлері барынша кемігендігін Семей қаласында 2003-жылы желтоқсан айында «Экологиялық мәселелер және оны шешудің жолдары» атты тақырыбында өткен халықаралық конференцияда эколог-ғалымдар республикадағы экологиялық апаттың кеңес өкіметі тұсындағы әкімшіл-әміршіл саясаттың салдарынан асыра сілтеулері мен қателіктерін атап көрсетті. Мұндай тандыры кепкен өзен-көлдер басқа тың облыстардың территорияларында көптеп кездеседі.

Ауыл шаруашылығын дамыту, ауылды көтеру бүгінгі күннің де ең өзекті мәселелерінің бірі. 1996-2005 жылдарға арналған міндеттердің бірі - жаңа технологияны игеріп, «Экология» бағдарламасын жасау және оларды орындау арқылы табиғатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету қажет.

КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы Арал теңізі ауданында экологиялық жағдайды түбірімен жақсарту жөніндегі КСРО Министрлер Кеңесінің елдің, жетекші ғалымдары мен мамандарынан құралған комиссияның тұжырымдары негізінде әзірленген ұсыныстарын қарады. Арал өңірі ауданында бұзылған экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіру, Арал теңізін сақтап қалу жөнінде түбегейлі іс-қимыл жасау қажеттігі атап көрсетілді. Су ресурстарын ұтымды пайдаланудың, егіншіліктің су үнемдейтін прогресті жүйелерін тәжірибеге енгізудің бірінші дәрежелі маңызы бар екеніне айрықша назар аударылды.

1988-2000 жылдары суару және коллектор-дренаж жүйелерін қайта құру жөнінде ірі ауқымды жұмыстар жүргізу көзделді. Суармалы жерлердің ірі алқаптарын құру тоқтатылады. Әмудария, Сырдария сағаларына және Арал теңізіне судың кепілді ағуын қамтамасыз ету үшін суару мақсаты мен шаруашылық қажетке су пайдалануға лимит белгілеу дұрыс деп табылды [79].

Арал өңіріндегі санитарлық және эпидемиологиялық жағдайды сауықтыру орасан зор саяси және әлеуметтік маңызы бар міндет болып табылатыны атап өтілді. Барынша қысқа мерзім ішінде халыққа медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру, денсаулық сақтау мекемелерін, сумен жабдықтау объектілерін салуды жүзеге асыру, поселкелердің, аудан орталықтарының, қалалардың санитарлық жағдайын жақсартуға қол жеткізу қажет болды.

КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының 1988-жылғы 1-қыркүйегінде болған мәжілісінен 1988-жылы қыркүйек айында КОКП Орталық Қомитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі «Арал теңізі ауданындағы экологиялық және санитарлық жағдайды түбегейлі жақсарту, оның бассейніндегі су және жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттырып, қорғауды күшейту жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдады.

Арал және Балқаш мәселелері жөніндегі қоғамдық комитеттің төрағасы, ақын, Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары Мұхтар Шахановпен осы

қоғамдық комитеттің арқалар жүгі қандай, Арал-Балқаш тағдырының адамдар ерекше назар салар тұстары қайсы деген арнайы тақырыптарға сұхбатынан.

- XX ғасырдың қателігі, адамзаттың өз қолымен жасалған қателік - Арал қасіреті. Бұл біздің пенделік менмендігіміздің, әпербақандығымыздың, табиғат-анаға бюрократтық, тоғышарлық, зорлық мінез көрсетуіміздің жемісі. Яғни кері тебу заңымен санаспағандығымыз. Халықтың екі теңіз тағдырына елендеп отырғаны да осыдан. Өйткені Аралды да, Балқашты да дәл осы халге жеткізген халық емес, бір күндігін ғана ойлаған, «Алған жомарт емес, берген жомарт» деген үркердей топ қана» мен еліміздегі осы су, егін шаруашылығына жауап беретін арнаулы мекеменің басшылары мен мамандарын айтып отырмын.

Арал мен Арал бойында отырған елдің ауыз суы жоқ. Өзендер де, көлдер де кешегі тазалығына тұз тастағандай, бүгінде ішуге жарамсыз күйге жетті! Тамақтан таза су өтпей, өкпеден таза ауа өтпей адам адам болған ба? Міне, бұл маңдағы адамдардың ең ауыр ауруларға: қатерлі ісік, инфекциялық іш ауруларына, бауыр ауруларына шалдығуы да осындай себептерден. Әсіресе, балалар Аралдың жағдайы анадай, ал ұлы Сырдың химикаттардан өз ағысын тоқтатуға таяу екенін ескерсек, балалар денсаулығы қыл үстінде тұрғанын жасыра алмаймыз. Мұны денсаулық сақтау министрлігі де мойындап отыр. Өз қолымызбен істеген «қылмыстар» - Аралдың тұзды ауасы мен Сырдың «сырқат» суы сәбидің үлпілдеген өкпесіне, уылжыған асқазанына қанжарша қадалып жатқанын ойлау ғана емес, білу, біле тұрып білек сыбана әрекет етпеу тағы бір қылмысымыз...» [79, б. 26], - деді ол.

Осы Арал мәселесі жөнінде Даниил Гранин, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жазушылар одағы басқармасының секретары: «Арал трагедиясы мен үшін, біздердің, барлық ленинградтықтар үшін, ерекше жақын да жанға батарлық болатын себебі біздің Ладогаға байланысты да осындай күй кешудеміз. Мазасыздану мен қайғыру, тағы мазасыздану және ызалану мен бірнәрсе жасауға құштарлану, - міне, біздің жалпы көңіл-күйіміз осындай» - деп өз пікірін білдіреді.

Ал Вардгес Петросян, Армения Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты: «Арал - Байкал мен Севан сыңайлас, біздің жан жарамыз. Олар ғажайып апалы-сіңлілілер еді, енді бақытсыздықта да апалы-сіңлілілер болып отыр. Арал теңізін құтқару - әрбіріміздің ісіміз бен борышымыз. Оны құтқаратынымызға сенгім келеді» [80], - деді ол.

Олжас Сүлейменов, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары: «Арал - біздің бейқамдығымыздың, алысты болжай алмайтындығымыз емес-ау, болжауға тырыспайтындығымыздың бұлтартпас дәлелі. Арал - біздің қоғамымызда күні кеше болып өткен экономикалық, әлеуметтік тоқырау кезінің тірі куәсі. Арал - біздің пенделік эгоизміміздің нәтижесі. Жаратылыс Орта Азияның осы бір хас сұлуын өмірге әкелу үшін қандай жанқиярлықпен толғатқан болса, біз де оны соншалықты күш-жігермен қорғауға міндеттіміз. Оның ұлы махаббаты босқа рәсуә болмауға тиіс. Махаббатқа махаббатпен жауап берер сәт туып отыр!...» [81] - деп айтты.

Сонымен қатар, Ион Чобану, Молдавия Жазушылар одағы басқармасының төрағасы: «Аралды құтқару керек. Табиғаттың мұндай екінші кереметі жоқ және болмайды да. Жоғалғанның бәрі адамға қайтып келмейді. Шөлдің бұл көгілдір көзі мәңгі-бақи жабылып қалмау үшін барлығын жасау керек» [82], - деп пікірін білдірді.

Өз теңізінің құдіретті тынысына құлақ түрген Арал балықшыларының бабалары оны алып қолды батыр деп атапты. Сырдария мен Амударияның кең құшағымен ол Түркістан жерін ғасырлар бойы аялап келеді. Аралға апат қаупі төнгенше осылай болды. Оның құдіретті «қолдары» - өзендердің бүкіл аймаққа құт береке сыйлаған құшағынан күш тайды. Ирригациялық жүйелерге шырмалған құтты Сырдария әлсіреп, шөл даланың ортасында ағысын тоқтатты. Осындай бақытсыздықтан кейін жұртшылықтың көз алдында Арал тартыла бастады, қартайып ащы тұздың бұлтына оранды. Теңіз өмірден өшіп барады, ал онымен бірге бұл жерлердегі тіршіліктің де басынан бағы тая бастады.

Жиырма жыл ішінде қызылордалықтардың су шаруашылығы мәселесінің өткірлігі күрт күшейе түсті. Егер 1970-жылы теңізге өзеннен 9,6 текше километр су құйылған болса, алты жылдан кейін-ақ судың құюы күрт азайды, сөйтіп Аманөткел селосынан төменіректе, теңізден ондаған километр қашықтықта өзен ағысын тоқтатты. Осының ізінше-ақ Арал күрт тартыла бастады: оның деңгейі 12 метр төмендеп кетті, бір литр судағы тұздың құрамы 24 грамға дейін көбейді. Азияның алып өзені құрып кетті, планетаның ең ірі континентальды теңіздерінің бірі орасан зор сор батпаққа айналуға... [79, б. 36].

Бүгін былай деп күйінішпен атап өтуге тура келеді. Арал мен Сырдарияның қасіретті тағдыры - біздің техникалық прогресіміздің шұғыл дамуының екінші жағы. Әрине, Орта Азия мен Қазақстан ирригаторларының өндірістің барған сайын жетілдірілген құралдарымен қарулануын, тек қана құттықтау керек, бірақ сірә, бұл құралдар мақсатты барлық уақытта бірдей ақтай ала ма? Осы жөнінде де ойланатын кез келді. Олардың бүкіл қуаты ұзақ уақыт бойы қатаң түрде интенсивті шаруашылықты қамтамасыз етуге бағытталып келді: әуелгіде мұны объективті экономикалық қажеттілік талап етті, сонан соң, тоқыраушылық жылдары, - дағды күшімен сырғи берді.

Бір сәттік жеңіл-желпі табыстарды күйттеушілік неғұрлым кең жалпы адамзаттық ауқымдағы ой-пікірлерге құлақ асқан жоқ, мұның қазір аяусыз зардабын шегуге тура келіп отыр. Осы заманғы техникамен қаруланған қара дүрсін тұтынушылық аймақтағы табиғи апаттардың бәрін қоса алғандағыдан да көп зиян келтірді. Қазір Арал кейбір жерлерде бұрынғы жағалаудан жүз километр шегініп кетті. Теңіздің жалаңаш қалған табанынан жел миллиондаған тонна ащы тұзды төңірекке көтеріп әкетуде, сөйтіп су егін алқаптары үшін алынатын болса, соның өзін құрту қатерін төндіруде. Ұлан-байтақ территория сортаң тартып, жерасты суы азаюда; өсімдіктер де, олардың ізінше жануарлар дүниесі құрып барады.

Ормандар мен сексеуіл алқаптары екі миллион гектарға, шабындықтар төрт есе азайды. Бірақ ең алаңдатарлық жәйт - экологиялық жағдайдың нашарлауы

Арал өңірінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл облыстың да әлеуметтік-экономикалық дамуын жұрт тежеді, бүкіл аймақтың өміріне теріс әсерін тигізді.

1981-1985 жылдары облыстан қырық екі мыңнан астам адам біржолата көшіп кетті, қазіргі кезде нақ сонша адам қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспайды деуге болады. Арал төңірегіндегі кең алқаптың бірте-бірте шөл далаға айналуы тұрмыс пен еңбек жағдайын күрт нашарлатты. Жазда аптаптың, қыста үскірік аяздың күшейе түсуі, құм үйірген дауылдар мен қар бұрқасындары тіпті поездардың жүрісін де қиындатуда. Ал теңіз жағасындағы «Аральск» портын барлық карталардан сызып тастауға болады, өйткені теңіздің кеуіп қалуы салдарынан ол енді жұмыс істемейді [79, б. 36].

Сонымен бірге ғалымдардың пікірінше, аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін шұғыл да түбегейлі шаралар қолдану керек. Қызылорда облысы - Арал мен Сырдария тағдырындағы ең соңғы буын, мына мағынада алғанда: суды пайдаланудың тарихи тұрғыдан қалыптасқан Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қазақстан тізбегі осы жерде тұйықталады. Су жиналатын негізгі буын ағыстың жоғарғы жағында. Шымкент облысындағы меншікті тілші В. Торский ирригациялық және табиғат қорғау «майданындағы» істің жай-күйі қандай екенін өз алдына сипаттап берді.

«Шымкент облысы - Қазақстандағы ең ірі суармалы егіншілік аймағы, мелиорацияланған егістің 466 мың гектарға жуығы осында орналасқан. Оның бәрі Сырдария және оның салалары Арыс пен Шыршық өзендерінің суымен суарылады. Олардан жан-жаққа каналдар тартылған, бұл каналдар тәулік сайын 30 миллион текше метрден астам су тартып алады. Рас, олар толық жобалық қуатымен әлі ешқашан да жұмыс істеген емес. Ал бұл жағдай ондаған жылдар бойы алаңдатып, толғандырып жүрген негізгі себеп болып қалып отыр. Облыстың шаруашылық басшыларына әр жаз сайын КСРО Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне: суды көбірек беріңдер! - деген бір ғана өтініш жедел хаттар жаудырып жатады» [83].

Ал суды нақ осылайша көбірек алу қажет пе? Озық шаруашылықтар мәселе судың мөлшерінде емес, оны пайдалана білуде екенін әлдеқашан түсінген. Бұған «Мақтаарал» совхоз-техникумының тәжірибесі мысал бола алады. Жердің мелиорациялық жағдайын тәртіпке келтіру ісін басты мақсат етіп қойғанға дейін мұнда техникалық дақылдың шығымдылығы ұзақ уақыт бойы жиырма центнерлік шөптен сәл-ақ, асып келген-ді. Бес жыл бойы барлық егістік жер дәйекті түрде түгел тегістеліп, органикалық тыңайтқышпен байытылып отырды. Егіс алқаптарына су аз-аздап, бұрынғысынша жеті-сегіз рет емес, бүкіл жаз бойы тек екі-үш дүркін ғана жіберілді. Судың шығыны үш есе қысқартылды, ал шығымдылық гектарына 43 центнерден шитті мақта алуға дейін жетті.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы 1980-жылы қараша айында «Тұщы су мен санитариялық судың халықаралық онжылдығы» деп жариялады. Төменде екінің бірінің есінде, қала берді кез-келген кісінің қаперінде жүретін цифрларды арнайы беріп отырмыз. Мұндай цифрлардың тұла бойы толған толғаныс пен тебіреніс екенін жасыра алмаймыз» [79, б. 96].

Алайда, соңғы жылдары Арал теңізінің тартылуына байланысты Арал қаласының жағдайына айтарлықтай нұқсан келе бастағанын ашып айтқан жөн. Мұнда бірқатар кәсіпорындар теңіз суы қашықтап кеткеннен бері өз жұмысын тоқтатты. Мұның өзі ондағы жұмысшыларды басқа кәсіпорындарға шоғырландыруға мәжбүр етті.

Қала іргесінде толқындары тулап жатқан теңіз қазір 50-70 километрге дейін шегініп кеткен. Мұның өзі тек қалаға ғана емес, оның маңындағы жайқалған жасыл дүниеге де құрып кету қаупін төндіруде. Теңіз жағасындағы тал-теректер мен қамыс нулары қазір мүлдем жойылып барады. Тартылған теңіздің жағалауларын тұз басып-кетті. Мұның адам өміріне, тіпті бүкіл тіршілік атаулыға зияны орасан екені баршаға мәлім. Бір кездері қала тірлігінің сәні болған және балық өнеркәсібінде маңызды роль атқарған кеме жолы өз жұмысын тоқтатты. Көптеген кемелер Арал маңында жағалауда қайраңдап қалды.

Бүкілдүниежүзілік Денсаулық Сақтау (Всемирная Организация Здравоохранения - ВОЗ) ұйымының есептеулеріне қарағанда дерт түрлерінің 80 пайызы тікелей суға қатысы бары анықталды. Шамамен, әлемде 400 миллион адам гастритпен, 200 миллион адам шистосоматозбен, 30 миллионнан астам адам онхоцеркоз дертімен ауырады екен.

Жер бетінде мекен етуші 2 миллиардтан астам адамдар қажетті мөлшерде тұщы су ішу мүмкіндігінен айырылған.

Шынында да, Арал мәселесі Барсакелместің табиғатын едәуір өзгертті. Экологиялық апат қаупі жағалау төңірегіндегі балықшы ауылдарынан бұрын Арал қойнауындағы аралға айқын сезіледі. Адам өз денесіндегі сырқатты жүрегімен сезінеді ғой. Теңіз деңгейінің төмендеуіне байланысты алдымен аралдағы шағын көлдер құрғай бастады. Су азайған соң оны мекен ететін құстар да біртіндеп басқа жаққа қоныс аударды. Барсакелместі бірінші «тастаған» да солар. Барлық көлдер құрғап қалған соң жауын-шашын, қар суы жиналған тоғаннан ішетін болды. Алғашқыда жануарлар оған жоламай қойған, кейін бірте-бірте үйреністі. Сонымен, жерді бұрғылап, скважина қазу қажеттігі туды. Су жеті жүз метрден астам тереңдіктен ғана табылды. Жануарлар теңіз суымен салыстырғанда, едәуір тұщы көрінетін суды қанғанша ішіп, рахаттанып қалған.

Қазақ КСР Денсаулық Сақтау министрі Талапқали Әбішұлы Ізмұхамбетов өз әңгімесінде осы мәселе төңірегінде: «Экологиялық апат аймағы... Арал теңізінің деңгейі 13 метрге төмендеп, оның суы бұрынғы жағалаудан кей тұстарда 70-80, кей тұстарда 112 шақырымға дейін қашықтаған. Теңіз тіршілігінің тірегі болған қос қолы - қос өзеннен (Сырдария, Әмудария) қуат кеткелі жағдай тіпті қиындады. Қазіргі таңда Арал теңізінің деңгейін көтеру емес, тек осы қалпында сақтап қалу үшін ғана жыл бойы оған 45 текше километр су құйылуы керек. 1956-жылы Әмудария мен Сырдария Аралға жылына 56-58 текше километр су берген екен. Айналасы 30 жылдың ішінде Сырдария теңізге нәр тамызбай, ал Әмудария бар болғаны жылына 5-ақ текше километр су құятын халге жеткен», - деді ол.

Сонда әлгі 45 текше километр суды аспаннан аламыз ба деген сауал мазалайды. Өзірге нақты жауап, батыл болжам бола қойған жоқ. Әлі де болса қоғамдық пікірдің мемлекеттік шешімге ұласуына қанша уақыт кетері белгісіз. Арал мәселелері жөнінде Өзбекстанда, Түркменстанда және Қазақстанда құрылған қоғамдық комитеттердің жұмысына халық қызу қолдау білдіруде. Бұл қорымдық комитеттердің мүшелері күн тәртібіне қоятын өзекті мәселелердің оң шешімін табуы ғана апаттың алдын алуға апарары сөзсіз. «Ақ алтын» деп - мақтаны, «ақ маржан» деп - күрішті айрықша әспеттеп, тым қымбатқа бағалап келдік. Ал табиғаттың төл перзенті Арал теңізінің тағдыры одан да қымбат екенін ескермеген едік. Енді, міне, Аралдан айрылсақ алда не күтіп тұрғанын болжаудың өзі қиын.

Шұғыл шара қолданылмаса - 1990-жылға дейін Арал теңізінің суы 63 пайызға азаяды екен де, одан көтерілген тұз тозаңы 500 шаршы шақырым аумақты тұтас жабатын көрінеді. Сол кездің өзінде Аралдың жағалауынан ұшқан ақ тозаңның сонау Солтүстік мұзды мұхитқа дейін жеткенін америкалық ғалымдары анықтап отыр. Ал «алтынға» балаған мақта мен күріш қана емес, ақ тозаң жапқан аймақта тіршіліктің тамыры қиылатынын енді ғана бағамдай бастадық. Экологиялық зардаптың алдын алу мақсатында әр түрлі жоба-ұсыныстардың өмірге келе бастауы заңды. Соның бірі - Арал теңізін үшке бөліп - «Үлкен Арал» «Кіші Арал», «Батыс Арал» деп сақтау жөніндегі пікір. Бұл теңіздің деңгейін қазіргі қалпынан да көп төмендетеді деген сөз. Оның қаншалықты тиімді болатынына көз жеткізу қиын. Егер Қызылқұм мен Қарақұм бірігіп кетсе, - құмды дауыл ойнақ салған ұланғайыр шөл дала пайда болмақ. Арал тағдырына алаңдаушылық дабылы күшейе түскен сайын бір нәрсеге айқын көз жете бастады. Ол - табиғат пен адамның кіндіктес екендігі, бірінен бірін үстем қоюға болмайтындығы, біріне бірі тәуелді екендігі» [79, б. 231].

Су құбырлары жүйесінің жұмыстары да, каналдандыру жүйесінің дамытылу жоспары да, ет, сүт, тамақ, балық өнеркәсібі, сауда, қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің санитарлық жағдайын жақсарту да көрсетілген деңгейден төмен. Аталған шараның аяқсыз қалуына ең алдымен республика Агроөнеркәсіптік комитеті, Қазақ КСР Тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, мелиорация және су шаруашылығы, Құрылыс, Сауда министрліктері және басқа да бірқатар мекемелер кінәлі.

Осының салдарынан жергілікті тұрғындар арасында әр түрлі жұқпалы аурулар көбейіп кетті. 1972-1986 жылдар аралығында облыста су арқылы таралған аурудың 36 түрі пайда болғаны тіркелген (21 рет - іш сүзегі, 8 - бауыр ауруы, 6 - паратифқылау, бір - дизентерия).

Бұл жұқпалы аурулардың тигізген экономикалық зияны - 43,5 миллион сом. 1974-жылдан бері аталған ауру түрлері облыстың барлық елді мекендерінде тіркелген.

Арал аймағы бойынша алғанда (Арал және Қазалы аудандары) іш сүзегінің 100 мың адамға шаққандағы көрсеткіші облыстық көрсеткіштен 4,5 есе артық, ал республикалық көрсеткіштен 37 есе асып түседі. Ал салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, облыстың басқа аймақтарында (Жаңақорған, Шиелі

аудандарында) жанағы көрсеткіш облыстық деңгейден 17 есе төмен, бірақ республикалықтан 5 есе жоғары [79, б. 211].

Бұл жерде жабайы кеміргіштер - үлкен және қызыл құйрықты құмтышқандар ауру тарату көздері болып табылады және де олардың індерін құмды алқаптар мен бархандардан, соқа тісі түспеген учаскелерден; жолдар мен ірі канал жағалауларынан, кейде ауылдың, поселке маңдарынан көптеп ұшыратуға болады. Тері лейкоманиозын бәкене шыбындар (москиттер) таратады, алайда оның бөлек түрі, олар аталған кеміргіштердің індерінде көптеп өсіп-өнеді. Сондықтан бұл ауруды да адамдар жаз айларында бақшаға, дала құстарына, шөп шабуға, жайлауға шыққан кездерінде жұқтырып алады.

Кейінгі 10 жылда осы облыста онымен 2245 адам науқастанды, оған қоса көптеген ауру адамдар ресми санаққа тіпті де кірмей қалған болуы керек. Қышыма (қоздырғышы - өте ұсақ қышыма кенесі, адам терісін жарақаттайды) негізінен сау адамның ауру адаммен тығыз байланыста болғанында оған қоса ортақ төсек, іш киім, заттар арқылы, моншада, үй жануарларында, бала мекемелерінде, жатақханаларда санитарлық қағидаларды дұрыс сақтамаған жағдайларда жұғады. Қышымаға ошақтық құбылыс тән, яғни, отбасында немесе ұжымда бірнеше адам қатарынан ауырады, мұның өзі жеңіл жұқтырып алуға болатындығын көрсетеді. Жануарлардан да жұғу оқиғалары кездесуі мүмкін [84].

Балқаш мәселесі жайында айтатын болсақ, бұл көл Қазақстандағы ең ірі экожүйелердің бірі болып табылады. Ұзақ жылдар тіршілігі тұрақты болып келген су айдынының қалыпты жағдайы өзгере бастады. Балқаш көлінің экологиялық жағдайының нашарлау себебі Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерінің мол суының Балқаш көліне жетпей суармалы егістіктерге жұмсалыуынан. Оның үстіне бұрынғы кездерде Аягөз, Биен, Сарқанд және Басқан өзендері Балқашқа құйып, оның табиғи су деңгейін сақтап отырған. Ал қазір бұл өзендер Балқашқа құймайды.

Іле-Балқаш алабының ауыл шаруашылығында барынша пайдалануымен 1965-1990 жылдар аралығында Балқашқа құятын судың көлемі 25 %-ға азайды. Іленің орта ағысы мен төменгі сағасында Шарын күріш, Шеңгелді көкөніс, Ақдала күріш алқаптары пайда болды. Осының бәрі Іле-Балқаш су алабының табиғи жүйесінде қалыптасқан тепе-теңдік заңын бұзды.

Бұл өңірдегі экологиялық ірі мәселелер қатарына Балқаш көлі бойындағы Балқашмыс комбинаты, Приозер, Ақсүйек кен рудаларын байыту кешендері, Сарышаған полигоны және Текелі қорғасын-мырыш комбинаттары осы аймақта тұратын тұрғындарға өз зардабын тигізіп отыр. 1999-жылы «Балқаш көлін құтқару, оның бүгінгісі мен болашағы» атты халықаралық деңгейде экологиялық форум өтті. Онда Балқаш көлін құтқару мәселелері қаралып, нақты шешімдер қабылданды. Оның негізгілері:

1. Іле өзені бойындағы өндіріс орындарында улы тиімді пайдалануды реттеу.
2. Қапшағай суқоймасынан Балқашқа жіберілетін судың үлесін тұрақтандыру.
3. Ақдала және Шарын массивтеріндегі күріш алқаптарын азайту.



4. Жер асты суларын пайдалануды жүзеге асыру.

5. Суармалы жерлердің көлемін шектеу.

Балқаш көлін құтқару бүгінгі күннің талабы. Арал мен Балқаш сияқты су экожүйелерінен айырылу Қазақстанды ғана емес Еуразияны да бұрын-соңды болмаған экологиялық апаттың ошағына айналдыруы мүмкін. Сондықтан әрбір табиғи экожүйені көздің қарашығындай сақтау мен қорғау адамзат баласының парызы.

Табиғи жайылым - Қазақстанның ұлттық байлығы. Осы жайылымдық жерлерден қоғамдық және жеке меншіктік мал шаруашылығы үшін 50 пайыздан аса мал азығын алуға болады. Жайылымдық жер сонымен қатар аймақтың экологиясы деуге болады, өйткені бүкіл республика жерінің 67,4 пайызын мал жайылымы құрайды.

Республика бойынша шөлді және шөлейтті жайылымдар 122,6 млн. гектарды құрайды. Сонымен қатар мал өрістеріне пайдаланылатын жайылымдық жерлердегі азық сыйымдылығы жылдан-жылға нашарлауда. Жайылымның шамамен 21 млн. гектары толығымен тозуы салдарынан шаруашылықта пайдаланудан қалып, миллиондаған гектарын желінбейтін улы және арамшөп өсімдіктер басып кетуде.

Жекешелендірудің бастапқы жылдарында мал өлімі көп болды және мал иелеріне малын көптеп союға тура келді. Себебі малды қыстан шығару қиын болды, бірсыпыра мал бөлігі бартер саудасына түсіп, қолда қалған шағын малды ұстауға жұмсалды. Осының әсері барлық ауылдық жерлерде мал басының күрт азаюына әкелді. Қой саны қазіргі кезде, жеке меншікке түспей тұрған кезбен салыстырғанда үштен бірін құрайды, ал ірі қара саны екі есе азайды. Жеке меншік мал саны мемлекеттік шаруашылықтардың таралуынан кейінгі уақытта өсті, бірақ барлық мал саны бұрынғы кездегіден төмендеді.

Халықтың, мал басының, өндірістің, тау-кен шикізаттарының және жер суландыруды меңгерудің қарқынды өсуіне байланысты жайылымдық экология жүйесіне антропогендік әсер жоғарылап өсе береді [85].

Табиғатты пайдаланудағы бүтіндей теріс іс-әрекет себептерінің нәтижесінде нәзік және жеңіл жараланатын жайылымдық экология жүйелері құлдылауға душар болады. Олардың қалпына келуі баяу өтетінін есте сақтау керек. Дүниежүзілік жайылымдардың бүгінгі күнгі жағдайлары қанағаттанарлықсыз ретінде бағаланады. Қатты шөлдену (топырақ пен өсімдіктердің азуы) Солтүстік Америкада жердің 27 пайызын, Оңтүстік Америкада - 22, Азияда - 20, Африкада - 18, Австралияда - 8 пайызын қамтыған. Республиканың құрғақ аудандарында да жайылымдық экология жүйелерінің қарқынды құлдылауы жүріп жатыр. Сөйтіп, топырақ қыртысы мен өсімдіктердің азуы Түрікмен Республикасы жерінің 38 пайызын қамтыды. Тек Орталық Қаракұмдарда ғана құдық мандарында диаметрі орташа есеппен 1,32 шақырым болатын 200-ден аса шөлдену ошағы бар. Кейбір «дақтардың» диаметрі 5 шақырымнан асады. Өзбекстанның құмды шөлдерінде құм төбелі құмдар 15 пайызды алып жатыр. Қазақстанда ластанған және желінбейтін улы өсімдіктер өскен жайылымдар алаңы 15 млн. гектардан асады [85, б. 35].

Адамзат баласының сана-сезімі, ақыл-ойы, мінез-құлқы айналаны қоршаған сыртқы табиғи ортаның туындысы. Айналаны қоршаған сыртқы табиғи орта олардың жоғары деңгейдегі реттеушісі. Ол адамзат баласының мақсатты, міндетті, іс-әрекетін жүзеге асырады. Оның шығармашылық ойлау жүйесі мен қызметінен көрініс табады. Жеке ұлттық тұлға санасы «қоғам жемісінің» туындысы болғандықтан, айналаны қоршаған сыртқы табиғи ортаға деген көзқарас жүйесі, басқа да іс-әрекеттері оның ойлау (патогенді және саногенді) ойлау қабілетінен туындайтыны ғылыми тұрғыда дәлелделінген болатын [86].

Бүгінгі қоғам алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі - экологиялық мәселелер, табиғатты қорғау және табиғи байлықтарды үнемді пайдалану болғандықтан Республикада қоршаған ортаны қорғау үкіметіміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік міндеттерінің негізі болып саналады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2030-жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында қоршаған ортаны ластауға, экологиялық қалыпты жағдайды бүлдіруге жол бермеуге зор көңіл бөлгендіктен, жас жеткіншекке экологиялық білім беріп, табиғатты қорғауға тәрбиелеу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі болып табылады [87].

Экология - бүкіл адамзат баласының шалыс басқан әрбір іс-әрекетіне келешекте шек қоятын, оның тыныс-тіршілігіне тікелей атсалысатын ғылымның жаңа саласы. Ол қоршаған ортаны кесепат жағдайлардан, кейбір көлденең оқиғалардан сақтауға, табиғатпен арадағы тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған маңызды мемлекеттік және әлеуметтік шара.

Бүгінгі таңда шегіп отырған экологиялық зардаптар бүкіл адамзат қауымын алаңдатып отыр. Қазақстандағы Арал, Балқаш мәселелерін, Семей полигонын және тағы басқаларды адам қолымен жасалған залалдар деп түсінуге болады. Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, табиғаттағы күрделі өзгерістерді болдырмау үшін экологияның адам психологиясындағы экологиялық мәдениетті дамытып, қалыптастырудан бастау қажет деген ұсыныстары өте орынды.

Қазіргі кезде экологиялық мәселелер қоғамдық мәні жағынан дүние жүзінде ауқымы кең басты мәселелердің біріне айналды, өйткені мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи жүйелердің топырақты, су көздерін, ауаны ластау орны толмас зардаптар қалдырды. Оның себебі - жер шарындағы елдердің индустриалды дамуы, халық санының жедел өсіп табиғи қорларды пайдалануды еселеп арттырып, адамдардың табиғатқа әсерінің күшеюі. Бұл бүкіл дүниежүзінде экологиялық дағдарыс қаупін тудыруда [88].

Жер - планета, оның жасы бұдан 4,5 млрд. жыл бұрын анықталған. Осы кезеңнен біздің дәуірімізге дейін жер беті көптеген өзгерістерге ұшырады (мысалы, ауа райының әсерінен). Қазіргі кезде жер бетінің ауданы 148 млн. км<sup>2</sup> (аралдар мен барлық континент бойынша) құрайды. Осы ауданның 10 %-ы мұздықтарды құрайды. Қалған жердің бөлігі қазіргі адамзат қоғамының өмір сүруіне берілген. Оның ішінде ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және т.б. жерлер кіреді.

Жер - табиғат ананың берген баға жетпес сыйы. Адам қоғамы топырақ құнарын осы өсімдіктер мен жануарлар арқылы өз мұқтажына пайдаланады.

Жер сомдықтан ауыл шаруашылығының қай саласы болсын, егіншіліктің де, мал шаруашылығының да негізі. Қазақстан Республикасы - әлемдегі жер көлемі үлкен елдердің бірі. Оның 34 млн. гектары егістік жер және 186 млн. гектары шабындық және жайылым жер.

Қоршаған ортаның қиын жағдайы қазір күллі әлемге тән дегенімізбен экологиялық қыспақты күштірек көріп отырған Қазақстан жері. Өйткені, оның экологиялық шырғалаңның шырмауына оранып, әлем биігінен аянышты сөз болатындай өзгелерден оқшау тұрған Аралы бар. Сайып келгенде, өмір сүргіміз келсе, аталмыш жай табиғатты қорғау жолында ат салысуға кімді болса да итермелейді. Бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Туған табиғатымыздың керемет сыйы - жан-жануарлар мен өсімдіктерді көз қарашығындай сақтап және көбейтіп отыру - адам баласының азаматтық борышы. Табиғат - біздің меншігіміз емес, ол бізге, ата-бабамыздың келер ұрпаққа көркейтілген күйде жеткізуге сеніп тапсырған қазынасы.

«Халықаралық қызыл кітапты» табиғатты және оның ресурстарын қорғаудың халықаралық одағы (МСОП) белгілейді. Алғашқы «Халықаралық қызыл кітаптың» бірінші томы 1963-жылы жарық көрді, ал 1972-жылы бес томдық «Қызыл кітап» шықты. «Қызыл кітап» - табиғатты, оның байлықтарын қорғаудың бағдарламасы, мемлекеттік құжат. «Қызыл кітапқа» енген аса бағалы, не құрып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, олардың санын көбейтуге қамқорлық жасау жауапкершілігі сол аңдар мен өсімдіктер мекендейтін елге жүктеледі [89].

Көптеген мемлекеттер өздерінің ұлттық «Қызыл кітаптарын» шығаруда. КСРО және Қазақ КСР «Қызыл кітабы» 1974 және 1978-жылдары жарық көрді. «КСРО Қызыл кітабына» сирек кездесетін, саны күрт азайып бара жатқан сүтқоректілердің 62, құстардың 63, бауырымен жорғалаушылардың 21, қосмекенділердің 8 және өсімдіктердің 444 түрі енгізілсе, Қазақ КСР «Қызыл кітабына» жан-жануарлардың 87 түрі, өсімдіктердің 306 түрі тіркелген.

Табиғатты қорғаудың халықаралық ассоциациясының мәліметі бойынша соңғы 60 жылда жер бетінен жануарлардың 76 түрі, бірнеше жүздеген өсімдіктердің түрі жоғалып кеткен. Сүтқоректілердің 132 түрі, құстардың 26 түрі құрып кету қаупінде тұр [89, б. 87].

«Қызыл кітап» - мемлекеттік құжат. Сондықтан оны шығару және одан әрі жүргізу жауапкершілігі мемлекет сеніп тапсырған арнаулы министрліктер мен табиғат қорғау қоғамдарына жүктеледі.

Біздің елімізде жануарлар мен өсімдіктерге, қоршаған ортаға қамқорлық жасау - маңызды мемлекеттік міндет. Табиғатты қорғау мәселесі республика Конституциясында, өкіметтің көптеген қаулы-қарарларында аталып көрсетілген. «Қызыл кітаптың» түпкі мақсаты - оған енгізілген барлық түрлерді келешекте біртіндеп қалпына келтірілгендер дәрежесіне жеткізу.

Тарих өлшемі бойынша, еліміз егемендік алғаннан бергі тым қысқа уақыт аралығында, бұқаралық ақпарат көлемінде қыруар жетістіктерге жеткенімізге еш талас жоқ. Дегенмен, алда бұл салада оң бағытта шешілуге тиісті мәселелер бар екенін мойындаған абзал. Қазірде республикада жүргізіліп жатқан

реформалар - соның айғағы. Солардың, санатында табиғат қорғау, яғни экология мәселелері де елеулі орын алады.

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Жолдауында осы мәселенің мән-мағынасын айқындап берген. Онда: «2030 жылғы Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуга тиіс. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйлеріміз бен бақтарымызға енбейтін болады», - деп атап көрсетілген. Сонымен қатар Президент «Ұзақ мерзімді басылым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиясы» санатына «Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, экологиялық ортаны жақсарту» мәселелерін қосқаны белгілі. Барлық елдерге тән, заман талабына сәйкес, Қазақстанда да айналадағы қоршаған ортаны таза ұстау, табиғатты қорғау мәселесіне қатысты әрекет жасауға қоғамдық құрылымдар көптеп пайда қолымыздан жасап отырған қатерге белгілеумен, қауіптің алдын алу мен шұғылданып келе жатқанын байқаймыз [90].

Бұл мәселе баспасөз беттерінде де басты бір тақырып болып табылады. Кешегі баспасөз өзінің басты назарын Аралдың тартылуына аударуымен болса, енді тағы бір қасіретті мәселе туа келді. Ол - теңіз ортасындағы «Возрождение» аралы. Ондағы далалық ғылыми-сынақ лабораториясы, «Егемен Қазақстан» газеті «Қазақстандағы құпия нүктелер» айдарымен «Ажал сепкен жұмбақ арал» деген жалпы тақырыппен екі мәрте топтама материалдар берген. Оларға аннотация есебінде Ақпарат бөлімі Арал теңізіндегі «Возрождение» аралы жайында «Егемен Қазақстан» көптен бері сөз қозғап келе жатқандарын, бірақ бұл құпия аралдың бар сыры әзірше ашылмай жатқанын жазады. Редакция аталмыш жасырын тақырыптың күллі кескін-келбетін айқындай қоймаса да, соған ұмтылыс жасау жолында екі материал береді [91].

Хат түрінде жергілікті тілшілер ұйымдастырған ол материалдардың біріншісі - «Кеше: Балық түгіл, бас қайғы» (авторы - Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының тұрғыны Р. Пірмағамбетов), екіншісі - «Бүгін: Сынақ тоқтағанмен, зардап толастар емес» (авторы - «Егемен Қазақстанның» штаттан тыс тілшісі, майор А. Жақанов) деген тақырыптармен жарияланған.

Құпия аралдағы мекеменің толық аты - Далалық ғылыми-зерттеу лабораториясы. Бұрынғы Қорғаныс министрлігінің, қазір ТМД елдері Біріккен стратегиялық күштерінің 15-ші басқармасына қарайды. «Возрождение» қысқаша атауы - Арал-7. Осылай десеңіз, онымен таныс әскерилер әңгіменің не жайында екенін түсіне қояды. Бұл қос мақала-хатта олардың иелері құпия арал тақырыбына қатысты ешқандай мәселе көтеріп жатқан жоқ. Оны редакция да талап етпейді. Бұлардың басты мақсаттары - аралдың әскери объект есебінде туу тарихымен таныстыру. Сол мақсат орындалған [92].

Осы мәселеге «Жас Алаш» газеті «Экология» айдарымен «Аралдағы сынақ аралы» деген тақырыппен екі топтама арнаған. Жергілікті тілшілердің хаттарынан құралған бұл топтамалардың бір материалы - Арал қаласының тұрғыны Н. Тұржановтың «Көңілімде қауіп бар» деп аталады. Арал халқының қасіреті тек теңіздің тартылуында емес, осы төңіректегі құпия әскери сынақ

алаңдарына да тікелей қатысты екенін, оның бірі - Возрождение аралындағы бактериологиялық лаборатория екенін айтады.

Өз елінің осы тұстағы жалпы келеңсіз күй-жайын суреттей келе: «Осы жерде ардақты ақын ағамыз Олжас Сүлейменовтің «Қазақстан халқына жасырын соғыс жарияланған» деген сөзі еске түседі... Біз өзі көп боп барамыз, ағайын, қазақтың бір-біріне деген туысқандығы, бауырмалдығы, қысылғанда қол ұшын беретін көпшілігі қайда; өзіміздің заңды құқымызды қорғай алмайтын бейшаралық кейіптен қашан арылар екенбіз?...», - деп өзі де қапаланып, оқырманын да ауыр ойға қалдырады. Аталмыш материал құр ғана риторикалық сұрақтардан тұрмайды. Мұнда жергілікті жердегі де теңіз емес, «жығылғанға-жұдырық» дегендей, бактериологиялық сынақтардың да тигізген зардаптарының мысалдары, деректері келтіріледі [93].

«Аралдағы апат ошақтарының бірі - Возрождение аралында орналасқан далалық ғылыми-сынақ лабораториясы. Жалпы аумағы 216 шаршы шақырым болатын осы арал мен ондағы лаборатория соңғы кезге дейін құпия ұсталып, ол жерде не болып, не қойып жатқанын ешкім білмей келді. Жұрт аузында алып-қашпа сөздермен әр түрлі лақаптар тарады», - деп басталады келесі бір материал. Ол - «Жанайқай» айдарымен берілген газеттің өз тілшісі Қ. Исаның «Оқшау аралдың құпиясы» деген корреспонденциясы. Тілші 1949-жылы обаның кесірінен Көкаралдың Ауа балықшылар мекенінің құрып кетуін одан екі-ақ жыл бұрын бастаған бактериологиялық сынақ лабораториясының алаңы көреді. Одан кейін де әлсін-әлсін оба ауруының эпидемиясы «бұрқ» ете қалып отыратыны да соның салдары екенін айтады автор. Корреспонденция тек сол сәттегі уақиғаларды сипаттай қоймайды, сонымен қатар мәселенің тарихи түп-төркініне бойлаған лаборатория тәжірибелерінің залалды нәтижелеріне деректер береді [94].

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталысымен, әлем тіршілігіне үрей мен қауіп-қатер әкелген «айдаһар» - «Бөбек» пен «Қортық» аталған атом бомбалары - дүниеге келіп, өз екпінімен маңайын зар еңіреткен болатын. Ал енді жаңа туған аждаһа қайтадан талай тіршілікке тажал болып төнді. Бұл сынақ Мыржық-Дегелең тауларында басталса, аждаһа тұқымы Невада, Муруроа, Жаңа Зеландия, Лоб-Нор аймағынан тарады. Олардан кейінгі Капустин Яр, Жаңа Жердегі ядролық, термоядролық жарылыстарды санаулы адамдар ғана біліп, көпшілік бейхабар болды. Әуеліде бұл қарудың қуаты 20 килотоннадан басталып, қазірде 550 килотоннаға жетіп отыр.

Тағы бір алаң ол «Атомды көл». «Атом көлі» 1960-жылы пайда болды, ғалымдар ядролық жарылыс арқылы қуаң жерлерде жасанды су қоймасын салуды ойластырды, тәжірибеде сынауды жөн көрді. Алдымен полигонда, 150 метрлік тереңдікке ядролық зарядтарды көміп жарды. Сегіз миллион куб метр жер жан-жаққа шашылып кетті. Бұл 1965-жылы болған. Жарылыс орнында диаметрі 500 метрлік шұңқыр пайда болды. Біртіндеп ол жер астындағы көк жиек ылғалымен толды. Сол жерде «Атомды көл» пайда болды. Кезінде депутат Петрушенко шомылған көл. Ол шұңқырдағы судың ешқандай радиактивтілігі жоқ деген болатын... Бүкіл радиациялық зиян судың астында,

тұнбасында және көлдің шетінде жатады. Сондықтан да, ең көп сәуле қабылдау мөлшерін суға түскен адамдар емес, жағада тұрғандар қабылдайды [95].

1990-жылы 24-27 мамырда өткен ядролық қаруға қарсы Халықаралық конгресс мәлімдемесіне жүгінсек, Семей сынақ полигонының радиациялық эквиваленттер жиынтығы 42 мың Хиросимаға пара-пар екен. Ал осы жұмыспен айналысушы ғалымдардың есебі бойынша, ауаға 6 290 000 000 кюри радиация тараған. Енді сутегі бомбасының атасы А.Д. Сахаровтың 1990-жылғы есептеуін салыстырсақ, ядролық және термоядролық жарылыстардың тікелей зиянынан 6 миллион адам жарық дүниеден қоштасқан. Әзірше көздері тірі кемтарымен, радиациядан зардап шеккендері одан асып түседі.

Жергілікті журналистердің «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Қазақ Кеңес Республикасы Президентінің 1991-жылдың 29-тамызындағы Жарлығы шыққаннан кейін шығармашылық тынысы кеңі бастады. Осы кезге дейін 72 жыл бойы «қолынан келгесін, қонышынан басып» қалға тегеурінді деген мәскеуліктердің өктемдіктері саябырсыды. Облыстық газет номер құрғатпай солардың іс-қылықтарын тынымсыз жазумен болды.

«Семей таңы» мынандай бір ситуацияны әшкерелеген. Жарлық шыққаннан соң діңкелері құрып, сұс көрсету заманы өткеніне көзі жеткен полигоншылар енді қулыққа басып, тағы да екі жарылыс жасау үшін 198 миллион сом төлемақы ұсынған. Оған Облыстық кеңес төрағасы К. Бозтаев, Облыстық атқару комитетінің төрағасы А. Еременко, аудандық партиялық комитеттің бірінші хатшысы Х. Матаевтар халық атынан келісімдерін берген. Газет осы арандатушылыққа дер кезінде араласып, 1991-жылғы 15-тамызда «Абай елі жарылысқа қарсы» деген хабар жариялады.

Хабар: «Осы тұста ауыл ақсақалы Талғат Сламбеков Қарауыл селосы халқының атынан хаттама жасап, жарылысқа келісіп қойған Х. Матаевтың атына қатты-қатты сындар айтты. Кездесу соңында Х. Матаев қызметтен босату жөніндегі өтінішін бүкіл елдің алдында облыс басшыларына табыс етті», - деп аяқталады. Осы жылдары мұндай қимыл - халық үшін жеңіс еді. Сол жеңісте облыстық газет редакциясының да, жергілікті журналистердің де үлесі елеулі [96].

Семей қасіреті жөнінде осы уақытқа дейін кем жазылып, аз айтылып жүрмегенін жоғарыда қарастырылған жарияланымдардан да байқауға болады. Халық басына түскен ауыр зауал арада қаншама уақыт өтсе де, әлі күнге дейін ұмытылмақ емес. Осы мақала жарияланған 1992-жылғы 29-тамызда Семей ядролық сынақ полигонында атом бомбасы ең алғаш рет жарылғанына - 45 жыл, ал Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Жарлығымен оның жабылғанына да 5 жыл толды.

Дегенмен, 1989-жыл Семей полигоны үшін бетбұрыс жылы болды. 26-ақпанда ақын Олжас Сүлейменов Қазақ теледидарында эфирде тікелей сөз алып, ақпан айының 12-17-күндері арасында жасалған кезекті жер асты сынақтарының салдарынан атмосфераға радиациялық газдардың тарағанын мәлімдеді. Халықты Семей полигонын жабуға үн қосуға шақырды. Ол үшін «Невада-Семей» антиядролық қозғалысын ұйымдастыруды ұсынды.

1989-жылдың ақпан айында «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы дүниеге келді. Қайта құру мен жариялылықтың арқасында аталмыш қозғалыс көп ұзамай бүкіл халықтық қолдауға ие болып, күллі әлемге танылып үлгірді.

1991-жылғы 29-тамыздағы «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлықта Қазақ КСР-інің территориясындағы Семей облысында 1949-жылдан бері ядролық қаруды сынау жүзеге асырылып келгені айтылған. Осы уақыт аралығында 500-ге жуық ядролық жарылыс мыңдаған адамдардың денсаулығы мен өміріне нұқсан келтірген. Жарлықты КСРО мен АҚШ арасындағы стратегиялық, әскери тепе-теңдікті қамтамасыз еткен ядролық потенциалды жасау жөніндегі өз борышын Қазақстанның орындағаны ескеріліп және республика жұртшылығының талаптарына құлақ асқандығы атап өтілген.

Семей ядролық сынақ полигонын мерзімді баспасөзде алғаш қозғала бастағаны хақында талдау жасалған тарауды қорытындылай келгенде, өз тарапымыздан төмендегідей басты-басты тенденцияларды байқадық.

Біріншіден, «қылышынан қан тамып тұрған» Кеңес империясының дүрілдеп тұрған кезінде-ақ, «атомдық сынақ алаңына» қарсы баспасөзде Президент Жарлығынан едәуір бұрын Семей полигонына қарсы дауыс көтерген жарияланымдардың жарық көре бастағанына көз жеткіздік.

«Осыдан тура 44 жыл бұрын Семей полигонында жасалған алғашқы ядролық жарылыстан кейін біздің халқымыздың «атомдық өмірінің» қайғылы кезеңі басталды. Жыл өткен сайын адамдардың денсаулығының негізі күйреп, нәзік табиғи орта бұзыла берді. Тән азабы да, рухани қасірет те біздің жүрегімізді әлі күнге сыздатуда. Ядролық есуастықтың бүкіл адамзат баласына қандай қисапсыз шығындар мен орны толмас құрбандықтар әкелгенін біз білеміз [97].

«Оны тоқтату планетаның саясатшыларының, жұртшылығының, бүкіл демократиялық күштерінің аса маңызды міндеті. Нақ сондықтан да егемен Қазақстанның алғашқы халықаралық актісі Семей полигонын жабу болды».

Бұл - Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың ядролық қаруға қарсы Халықаралық Конгреске қатысушыларға жолдауынан үзінді. Әлемдік антиядролық ынтымақ Конгресінің 1993-жылғы тамыздың соңғы екі күнінде өткен осы мәжілісінде Н. Назарбаев сөз сөйледі. Онда да Президент: «Аса ауыр экономикалық, әлеуметтік, рухани сілкіністер - ұзақ жылдарға созылған адамгершілікке жатпайтын ядролық сынақтардың қорытындысы - осындай. Олар халықтың иығына ауыр жүк болып түсті. Оның салдарын біз түпкілікті әлі сезініп білмесек те, халық наразылығы әлдеқашан-ақ пісіп-жетілді. Семей полигонын жабу туралы жарлық ішкі мәселелерін дербес шешу туралы айқын мәлімдеген жас мемлекеттің алғашқы актілерінің бірі болуы тегін емес. Оның үстіне, дүниежүзілік тәжірибеде мұндай қадам алғаш рет қабылданды, - дей келе, алдағы тұрған зор мәселелерінің біршамасының бетін айқындап береді. - Біз қалдықтарымызды өз жерімізге көмуге мәжбүр екендігімізді түсінуге тиіспіз, тек ғалымдар мен жобалаушылар, жұртшылық өкілдерімен бірлесіп, жобаның экологиялық қауіпсіздік көзқарас тұрғысынан ұтымды нұсқаларын табуға тиіс» [98].

«Өлгеннің артынан өлмек жоқ» - деген халық даналығына салып, олардың артында қалғандарға қамқорлық жасау - тірінің мойнындағы міндет. Осыған орай біздің мемлекетіміз радиация залалын ерекше еске алып, 1992-жылдың 22-желтоқсанында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» қаулы шығарды. Алайда, мұны жүзеге асыруда алда бірталай бөгеттер баршылық еді.

Полигон ойрандаған жер - Мыржық тауы мен Дегелең тауының айналасы. Онда бұрындары халық мекендеген. Сол полигон төңірегі бес аймаққа бөлініп, олар «Төтенше қауіпті аймақ», «Ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ», «Ең төмен радиациялық қауіпті аймақ», «Жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аймақ» деп аталды.

Айта кетсек, Семей полигоны 18,5 мың шаршы километр аймақты қамтыған. 40 жыл ішінде (1949-1989 жж.) полигонда 473 ядролық жарылыс болған екен, оның 90-ны атмосферада, 26-сы жер бетінде, 354-і жер астында жүргізілген. Бұған қоса, әр түрлі химиялық қоспасы бар 175 жарылыс өткен. Олардың 44-інде 10 тоннадан аса тұтанғыш улы зат болған. Осының салдарынан 1,7 млн. халық тұратын 304 мың шаршы километр аймаққа әр түрлі мөлшерде радиоактивті, химиялық шөгінді түскен [99].

1970-1980-жылдары жануарлар организмін радиация әсерінен қорғайтын заттар (радиопротекторлар) ашылды. Алайда, ғылымның қазіргі жетістіктері радиацияның тіршілік өмірге әкелер зардабымен күрестің жедел өскенімен оның қасіретін тартып отырғандардың саны азаяр емес. Көптеген қасіреттердің ауқымын жеңілдетуге толық мүмкіндік болмай отыр.

Чернобыль апатынан келген тажал Қазақстандағы 40 жыл бойы өткен ядролық сынақтан келген зардаптың тек мыңнан бір бөлігі дейді білетін ғалымдар. Семей полигонының сынақ өткен кейбір аумақтарында, әлі күнге дейін 1000 рентген сәулесін шашатын ошақтар бар екен.

Соңғы кездері Арал теңізінің ортасындағы «Барсакелмес» аралшығында биохимиялық, бактериологиялық қару жасайтын зауыт болғаны туралы хабарлар көбейіп отыр. Аңызда шындық та болуы мүмкін. «Барсакелмес» өз құпиясын қойнына қанша сақтағанымен ақиқатқа тіреліп отыр. Мұны, кезінде Қазақстанды, Өзбекстанды мекендеген халықтардың еркінен тыс, аса құпиялық жабық жағдайда бактериологиялық, биохимиялық қару жасайтын, әрі оны сынайтын полигонға айналдырған КСРО-дан қалған мұра деуге болады. 1939-жылдан бастап 20 мың гектарлық бұл арал «Барсакелмес қорығы» деп аталған екен.

Табиғаттың зиянды қоспалармен көп мөлшерде ластануы экологиялық ахуалдың күнделікті өмірге қолайсыз әсерін күнбе-күн туғызып отыр. Қазақстан жерінде орын тепкен «Байқоңыр» ғарыш айлағы, оған қоса «Азғыр», «Капустин яр», «Сарышаған», «Сарыөзек» т.б. ракеталық полигондар сол қолайсыздықтың ең - бір себепшілері.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы Ұлы Отан соғысынан кейінгі елуінші жылдардың басында құрыла бастаған. Бұл аймақ батыстан шығысқа - 115, солтүстікке қарай - 85 шақырымға созылып, бірнеше мың шаршы километр аумақты алып жатыр.



Радиоэкологиялық күйінің қыры мен сырын тану үшін жан-жақты терең, ұзақ мерзімдік зерттеулер қажет. Бүгінгі күні қол жеткен табыстар қатарында: осы аймақтың табиғи-климаттық жағдайы мен экологиялық күйіне шолу жасау, радиоэкологиялық зерттеу мен мониторинг ұйымдастыру жұмыстарының ғылыми-әдістемелік негізін құру, олардың күнделікті тіршілік ортасымен байланысын нығайту тұрғысындағы істерді айтуға болады [100].

Табиғат адам іс-әрекетімен өте қатты өзгеріске түседі. Адам табиғат байлығы арқылы күн көретіндіктен, оның табиғатқа деген әсері күннен күнге кеңейіп келеді. Табиғат ресурстарын ретсіз пайдалану, өсімдік пен жануарлар дүниесіне жасалынған шығындар - мұның бәрі ақиқатқа айналып отыр.

«Табиғат-адам-өндіріс» жүйесінде басты тұлға адам болғандықтан экология ғылыми саласы ғылыми зерттеулер арқылы адамдардың табиғатпен арақатынасын дұрыс ұйымдастыру, өндірісті табиғи ортаға зиянсыз ету жөнінде жинақты ұсыныстар даярлауға, тиімді жолдармен әдістер табуға міндетті. Табиғат байлығы қазіргі өмір сүріп отырған адамдарға ғана емес, келешек ұрпаққа да керек екендігін түсіну қажет [101].

Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарында ауыр индустрия кәсіпорындары шоғырланған. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында газ-мұнай өндіруші кешендер шоғырланған. Оңтүстік аймақта мұнай өңдеуші кәсіпорындар орналасқан.

1988-жылы гидрометеорология жөніндегі Мемлекеттік мамандарымен жүргізілген Кеңес Одағының 600 қаласы бойынша атмосфера жағдайы мониторингінің мағлұматтарына сәйкес ауаға шығарулар мөлшері Теміртау қаласынан - 937 мың тоннаны, Балқаш қаласы - 384 мың тоннаны, Қарағанды қаласынан - 245 мың тоннаны құраған. Бұл ұзын тілімде 4-орынды алған Теміртау қаласы, 25-орынды Павлодар, 3-орынға ие Балқаш, ал Қарағанды - 50-ші орында [102].

Осылайша, Қарағанды облыстық аумақтың қоршаған орта басқармасы мәліметтері бойынша кеңестік тізімде бірінші орындарда болған қалалар Қазақстандық қалалар тізбесінде де сол қалпында қалған. Бірқатар болған өзгерістер, өкінішке орай, жақсы жағынан емес.

Павлодар өз орнын Балқашқа беріп, сонымен, Қазақстанның индустриалдық қатынастағы ең ірі қалалары - Балқаш, Теміртау, Қарағанды, Жезқазған ең «техногендік зияндылар» болды.

Келесі ластаушы автокөлік болып табылады. Автокөлік атмосфераға шығаратын зиянды заттардың негізгі түрлеріне жататындар: көмірсутегілер, күйе, қорғасын қоспасы, көміртегі, азот тотықтары. Автомобиль көлігінде пайдаланылған газдардағы заттар концентрациясы көп жайларда қозғалтқыштардың модификациясының, жұмыс тәртібіне және сол қозғалтқыштарда қолданылған отынның техникалық жағдайына байланысты, Жезқазған қаласына қарағанда Сәтбаев қаласы құрылысында «жел үйірілуі» ескерілмеген. Сондықтан да қалаға жақын аудандардан түрлі шаңдар мен газдардың желмен ұшырылған орасан зор мөлшері борайды [102, б. 45].

Өсімдік - тіршілік тірегі. Ғаламшардағы өсімдіктер жылына ауа қабатына 400 млн. тонна оттегін бөліп шығарады. Жылына бір адам

тыныс алу үшін 173 мың литр оттегін қабылдайтыны анықталған. Жасыл желектер ауаны улы газ бен шаңнан тазартады. Өсімдіктер ауада ауру тудыратын бактерияларды жоятын ерекше зат болып шығарады, медицинада алатын орны ұшан-теңіз. Сондықтан өсімдіктің қызметін бірде-бір жетілген механизм атқара алмайды [103].

Бірінші «күлден» шығатын өлім сәулесінің қаншалықты қауіпті екеніне бір мысал келтірейін. Чернобыль АЭС-інде болған апатты бәріміз білеміз. Міне, сол апат кезінде АЭС-тің күл-талқан боп қираған «пешінде» «жанып» жатқан уранды өшіру үшін Жапонияның, Германияның, Ресейдің адамсыз (радио арқылы) жұмыс істейтін жарақтары (роботтары) қолданылған. Бірақ, бір де біреуі іске ден-деп кірісе алмаған. Оның себебі олар «өліп қала беріпті». Адамның басқаруынсыз, өз бетінше жүріп, өз бетінше жұмыс істейтін әлгі жарақтар, уран «жанып» жатқан «пешке» жақындай бере тоқтап қалады екен. Алыстан радио толқыны арқылы басқарып отырған адамдар қанша әуре болса да, олар орындарынан тырп етіп қозғалмапты. Сонда бұл не? Темірдің «тілін» байлаған осындай радиацияға, дәлдеп айтсақ, шетелден келмек радиациялық қалдықтарға тірі адам қалай төтеп бере алмақ? [104].

1987-жылы КСРО мен АҚШ арасындағы орта және шағын қолданыстағы зымырандарды жою келісіміне орай, Қазақстан мойнына алған міндеттемелерінің бәрін орындап шыққан. 1998-жылы АҚШ-тың Қорғаныс министрлігінің мамандары мен мемлекеттік департамент өкілдері бұрынғы кеңестік зымыран базасына келіп, соңғы тексеріс жасап кеткен. Қазақстанға келісімге кірген 5 нысан бар. Келісім негізінде бұрынғы КСРО құрамына кіретін мемлекеттер тарапынан 1846 зымыран жойса, АҚШ-қа тиесілі 846 зымыран құртылған. КСРО-ға тиесілі зымырандардың көпшілігі Сарыөзекте жарылған. Келісім шарты бойынша, келіскен жақтар шағын және орта қашықтықта қолданылатын зымырандарды өз аймақтарында шығаруға, ұстауға иелік етуге тыйым салынады.

Сарыөзекте цеолит деген минерал өндіріледі. Оны мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «XXI ғасырдың минералы» деп атапты. Компьютерлердің жанына қойса зияндылығын азайтады. Құрылыста цеолит пигментке қосылып, мықты бетон жасауға да жұмсалады. Мұндай қасиеттері өте мол. Адам ағзасына пайдалылығы - оны суға салып қойып, белгілі уақытта, мөлшермен суын ішсе, асқазандағы жара жазылып, бүйректегі тас түсіп, өт жолдары тазаланып, демікпе ангина секілді аурулардан арылтады. Тіпті, оны таздың басына жаққанда қаулап шаш шыққан жағдай да болған.

Цеолит ашық өндіріспен өндіріледі. «Таза су» ЖШС мамандарының айтуына қарағанда, цеолиттің өзіндік құны қымбат, сондықтан тапсырыс аз көрінеді.

Сарыөзектегі жоспарлы түрде зымырандарды жою міндеттемелері 2001 жылы толығымен аяқталған. Ондағы ел-жұрт бірауыздан: «Жарылыстың болғанын білеміз. Бізге зиянсыз, залалсыз деді. Жарылыстың әсері болатынын да сеземіз. Бірақ, қаншалықты? Бізге бұл туралы ешкім, ештеңе айтпайды. Ол туралы ашық ақпарат жоқ», - дейді. Жергілікті халықтың айтуына қарағанда,

Сарыөзекке осы жарылыстардан кейін бірде-бір ғалым, эколог бармаған. Оның залалын тексеріп, зерттеп жатқан және ешкім жоқ [105].

Маңғыстау үшін бүгінгі күн тәртібінде тұрған ең басты, тым өткір, аса шетін, әрі өте нәзік те күрделі мәселе - Каспий теңізі маңында мұнай операцияларын жүргізу. Экологтар көзімен қарағанда бұл әлемдік масштабтағы қауіпті мәселе болып саналады.

Қазақстан басқа теңіз жағалаған көрші елдермен бірге, бірінші кезекте, Каспийдің биоресурстарын көздің қарашығындай сақтау жолында барлық қолдан келер шараларды жасауы тиіс. Себебі, оны жойып алу ағаттығы ешқандай бір экономикалық аспектімен ақталмайды.

Кез-келген, тіпті, қиял-ғажайып мұнай қоры, ең әрі кеткенде 100-150 жылдан соң сарқылады. Ал, қария Каспийді аймалап, аялай білсек, оның биоқоры сәт сайын жаңара толығып, жаһанда жер атты ғаламшар жайбарақат жүзіп жүрген кезеңдерде біздің мың-сан жаутаңкөз ұрпағымызды алаламай асырары анық...

Атыраудың экологиясы күн санап құлдырап барады. Жергілікті халық қоршаған ортаның ластануынан туындаған әртүрлі адам айтқысыз аурулардың құрбанына айналды. Ана мен бала өлімі өршіп тұрғандығын күні кеше Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдері алдында айтылған. Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдері мәселеге қабақтарын сәл шытып, «шешу керек» деген де кеткен. Атырау облысының перзентханасында бір айдың ішінде дене мүшелері кем (қоянжырық, таңдайсыз, көтеншегі бітпей қалған, жұлыны арқасымен бірігіп кеткен) төрт сәби дүниеге келді. Мамандар мұның бірден-бір себебі экологиялық ахуалдың нашарлығынан деп қана отыр [106].

Арал өңірі экологиялық апат аймағы бола тұра оны мекендеген тұрғындардың сан жағынан өсімталдығын ежелден жанұяда бала санын шектемеуге әдеттенген тарихи әлеуметтік сипатынан болып тұр деп түсінген дұрыс болатын сияқты. Болжам бойынша 1991-2006-жылдары облыс көлемінде тұрғындардың саны - 154,1 мың адамға көбейіп, жалпы саны - 756 мың адамға жетеді. Оның - 56,7 пайызы еңбекке жарамды адамдар. Алайда, облыстың тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету жағы нашар. Былайша айтқанда жұмыссыздық кең етек алған жағдайда.

Облыстық экономикалық салаларында жұмыс істейтін адамдардың саны республиканың орташа көрсеткішінен төмен. Сол себепті еңбекке жарамды адамдардың көпшілігі өздерінің үй шаруашылығымен және қосалқы жеке шаруашылығымен айналысады. Бұл жағынан республиканың орта көрсеткішінен екі есе артық.

Соңғы жылдары табиғатты қорғау органдарының бақылау жұмыстарының нәтижесінде және өндірістің құлдырауы себептерімен қоршаған ортаға техногендік әсерлер біршама азайды, бірақ шаруашылық механизмі қызметінде жаңа әлеуметтік-экономикалық аспект пайда болды; ол меншік түрінің өзгеруіне, жекешелендіру процесінің қарқын алуына, бұған шетелдік инвесторлардың барған сайын кеңінен қатысуына байланысты экологиялық жағдайға жауапкершілік мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Бюджеттік инвестиция ең төменгі мөлшерге дейін қысқарды, қаржы тапшылығына тап

болған кәсіпорындар табиғат қорғау шараларына жұмсалуға тиісті шығын көлемін кемітуге көшті. Ал шаруашылықты жүргізудің осындай жағдайында баяндалған экологиялық мәселелер өз шешімін баяу табуда [107].

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1996-1998-жылдарға арналған реформасын тереңдету жөніндегі Бағдарламасы экобиоқорлар Министрлігі жергілікті органдарын «Экологиялық жағдай» бөлімінің негізгі атқарушысы ретінде танып отыр. Бұл бірер сағаттың шаруасы емес. Ұзақ уақыт алатын осынау ерекшелігі бар процеске жұртшылықтың белсене қатысуы сөзсіз табысқа бастар еді, бұған облыстық экобиоқорлар басқармасының ұжымы да ынталы. Облыс әкімінің көмегімен, бірінші кезектегі мәселені шешу орайында, негізгі бағыт ретінде мынадай перспективалық жұмыстарды жүзеге асыру жоспарлануда:

- үздіксіз экологиялық мониторинг, яғни табиғи ортаның өзгерістерін, тұрақты бақылайтын және тексеретін жұмыс жүйесін қалыптастыру;

- Сырдария өзені суының ластануына жан-жақты баға беру, оның арнасын қайта жөндеу, суын тазалау жөнінде Үкіметаралық Бағдарлама жасау;

- Байқоңыр кешенінің мүмкіндіктері мен күш-қуатын пайдалану арқылы топырақтың бүлінуіне, радиациялық фонға, радиациялық ауытқу мөлшеріне сапалық және сандық баға беру;

- жануарлар мен өсімдіктер әлемі құрамынан өзгерістеріне және олардың өсіп-өну қабілетіне (зоогеоботаникалық) зерттеу жүргізу;

- облыстық табиғат қорғау объектілері құрылысын аяқтау жұмыстарын жандандыру;

- экологиялық және экономикалық факторларды есептей отырып табиғат қорларын пайдалану концепциясын жасау;

- Сырдария өзенінің бүкіл арнасы бойынша залалды заттардан келген зиянның орнын толтырудың экономикалық механизмін анықтауды үкіметаралық деңгейде шешу;

- күл мен шлакты қайта өңдеу және одан өнім алу технологиясын жасап, оны өндіріске ендіру [107, б. 67].

Соңғы 50 жылда адамзат баласы табиғатты бүлдіріп, біздің планетамызға орын толмас өте зор залалдар келтірді. Жердің экожүйесін зерттеген ғалымдар осындай қорытындыға келіп отыр. Экологиялық зерттеулер жобасымен айналысқан ғалымдар бұған ауылшаруашылығында қолданылатын қазіргі заманғы технологиялар кінәлі дейді. Бұл жерде әңгіме таза суды ретсіз пайдалану, орманды жаппай кесу, ауылшаруашылығы жерлері мен энергетикалық ресурстарды өте интенсивті пайдалануға тырысуда болып отыр. 95 елдің 1300 зерттеушісі әзірлеген екі жарым мың беттен астам зерттеу баяндамасының түйінді қорытындылары осыған саяды.

Бүгінгі таңда адамдардың қолында табиғатқа зиянды әсерін тигізетін құралдардың орасан мол болып отырғанын ескерсек, мұның өзі өзіміз өмір сүріп отырған географиялық ортаны көзді ашып жұмғанша өзгертіп жібере алатыны ақиқат. Мысалы, қазір бірқатар мемлекеттер термоядролық қарудың орасан зор қорына ие. Ал бұл қор жерді бірнеше минуттың ішінде-ақ, тып-типыл етіп жібере алады.

Арал маңындағы экологиялық өзгерістің әсері де осал емес. Ол күннен күнге өзінің шеңберінен ұлғайып, бүкіл әлемдік дәрежеге көтеріліп отыр. Қазір Аралдан ұшқан тұз аралас шаң табиғи қоршаған ортаға қандай әсер етіп жатқанын бүкіл әлем халқы көріп отыр. Әсіресе, Арал теңізіндегі «Возрождение» аралын жұрттың бәрі біледі. Бұл атышулы арал жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары соңғы жылдары көп жазуда. Оның 1945-жылдан бастап биологиялық сынақ полигоны болғаны белгілі [108].

Мұнда күйдіргі, оба, шешек, туляремия, сарын т.б. аса қауіпті жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын сынаған. Олар табиғи емес зертханаларда генетикалық және басқа да әдістермен алынған қоздырғыштар болатын. Табиғи қоздырғыштарға қарағанда олардың уыттылығы күшті. Дәрі-дәрмекке төзімді. Тағы басқа біз білмейтін ерекшеліктері де болуы мүмкін. Кезінде полигонда аса қауіпті жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын тек жануарларға ғана емес, адамдарға да сынаған.

Рас, кеңес өкіметі кезінде полигон жабық мекеме болды. Ол жерге ешкім аяғын баса алмады, ешкім еш нәрсе айта алмады. Бәрі құпия болды. Ал кейін осы өңірде талай рет оба, сарын, т.б. бұрын болмаған трансмассивтік ауру түрлері көбейіп кетті. Мұның 12 жыл көлемінде оба ауруы осы өңірде төрт рет шығып, екі жас өлді.

1991-жылдары осы «Возрождение» аралының өте қауіпті екенін айтып алғаш дабыл көтерген сол кездегі «Жалын» журналының бас редакторы, ақын Мұхтар Шаханов болатын. Шыны керек, ол кісі жаға ұстатар талай құпияның бетін ашты. Осының әсері ме кейін талай рет комиссия құрылып, «Возрождение» аралын зерттеді. Өзбекстан еліне тіпті АҚШ мамандары көмектесті. Бірақ неге екені белгісіз кейін бұл мәселе аяқсыз қалды. Мұхтар Шаханов Қырғызстанға елші болып кетті. Ол жақтан келген соң да бұл мәселеге қайтып оралмады [109].

«Возрождение» аралының қауіпі мен қатері өте орасан. Бұл туралы 2001-жылы «Егемен Қазақстан» үлкен екі мақала жариялады. Оны оқығанда төбе шашымыз тік тұрып, зәреміз зәр түбімізге жетті. Ал осыны көріп, біліп отырған біздің ғалымдар неге үнсіз қала береді деген сауал туындайды.

Мұның зардабы Арал теңізіне де тиіп жатыр. Онсыз да соңғы 20-30 жылдың ішінде аумағы 6 миллион гектардан астам теңіз тартылып кетті. Бір жағы Қарақұм, бір жағы Қызылқұм екі жақ қысымына ғасырлар бойы берілмей бүкіл Орта Азия мен Қазақстан аралығындағы Інжу-маржан аталып келген айдынды Арал енді тұз бен соры қабаттаса пайда болған. Бұған ара түспесек жанашырлық жасамасақ бұл аждаһа оны бүтіндей жұтып жібермек. Аралдан ұшқан тұзды құм Каспий мен Кавказдан асып Грузияның шай плантацияларын басып жатса, мұны айтасыз сонау Солтүстік Мұзды мұхитына дейін жетіп, әлгі мұзды таудың еруіне әсер етіп жатса бұл сұмдықтан аман қаламыз деуге кім кепіл? Кепкен теңіздің тұзды шаңдары әлемнің түкпір-түкпіріне тарауда [110].

Қашыртқы сулар, коллекторлар жүйесін жетілдіру, суармалы жерлердегі артық суларды бақылауға алу қажет. Мұны іске асыру үшін Әмудария мен Сырдария арқылы теңізге келетін мемлекетаралық келісім жасалуы қажет. Егер Орталық Азия мен Қазақстан аймағындағы жалпы қоры 110 мың текше

шақырымдай жер асты суының 1-2 пайызын алса, Аралды қалпына келтіруге жетіп жатыр. Аралға сырттан су жеткізу үшін осы айтылған жәйттер іске асқан кезде теңіздің қалпына келері сөзсіз. Әрі қазір әлемнің кейбір көлдері Арал мәселесіне көмектесу және қол ұшын беруге әзір екенін білдіруде. Бүгінгі таңда аймақта жүзеге асырылып жатқан «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасы да осындағы жанашыр ниеттен туған іс. Егер Арал қалпына келсе «Возрождение» аралын тегіс су басып, апат ошағы жойылар еді. Әйтпесе қауіп те қатер де күшейе береді.

Ірі өзен алқаптарының техногендік қалдықтармен ластану қарқындылығының артуы, соңғы уақытта, ең қиын да, күрделі мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Қазақстанның осындай ірі өзен алқаптарының бірі болып табылатын Ертіс өзені, республиканың шығысы мен солтүстік-шығысында орналасқан аймақтарды, яғни түсті металлургияның дамыған орталықтарын басып өтеді [111].

Сонымен Ертіс өзені алқабы - Қазақстан арқылы ағып өтетін аймақтарының өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық, ауыз суы және тұрмысқа қажетті сулармен қамтамасыз ететін негізгі көзі. Өзен алқабына Қазақстан аймағында 53 өнеркәсіптің пайдаланған сулары ағызылады. Бір жылда түсетін қалдық сулардың мөлшері 1,3 млрд. м<sup>3</sup>-ді құрайды, оның шамамен 10 %-ы ешқандай тазаланбай, ал 30 %-ға дейінгісі жартылай, толық тазалаудан өтпеген күйде түседі. Жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптерден басқа аймақтың су ресурстарының жағдайына тау-кен өнеркәсібінің бос қалған рудниктері мен шахталары, сонымен қатар Шығыс Қазақстандағы орманды кесу де, елеулі әсерін тигізеді [111, б. 56].

Сарыарқа, Оқжетпес, Сұңқар-қия, Қосбүйрек, Қызбел, Айнакөл, Балқаш! Даланың мұңлы болатын себебі - оның табиғи тұтастығына адамның қолы қатты тиді. Аралға сарқырап құйылатын асау өзендердің ағысына бөгет салынды. Құдіретті табиғатта бөрі - есептеулі. Бір жеріне зақым келсе, айналып келіп екінші жағындағы тепе-теңдік бұзылады. Қазақстанның қай өңірі де құйқалы. Әттең, күш жетпей, игерілмей жатыр. Бірақ, тастап кете беруге бола ма?

ЮНЕСКО-ның бақылауына алынып, Рамсай конвенциясында бекітілген Торғай қорығы - әлемдік құс жолы. Оның үстінен қиқулап миллиондаған құс өтеді, қонақтайды, жұмыртқалайды, балапан салады. Күн суытқанда оңтүстікке бет алады.

1998-жылы ЮНЕСКО-ның штаб пәтерінде жұмыс істейтін биолог-ғалымдардың бір тобы қорықта болып, аймақты зерттеді. Мұның алдында республика Ұлттық Ғылым Академиясының зоология ғылыми институтының орнитолог ғалымдары көп жылғы зерттеулерінің қорытындысын жариялады. Олар Торғай қорығында құстардың 21 отрядының 251 түрі, батпақты сулы алқапта тіршілік ететін құстардың 49 түрі, жыртқыш құстардың 30 түрі, торғайлардың 50 түрі, шағаланың 14 түрі, қоянның 2 түрі, жыртқыш аңдардың 9 түрі, ондатрдың 12-15 мыңдайы, өзен-көл суында балықтың 4 түрі өсіп-өнетінін есептеп шығарды. Сонымен бірге, өсімдіктер дүниесінің 110ға-жуық түрі өседі. Қорықта жер бетінен жойылып кету қаупі төнген, сондықтан да

арнаулы Қызыл кітап тізбесіне енген 32 түрлі құс тіршілік етеді. Бұлардың қатарында қызыл қаз (фламинго), аққудың екі түрі, бірқазанның екі түрі, безгелдек, лашын, жалбағай, қаршыға, су бүркіті, ақбас үйрек, аққұтан мен көкқұтан бар [112].

Шу-Мойынқұм, Балқаш-Алакөл аймақтарының да экологиясы мәз емес. Әсіресе, Қапшағай, Тасөткел су қоймаларының салынуы, суды көп қажет ететін күріш, т.б. техникалық дақылдарының өсірілуі елеулі суармалы жерлердің тозуына әкеліп соқты. Әсіресе, Іле өзені суының 10-15%ын Қытай Республикасының бұрын өздеріне тартуы бұл өңірде қауіпті жағдайлар туғызуы әбден мүмкін.

Шығыс Қазақстан жағдайында да экологиялық мәселелер жеткілікті. Түрлі-түсті металлургия, вольфрам, уран, қорғасын, мырыш өнеркәсіптері елді мекендер мен қала тұрғындарына ажал оттарын тұтатуда.

1949-1996-жылдар аралығында Қазақстан жерінде 503 ядролық қару сыналды. Ол 20 млн. га жердің тоз-тозығын шығарып, тіршіліксіз экожүйелерге айналды. Соның нәтижесінде, 3,4 млн. адам тұратын елді мекендер қамтылды, олар әлі зардап шегіп отыр [113].

Қазақстанда қазіргі кезде 20 млн. тонна қатты радиоактивті қалдықтар жинақталған. Мамандардың зерттеуі бойынша Қазақстанда тұратын 2,6 млн. адам мутагенез ауруына шалдығып отырғаны анықталды. Егерде соңғы келісімдер бойынша шетелдердің радиоактивті қалдықтарын біздің жерімізде сақтауға рұқсат етсек не боламыз? Бұған ешбір жол беруге болмайды!

Қазақстандағы жоғарыда қысқаша тоқтаған экологиялық жағдайлар туралы ақпараттар жайлы мәліметтер көпшілікке жетпейді. Тіпті, полигондар қамтып отырған аймақтардың тұрғындары өзінің ауруының неден болғаны туралы хабарсыз. Оның өзі «адам құқығын» бұзғандық және үкіметіміздің жариялылық-демократиялық мемлекетті құрудағы ағаттықтары деп білу керек.

Табиғаттағы өзгерістерге байланысты болжамдар жайлы айтатын болсақ, кез келген архитектуралық, шаруашылық объектілерін, ірі өндіріс орындарын салуда жобалау кезінде олардың экологиялық шығынның бағасын есептеумен қатар, табиғат кешендеріне тигізетін әсерін ескеру қажет. Бұл ретте бірнеше назарда олардың жергілікті тұрғын халқының денсаулығына тигізетін зардабы болуы тиіс.

Экологиялық жағдайлардың бәріне талдау жасау қажет. Оның зардабынан сақтану, шаралар қолдану, қоғамдық пікір туғызу үшін көпшіліктің білімі мен тәрбиесін, мәдениетін көтеру керек. Ол үшін Елбасының қолдау көрсетіп отырған экологиялық саясатын яғни, көпшілікке үздіксіз экологиялық білім беруді жүйелі түрде іске асыру керек.

Адам баласы жануарлар мен өсімдіктер туралы мәліметтерді, ғылыми-фактілерді саралап келіп, ендігі жерде оларды қорғау қажеттігі туралы тоқтамға келді. Кейбір өркениетті елдерде жануарларды, өсімдіктерді, ормандарды, өзен-көлдерді қорғау туралы мемлекет деңгейінде құжаттар қабылдана бастады. Орыс патшасы І Петр Мәскеу маңындағы ормандар мен оның қойынауындағы табиғат байлықтарының бәрін «патша қазынасы» деп жариялап, жарлық

шығарған. Тіпті, өзен бойынан 3 км жерге дейін ағаш кескендерді қатаң жазалаған [114].

Мұндай көзқарастар кейіннен басқа да елдерде қолдау тауып, Еуропа, Ресей, Қытай, Үндістан, Жапон елдері табиғат қорғауға көп көңіл бөлген. Кейбір мемлекеттерде қорықтар, ұлттық саябақтар құрылған. Осындай шаралардың бірі Халықаралық табиғатты қорғау ұйымы (ХТҚҰ) еді. Ол 1948-жылы құрылды. Ұйымның мақсаты - дүние жүзіндегі сиреп немесе құрып бара жатқан аң мен құстарды және өсімдіктердің «Қызыл кітабын» ұйымдастыру болатын. Оған дейін халықаралық «Қара кітаптың» тізімі жасалды. Оған жер бетінен біржола құрып кеткен аңдар мен құстар енгізілді.

Ағынды суды тазартудың химиялық әдістерінің ең көп қолданылатын түрі нейтралдау. Өнеркәсіп орындарының ағынды сулардың көпшілігінің құрамында күкірт қышқылы, тұз және азот қышқылдары көп кездеседі. Осы қышқылдар болатын суларды нейтралдау үшін магnezит, доломит, ізбестастар қолданылады. Әдетте химиялық тазартудан соң биологиялық тазарту жүзеге асырылады.

Ағынды суларды тазартуға жұмсалатын шығын өндіріс орындарының жалпы сметалық құнының 10-15 % ын, кейде 20-25 % ын құрайды. Ағынды суларды тазарту қондырғыларының өте қымбатқа түсуі, сол сияқты көбінесе тек қана тазарту қондырғылары арқылы үздіксіз даму үстіндегі өндіріс орындарының зиянды әсерінен биосфераны қорғау мәселесін шешу мүмкін еместігі, су көздерін ластанудан қорғаудың неғұрлым тиімді жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ал мәселені шешу үшін экологиялық жағынан қауіпсіз, аз қалдық шығаратын, тіпті кейбір жағдайларда қалдықсыз технологиялық процестерді енгізу қажет [115].

Сондықтанда, экология ғылыми табиғатты қорғауда және оның байлықтарын үнемді пандалануда, адам баласының табиғатты өзгертуіне ғылыми жол көрсететін ең бір маңызды практикалық құралы ретінде қараған жөн. Экология мәселесі қазіргі дәуірде халықаралық саяси мәселеге айналып отыр. Себебі биосфераның мемлекеттік шекарасы жоқ. Жер бетіндегі тіршілік ететін тірі жанға ауа да, су да, жер де ортақ. Сондықтан да жер бетіндегі барлық табиғатта болып жатқан кризистерді, адамзат болып бірдей ат салыса отырып қорғау керек.

Экологиялық білімді ауылшаруашылығында қолдана отырып, дақылдардың өнімін көбейтуге болады, сонымен қатар қоршаған ортаға зиянды аз тигізуге болады. Соңғы жылдары техниканың дамуы, әртүрлі химиялық әдістердің даму процесстері табиғатқа кері әсерін тигізіп отыр. Оның себебі табиғаттағы - экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуынан, болған себебі экология ілімінің заңдылықтарын дұрыс пайдаланбаудан. Тек, егіс көлемін арттырып, мол өнім алу. Ал оны қалай алу керек, қандай ғылыми негіздерге сүйену керек. Ол жағы артта қалып отырды. [116].

Ауыл шаруашылығын экологизацияландыру дегеніміздің ең негізгі жолы биоэкологиялық және экологиялық принциптерді пайдалану.

Еліміздегі экологиялық дағдарысқа химия, мұнай, металлургия, отын өнеркәсібінің жедел және көп мөлшерде дамуы да әсерін молайтып отыр. Ауыл



экологиясының нашарлауы негізінен шаруашылық көзінің қалыптасқан жүйесінің бұзылуына байланысты болып отыр. Арал теңізінің экологиялық жағдайы мен Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі осы аймақтарда қатерлі ісік, жұқпалы, жүйке, тері, ақыл-естің ауытқуы сияқты ауруларды өршіте түсуде. Ал, полигондар болған жердегі халық қан аздық, сәуле ауруларынан және қатерлі ісіктен зардап шегіп отыр.

Каспий теңізінің экологиялық жағдайы соңғы жылдары су деңгейінің көтерілуімен байланысты. Каспий теңізінің көтерілуі оның маңындағы мемлекеттерге көптеген проблемалар туғызып отыр. Оның бастысы - экологиялық жағдайлар.

Біріншіден, су деңгейінің көтерілуі теңіз жағалауындағы табиғи жайылымдардың көлемін тарылтып, құстар мен жануарлардың мекенін басып қалды. Суға тосқауыл үшін соғылған бөгеттер жағалаудың фаунасы мен флорасына зор шығын келтірді. Балықтардың уылдырық шашу аясы мен құстардың ұя салу тығыздығы кеміп, биокөптүрліліктің азайып кету проблемасын туғызып отыр.

Екіншіден, теңіз деңгейінің көтерілуі судың, ауа мен топырақтың ластануына, одан әрі экологиялық апатқа апарады. Судың мұнай өнімдерімен ластануы 1980 жылдан бастап күшейе түсті. Су құрамында пестицид және ауыр металдардың көбеюі бекіре сияқты бағалы балықтар, теңіз мысығы, құстардың жаппай ауруларға ұшырап, қырылып қалу фактілерін 40 %-ға азайды.

Үшіншіден, су деңгейінің көтерілуі теңіз жағалауларындағы мұнай ұнғыларын, мұнай қоймаларын, мұнай өңдейтін өнеркәсіп орындарын, балық комбинаттарын, елді мекендерді су басып, орасан зор шығын келтіре бастады.

Төртіншіден, мұнай игеруге шетелдік инвесторларды тарту Каспий теңізінің экологиясын одан әрі шиеленістіре түсуде. Мұнай өндірумен бірге ауаға шығатын ілеспе газдардың көтерілуі аймақтың ауа ағынында зиянды газдар үлесін көбейтіп отыр. Теңіз жағалауларының тозуы техногендік процестерді жылдамдатып, аумақтың шөлге айналуына себепші болып отыр.

Каспий мәселесі бүгінгі таңда күрделі аймақтық экологиялық проблемаға айналды. Каспий мұнайын игеру жоғары қарқынмен жүргізіліп, ұзақ жылдарға жоспарлануда. Бұл мәселе тек Қазақстанға ғана емес Ресей, Әзірбайжан, Түркменстан және Иран республикаларына да тән ортақ іс. Ең бастысы Каспий теңізінің фаунасы мен флорасының әр түрлілігін сақтап қалу. Каспий мәселесі Біріккен Ұлттар Ұйымының деңгейінде көтерілуде. Соның бірі 1999 жылы Көкшетау қаласында «Каспий теңізінің биокөптүрлілігін сақтаудың белсенділігін бағалау» тақырыбында өткен бірінші аймақтық семинар болды. Мемлекетаралық деңгейде өткен кеңестік мақсаты - Каспий жағалауларындағы мемлекеттермен бірге отырып, Каспий теңізінің экологиялық мәселелерін шешудің ең тиімді жолдарын қарастыру. Теңіз экожүйесінде туындап отырған мәселелерді саралап және баға бере отырып, экологиялық апаттарға жол бермеуге және оны тез арада шешуге мақсат қойылды. Бұл игі істер адам баласының дүниежүзілік маңызы бар Каспий сияқты су айдынын сақтап қалу шараларының бастамасы.

«Мұнай компаниялары өндіріс қалдықтарының атмосфераны ластауының мөлшерінен асты деген мынадай мәліметтер қазақстандық басылымдарда бірнеше рет келтірілді. 1997-жылы Шеврон компаниясы химиялық уландырылған заттардың 18000 тоннасын ауаға тастайды (осы сияқты ластандырудың әрбір түрлерінің мөлшері АҚШ-та жылына 10 тоннаны құрайды). Ал 1998-жылы Шеврон бұл өндіріс қалдықтарының шығындарын 80000 тоннаға жеткізетіні, сонымен қатар бұл жасалған шараларының зардаптарына және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына тигізген залалдарына ешқандай кепілдік бермейтіндігі жөнінде қазақстандық билікті хабардар етті» [117].

Адамдардың ауыр металдардан зардап шегуі дүниежүзілік мәселе деңгейінде қалып отыр. Сынап кадмий, қорғасын, мырыш, т.б. металдар азық-түлік арқылы адам организміне түсіп, түрлі аурулар әкеледі. Этилендірілген бензинді пайдалану кезінде адам организміне түсетін қорғасын да өте қауіпті.

Сонымен қатар, қазіргі таңда әлеуметтік және экологиялық мәселелердің шиеленісу жағдайының тарихи негіздемесі эволюциялық сипатқа ие. Бұл жерде қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешу бойынша маңызды теориялық және практикалық аспектілері талданады.

### **1.3 Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелерге байланысты әлеуметтік жағдайы мен ахуалы**

Қазіргі кезде Қазақстан - бүкіл дүниежүзі мойындаған дамушы елдердің бірі, біздің ел Тәуелсіз мемлекеттер достастығы кеңістігіндегі әлеуметтік-экономикалық реформаларды лайықты жүргізе білген және оның жемісін көріп келе жатқан жалғыз ел десек артық айтқандық емес. Сондықтан біз енді-енді еңсемізді көтеріп, етегімізді жиып келе жатқан кезде еліміздің қол жеткізген осы жетістіктерін ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп, оның ары қарай жалғасын таба беруіне қолда бар мүмкіндіктің бәрін жасауымыз керек деп ойлаймыз. Бұл үшін қандай іс-шаралар атқарылуы керек? Біздің пікірімізше, бұл үшін ең алдымен еліміздің тәуелсіздігі сақталып, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастық нығаюы керек, еліміз әлеуметтік-экономикалық салада халықтың тұрмыс деңгейін жақсарту алатын реформалар жүргізілуі тиіс, сонымен бірге еліміздің барлық салада бәсекеге қабілетті болуы үшін білім және ғылым деңгейі әрқашан жоғары болуы керек, адамның шымыр да шыдамды, жинақы да жігерлі болуы үшін салауатты өмір салтының принциптері қалыптасып, дене тәрбиесі мен спорттың кеңірек насихатталғаны абзал.

Біздің еліміздің келешегі - жастардың қолында, сондықтан Қазақстанның қарқынды дамып, оның әлеуетті мүмкіндігін арттыру үшін жоғарыда аты аталған іс-шаралармен бірге біз өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, оның бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға баса назар аудару жұмыс істеуіміз керек.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде былай деп жазады: «Сонымен біз тәуелсіз мемлекет құрдық. Өз тарихымызда тұңғыш рет осындай қалыпта, осындай аумақта

құрдық. Біздің уақытымыздың бұлжымас фактісі, міне осы! Сонымен бір мезгілде біздің экономика негіздерінің өзін түбірінен өзгертуімізге тура келді. Дұрыс шешімін таппаған экономика терең дағдарысқа ұшырады. Инфляция шарықтады. Банк жүйесінің кембағалдығы сауданы тұқыртып, төлем тапсырмаларын орындау айларға созылып кетті.

Ахуалды ауырлатып тұрғаным жоқ, расы сол, 1990-жылдардың басында біз күздан құлауға шақ тұрдық. Қазақстанда 1990-1994-жылдары өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі тең жартысына кеміп кетті. Ауыл шаруашылығында құлдырау үштің біріне дейін жетіп, ал көлік тасымалы тіпті үштен екіге кеміді. Өнеркәсіп алыптары тоқтап, жұмыссыздық өршіді, жаппай экономикалық қоныс аудару басталды. Мемлекеттің өз кәсіпорындарын басқаруға дәрмені жетпей, олар өнім сатуға емес, қоймаға жұмыс істеп жатты» [118].

Егемендікті жария еткен мемлекет социализмнен капитализмге өтуге мәжбүр болды. Дамудың нақты түзілген бағдарламаларының арқасында бұрынғы «кеңестік» мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстан бірінші қатарға шықты. Қазіргі таңда Қазақстанның алға шығуға арналған старттық алаңы бар. Тәуелсіз 12 жыл ішінде осыған платформа жасады [119].

Бәсекеге барынша қабілетті 50 ел қатарына ену жөніндегі стратегияда мемлекет басшымыз: «Шетелдіктер қатысатын ғылыми орталықтарды дамыту жөн. Шетелдік мемлекеттерді, корпорациялар мен академиялық орталықтарды Қазақстанда жаңа ғылыми орталықтар құру үдерісіне тарту керек», - дейді. Бұл да уақыт талабы және еліміздің жаңа тынысын ашатын шара. Еуразия ұлттық университеті инженерлік-экологиялық бірлескен жобаны болашақта ғылыми орталық құру ісіне бағыттап келеді. Сонымен бірге біз құрылысы бітуге даяр елордалық Ядролық орталықты (Ауыр иондарды жеделдету базасындағы пәнаралық орталық) әлемге әйгілі Ресей Ядролық орталығымен, Ғарыштық мониторинг және сәулелену орталығын дүние жүзіне танымал ресейлік ғарыш саласының орталықтарымен бірлесе дамытуды көздеп отырмыз. Қазірдің өзінде Еуразия университетінде Елбасы тапсырмасына сәйкес жаратылыстану-техника саласының білікті мамандары біршама толық топтасты. Енді осы ғалымдар шоғырын мемлекеттік инновациялық бағдарламаларды жүзеге асыруға тарту - күн тәртібінде тұрған өткір мәселе [120].

«Адам оқып та жетіледі, тоқып та жетіледі» дейді халқымыз. Қоғамымыздың толық жаңаруы бізден ағымдағы өмір сұранысына икемді болуды талап етіп отыр. «Кеңес кезеңі керемет еді» деп артқа шегінудің реті жоқ, өйткені ол дәуірдің жетістігі өз өресіне сай болды. Ол жетістік қоғамды алға сүйреді деп тағы да айта алмаймыз. Сондықтан Елбасымыз айтқандай: «Қазақстан - тек қана алға!». Бұл бастама-ұранның астарында көп мән бар. Осы Стратегиядағы «кадрларды қайта даярлау» ұсынысы - алға жылжудың өзегі. Қоғамға, ортаға, отбасына, тіпті өзіне керексіз болып қалған жаман. Сондықтан қоғам жақсылыққа қарай өзгергенде адам да жақсылыққа қарай өзгеруі тиіс. Тәуелсіздіктің арман-мүддесі, философиясы - тек қана жақсылық. Олай болса, мәселен, тәуелсіз мемлекеттің әр азаматы сол мемлекеттің қай ісіне жарай аламын деп өмір сүруі қажет. Азаттық жеңісінің мәні осында.

Егер біз, Н.Ә. Назарбаев нұсқағандай, қоғамымыздың зерделі бөлігін аз уақытта жаңа қоғам қажетіне керек мамандықтарға қайта даярласақ, көп олжаны қанжығамызға байлар едік. Осы ретте жауапкершіліктің көп салмағы жоғары мектепке түсері сөзсіз. Біз сан қумауымыз керек, сапа қууымыз керек. Ойлы іс атқарып, орайлы қадам жасасақ, Қазақстанда да Үндістандағыдай инженерлік-технологиялық орталықтарға қол жеткізуге болады. Жаңа бағыт осыны нұсқап отыр. Бұл - әрі сенім, әрі жауапкершілік арту. Еліне, мемлекетіне әрқашан үміт артатын және ол үмітінің ақталатынына толық сенетін Нұрсұлтан Әбішұлы дәл осы жолы Үндістанның бүгінгі жетістігіне тоқталды. Бодан елден бостан елге айналып, 30-40 жылдың ішінде технология, инженерия саласында миллиардтан астам халқының ғана емес, әлемнің қажетіне жарар пайдалы ісімен көрінген Үнді мемлекетінің үлгісі өркендеуге бағыт алған Қазақстанға жат болмауы тиіс. Бұл мәселеде де еліміздің жоғары мектебі және ғылыми орталықтары көп ойлануы керек және батыл іс-әрекетке баруы қажет [121].

Сонымен, мемлекет басшысы еліміздің алдына Қазақстанды әлемге танытатын шараларға бағыттаған жаңа міндеттер қойды. Мол мүмкіндікті байыпнатқызды, әлеуетімізді салмақтатқызды. Байқасақ, озық 50 елдің қатарына кіруге мүмкіндік те, әлеует те бар екен. Бас жоспар жасалды, атқарылуға тиіс жөн-жоба да көрсетілді. Ендеше ел болып жауапкершілікті сезініп, тізе қосып бірігіп, қойылған міндеттерді орындау - бәрімізге сын.

Қай қоғамның болсын жедел жаңаруы сол қоғамның талап-тілегіне, арман-мүддесіне байланысты екені мәлім. Жедел жаңару, немесе халықаралық тілмен айтқанда модернизация - опық жегеннің құр дүрмекке еруі емес, бұл - мемлекеттің жаңа жағдайға сай дамуы мен өркендеуіне себепші кешенді іс-шаралардың жүйесі.

Әлем жұртшылығы «амбициялық шешім деп айтып жататын ұғым бар. Бұл - талап пен жүректілікті аңғартатын тіркес. Бейнелі сөйлейтін халқымыз мұны «тәуекел түбі - жел қайық», «бар болсаң - нар бол» ұғымдарына сыйдырған. Ал енді осы сөздердің мәні тәуелсіздігіміздің 18 жыл ішінде толық ашылды дей аламыз. Қай өлшеммен қарасаңыз да бір ақиқат нәрсе: Қазақстан Республикасының барша табыстары Н.Ә. Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Жеңістердің ұйытқысы да, дәнекері де - халық аманатын арқалаған Елбасы. Қазақстан үшін мәні айрықша осы бір құбылысты әлем бүгінде «Нұрсұлтан Назарбаев феномені» [122] дейтін болды.

Мемлекет басшысы Қазақстан азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуға тиістілігін, мұны ұлтымыз бен экономикамыз бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана істей алатынымызды атап көрсетіп, бәсекеге қабілеттілікке қалайша жетуге болатынын жүйелеп берген болатын. Атап айтқанда, олар: инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыту; шағын және орта бизнесті өркендету; аграрлық іс-шараларды жүйелеу; қаржылық секторды өрістету; жаңаша білім беру мен кәсіптік даярлауды жетілдіру; әлеуметтік қамсыздандыру мен мәдениетті барынша сапаландыру. Бұл ретте Елбасы саяси реформалар да экономикалық және әлеуметтік жаңарумен қатар жүру керектігін алға тартып отыр.

Сөз бен істің бірлігі - жедел жаңаруға бет түзеген Қазақстанның бүгінгі шындығы. Өмір бір орында тұрмайды: заман да құбылмалы, әлемдік құбылыстар да өзгермелі. Бірақ әрбір мемлекет үшін жақсылық пен өркендеудің бастауы - халық. Олай болса, халықтың арман-тілегі, талғам-таразысы басты назарда болуы тиіс.

Біз осындай парасатты пайымды Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2006-жылғы 18-қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзінен тағы да ұқтық. Еліміздің әрбір тұрғыны үшін аса маңызды бұл тұжырымдама «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деген атқа ие болды.

Аталған Стратегияның мән-маңызын түсіндірген кіріспе сөзінде Елбасы: «Бұл стратегияның негізінде ұлттық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен Қазақстанның халықаралық нарықтарға шығуы үшін өңірлік және жаһандық экономиканың артықшылықтарын пайдалану алынған», - деп атап көрсетті. Расында, кезең-кезеңмен жүзеге асырылып келе жатқан толық бәсекелестікке жету бағытындағы іс-шаралар заман талабымен санасқан осындай кешенді жұмыстарды талап етеді.

Стратегияда алты басымдық айқындалып, оны орындаудың нақты жөн-жобасы көрсетілген. Бұл ретте экономикамызға соны серпін, жаңа күш беретін, нарықтық қағидаттарды мейлінше жүйелі орнықтыратын, әлеуметтік даму мен кәсіпкерліктің өрістеуіне қолайлы жағдай туғызатын, индустрия мен түрлі инфрақұрылымдарды одан әрі жетілдіретін мемлекеттік іс-шаралар жете талданып-таразыланған. Сөйтіп, бүгінгінің міндеті мен жақын болашақтың алар биігі сабақтастықта қарастырылған.

Әрине, Стратегиядағы әрбір басымдық мемлекетіміздің тиісті әрбір саласына жауапкершілік жүгін артады. Осы орайда білім және ғылым саласы өкілдеріне «Әлсіздерді қорғайтын және экономика мен елдің дамуын қолдайтын осы заманғы әлеуметтік саясат» аталынатын III басымдықтың төртінші және бесінші тармақтары, атап айтқанда, «Осы заманғы білім беру және білікті кадрларды дайындау жүйесін дамыту», «Кадрларды қайта даярлау» міндеттері тапсырма үдесінен шығуды аманаттайды [123].

Сабақтастық, мәмілегерлік, үйлесімділік қағидаттарын үнемі назарда ұстап келе жатқан Елбасы 2005-жылғы сайлау алды бағдарламасында тарихымыздағы елінің ертеңі үшін аянбай күрескен тұлғалар аманатына адал болуды айрықша айтып еді. Біз ешқашан тақыр жерде пайда болдық деп айтуға тиіс емеспіз: барды байытуға, жоқты өз дәстүрімізге сай орнықтыруға тиіспіз. Елбасымыз отандық білім мен ғылым бойына әлемдік тәжірибе негізінде қан жүгіртуді ойлағанда, сөзсіз мәселені тереңінен қарастырады, байыпты жөн-жоба сілтейді.

Жаппай саяси қуғын-сүргіндерден, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен адамдарға біржолғы өтемақы төлеу жалғастырылуда. 2004-жылға арналған республикалық бюджетте ақталған азаматтарға өтемақы төлеуге 854,1 млн. теңге, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен зейнеткерлер мен мүгедектерге біржолғы төлемге - 197,1 млн. теңге көзделген [124].

Белгілі тұратын жері жоқ адамдарды әлеуметтік қолдау шаралары қабылданды. «Белгілі тұратын жері жоқ адамдарды оңалту орталықтарын құру туралы» 2000-жылғы 16-наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №408 қаулысына сәйкес қазіргі кезде 20 Орталық жұмыс істейді. Осы Орталықтардың қызметін жетілдіру мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Орталықтың қызметін ұйымдастыру ережесіне, белгілі тұрағы жоқ адамдардың Орталықта болу мерзімін өзгерту бөлігінде өзгеріс енгізу туралы бұйрық шығарды.

**Кесте 1. Төленген атаулы әлеуметтік көмектің орта айлық мөлшері және алатындардың саны**

	2003		2004		2005		2006	
	алатындардың саны, адам	орта айлық мөлшері, теңге	алатындардың саны, адам	орта айлық мөлшері, теңге	алатындардың саны, адам	орта айлық мөлшері, теңге	алатындардың саны, адам	орта айлық мөлшері, теңге
<b>Қазақстан Республикасы</b>	899538	706,0	634085	762,3	516876	827,4	349413	805,1
Ақмола	35643	741,6	25865	802,9	20453	916,4	14964	852,4
Ақтөбе	69221	664,8	30494	839,2	24167	991,6	16834	974,4
Алматы	122024	586,2	58938	592,0	36164	756,7	26588	664,5
Атырау	64648	1002,7	42028	972,9	29392	919,2	17968	952,2
Батыс Қазақстан	40488	781,6	28811	849,3	27502	969,5	22038	811,6
Жамбыл	70082	414,9	60308	425,1	56887	426,4	14782	360,5
Қарағанды	63744	732,5	49576	770,3	38333	861,1	29842	855,6
Қостанай	30457	506,2	26509	591,2	21192	723,3	17505	771,8
Қызылорда	69491	750,9	49144	778,4	35128	736,0	21564	648,9
Маңғыстау	26752	988,0	17909	1108,8	13766	1176,8	11255	1264,4
Оңтүстік Қазақстан	120640	569,2	91783	623,0	76896	629,1	49950	453,9
Павлодар	45512	879,6	29304	954,9	24556	1098,6	21590	1167,8
Солтүстік Қазақстан	35199	599,9	32122	688,2	28238	770,9	21806	846,0
Шығыс Қазақстан	89094	884,5	78984	973,3	72856	1066,4	54410	874,9
Астана қаласы	2651	957,0	2763	1032,5	2315	1275,5	1758	1239,4
Алматы қаласы	13892	985,5	9547	1271,0	9031	1271,5	6559	1644,9

Сондай-ақ, 1-ші кестеде Қазақстан Республикасындағы төленген атаулы әлеуметтік көмектің орта айлық мөлшері және алатындардың саны бойынша негізгі көрсеткіштері көрсетілген [125].

Кестеде көрсетілгендей, 2003-жылы төленген атаулы әлеуметтік көмектің орта айлық мөлшері Қостанай облысында 506,2 теңгені құрады. Ал, кестеден байқағанымыздай, атаулы әлеуметтік көмекті алатын адамдардың аз бөлігін құрайтын Астана қаласының тұрғындары болып есептеледі.

2004-жылы Министрлік Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен, «Қазақ тамақ академиясы» ЖАҚ-мен, БҰҰДБ, ХЕҰ, еңбек Ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп, азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар мен қызметтер көрсетуге арналған нақты шығындарды ескере отырып,

ең төмен күнкөріс деңгейінің деңгейі мен құрылымын талдады, ең төмен күнкөріс деңгейін анықтаудың халықаралық тәжірибесін зерттеді. Жұмыс қорытындылары бойынша 2004-жылғы 19-қазанда Министрлік Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасымен, ХЕҰ-мен бірлесіп «Қазақстан Республикасындағы кедейлік және әлеуметтік стандарттар: ең төмен күнкөріс деңгейін анықтаудың әдісін жетілдіру» тақырыбына семинар өткізді. Ең төмен күнкөріс деңгейінің құрылымын азық-түлік емес тауарлардың бекітілген үлесін көбейту жағына жетілдіру жөніндегі жұмыс жүзеге асырылуда.

Ең төмен тұтыну себетінің азық-түлік құрылымын ұлғайту жөнінде жұмыс жүргізілуде. Азық-түлік мөлшерін 20-дан 43 атауға дейін көбейту көзделіп отыр. Бұл жұмыс 2005-жылы одан әрі жалғастырылады. 2005-2007-жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасын іске асыру мақсатында, алғашқы медициналық-әлеуметтік көмек деңгейінде халыққа медициналық-әлеуметтік көмекті сапалы және тиімді көрсетуді одан әрі дамыту үшін 2004-жылы 9-желтоқсанда Министр Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі және Америка халықаралық денсаулық сақтау одағы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. 2005-жылғы қаңтардан бастап Орал және Семей қалаларында медициналық және әлеуметтік қызметтер көрсетудің пилоттық жобалары қолданылуда [126].

2005-жылдың 1-қаңтарынан бастап «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстанда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілді. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің басты мақсаты - әлеуметтік қатерлердің, атап айтқанда еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан және жұмысынан айырылу қатерлерінің туындауы нәтижесінде жоғалған табыстың бөлігін өтеу.

Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қорғау тұжырымдамасына сәйкес, әлеуметтік қорғау жүйесін одан әрі реформалаудың негізгі аспектілерінің бірі әлеуметтік қатерлердің туындауы кезінде әлеуметтік қорғау жүйесінің үш деңгейлі жүйесін енгізу болып табылады.

Көрсетілген тұжырымдама шеңберінде әзірленген «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заң екінші деңгейді енгізуді көздейді және ол әлеуметтік қатерлер туындағанда заңды сектор қызметкерлерін қосымша қорғау жүйесін құруға бағытталған. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің енгізілуі әрбір азаматтың өзінің болашағы мен өз отбасының әл-ауқатына деген жауапкершілігін ынталандыруға, заңды еңбек нарығының кеңеюіне және еңбек қатынастарының заңдастырылуына ықпал ететін болады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі жұмыс берушілер өздерінің қызметкерлері үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеу нысанынан: 2005-жылы - 1,5 %, 2006-жылы - 2 %, 2007-жылы - 3 % мөлшерінде ай сайын [127] аударып отыратын аударымдардан қалыптасатын болады. Аударымдардың осы түрі жұмыс берушіге қосымша ауыртпалығын түсірмейді, себебі, жарналар әлеуметтік салық мөлшерлемесін төмендету есебінен жүргізіледі.

1997-жылдың 15-шілдесіндегі № 160-1 «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының басқа да территорияларындағы экологиялық жағдай Үкіметпен жария етіледі. Экологиялық зардап аймағы Қазақстан Республикасы заңымен бекітіледі. Экологиялық зардап шекарасын анықтау қоршаған ортаны қорғау мен денсаулық сақтау, ғылым аясындағы арнайы өкілеттік органдардың жағымды қорытындысы болса Үкіметпен жүзеге асырылады [125, б. 81].

Семей ядролық полигонында 40 жыл бойы ядролық қаруларды сынақтан өткізудің соңы дені сау адамдардың орны толмас ауруға шалдығып, қоршаған ортаның бүлінуіне әкеп соқтырды, халықтың арасында өлім мен ауру көбейді. Семей полигоны территориясына жататын Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары экологиялық апат аймағына жатқызылды.

Ядролық сынақтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мұңлы нәтижесін айтпасқа болмайды. Осы салдарды жоюда, халықты емдеу, сауықтыру, қалпына келтіру мен территорияның әлеуметтік-экономикалық дамуын әлеуметтік қорғауда арнайы мемлекеттік бағдарлама жасалды. (1992-жылдың 18-желтоқсанындағы «Семей ядролық сынақтан өткізу аймағында сынақтан өткізу салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қараңыз).

Ядролық сынақтан зардап шеккендерге мыналар жатады:

- әуе және жер асты ядролық жарылыстары кезеңінде радиактивті қалдықтармен былғанған территорияда тұрған, жұмыс істеген, қызметте болған азаматтар;

- 1966-1990 жылдар аралығында әуе және жер асты ядролық жарылыстары кезеңінде радиактивті қалдықтармен былғанған территорияда тұрған, жұмыс істеген, қызметте болған азаматтар;

- 1949-1990 жылдары әуе және жер асты ядролық жарылыстары кезеңінде радиактивті қалдықтармен былғанған территорияда тұрған, жұмыс істеген, қызметте болған азаматтар;

- Қазақстан Республикасының 1992-жылдың 18-желтоқсанындағы «Семей ядролық полигонын сынақтан өткізу кезінде зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының баптарында көрсетілгендей, сынақ кезеңінде сол аймақта ата-анасының біреуі болғандардың балалары [125, б. 82].

Ядролық сынақтан зардап шеккендерге жеңілдіктер мен төлемдерге мүмкіндік беретін арнайы куәлік беріледі. Куәлікті алу үшін Семей ядролық қаруды сынақтан өткізу аймағындағы сынақ салдарынан зардап шеккендерге төленетін бір реттік мемлекеттік ақшалай төлемдерін төлеуге байланысты азаматтарды тіркеу ережесіне сәйкес міндетті тіркелу қажет.

Ядролық сынақ салдарынан зардап шеккендерге олардың тұрған аймақтары бойынша жеңілдіктер беріледі. Оларды мынадай аймақтарға бөледі:

- төтенше радиациялық қауіпті аймақ Саржал ауылдық кеңесінің Абай ауданы, Долон және Бөденелі ауылдық кеңесінің Бесқарағай ауданы, Семес облысының Сарапан елді мекені мен Иса Жаңасемей ауданы;



- жоғары радиациялық қауіпті аймақ Абай, Абыралы, Бесқарағай елді мекендері, Семей облысының Жаңасемей ауданы, Ақжар және Павлодар облысының Малдар ауылдық кеңесінің Май ауданы;

- өте жоғары радиациялық аймақ Шұбартау, Жаңа шұлбі, Бородулиха, Шар, Жарма, Аягөз аудандарының елді мекендері, Семей облысының Курчатова қаласы, Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданы, Павлодар облысының Май ауданы, Шығыс Қазақстан облысындағы Лениногорск және Өскемен қаласы, Таврия, Глубоковский, Шемонаиха аудандары;

- аз мөлшердегі радиациялық аймақ Семей облысының Мақаншы, Үржар, Таскескен; Көкпекті, Ақсуат аудандары, Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы, Павлодар облысының Лебяжье ауданы, Шығыс Қазақстан облысының Зырян, Самар, Серебрянск, Зайсан және Тарбағатай аудандары;

- әлеуметтік-экономикалық жеңілдік алған аймақ Павлодар облысының Баянауыл ауданы.

Ядролық сынақ салдарынан зардап шеккендерге берілетін жеңілдіктер мен төлемдер:

- Бірреттік ақшалай өтемақы.

Ядролық сынақтан зардап шеккен азаматтарға бірреттік шығын өтемақысы беріледі, аймақтар бойынша:

- төтенше радиациялық аймаққа - 1949-1965 жылдар аралығындағы әр жылға 5 айлық есептік көрсеткіш және 1966-1999 жылдар аралығындағы әр жылға бірайлық есептік көрсеткіште;

- жоғары радиациялық аймаққа - 1949-1965 жылдар кезеңіндегі әр жылға 2,5 айлық есептік көрсеткіште және 1966-1990 жылдардағы әржылға бір айлық есептік көрсеткіште;

- өте жоғары радиациялыққа - 1,5 айлық есептік көрсеткіш бойынша 1949-1965 жылдардағы әр жылға және 0,75 айлық есептік көрсеткіш бойынша 1966-1990 жылдар аралығындағы әр жылға;

- аз мөлшердегі радиациялық аймаққа - 1949-1965 жылдар кезеңіндегі әр жылға бір айлық есептік көрсеткіш бойынша және 1966-1990 жылдар арасындағы әр жылға 0,5 айлық есептік көрсеткішпен;

- Әлеуметтік-экономикалық жеңілдік алған аймақ - 0,25 айлық есептік көрсеткіш бойынша 1949-1990 жылдар аралығындағы әр жылға төленеді [128].

Әлеуметтік сақтандыру жүйесін басқаруға бірқатар мемлекеттік органдар, атап айтқанда, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк қатысады.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізуге дайындық жұмыстары аясында қазіргі уақытта қажетті нормативтік құқықтық базаны әзірлеу жөнінде жұмыстар атқарылуда. Осы орайда, Салық кодексіне тиісті өзгерістер енгізіліп, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, сонымен қатар, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірқатар актілері әзірленіп қабылданды.

Көп жылдардан бері Арал экологиялық апат аймағының кіндігі саналып келген Қызылорда облысында ақсақалдық жасқа жеткен ағаларымызға зейнетақы тағайындауда өңірге ғана қатысты өзіндік ерекшеліктер кездеседі. Дегенмен, қоғамымызда бұл жайында жақсы хабардар болғанымен, ендігі бір ауқымды топ сол зейнетақыны есептеудегі қиыр-шиыр қисаптардың тереңіне оншалықты бойлай бермейді.

Ядролық сынақтар өткізілген аймақтарда тұратын әйелдерге жүктілігіне және тууына байланысты әлеуметтік жәрдемақылар тууына 170 күнтізбелік күн қалғанға дейін және босануы кезінде немесе екі немесе бірнеше баланы босану кезінде қиындықтар болса кейінгі 184 күнге де төленеді.

Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүдделі органдармен бірлесіп, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың басшы құрамына еңбекақы төлеудің және сыйлық ақы берудің тәртібі туралы үлгілі ереженің жобасын әзірлеуге кірісті [129].

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Даниал Ахметовтің тапсырмасы бойынша осы жұмысты жүзеге асыру үшін жұмыс тобы құрылған болатын.

Мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың басшыларына еңбекақы төлеу мәселелері Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен 2006-жылғы 20-қыркүйекте Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында қаралды.

«2007-жылдың аяғына таман мемлекеттік атаулы көмек туралы заңға өзгерістер енгізілген заң жобасы Парламентке ұсынылады. Бұл туралы Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Гүлжан Қарағұсова мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат. Министрдің айтуынша, Елбасы Жолдауын жүзеге асыруға орай әзірленіп жатқан құжатта көп балалы отбасыларды қолдауға ерекше көңіл бөлу мәселелері қамтылатын болады.

«Ағымдағы жылы әлеуметтік сала бойынша қосымша екі жаңа жәрдемақы жүйесі тағайындалды. Оның бірі бала күтіміне байланысты әмбебап жәрдемақы болса, ол бойынша шілденің 1-інен бастап, 3 немесе 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жәрдемақы тағайындау қарастырылған. 2007-жылдың қаңтарынан аз қамтылған отбасы балаларына жәрдемақылар төленіп келеді. Бұдан былай да балалар жәрдемақысын тағайындау мен төлеу және атаулы әлеуметтік көмек министрліктің ерекше бақылауында болады» - деді министр.

Жиын барысында Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, әлеуметтік қызмет көрсету саласы одан әрі дами беретініне тоқталған министр, бұл мәселеге мемлекеттің қолдау көрсетуі ұзақ уақыт бойы мүмкін болмай келгенін атап өтті. Оны шешу үшін, әлеуметтік қызмет көрсету саласы бойынша мемлекеттік стандарттарды енгізу қажет. «Сонымен қатар, саланы дамыту барысында әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға да баса назар аударылып келеді.

Мәселен, 2002-жылға қарағанда әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындар ағымдағы жылғы жоспарланған шығындарды қоса есептегенде 2,3 есе өсті. Яғни, жалпы алып қарасақ, бұл сома

160 млрд. теңгеден 374 млрд. теңгеге дейін көбейді. Бұл өз кезегінде халықты әлеуметтік қолдауға, кедейшілікпен күрес шараларына және жұртшылықтың өмір сүру сапасына оң әсер ететіні сөзсіз» [130], - деді министр.

2005-жылдан бастап денсаулық сақтау саласын дамыту мен реформалау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуы саланың таңдап алынған стратегиялық даму бағытының негізінен дұрыс және тиімді екенін дәлелдеді.

Қазақстанда ең жоғары деңгейдегі осы заманғы клиникалар құру мен оларды басқару үшін шетелдік жетекші компанияларды тарту қажет.

Медициналық қызметкерлерге ақы төлеуде көрсетілген медициналық көмектегі еңбектің сапасын, көлемі мен күрделілігін, сондай-ақ біліктілік деңгейін ескере отырып, жұмыстың соңғы нәтижесіне қарай жаңа қадамдар жүзеге асырылуға тиіс.

Министрлік мүгедектерді медициналық, кәсіптік және әлеуметтік оңалтудың тиімді және ең жоғары нәтижелеріне жетуге бағытталған медициналық-әлеуметтік сараптаманы ұйымдастыруға және дамытуға үлкен назар аударады.

Алғашқы куәландыру нәтижелері бойынша 2004-жылы мүгедек деп барлығы 36,6 мың (2003-жылы - 37,6 мың адам) адам, олардың 7651 «мүгедек-бала» санаты бойынша (2003-жылы - 7081 бала). 2004-жылы республика бойынша 150,1 мың мүгедек (2003-жылы - 152,2 мың мүгедек) қайта куәландырудан өтті, олардың ішінен 143,9 мың адам (2003-жылы - 145,4 мың адам) мүгедек деп танылды. Қайта куәландырудан өткен мүгедектер қатарынан 6903 адам немесе 4,6% (2003-жылы - 6815 адам немесе 4,5%) толық оңалды, яғни еңбекке жарамды деп танылды [130, б. 21].

Жалпы Республика бойынша 2004-жылы мүгедектер негізгі көрсеткіштерінің тұрақтану жағдайы байқалады. Мүгедектердің орталықтандырылған деректер базасы бағдарламасы (МОДББ) әзірленді. Оңтүстік Қазақстан және Астана қаласында пилоттық жобалар енгізілді. Аурулар мен мүгедектерді айығу жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын іске асыру мақсатында ведомствоаралық жұмыс топтары құрылды. Медициналық-әлеуметтік сараптама және аурудың әр түрлі нозологиялық нысандары кезінде мүгедектерді оңалту мәселелері жөнінде техникалық тапсырмалар әзірленді.

Бақылау және консультативтік, әдістемелік көмек көрсету мақсатында 2004-жылы Министрлік МӘЖ қызметінің 2003-жылға арналған жұмысының қорытындылары бойынша республиканың барлық өңірлеріне сапарға шығуды жүзеге асырды. Голландияның медициналық-әлеуметтік және айықтыру жөніндегі жұмысының халықаралық тәжірибесі зерттелді.

2004-жылы мүгедектерді протездік-ортопедиялық бұйымдармен және сурдотифлоқұралдармен қамтамасыз ету жөнінде түгендеме және деректер базасы құрылған болатын. Мүгедектерді дұрыстаудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының жобасы әзірленді.

Мүгедектерді оңалту процесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралардың арасында куәландыру тәртібін мүгедектерді медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен сәйкестікке келтіру арқылы, мүгедектіктің себебін, тобын, еңбек ету қабілетінің дәрежесін белгілеуді

жетілдіру. Ағза бұзушылық дәрежесін, тіршілік ету қабілетін сыныптауды Халықаралық қызмет ету мен тіршілік ету қабілетін шектеу және денсаулық сыныптауына (ХКС) сәйкес жетілдіру істері алдымызда тұрды.

«395 мың мүгедек, оның ішінде 16 жасқа дейінгі 47,8 мың мүгедек-бала әлеуметтік қорғау органдарының есебінде тұр. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп 2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді оңалту бағдарламасында көзделген іс-шаралар жоспарын іске асыру жөнінде жұмыс жүргізілді. Бағдарламаны іске асыру үшін 2004-жылы мемлекеттік бюджеттен 1921,8 млн. теңге көзделген, ол толық көлемде игерілді (2003-жылы осы сома 1410,2 млн. теңге құраған)» [131].

Есту бойынша мүгедектерді сурдоқұралдармен және сурдоқөмекпен қамтамасыз ету үшін 2004-жылы республикалық бюджеттен 235672 мың теңге сомасында 6873 есту аппараттарын, 1000 көпфункционалды дабыл жүйелерін, 320 телефакс, мәтіндік хабарлауы бар және хабарларды қабылдайтын 2150 ұялы телефондар сатып алу үшін қаражат көзделген. Тифлоқұралдар сатып алуға арналған шығындар 36000,0 мың теңгені құрайды [132].

Қазіргі кезде қолданылып жүрген «Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» Заң 1991-жылы қабылданған болатын. Онда ТМД елдерінде алғаш рет мүгедектердің тіршілік әрекеті үшін оларды тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және ұйымдық жағдайлар туғызу ресми түрде мәлімделді.

Заң қабылданғаннан кейінгі өткен жылдарда мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық анықтау, әлеуметтік қолдау және түзеу жұмыстарын жақсарту жөнінде белгілі бір шаралар қабылданды: стационарлық әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінің жүйесі кеңейді, мүгедектерге берілетін компенсаторлық техникалық көмекші құралдардың сапасы жақсарды, мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына қол жеткізу мүмкіндіктері ұлғайтылды.

Сонымен қатар, көптеген жылдар бойында қалыптасқан әлеуметтік қорғау жүйесі жарияланған саяси парадигманы іске толық асыруға мүмкіндік бермеді. Осы уақытқа дейін Заңға 10 түзету, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, сөйте тұра оның жекелеген нормалары декларативті сипатта қалды [133].

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектер құқықтары туралы декларацияға, мүгедектерге қатысты дүниежүзілік іс-әрекет бағдарламасына, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің стандарттық ережелеріне орай жаңа тұжырымдама «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заң жобасын (бұдан әрі - заң жобасы) әзірледі [134].

Қолданысқа енгізілген «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» және «Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеуге жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарымен қатар жаңа заң жобасы мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесінің заңды негізі болып табылады.

Заң жобасының қолданылып жүрген заңнамамен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар:

- онда мүгедектерді әлеуметтік қорғау мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары нақтыланды әрі жүйеленді;

- мүгедектерді әлеуметтік қорғау, қоғамға кірігу, ақпаратқа қол жеткізу, білім алу, денсаулық жағдайын ескере отырып, қызмет түрін еркін таңдау, кепілді тегін медициналық көмек алу, кәсіби даярлау және қайта даярлау, еңбек ету қабілетін қалпына келтіру және жұмысқа орналасу құқықтары адамның негізгі құқықтары ескеріле отырып белгіленді;

- мүгедектерді медициналық, әлеуметтік және кәсіптік түзету жүргізу жөніндегі шаралар нақтыланды;

- мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың медициналық үлгісінен медициналық-әлеуметтік үлгісіне көшу көрсетілді, мүгедектердің алдын алу (денсаулық қорғау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету) жөніндегі шаралар көзделді;

- мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілер арасындағы мүгедектіктің алдын алу жауапкершілігі жіктеліп бөлінді. Жергілікті деңгейдегі алдын алу жұмыстарын жақсарту және медициналық оңалтудың нәтижелілігін арттыру үшін мемлекеттік медициналық-әлеуметтік сараптама қызметінің денсаулық сақтау органдарымен, мүгедектерді оңалту мекемелерімен өзара бірлескен іс-қимылы көзделеді;

- мүгедек адамдардың, сондай-ақ жиі және ұзақ ауыратын, мүгедектікке әкеліп соғатын паталогиясы бар адамдардың дерек қорын құру қарастырылады (бүгінде дерек қордың үлгілі жобасы құрылды және 2005-жылдың аяғына дейін Астана қаласында және Оңтүстік Қазақстан облысында іске асырылатын болады) [134, б. 13].

Заң жобасы мүгедектерге арналған тегін медициналық көмектің кепілді көлемін, стационарлық емдеудегі ғана емес, амбулаторлық емдеудегі адамдарды да дәрі-дәрмектермен тегін қамтамасыз етуді көздейтін арнайы емдеу стандарттарының негізінде көрсетуді көздейді.

18 жастан асқан мүгедектермен қатар мүгедек-балаларға да санаторлық-курорттық емделу алғашқы рет заңнамалық тәртіппен көзделіп отыр.

Әлеуметтік қызметтер көрсетуді жетілдіру бөлігінде әлеуметтік қызметтер көрсетудің мемлекеттік стандарттары әзірленеді және көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің тізбесі кеңейтілетін болады, олар күндізгі стационарларды қамтитын әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі аумақтық орталықтарда көрсетілетін болады.

Сонымен қатар, үйде әлеуметтік көмек көрсетуді кеңейту көзделуде, бұл мүгедектер үшін әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді және оларды әдеттегі (отбасылық) жағдайда ұстауға мүмкіндік береді. Жүріп-тұруы қиын I топ мүгедектері мен естімейтін мүгедектерге арнаулы көмекшілер (оның ішінде ымдау тілінің мамандары) көмек көрсетеді [135].

Мүгедектерді техникалық көмекші компенсаторлық құралдармен қамтамасыз ету бөлігінде:

- мүгедектердің жекелеген санаттарына арналған міндетті гигиеналық құралдар беру есебінен мүгедектерге берілетін техникалық көмекші компенсаторлық құралдар тізбесі ұлғаятын болады;

- мүгедектерді техникалық көмекші құралдармен және міндетті түрде сертификацияланған арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету нормасы көзделеді;

- еңбек жарақатын алған немесе кәсіптік ауру болған мүгедекке заңды тұлға таратылған немесе жұмыс беруші - жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан жағдайда протездік-ортопедиялық көмек, техникалық көмекші құралдар, арнаулы жүріп-тұру құралдары, санаторлық-курорттық емделу мемлекет есебінен берілетін болады [136].

Елді мекендерді жобалау және салу мүгедектердің қажеттіліктерін ескеретін мемлекеттік стандарттарға сәйкес қамтамасыз етілетін болады.

Мүгедектердің пайдаланылып жүрген нысандарға қол жеткізуі үшін қажетті жағдайлар жасау және мүгедектер мен мүгедек балалары бар отбасыларына берілетін тұрғын үйлерді арнайы жабдықтау көзделіп отыр. Қолданылып жүрген заңнамада өндірістік және тұрғын үй нысандарының құрылысына қойылатын талаптар белгіленген, бірақ іс жүзінде олар көбінесе сақтала бермейді. Осыған байланысты заң жобасы ғимараттарды қабылдайтын мемлекеттік комиссиялардың құрамына әлеуметтік қызметкерлерді енгізуді; заңдарды бұзғаны үшін кінәлі адамдарға әкімшілік шаралар қолдануды көздейді.

Сондай-ақ, мүгедектерді тұрғын үймен қамтамасыз етудің нормасын реттейтін бапта көзделіп отыр.

Мүгедектердің ақпаратқа қол жеткізуін оларға арналған мерзімдік, ғылыми, оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттерді аудиокассеталарда, дискілерде рельефті-нүктелі Брайль шрифтімен басып шығару және сурдоаудармамен видеокассеталар шығару, республикалық теледидар арналарындағы ақпараттық бағдарламалардың сурдоаудармасын ұйымдастыру арқылы қамтамасыз ету ұсынылып отыр. «Хабар» телеарнасында сурдоаударма ұйымдастыруға 4,2 млн. теңге, «Қазақстан» телеарнасында - 56,6 млн. теңге бөлу көзделуде [137].

Заң жобасында мүгедектерге көрсетілетін білім қызметтерінің шарттары мен тізбесі белгіленген. Алғашқы рет орта және жоғары кәсіптік оқу орындарына түсу үшін квота, кәсіптік білім беретін шәкіртақымен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктер көзделді. Мүгедек балалар үшін оларды үйде оқыту шығындарын өтеу қарастырылады.

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының үш пайыздық квотасын белгілеу, арнайы әлеуметтік жұмыс орындарын ашу, мүгедектер қоғамдық бірлестіктерінің мамандандырылған ұйымдарының қызметін қолдауды қамтитын өңірді оңалту бағдарламаларын әзірлеу көзделді.

Арнаулы тарау жұмыс берушілердің мүгедектерді әлеуметтік қорғауға қатысуын айқындайды. Жұмыс беруші өз қаражаты есебінен:

- жұмыс берушінің кінәсінен еңбек жарақатын алған немесе кәсіптік ауру болған мүгедектерге әлеуметтік жұмыс орындарын құруға;

- кәсіптік оқу мен қайта оқуды қамтамасыз етуге;

- әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарға қол жеткізуге міндетті [138].

Мемлекеттік басқару жүйесінің оңтайлануын ескере отырып, мүгедектермен жүргізілетін жұмыстың жағдайын ұйымдастыру және бақылау функциялары орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында жіктеліп бөлінді. Бұл ретте, тәсілдер кешенді болғандықтан әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және білім органдарының құзыреті болып бөлінді.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдардың сақталуын бақылау халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне жүктеледі. Оларға ұйымдарда мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдардың сақталуын тексеру, заң бұзушылықтар туралы актілер жасау, анықталған бұзушылықтарды жою туралы жазбаша ұйғарымдар беру, заңдарда белгіленген негіздер бойынша айыппұлдар салу құқығы беріледі. Заңдарды бұзғаны үшін кінәлі басшыларға және заңды тұлғаларға (тиісінше 200 және 400 АЕК) әкімшілік шаралар қолдану көзделген [139].

Жаңа заң жобасының негізінде мүгедектерді қорғаудың әлдеқайда тиімді жүйесін құруға (2006-жылдан бастап) қосымша қаражат қажет болды. Бұл мақсаттарға мемлекеттік бюджеттен 72,5 млрд. теңге бөлу көзделді.

«Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңды қабылдау қазіргі нормативтік құқықтық базаға: «Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылған жағдайда жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Қазақстан Республикасында халықты жұмыспен қамту туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне едәуір өзгерістер мен толықтырулар енгізуге әкеліп соғады [140].

«Ақ жол» партиясы бағдарламасындағы мүгедектерді, әлеуметтік қорғау мәселелерін шешу жолдары жоғарыда айтылған ережелермен біршама үйлеседі.

«Ақ жол» партиясында жұмысқа орналастыру, қоғамдық бірлестіктердің арнаулы кәсіпорындарын қолдау, үйде еңбек ету мен кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру бөлігіндегі ұсыныстары Мүгедектерді оңалтудың 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламасына енгізілетін болады.

Сонымен қатар, бағдарламаның жекелеген ережелері даулы болып көрінеді және қарсылық туғызады.

Мүгедектіктің алдын алу бөлігінде - мүгедектікке апаратын патологиясы бар жиі және ұзақ ауыратын адамдар туралы деректерді құру және аурулардың жеке ағза мүшесі, бүкіл ағза деңгейлерінде және әлеуметтік деңгейдегі әсерін ескеретін алғашқы оңалту әдістемесін өзгерту;

Мүгедектікті белгілеуге қатысты бөлігінде - тіршілік әрекеті мен денсаулық ұйымдары функцияларының халықаралық жіктеуішіні бейімдеу, аурудың ауырлығы мен патологияның жай-күйінің сандық өлшеміне кезең-кезеңмен көшуге және мүгедектік белгілеу кезінде шешімдердің стандартталуын

қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін функционалдық сыныптарды анықтау әдістемесін енгізу [141].

Бағдарламада ұсынылған адамның жоғалтқан ағза мүмкіндіктерінің орнын толтыру дәрежесін оның еңбек ету қабілетін сақтау негізінде анықтауға келетін болсақ, бұл негізінен еңбек ету қабілетінен айрылу қатерінен сақтандыруды ұйымдастыруда пайдалану жоспарланып отырған жалпы еңбек ету мен кәсіптік еңбек ету қабілетінен айрылу деңгейін (жалпы мүгедектікпен қатар) айқындаумен үйлеседі.

Қазақстан Республикасының «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңында «Мүгедек» - ол ағза функцияларының бұзылуы салдарынан олардың өмір сүру мүмкіндіктерін шектеуге әкеп тірейтін түрлі жарақаттар, аурулар, кемістердің салдарынан денсаулығы нашар тұлға деп көрсетілген. Қазақстан Республикасы мүгедектерін әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Қазақстан Республикасының «мүгедектерін әлеуметтік қорғау туралы» Заңымен және басқа да нормативті заңдармен реттеледі [130, б. 42].

Қазақстан Республикасы азаматына ауырған жағдайда, жасына байланысты, мүгедектігіне және асыраушысынан айырылған кезде төменгі еңбекақы мен зейнетақы мөлшерінде ақы төленеді. Осыған байланысты 2005-жылдың 13-сәуірінде мүгедектердің әлеуметтік қорғалу құқын анықтауға, қоғамдық интеграцияға, денсаулық жағдайына байланысты білім алуға, еркін таңдау туралы ақпаратқа кіруге, тегін медициналық көмекке, кәсіби дайындық пен қайта дайындалуға, еңбекке деген қабілетін қалыпқа келтіруге, сонымен қатар мүгедектердің әлеуметтік және кәсіби жарамдылығын арттыру тұрғысында өткізілетін медициналық шараларға қатысуға деген құқықтарын анықтайтын (Қазақстан Республикасының) «Қазақстан Республикасы мүгедектерін әлеуметтік қорғау туралы» Заңы қабылданды [142].

Мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы оларға, медициналық және әлеуметтік, кәсіби жарамдылығын арттыру, білім беру сияқты бағыттағы қоғамдық өмірге оралтуға байланысты өткізілетін шаралармен жүзеге асады. Сонымен бірге, еңбекке жарамсыз болған жағдайдағы міндетті сақтандыру төлемдері заңмен қарастырылған. Ауру, жарақат алу, мертігу салдарынан болған әлсіздікті жою бағытында диагностикалық, емдеу және қалыпқа келтіру сияқты медициналық сауықтыру шаралары жүргізіледі. Мүгедектерді әлеуметтік сауықтыру, мүгедектердің әлеуметтік статусын, олардың әлеуметтік-тұрмыс және әлеуметтік-орталыққа үйрету мақсатында жүргізіледі. Оған мүгедектерді әлеуметтік, техникалық көмек құралдарымен, көлік және рекреациялық құрылымдармен, ақпараттық ортамен қамтамасыз етілуін және материалдық, әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету кіреді [142, б. 13].

Қосымша көмек қажет ететін мүгедектердің әлеуметтік қамтамасыз етілу жүйесіне республикада медициналық-әлеуметтік мекемелердің, әлеуметтік қорғаудағы территориялық орталықтардың және үйде жеке көмек көрсету сияқты мүмкіндіктері кіреді. Интернат-үйлерінде тұратын мүгедектер мен қарттарға медициналық, әлеуметтік тұрмыс жағынан, әлеуметтік адаптация, еңбекке жарамдылығын арттыру, білім беру сияқты көмектер көрсетіледі.



Республикамызда мүгедектер мен қарттарға әлеуметтік көмек көрсететін, медициналық, әлеуметтік және кәсіби даму, мүгедек балаларға білім беру бағдарламасын жасау, моральды-психологиялық жағынан қолдау көрсету, олардың құқықтары туралы ақпарат беретін 6 территориялық орталықтар бар.

Заңға сәйкес мүгедектер сауықтыру бағдарламаларына орай протез-ортопедтік көмекпен, қозғалуға байланысты әлеуметтік жабдықтармен, сурдо-тифложабдықтармен және басқа да техникалық құралдармен, сонымен қатар мемлекеттік бюджеттен бөлінетін мемлекеттік тапсырыс бойынша сауықтыру - курорттық емдеу шараларымен қамтамасыз етіледі.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектер мен мүгедек балаларға 0,5 пайыздық кәсіби және жоғары білім алуларына берілетін квота қарастырылған [143].

Әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал шын мәнінде сын көтермес күйде еді. Қазақстанның экономикалық және саяси мүмкіндіктері сырттан осылай бағаланды: экономикасы әлжуаз, қазынасы бос, саяси жүйесі балаң, Кеңестер Одағы заманының Конституциясы бойынша өмір сүріп жатқан, одан бар болғаны белгілі бір әскери әлеует қана еншілеген ел саналдық. Тәуелсіздіктің туын жоғары көтеріп еліміз биік белестерден көрінетіне сенімдіміз.

## **2 ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ХАЛ-АХУАЛЫ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ**

### **2.1 Экологиялық мәселелерді шешуде Қазақстанның халықаралық ынтымақтастықтағы алатын орны, мазмұны және мәні**

«Егемен Қазақстанда» «Арал тағдыры - адамзат тағдыры. Ашхабадтағы басқосуда Арал мәселесіне айрықша көңіл аударылды» деген тақырыппен «Егемен-ақпарат» мағлұмат берген. 1997-жылы Аралды құтқару халықаралық қорының Алматыда бас қосуынан соңғы болып отырған мәжілісі еді. Мұнда да мемлекет басшылары «таза шаруашылықтан» аса алмаған жайлары бар. Осы екі жылдық уақыт аралығында: «Қор халықаралық пәрмендірушілерді тарта отырып, елеулі жұмыс жүргізгендері» атап айтылды. Соның арқасында «көптеген аудандар таза сумен қамтамасыз етілген, қордың емдеу және балалар мекемелеріне медициналық құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектер жіберіп, тұрмысы төмен отбасыларға нақты материалдық көмек көрсеткендерін» мәжіліске қатысушылар бажырайтып көрсетіп баққан [144].

Осындай «атқарылған шаралары» тізіліп хабарланған соң, «Егемен-ақпарат» өз мәлімдемесінде «Халықаралық экологиялық және гуманитарлық ұйымдардың назары Арал мәселесіне аудартылды. Сонымен бірге су ресурстарын пайдалану тұрғысынан аймақтағы мемлекеттердің практикалық қызметінде түбегейлі бетбұрыс бола қойған жоқ. Әлі күнге дейін Арал теңізі айдынын тұрақты дамыту жөніндегі халықаралық конвенцияға талдау жасалып, қабылданбады. Ал бұл жөнінде талаптар Нүкіс кездесуінде келісілген болатын... Осы өзекті көп мәселелерді күн тәртібінен алып тастар еді...» - деп, тындырылмаған шаруаға баға берген.

Тек теңіз тағдырын экологиялық тұрғыда түбегейлі қарастыру орнына, Транскавказ және Трансазия көлік дәліздеріне талдау жасайды, Ауған мәселесіндегі айқындамаларды нақтылайды. Ақыр соңында Қазақстан-Түрікменстан - екі ел арасындағы шекараны делимитациялау туралы меморандумға қол қойылады. Осы екі мемлекеттер үшін өзара әрекеттестіктің жаңа түрі болып табылатын Саяси консультациялық кеңес құру хақында шешім қабылдайды [144, б. 2].

Міне, Арал дағдарысын шешуге тиісті күллі Орта Азия үшін нағыз беделді боп танылатын басқосудың соңғы раундының мән-мазмұны - осындай. Жоғарыда тілге тиек еткен Ғ. Сағымбековтің мақаласының аяқ жағында: «Қазіргі таңда басты міндет - экология негіздерін үйренуді жолға қою... Табиғаттың ең биік, қымбатты жетістігі, табысы, жемісі - адамдардың ақыл-ойы, сана-сезімі туған табиғатты аялауға, көркейтуге бағышталса, жөн болар еді», - делінген.

Аталмыш мәселемізді жалпы әлемдік көлемде шолып байқасақ, дүниежүзіндегі ең мәртебелі орын 1972-жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында өткізілген Стокгольм (Швеция) конференциясы алдымен еске түседі. Осы конференцияда қоршаған ортаны қорғау, табиғат тепе-теңдігін сақтау мәселесі халықаралық дәрежеде әңгіме болды. Өйткені бұған дейін

планетадағы экология мәселесі белгілі бір аймақтарда, жеке құрлықтарда ғана сөз болып, соған сәйкес жоспарлы жұмыстар жүргізіліп келді [145].

Оған қоса сол кезеңдердегі саяси жағдайлар да уақыт өткен сайын асқына түскен экологиялық мәселелерді халықаралық деңгейде қарастыруға кедергі жасап отырды. Тап сол тұстарда көптеген елдерде ғылым мен техниканың кейбір салалары қарқынды дами бастаған еді. Ол қоршаған ортаға шешуші дәрежеде кері ықпал жасап, онсыз да әлжуаз экологиялық ахуалды нашарлата түсті. Әрине, жер шары жұртшылығына әсер ететін бұл оқиғалар бұқаралық ақпараттар тарату құралдарын алаңдатарлық мәселелердің бірі еді...

Бұл конференция планета көлемінде ең маңызды болып саналатын осындай қордаланған мәселелерді шешу, нақты келісімдерге келу үшін шақырылған. Онда қоршаған ортаны сауықтыру кезек күттірмейтін өткір мәселелердің ең бастысы ретінде қарастырылып, оған әлем халықтарының, жердегі жетекші мемлекет атаулылардың назарын аудартты. Соның арқасында экологиялық бағдарлама жасау қолға алынды. Кейінірек 1983 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан қоршаған ортаны қорғау және оны тұрақты дамыту жөніндегі дүниежүзілік комиссия ұйымдастырылды [146].

Норвегияның премьер-министрі Брундтланд басқарған бұл Комиссия әлем жұртшылығының бүгінгі және алдағы болашақта қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаның тұрақтылығы аса қажет екендігін, оны қай кезде де экономикадан бөле-жара қарастыруға болмайтындығын дәлелдеп берді.

Бұған Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығымен Орталық Азия мемлекеттері және халықаралық ұйымдардың Арал теңізінің атырабын тұрлаулы дамыту мәселелері бойынша, 1995-жылы 20-қыркүйекте Нүкісте өткізілген мәжілісте Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген сөзі негіз болды. Сол тұстары теңіздің тартылуы салдарынан су жағалаудан 120 шақырымға дейін қашықтап кеткен. Миллиондаған гектарлар құмды-тұзды шөлдерге айналған. Су айдынының тартылуы ауа-райына, өсімдік пен жануарлар дүниесіне «қиғылық салуда». Ең ауыр зардап - Арал өңіріндегі топырақтың, судың, атмосфераның ластануы - осы аймақты мекендеген 35 миллиондай адамның денсаулығына нұқсан келтіріп жатқаны барлық мемлекеттерді алаңдатып отыр деп мәлімет береді бұқаралық ақпарат құралдары [146, б. 4].

«Рио-де-Жанейрода белгілеген шешімдер тұрақты экологиялық дамудың Орта Азиялық үлгісін іздестіре бастауға мүмкіндік береді және экология тұрғысынан неғұрлым осал, экономикалық өтпелі кезеңде тұрған мемлекеттердің ерекше мәртебесі туралы мәселені қоюдың маңызы өте зор», - деп дәйектеді Н. Назарбаев. Осыдан кейін алда нендей шаралар жасау ісі күтіп тұрғанын әңгімеледі. Бірнеше аймақаралық институттар, оның ішінде Арал теңізі бассейнінің мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңес және Аралды құтқарудың халықаралық қоры құрылғанын мәлімдеді. «Арал теңізі жөніндегі тәжірибелік іс-қимылдардың бағдарламасы қабылданды. Ол 2015-жылға дейінгі уақытқа межеленген және кең ауқымды шараларды кезең-кезеңімен іске асыруды көздейді. Бағдарламаның бірінші сатысы кезеңге бөлінген және Арал

өңірі аймағындағы айналадағы ортаны жақсартуға бағытталған 19 жобаны жүзеге асыруды қамтиды...» [140]. Бұл «шетінен былғарыдай, уақыт өткен сайын жиырылып» бара жатқан теңізге жасалуға тиісті қамқорлықтардың толық тізімі деп есептелмесе керек...

Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан қоршаған ортаны сауықтыру жолында қолға алынып жатқан бірсыпыра іс-қимылдар бар. Соның бірі - осының алдында айтылған Рио-де-Жанейрода (Бразилия, 1992) өткен «Жер саммиті» Халықаралық конференциясы болып табылады. Дүниежүзінің 180-ге жуық елдерінің мемлекет және үкімет басшылары қатысқан бұл конференцияда негізгі үш мәселеге баса көңіл бөлінді. Біріншісі - тұрақты даму жөніндегі жоспарды түпкілікті айқындау; екіншісі - мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғауға байланысты құқығы мен міндеттерін белгілеу; үшіншісі - орман туралы ережені дайындау. Қазір аталмыш мәселелер салалары бойынша жан-жақты жұмыстар жүргізілуде. Оның мысалдарын мынадан көруге болады [148].

1995-жылы - «Орман туралы» ереже, 1996-жылы «Бос аймақтар жөніндегі конвенция» тағы да басқа құжаттар қабылданды. Онда әр мемлекет өздерінің табиғи ресурстарын қажетінше пайдалануға құқылы, бірақ ол басқа елдерге зардабын тигізбейтіндей болуы шарт екендігі анық көрсетілген [148, б. 3].

Осы міндеттер, бәрінен бұрын, жергілікті жерлердегі мамандардың, басқа да ресми тұлғалардың аталмыш мәселелерге қалай қарап, оларды қалай шешуіне байланысты болса керек.

1996-жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен жыл сайын 5-маусымда атап өтілетін Бүкіл дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғаудың күніне байланысты жетекші халықаралық ұйымының Бас хатшысы - Бутрос Бутрос-Галидің жолдаған хатына тірелуі тиіс деп білеміз. Онда біздің мәселемізге қатысты: «Биылғы күллі дүниежүзілік күннің тақырыбы - «Біздің жеріміз. Біздің өмір сүру ортамыз. Біздің үйіміз...». Ғарышкерлер, іс биосфераға қатысты болған кезде, мемлекеттік шекаралардың қаншалықты мәнсіз болып қалатынын көздерімен көрісті. Біз өзімізді бөліп тұрған осы шеңбер түгелдей өмір сүріп отырған планетаны бізден тұмшалап тастауына жібермейміз. Бүкіл жерді, біздің ортақ шаңырағымыз ретінде, тағдыры мен болашағын бөліп-жарып қарай алмайтын біртұтас мекеніміз ретінде қабылдау тірі сақтап қалу жолындағы алғашқы қадамға айналуы мүмкін... Біз ойдағыдай тіршілік ету емес, сондай-ақ, болашақ ұрпақтардың игілігі үшін де жағдай жасау хақындағы түсінігімізді ортаға салайық. Экологиялық дағдарыс ойланып-толғануға уақыт қалдырмай отыр: қазірдің өзінде-ақ іс-әрекет жасау керек» [149], - дегені бар.

Бұл мәселе күллі басылым орындары, оның ішінде қазақ газеттерінің «ақсақалы» «Егемен Қазақстан» үшін де экология мәселелерін қорғау саласында бағдарламаға алынатын тапсырыс болса керек...

Мысалы: Министрлер кабинетінің 1992-жылғы 17-желтоқсандағы №1057 қаулысымен «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңды жүзеге асыру жөніндегі белгілеген шараларымен жұртшылық таныс.

Мұнда Аралды қалпына келтіру жөнінде бір ауыз сөз жоқ. Соған қарағанда, теңіздің тағдыры шешілгенін жоғарыдағылар мойындаған іспетті. Сондықтан

Кеңес өкіметі тұсындағыдан айнымайтын, әлгі «шаралар» 70-ші жылдардағыдай сылдырақ сөйлемдермен аяқталған: «Экологиялық қасірет аймақтарында аумақтық құқықтық тәртібі, шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық және экономикалық талаптар туралы» Заңның жобасын әзірлеп, оны белгіленген тәртіп бойынша табыс ету.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қолдау туралы» Заңға қайшы келетін нормативтік актілерді қайта қарап, олардың күшін жоюды қамтамасыз ету көзделген. Әлгінде «сылдыр сөз» дегеніміздің түп-төркіні осында жатыр. Бір ай мерзімде қойылуға тиісті «экологиялық талаптар», міне, толық 10 жылдан аса уақыт өтті: әлі жоқ! Бұдан кейін экологияның өзі түгіл, оның салдарына да қарсы тұрып, теңізді қалпына келтірмегенмен, «теңіз перзенттерінің» мүшкіл халін ойлау «далада қалғанының» еріксіз куәгері боп отырған жайымыз бар. Тіпті, «бұл күндері планетаны шарпыған Арал мәселесін «ұсақтатып», «жеңілдетіп» жіберуге билік басындағылар бет алған ба?» деген ой Арал туралы жазылған әрбір мақалаларды оқығанда мазалайды. Тікелей осы мәселеге жауап беруі тиіс кейбір ресми тұлғалар оны ұмыттырып жіберуден де «кет әрі» емес [150].

Оған сол тұстары Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі болған Серікбай Дәукеевтің соңғы жүргізген сұхбаттарының бірінде аталмыш күрделі шаруа хақында қойылған сұраққа жүрдім-бардым жауап бере салуынан аңғаруға болады. Бұрынғы министрдің «Егемен Қазақстан» газетінде «Тіршілік экологиялық тепе-теңдікке тәуелді» деп аталатын сұхбаты сол пікірімізге дәлел болатын секілді [130, б. 4]. Мұнда, біріншіден, тақырып қойысы әңгімені жоғары философиялық, экологиялық дәйекті пайымдауға итермелесе керек еді. Сұхбаттан оқырман күткен теориялық қисындардың жүйесі танылмады.

Екіншіден: басқа да шаруашылық салаларымыз оңбай жатқанмен, экологиялық жағдайымыз осылай асқына берсе, зардабын жер жүзі түгелдей көтеруі тиісті мәселені министр соншама назарына ала бермеген. Ол барлық сұхбат ішінде біздің тақырыбымызға қатысты: «Қазақстанда жер мен ауаның, өндіріс пен су көздерінің ластануы жалғасуда... Мамандарымыз Арал мен Каспий теңізі аймақтарында, Семей өңірінде ұзағырақ жұмыс істеді. (Олардың нәтижелері, негізгі фактілері айтылмай кеткен. - Сөздің реті келгенде айта кеткен абзал. Н. Назарбаев осы мәселеге байланысты жер шары елдерінің жетекшілеріне арнайы хат жолдаған болатын. Ол бастамаға АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Түркия, Дания, Бельгия, Швейцария, Испания және Голландия мемлекеттерінің құрылымдарында Арал теңізі бассейні мәселесі жөніндегі бөлім ашылды. Ал бағдарламаның бастапқы сатысын аяқтау мақсатында Дүниежүзілік банктен басқа, ЮНДП, ЮНЕП секілді ұйымдар тарапынан да жәрдемдер берілген... [130, б. 5].

Енді Дүниежүзілік банк мемлекетаралық екі ұйыммен және донор-мемлекеттермен бірігіп, Арал бассейнінің сауықтыру бағдарламасын жасады. Ол сегіз бағдарлама, он тоғыз жобадан тұрады. Алғашында аталмыш бағдарлама ұзақ мерзімге арналған еді. Кейінірек, Мемлекетаралық Кеңес пен Қордың ынта білдіруі арқасында, Дүниежүзілік банқтың қолдауымен шұғыл

әрекет жобасы дайындалуда. Апатты аймақтағылардың ертеңгі күнге деген сенімдері мен үміттерін орнықтыратын іс-шаралар осы жобаның аясында жасалып жатқан жайы бар.

Сонымен, бір топ мемлекеттер бас қосып, Дүниежүзілік банктің араласуымен жасалған, әуелі ұзақ мерзімдік, кейін оны өзгертіп, жетілдіріп сұрыпталған шұғыл әрекет жобасы сәтті жұмыс атқаруда екенінен газет оқырмандары елеулі мәлімет алған.

Климаттың өзгеруі туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Рамалық Конвенциясына қатысушы жақтар климат өзгерістерінің орасан зор мөлшері барлық елдердің мейлінше жан-жақты қарым-қатынас жасауын, олардың іс-әрекетін және икемдігін халықаралық көлемде ортақ іске жұмылдырып, бірақ олардың жеке жауапкершілігі мен нақты мүмкіндіктерін, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық жағдайларын ескерудің қажеттілігін мойындай отырып, 1972-жылы 16-маусымда Стокгольмде қабылданған адамды қоршаған ортаның мәселелері туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Конференциясының Декларациясындағы ережелеріне сүйене отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына және халықаралық құқық принциптеріне сәйкес мемлекеттер қоршаған орта және даму бойынша өз саясатына лайық өзінің ресурстарын игеруге тәуелсіз құқы бар екенін және өз юрисдикциясындағы немесе бақылауындағы іс-әрекеттердің өзге мемлекеттердің немес ұлттық юрисдикция қызметінен тыс жерлердің қоршаған ортасына зиянын тигізуге болмайтынын ескереді [151].

Сонымен қатар, қоршаған орта бойынша мемлекеттердің тиімді заңдарды іске қосуын, басқару саласындағы қалыпты өлшемдер, мақсаттар мен басты назардағылар дәл сол қоршаған орта мен дамудың жақтарына сай болуын, кейбір елдерде қолданылатын қалыпты өлшемдердің басқа елдердің, әсіресе, дамушы елдердің экономикасы мен әлеуметтік жағдайы тұрғысынан қарағанда орынсыздығын және негізсіздігін мойындай отырып, қоршаған орта және даму бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Конференциясы туралы 1989-жылғы 22-желтоқсандағы Бас Ассамблеясының 44/228 қаулысына және адамзаттың қазіргі және болашақ ұрпағының мүддесі үшін орасан зор климатты қорғау туралы 1988-жылғы 6-желтоқсандағы 43/53 қаулысына, 1989-жылғы 22-желтоқсандағы 44/207 қаулысына және 1991-жылғы 19-желтоқсандағы 46/169 қаулысына сүйене отырып [151, б. 1], 1989-жылғы 22-желтоқсандағы Бас Ассамблеясының аралдар мен жағалаудағы аймақтар, әсіресе төмен орналасқан жағалаудағы аймақтарда теңіз көтерілгенде болуы мүмкін қолайсыз жағдайлар туралы 44/206 қаулысына, 1989-жылғы 19-желтоқсандағы Бас Ассамблеяның Қуаңшылыққа қарсы күресу бойынша әрекет етудің жоспарын жүзеге асыру туралы 44/172 қаулысына сүйене отырып [151, б. 2-3], озон қабатын қорғау туралы 1985-жылғы Вена конвенциясына және озон қабатын бұзатын заттар туралы 1987-жылғы Монреаль хаттамасына, оның 1990-жылғы 29-маусымдағы өзгертілген және толықтырылған нұсқасына сүйене отырып, 1990-жылғы 7-қарашада Дүниежүзілік климаттық конференцияда қабылданған министрлердің Декларациясын қатерге алады [151, б. 3].

Бұл Конвенцияның мақсаты:

«Климаттық өзгерудің қолайсыз нәтижелері» дегеніміз, климаттың өзгеруінен пайда болған физикалық орта мен биоортадағы өзгерістер; бұлар табиғи және реттеуге болатын экожүйенің қалпына келу өзгешелігіне және құрамына, әлеуметтік-экономикалық жүйелердің қызметіне немесе адамның денсаулығы мен әл-ауқатына елеулі түрде нұсқан келтіреді. Нью-Йоркте 1992-жылы 9-мамырда жүзеге асты.

Қоршаған табиғи орта менеджменті (басқару) жүйесіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы РИСО 14001-2000 стандартында көрсетілген, ол Қазақстан аумағында тікелей қолданылатын халықаралық стандарт болып саналады.

Қоршаған ортаны басқаруға таратылған халықаралық стандарттар, қоршаған ортаны басқару жүйесін тиімді іс-шаралар ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етуге арналған. Олар экологиялық және экономикалық мақсаттарға жету үшін әкімшілік басқару жүйесінің басқа элементтеріне (іс-шараларымен) тығыз байланыста болуы шарт.

ҚРС ИСО 14001 бойынша қоршаған ортаны басқару жүйесінің, құру және тұрақты түрде жетілдіру моделі.

Бұл стандарт, осындай қоршаған ортаны басқару жүйесіне нақтылы талаптар қоя алады. Оны географиялық, өнер және әлеуметтік жағдайларына байланысты барлық түрдегі және көлемдегі ұйымдарға (мекемелер) қолдануға болады [152]. Шикізат ретінде пайдалануға бағытталған. Қазақстанда қалдықтардың түрлері мен категориялары үшін халықаралық стандарттарды тікелей қолдану жүйесін дамытудың маңызы зор, себебі ол сапа жүйесі мен өндірісті сертификаттаумен тікелей байланысты.

Экологиялық жаңа өнім түрлері мен процестерін сараптау мәселелеріне көп көңіл бөлінген жоқ, олар үшін нормативтік құжаттарға сәйкес талаптар енгізу қажет.

Экологиялық сертификаттауға жататын негізгі объектілер;

Экологиялық таңбалау және тіркеу мәселелерімен халықаралық ИСО (стандарттау бойынша халықаралық) ұйым айналысады;

Экологиялық ақпарат ресурстары, өнімдер, технологиялар;

Экология саласындағы информациялау;

Экологиялық мәлімет (базалары мен банкы);

Экологияға арналған компьютер бағдарламасы;

Ластандырудың экологиялық моделі;

Экологиялық әдістемелер [152, б. 123].

Ғылыми зерттеулер - «Қазіргі жер пайдалану жағдайында Арал және Қазалы аудандарының су қорларының мөлшері» - осы тақырып бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының (ҚР ҰҒА) Арал аймағы орталығымен бірігіп Сырдарияның төменгі ағысындағы 32 көл және ирригациялық каналдар зерттелді, гидрология бойынша далалық материалдар жинақталып, биологиялық талдау, топографиялық жұмыстар жүргізілді.

«Өсімдіктен алынатын өнімдердің нитратпен ластануына су сапасының әсері» - деген мәселе Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінің ғалымдарымен бірлесіп зерттелуде. Жұмыстың

бірінші сатысы орындалды. Онда суға, топыраққа және өсімдіктерге талдау жасалып, өнімнің нитраттармен ластану себептері анықталды.

«Қызылорда облысының апатты аймақтарындағы көшпелі құмдарды тоқтату және оны құнарлы алқапқа айналдыру» - бұл тақырып ҚазМУ ғалымдарымен бірлесіп зерттелуде, ғылыми деректер және алғашқы материалдар жинақталуда. Біздің ұсынысымыз бойынша «Құрғақшылық мәселесін зерттеу жөніндегі» Бөген орталығы Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламасына енді. Облыстың Қармақшы және Жалағаш аудандарының жерінде аумағы 100,0 мың га мемлекеттік Қызылқұм қорығын ұйымдастыру жөнінде Ұлттық Ғылымдар Академиясының ғалымдарының ұсынысы дайындалды. Оның жобасына Министрлер Кабинетіне ұсынылған Қазақстан Республикасының табиғи қорықтары қорын орналастырудың және дамытудың 2005-жылға дейінгі Жобасы енгізілді [153].

«Арал аймағын сауықтырудың негізі ретінде Амудария мен Сырдария атырауының мониторингі және оны экологиялық зерттеу» - ЮНЕСКО жобасының құзырында зерттелуде; Жапониядағы ауқымды инфрақұрылыс қорымен бірігіп жасалған жоба жуырда аяқталды, енді жер қорының жағдайы жөнінде тиянақты деректер күтудеміз. Арал аймағы мәселесін зерттеуге Лондон университеті жанындағы гигиена және тропикалық медицина мектебі көмектесуде.

Бүкіләлемдік Банк өзен суының Аралға жолай шығынсыз жетуі үшін Сырдария арнасын қайта жөндеу жобасын ұсынды. Экология Министрлігі біздің облыста ауыз суды тазалайтын қондырғылар мен құрал-жабдықтар жеткізетін «Де-грамон» және «Спикс» фирмаларымен жұмыс атқаруда.

Ұйымдастыру-практикалық қызмет - облыстық басқарманың жұмысы перспективалық жоспар бойынша жүргізілуде және ол табиғатты қорғауға өкілеттігі бар - Қазақ табиғат қорғау бөлімшесі, экологиялық сауаттандыруды қолдайтын қордың филиалы, Арал аймағының мәселесімен айналысатын «Көктем» бірлестігі, аңшылар мен балықшылар қоғамдары, «Невада-Семей», «Арал-Азия-Қазақстан» халықаралық қоғамдық комитеттердің бөлімшелері сияқты қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, қоршаған ортаны сауықтыруға бағытталған [153, б. 2].

Тұрғындар арасында экологиялық білімді насихаттауда экология жөніндегі халықаралық эксперттердің, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысының орынбасарлары Э. Даудсвел мен Д. Спеттің ресми сапарлары пайдаланылды, бұлар облыс проблемасын Біріккен Ұлттар Ұйымының мәжілістерінде талқылауда, инвестиция, жабдықтар бөлдіруде, гуманитарлық көмек жеткізуге ықпал етуге келісті. ЮНИСЕФ-тің ұйымдастыруымен «Тұрғындар денсаулығын қорғаудың кепілдігі ауыз судың сапасын бақылау» тақырыбында семинар өткізілді [154].

1992-жылы Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының конференциясы өтті. Онда 179 мемлекет қатысты. Бұл конференция әлемдік қауымдастықтың даму негізі ретінде тұрақты даму концепциясын ұсынды, сонымен қатар келісілген саяси іс-қимылдар кезеңінің басталуына жол ашты [155].



«XXI ғасырдың күн тәртібі» атты негізгі құжатта қоршаған ортаны және әлеуметтік-экономикалық дамуды бөлектенген облыстар тәрізді қарастыруға болмайтындығы көрсетіледі. Үш мақсат - табиғи ортаның жоғары сапасы, барлық халықтардың бақуатты экономикасы, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастардың үйлесімділігі бірегейлікте қарастырылуы қажет [156].

«Қазақстан бәсекеге қабілетті ел болуы үшін экология саласындағы жаңа технологияларды дамыту керек», - деп айтқан болатын бір сөзінде Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрлан Ысқақов.

«Дубна» Халықаралық адам, табиғат және қоғам университетінің зерттеулеріне зер салсақ, Қазақстан өмір сүру сапасы жағынан әлемде 78-орында келеді. Ал еліміздегі табиғи байлықтарды пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 31 пайызға тең, бұл Жапония, АҚШ, Германия сияқты дамыған елдермен салыстырғанда 2-6 пайызға төмен.

2013-жылы осы көрсеткіш 37 пайызға, ал 2019-жылы 43 пайызға өскен жағдайда ғана Қазақстан дамыған елдермен бәсекеге түсе алатын көрінеді. Экологиялық заңдылық пен саясат жөніндегі Нель орталығының мәліметіне сүйенсек, еліміз әлемде экологиялық тұрақтылық бойынша 70-орында екен [157].

Қыркүйек айында Қоршаған ортаны қорғау министрі Орталық және Шығыс Еуропа елдеріне арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыруда арнайы жұмыс тобының IV кездесуінде болып қайтқан еді. Мәжілісте еліміздің экологиясы жөнінде бірсыпыра әңгіме айтылып, аймақтағы экологиялық тепе-теңдікті сақтау жөніндегі шаралар талқыланып, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобалар анықталған болатын. Екіжақты келіссөз де жүргізілген.

Келіссөзде екі елдегі экологиялық ахуалдар мен жағдайды жақсарту мақсатында пікір алмасып, Герман тарабы Қазақстандағы қоршаған орта жүйесін қайта құрылымдау барысында қол ұшын беруге ниет білдірген болатын. Аталған кездесуден кейін қазан айының ортасында Астанада «Тұрақты даму жағдайындағы урбанизацияланған жерлердің экологиялық қауіпсіздігі» деген тақырыпта ғылыми конференция өткен. Конференцияға Америка Құрама Штаттары, Украинадан және Германиядан келген эколог-мамандар қатысты [157, б. 2].

Бірнеше қор құрылды: Аралды қалпына келтіру қоры, Семей полигонының зардаптарын жою қоры, т.б. сондай-ақ, бірлестік жанынан эксперттік кеңес құрылды. Кеңес экологиялық мәселелерді зерттеп, нәтижелерін республикалық деңгейге көтеріп отырады. Мысалы, өздеріңіз білесіздер, Каспийде ит балықтар, аққулар, торғайлар қырылды. Тексеруге еуропалық мамандар шақырылды. Олар келді, тексерді, сосын жоғалып кетті... Қорытындысын көрген-білген жан жоқ. Ол дұрыс та, өйткені оларды зерттеуге шақырып отырған сол шетелдік инвесторлар ғой. Ал ол нәтижелерге зәру болып отырған ең алдымен өзіміз емеспіз бе, сондықтан сарапшылар да қазақстандық ғалымдар болуы тиіс.

Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, қазақстандықтардың 80 пайызының денсаулығының нашарлауы экологиялық

ахуалдың күрт төмендеуінен болған. Республикада 40 пайыз ауыз су ішуге жарамайды [157, б. 2].

Қазақстан жерінің 70 пайызы - шөл мен шөлейт. 3 пайызы ғана - орман. Республика аумағында 25 млрд. тонна қатты қалдықтар жатыр, оның 300 млн. тоннасы радиактивті қалдықтар. Біздің елімізде 6 ірі уран шығатын геологиялық аймақ бар.

Шығыс-Қазақстан облысында ашық су қоймаларына тәулігіне 800 мың куб. метрге ағын сулар құйылды, ал олардың 50 пайызы ғана тазалаудан өткізілген болатын [158].

Алматы қаласы атмосферасындағы лас ауаның 80 пайызы осы қаладағы 300 мыңнан асатын автокөліктердің кесірінен болған.

Шаруашылық қажеттіліктер нәтижесінде еліміз аумағында ауаға жылына 7-9 млн. тоннадан астам қалдық газдар жіберіледі. Ал су көздеріне жылына 8-10 млн. текше метр қалдық құйылып, тасталады.

Халықаралық Энергетика агенттігінің мәліметтері бойынша, Қазақстан ауаға жіберілетін қалдықтың ішкі өнімге қатынасы бойынша әлемде 1 орында, ал адам санына шаққандағы мөлшері бойынша 13 орында. Ауаға жіберілетін газдың абсолютті көрсеткіші бойынша әлемде 23 орында, ТМД елдері арасында 3 орында, Орталық Азия елдері ішінде «топ жарып» отыр [159].

Атап айтқанда Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе облыстарының ірі кәсіпорындарында газды тазарту құрылыстарын енгізу есебінен 2010 жылға қарай, жалпы республика бойынша шығарынды қалдықтар 30 пайызға төмендетілуге тиіс. Бұл 2010 жылға қарай Теміртаудың үстіндегі аспан аясы әбден таза болатынын көрсетеді. Өйткені министрліктің талабы бойынша «Арселор Миттал Теміртау» компаниясының металлургиялық комбинатында конвертерлік цехтің газды тазарту құрылысы басталғанын экологтар жақсы біледі.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары мәселесі бойынша «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорация Щучье-Бурабай аймағындағы қалдықтар бойынша, осы «Каспий» корпорациясы күкірт қалдықтары бойынша жұмыстарды атқаруда [159, б. 8].

Қоршаған ортаны қорғау саласында жаңартылатын ресурстар мен энергия көздерін пайдалану жөніндегі ұсыныстар бойынша Оңтүстік Қазақстанның өзендерінде экологиялық таза шағын су электр станцияларының (СЭС) каскадтарын салуды Германия мен Австриядағы сияқты дамыған елдердегідей дәрежеге жеткізу көзделуде. Ол елдерде шағын су электр станцияларының саны он мыңдап саналады. Семейдегі ядролық сынақ аумағындағы экологиялық мәселелерді кешенді шешу тұжырымдамасы тыңғылықты жұмыс істеуде. Полигон аумағының 80 пайыздан астамын халық шаруашылығына қайтару жөніндегі іс-шаралар өз дәрежесінде орындалуда.

Қазіргі таңда Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «III Жер саммитін» 2012-жылы Астана қаласында өткізу туралы бастамасын іске асыру жөніндегі шаралар жан-жақты жүргізілуде. Бұл саладағы орнықты даму жөніндегі екі саммит Америка және Африка континенттерінде өткені баршаға мәлім. Енді Еуразия құрлығына қатысты кезек біздің елдің еншісіне тигелі тұр.

Ел Президенті өзінің 2007-жылғы ақпандағы Жолдауында халықтың әлауқатын жақсарту, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі бағыты болып табылатындығын атап көрсетті. Бұл ретте табиғи құндылықтар және қоршаған ортаның жай-күйі әрбір азаматтың денсаулығының, ұлттық әлауқаттың ажырамас бөлігі болып табылуы ең маңызды мәселе екені сөзсіз [159, б. 8].

Тәуелсіз еліміздің жалпы тарихында алғаш рет қоршаған ортаны ластауды жою жөнінде жұмыс басталды деуге толық негіз бар. Оған мысал конденсаторлардың бірінші партиясы «Дарьял-У» полигонына әуе көлігі арқылы Германияға қайта өңдеуге жіберілгенін айтсақ болады.

Қазақстанның 2030-жылға дейінгі даму стратегиясында айтылғандай, еліміз неғұрлым жоғары дәрежедегі ауасы кәусар, суы тұнық ең таза жасыл ел болуы қажет. Осыған байланысты «2007-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау жүйесінің орнықты дамуының негізгі бағыттары» айқындалған еді. Онда төрт негізгі кезең бойынша нұсқаулық көрсеткіштер алғаш рет енгізіліп отыр [160].

Еліміздің орнықты дамуын жан-жақты қамтамасыз етуде қоршаған орта ахуалын, оның сапалық көрсеткішін жан-жақты жақсарту үшін, оған қоса Президент пен Үкімет белгілеген айқын әрі нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуде түрлі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі әлемдік стандарттарға толығымен сәйкестендірілген және халықаралық келісімдермен және конвенциялармен үндестірілген. Осы кодексті іске асыру үшін қолданыстағы 46 заңға қатысы бар актілер қабылданды. Оған мысал ретінде Базель конвенциясына негізделген қалдықтардың жаңа классификаторы, Орхусс конвенциясына сәйкес жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа және сот әділдігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі актісі, Монреаль хаттамасына сәйкес парниктік газдар мен озонды бұзатын заттардың шығарындыларының есебін жүргізу, түгендеу және нормалау ережесі және бұдан басқаларды да келтіруге болады. (Мына бір мән-жайды да айта кеткен жөн).

Үкімет еліміздің орнықты дамуға көшудегі тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында 97 ұстаным бар, оның бүгінде 33-і орындалды. Осы ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің орнықты даму жөніндегі бөлімдері және тиісті нысаналық көрсеткіштері орта мерзімдік жоспарларға сәйкес келуде [160, б. 1].

Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау аясында Қазақстанның халықаралық ынтымақтастығы және ондағы алатын орны тереңдей түсуде. Роттердам және Стокгольм конвенциялары ратификацияланды. Киото хаттамасын ратификациялау туралы заң қарастырылуда.

Табиғаттағы ластанудың мәселелерін шешуді сөз еткенде Американдық СОМ компаниясының қатысуымен Ақтөбе қаласында жер асты суларын алты валентті хромнан тазарту үрдісі тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтан өтті. Ал Шымкент қаласында топырақтың қорғасынмен ластану ошағын жоюдың

техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау жөніндегі жұмыстар жүргізілуде [160, б. 3].

Канада жылына 25 миллион тонна күкірт өндіреді. Күкірт мәселесімен айналысатын арнаулы әлемдегі бірден-бір институт та сонда. Олар күкірттің көпшілігін Қытайға сатады.

Енді өзімізге - Қашаған кенішіндегі, «Болашақ» зауытындағы жағдайларға келетін болсақ, АДЖИП ҚКО компаниясы өндірістік операцияларды жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті сақтау қағидаларын бұлжытпай орындайды.

Қоршаған ортаны қорғау мен күзетуді камтамасыз етуге тырыса отырып, Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық ережелерге толығымен сәйкес жұмыс істейді.

Қоршаған ортаны қорғау - АДЖИП ҚКО-ның артықшылықтарының бірі. Тәуелсіз мониторингтік зерттеулер жобадан туындаған қоршаған ортадағы кез-келген өзгерістерді анықтауға және соларға өз уақытында көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бүгінгі күнге дейін алынған мониторингтің барлық деректері құнды ғылыми ақпарат болып табылады [161].

Қазақстан өмір сүру сапасы жағынан әлемде 78-орында екен. Ал еліміздегі табиғи байлықтарды пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 31 пайыз ғана. Бұл Жапония, Америка Құрама Штаттары, Германия сияқты дамыған елдермен салыстырғанда 6 пайызға дейін төмен. 2013-жылы осы көрсеткіш 37 пайызға ал 2019-жылы 43 пайызға өскен жағдайда ғана Қазақстан дамыған елдермен бәсекеге түсе алады.

Экологиялық заңдылық пен саясат жөніндегі Йель орталығының мәліметі бойынша, Қазақстан әлемдік экологиялық тұрақтылық индексіне 70-орынға тұрақтаған. Соған сәйкес еліміздің ұпайлық көрсеткіші 63,8 ұпай болса, бәсекеге қабілетті Финляндия, Швеция және Жана Зеландия мемлекеттері 87-88 ұпайлық көрсеткішке ие [162].

Жыл сайын Астана қаласында көктемгі және күзгі тазалық айлығы өткізіліп жатады. Аулалар мен көшелер, жасыл-желекке оранған парктер, гүлзарлар, тынығып демалатын орындар тәртіпке келтіріледі. Алайда, көп ұзамай осы аталған төңіректерді тағы да түрлі қоқыстар, ал құрылыс алаңдарының төңірегінде ретсіз төгілген құрылыстық материалдар қалдықтары қайта көрініс береді. Қаламыздағы жылу-электр орталықтарынан аспанға будақтай атқылап жататын түтін тағы бар. Оны аз десеңіз, қала сыртындағы тұрмыстық қалдықтар төгілетін аумақты ретке келтіру жұмысы да әлі күн тәртібінен түсе қойған жоқ.

Бұл арада шетелден, әсіресе, Германиядан үлгі алуға болады. Онда қала сыртындағы қоқыстар, керісінше технологиялық өңдеуден өткізіліп, ауыл шаруашылығында тыңайтқыш ретінде пайдаланылуда. Міне, бізге де, елордамыздың экологиялық тазалығын сақтауда осындай іс-тәжірибені қолдану артықтық етпейді деп білеміз [163].

Қазіргі кезде жер бетінде табиғат-анаға адамдар тарапынан жасалып жатқан қиянат жеткілікті. Өзен-көлдер тартылып, орман-тоғайлар сиреп, Қызыл кітаптағы жан-жануарлардың қырылуына қоса құс тұмауы дертінен көптеп саналатын құс түрлері де сиректеп, жойылып барады. Өзге елдерді былай

қойып, өз республикамызды ғана алсақ та, Қазақстанның Алматы, Жамбыл, Шымкент, Өскемен, Теміртау т.б. қалаларының атмосфералық ауасы тек жылу энергетика, металлургия, минералды тыңайтқыштар өндірісі кәсіп орындарының түтіні мен қалдықтарынан ғана емес, автокөліктерден де зардап шегіп, шамадан тыс ластанып, тұрғындардың денсаулығына орасан зор зиян келтірілуде. Табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуы салдарынан ауа-райы да өзгеріп жатыр. Бұл мәселе біздің ел ғана емес, бүкіл дүниежүзі душар болып отырған үлкен зауалға айналды. Қоршаған ортаның бұзылуы, экологиялық зардаптар адам өміріне қауіп төндіріп отыр, сондықтан да қазірге бұдан көкейкесті мәселе жоқ десек, артық айтқандық болмас.

Сонымен, өнімділікті өсіріп, ірі масштабты өнеркәсіпті дамытуға бағытталған саясат, сонымен қатар секторлық әртүрлілікті шектеу кіші және орта өнеркәсіптің дамуын тоқыратып отыр, сондықтан бұл аймақ елдерінің алдында өтпелі кезеңнің бірегей мәселелері туындап отыр.

Бір қуантатыны - бұл өзекті мәселеге қазіргі заманда бүкіләлемдік қауымның ықылас қойып, баса назар аударуы. Жалпы қоршаған ортаны қорғау мәселесі алғаш Біріккен Ұлттар Ұйымы бастамасымен өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарында көтерілген болатын. 1972-жылы Стокгольмде Дүниежүзілік мемлекеттер басшыларының конференциясында осы мәселеге ден қойылып, конференция басталған күн -5 маусым-бүкілдүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні деп жарияланған [164].

Бұл орайда халықаралық ынтымақтастық мәселесіне келер болсақ, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі ретінде жаһандық серіктестікке қатысып, экологиялық саясатты тиімді жүргізудің дүниежүзілік жүйесіне қосылып отыр. Атап айтқанда, халықаралық келісімдердің ережелерін практикалық тұрғыда іске асыру; қоршаған ортаның жай-күйін бақылап, сапасын бағалаудың жалпы әдіс-тәсілдерін, өлшем-рәсімдерін пайдалану және әзірлеу; бұл саладағы халықаралық тәжірибені пайдалану; нақты бағдарламалар мен жобаларды шешу үшін халықаралық ұйымдардан қаражат тартуды жандандыру; іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулер жүргізу іске асырылып та отыр, және осы іс-шараларды келешекте де қарқынды пайдалану қарастырылып отыр. Табиғатты қорғау қызметіне неғұрлым кеңірек қатысу мақсатында бұл саладағы барлық бағдарламаларда халықаралық ынтымақтастықтың басымдығы ескеріліп, тиісті іс-шаралар жүзеге асырылуда. Дегенмен де, техникалық және өзге де көмек түрлерін алу оны тиімді пайдалануды талдаумен үйлесуі тиіс. Жергілікті жағдайлар туралы неғұрлым толық ақпаратқа ие болып отырған мекемелер мен сарапшылар табиғатты қорғау жөніндегі бірлескен жобаларға белсенді араласуы керек.

Кеңестер Одағының 1991-жылғы ыдырауы нәтижесінде аймақта туындаған экономикалық дағдарыс Орталық Азия аймағының тұрақты даму бағдарламаларын жалғастыру мүмкіндіктерін шектеген еді.

1991-жылы Орта Азия республикалары мен Қазақстан Республикасы аралық консультативті кеңесті құру туралы келісім жасағаны белгілі, бірақ КСРО ыдырауы салдарынан бұл бастама іске аспай қалған. Алайда Орталық Азия республикалары қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуде дербес

саясатты таңдап, іске асыруға, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау саласындағы аймақтық ынтымақтастықты ынталандыруға мүмкіндік алғанымен, дамуды стратегиялық жоспарлау шеңберінде экологиялық факторды есепке алмай, әрі қарай экономикалық даму мен саяси бірігудің жүзеге аспайтынын болжап, мемлекет басшылары қайтадан бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға ниет білдірді. Нарықтық экономикаға көшу жағдайында орталықсыздандыру процестерін кеңейту, экологиялық қолайлылыққа және тұрақты дамуға бет бұру басымдылыққа ие болды, осы бағытта жергілікті, ұлттық және аймақтық деңгейлерде тиімді жоспарлар құру қажеттілігі туындады [165].

Аймақтағы елдер 1992-жылы Рио-де-Жанейрода болып өткен Біріккен Ұлттар Ұйымы Экология және даму жөніндегі конференциясында қабылданған Декларация қатысушылары болып табылады. Сонымен қатар республикалар 1992-1994 жылдардағы әртүрлі мәжілістерде қабылданған табиғатты қорғау жөніндегі келісімдердің және халықаралық конвенциялар мен келісім-шарттардың көбін ратификациялады немесе оларға қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтың тұрақты даму саласындағы толық мүшесі болуға талпыныс танытты.

1994-жылы Орталық Азия одағы құрылды. Оған мүше болып «интеграциялық үштік» идеясын бірауыздан қолдаған Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан республикалары кірді. Түркіменстан Республикасы бейтараптық жариялап, ұйымға мүше болудан бас тартқан. Алайда үш республика басшысы бірқатар құжатқа қол қойғанымен, ауызбірліктің болмауы салдарынан ондағы федералистік сипаттағы идеяларды жүзеге асырудың айқын жолдары белгіленбегендіктен, ол құжаттар мен идеялар қағаз жүзінде ғана қалды [166].

1998-жылы бұл ұйымның атауы «Орталық Азия экономикалық қауымдастығы» деп өзгертілді де, оған Тәжікстан Республикасы қосылды. Мүше-елдер экономикалық интеграцияға баса назар аударып, ынтымақтастықты тек экономика саласында ғана жүзеге асыруды қалағандығы, жаңа атауында көрініс тапқан. Бірақ 2001-жылы ұйым таратылып, 2002-жылдың 28-ақпанында Алматы қаласында оның орнына «Орталық Азия ынтымақтастығы (ОАІ)» ұйымын құру туралы келісім-шартқа қол қойылды. Бұл ұйымға бастапқыда Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы мүше болған, кейіннен, 2004-жылдан бастап Ресей Федерациясы да кірді. Бұрынғысына қарағанда, бұл ұйымның мақсат-міндеттерінің шеңбері едәуір ауқымды [167].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Орталық Азия мемлекеттерінің Одағы» атты ұйымды құру бастамасын көтерді. Қырғызстанның жаңа басшылығы бұл идеяны қолдайтындығын жариялады. Бірақ бұл мәселенің нәтижесі қандай боларын болжау әлі қиынға соғып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері Р.Жанғазы Орталық Азия Одағының жана құрылымдық үлгісін ұсынды. Онда Орталық

Азияның Экологиялық Кеңесін құру идеясы да бар. Ғалымның пікірінше, бұл «Орталық Азиядағы қоршаған ортаны қорғау саясатын үйлестіру, ұлттық экологиялық заңнамаларды үйлестіру, экологиялық жағдайды қадағалау мен мониторинг жүргізудің ведомствоаралық мекемесі болып саналады. Оның үш негізгі қызмет саласы ауаның ластануы, жердің құнарсыздануы мен шөлейттенуі және судың ластануы мен азаюы болуы тиіс [168].

Ұлттық және халықаралық жоспарлардың тиімділігі - олардың шынайы орындалатын жобалар мен шаралар ретінде жүзеге асырылуында. Сондай жоспарлардың бір мысалы Қазақстан Республикасының Тұрақты Дамуына арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Ұлттық іс-шаралар жоспары (ҚРТД/ҚОҚҰЖ) болып табылады. Бұл жоспардың бұрынғыларынан ерекшелігі - оның жалпы, аса маңызды басымдылықтарды, бірігуді, оны орындауға жұмсалатын күш пен құралдарды, бұл процеске қоғамның барлық тараптарының серіктестік негізінде қатысуын анықтау сияқты стратегиялық принциптердің қолданылуында, жоспардың негізгі мақсаттарына жету үшін, халықаралық ұйымдар және донор елдерден күш-құралдарды біріктіріп, ірі инвестициялық «шатырлық» жобаларды іске асыру қажет.

«Шатырлық» жобалар ластанған жерлерді экологиялық қалпына келтіру мен ластануды қадағалау, экологиялық менеджмент жүйесін жақсарту, аумақтарды басқару жүйесін дамыту жөніндегі сатылық бағдарламалар болып табылады. Бұл жобалардың идеясы біріншіден, басты экологиялық мәселелерді жергілікті аймақтарға таратуды белгілеу және олардың дерек көздерінің қай секторларға жататындығын талдауға, екіншіден, жер аймақтың барлық жобаларын жалпы идеяға қарасты бір «шатырдың» астына топтастыруға саяды. Бір «шатырдың» астына ірі өзен алқаптары маңындағы аумақтардың дамуындағы әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелерді жалпы сол аймақтардың басымдылықтарын ескере отырып шешетін жобалар біріктіріледі [169].

«Шатырларды» құру арқасында салалық министрліктермен және жергілікті ұйымдармен қызметтестік ұйымдастыру механизмі дұрысталып, бірегей жүйе құрылуда. «Шатырдан» өз мүддесіне сәйкес жобаларды тандап алуға мүмкіндігі бар донор елдер әзірленуі мен іске асырылуы 2002-жылы болып өткен Дүниежүзілік Саммит (ТДДС-2002) шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі жоспарға енген 21-ші Орта Азиялық күн тәртібін әзірлеу кезінде «шатырлық» жобаның жалпы мақсатына жетуге септігін тигізбек.

21-ші Орта Азиялық күн тәртібі Орталық Азия аймағын тұрақты дамытудың аймақтық бағдарламасы болып табылады және онда мемлекеттер мен халық шаруашылығы секторлары арасындағы серіктестік қарым-қатынастарды түзу арқылы осы аймақтық басты экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу көзделіп отыр. Ал өз кезегінде бір-бірімен байланысты «шатырлық» жобаларды әзірлеп, іске асыру да бұған көмегін тигізбек. Себебі ұлттық деңгейдегі жетістіктер табиғатты қорғау жөніндегі халықаралық көпжақты келісімдермен және ынтымақтастық құру механизмдерімен, оларды іске асыруға белсенді қатысатын үкіметтік емес ұйымдар жүйесімен тығыз байланысты. Бүгінгі күнде аймақтағы бес елдің

қоршаған ортаны қорғау саласын дамыту арқылы негізгі әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштердің рөлін нығайту және кедейшілік деңгейін төмендету саласындағы жетістіктері аз емес. Дегенмен, әлі де шешілмей жатқан мәселелер жетерлік [170].

Бұл орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Бүгінде әлемде экологиялық мәселелер бірінші орынға қойылады. Экологиялық талаптар арқылы, қоршаған ортаны және экологияны қорғау жөніндегі заңдар арқылы біз кәсіпорындарды экологиялық жағынан таза, жаңа технологияларды өндіруге ұмтылдырамыз. Экология министрлігінің алдында тұрған міндет - бұл Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап халықаралық қорлармен жұмыс істеу, бұл - экологиялық жағынан зардап шегуші өңірлерімізге қалыпты қаражат тарту, бұл - жаңа технологиялар мен жаңа көзқарастар» - деп атап өтті [171].

Сонымен, табиғатты ұтымды пайдалану іс-шараларын бірлесе белгілеп, тиімді жүзеге асырудың ең дұрыс тетігі - халықаралық ынтымақтастықта. Орталық Азия елдерінің жан-жақты қарым-қатынастары мен әр саладағы қызметтестігі экологиялық мәселелерді шешуге зор ықпалын тигізеді деген ойдамыз.

Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы (Орталық Азия орталығы АЭО) Орта Азия мемлекеттері ұсынысымен Данияда өткен төртінші жалпы еуропалық конференцияның шешімі негізінде 1998-жылы құрылған. Орталық Шығыс Еуропа мен бұрынғы КСРО көлемінде алғашқылардың бірі болып іргетасын қалады.

1999-жылы Орта Азия мемлекеттерінің үкіметі орталықтың штаб-пәтерін Алматыда орналастырып, әр елде оның филиалдарын ашуды ұйғарды.

2000-жылы маусымда Парламентте Қазақстан Республикасы, Еуропалық комиссия және ПРООН арасындағы жұмыс шартының келісіміне қол жеткізілді. Ол - орталықтың негізгі заңдылық құжатына айналды. Сонымен, экологиялық орталық Үкіметіміздің берген тұрғылықты ғимараты арқасында және Еуропалық комиссияның бөлген гранты нәтижесінде, 2001-жылдан бастап белсенді жұмысқа бет бұрды. Ол - халықаралық тәуелсіз, коммерциялық емес ұйым. Саясатпен әуестенбейді [172].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы Қазақстанда өз қызметін 1993-жылы бастаған. Оның негізгі міндеті - адам дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету. Дамудың тұрақтылығы дегеніміз - адамзаттың қазіргі буынының қажеттілігін өтеу үшін кейінгі ұрпақтың үлесіне тиісті сыбағасына қиянат жасамай, олардың қамын ойлау. Осы мақсатқа жету үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы төмендегі үш салаға ерекше көңіл бөледі:

- кедейліктің деңгейін төмендету;
- демократиялық және экономикалық қайта құру;
- қоршаған ортаны тиімді пайдалануды күшейту.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының қоршаған орта мен табиғат байлықтарын тиімді басқару мен қорғау үшін Қазақстан үкіметіне қолдау көрсетіп, әртүрлі қаржыландырушы ұйымдардың және Ғылыми



экологиялық қордың (ҒЭҚ) көмегімен мынадай іс-шараларды жүзеге асыруы көзделген:

- қоршаған ортаның көкейкесті мәселелерін анықтау және оларды шешу жолындағы ұлттық стратегиялар мен іс-әрекет жоспарын дайындау;

- қоршаған орта туралы Халықаралық конвенцияның орындалуының Қазақстандағы қорытынды нәтижесін анықтау;

- саз-балшықты жерлер және жеміс-жидекті тау, тоғайларын сақтау мен тиянақты басқару арқылы биологиялық алуан түрлілікті сақтау;

- климат өзгерістеріне қатысты болатын теріс әсерлерді азайту үшін жылу энергетикасымен, сумен қамтамасыз етудің тиімді жолдарын қарастырып, климатты жақсарту;

- озон қабатын жоятын заттарды өнеркәсіпте қолдануды біртіндеп азайту;

- күшті органикалық ластағыштарды мүлдем қолданыстан шығару [173].

Осы мәселелермен айналысып жүрген қоғамдық топтар мен бейүкіметтік ұйымдарға, 1997-жылдан бастап, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы қаражаттық көмек көрсетіп келеді. Мұндай ұйымдарға шағын фарштарды беру үшін алдымен тұрғындармен ұйымдастыру-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет:

- адамдардың әлеуметтік және экономикалық жағдайының жақсаруы табиғи байлық қоры дұрыс пайдалануға байланысты екендігі жайлы жұрттың санасында ұғым қалыптастыру;

- «өзіңе өзін көмектес» деген қағиданы тұтынушыларға ұқтыру әрі келешек ұрпақ үшін табиғат байлығын сақтау туралы жауапкершілік сезімін өсіру және тәрбиелеу.

- Арал теңізі бассейні мен Алтай-Саян экологиялық аймағын дамыту үшін қолайлы жағдайды жасауды жүзеге асыру мәселелері де бар.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы өз жобалары мен бағдарламаларын іске асыру мақсатында әлемнің жан-жағынан түгел жатқан қаржы қорларын пайдалану және әділдік пен бейтараптық принциптерін қатаң сақтайды. Сондықтан БҰҰДБ сенімді әрі тиімді серіктес мәртебесіне ие [173, б. 3].

«2003-жылы қыркүйек айында Арал қаласының 100 жылдық мерекелік тойы өтеді. Осы мерзімге қарсы қолында билігі бар Арал деп жанын салатын азамат інілерім қаржы қарастырса, жоғарыда сөз болған сорларды күш біріктіріп көмдіріп, тегістеп тастаса деген ойдамыз. Қалталы азаматтар апат өңіріне тіршілік етіп жатқан қазіргі қиын жағдайда қолғабыс берсе қандай ғанибет. Тек қыстағы жауған қардың азғантай суы бар. Олар 10-15 күнде желмен кеуіп кетеді. Сондықтан ол сорларды құммен көмуге де болады. Айнала төңірегіне тал еккен де артық емес.

Қала неғұрлым үлкейген сайын ондағы өнеркәсіптің шоғырлануы да көбейіп, ауаға тарайтын шаң-тозаңдар мен лас қоқыстары да көбейе бермек. Ал тұрған қаламыздың үстіндегі ауа бассейнін қорғаудың басты шарты - ауаны ластайтын негізгі көздерді тазарту, ауаны ластайтын тұрақты объектілердің бәрін қайтадан жабдықтау немесе ескірген жабдықтарын жаңалау. Бізде осы артта қалып жатыр» [173, б. 3].

90-шы жылдардың ортасында Орталық және Шығыс Еуропа елдері Еуропа Одағына кіруге дайындалды және экологиялық саясатты жетілдіру, олардың стандарттарын Еуропа Одағының талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс үшін оларға батыс ұйымдарының кең көлемді көмегі бөлінді. Ал енді бұрынғы КСРО аумағындағы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің үлесіне аздаған халықаралық ресурстар ғана тиді. Сол кезде осы елдерде күрделі экономикалық және әлеуметтік жағдай қалыптасқан болатын.

Жағдайды «теңестіру» үшін Орхуста 1998-жылы қоршаған орта министрлігінің VI конференциясында Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдеріне (ШЕКОА) қайта негіздеудің жаңа бағыты белгіленген болатын, яғни халықаралық көмектің негізгі ағыны жаңа тәуелсіз мемлекеттерге қайта бағытталады болды. Алайда, бұл ереже Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінің экологиялық стратегиясы бекітілген және оны іске асыруға, арнаулы жұмыс тобына мандат берілген 2003-жылғы мамырда министрлердің Киев конференциясында ғана рәсімделді [174].

ШЕКОА аймақ елдерінің он екісі (Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Молдава, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркіменстан, Украина және Өзбекстан) 1991-жылы тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономика негізінде құқықтық демократиялық қоғамға көшу үшін қажетті заңдар мен институттарды құруға кірісті.

ШЕКОА елдері көпшілігінің экономикасы табиғи ресурстарды шектен тыс пайдалануына, олардың азып-тозуына, және нормативтен жоғары пайдалануына, қоршаған ортаның алапат ластануына негізделді. Бұл елдер өз табиғат қорғау стратегиялары мен бағдарламаларын жетілдіру үшін бірқатар шараларды қабылдады.

Қазақстанға нарықтық экономикаға көшу жағдайында қоршаған ортаны қорғау жүйесін реформалау, Еуропалық Одақ заңнамасымен табиғат қорғау заңнамасын үйлестіру мәселесінде модельдік мемлекеті болу ұсынылды. Онда нәрлендіруді елдер бөлінетін қаражатты бөлуге нақты мүмкіндік пайда болады және ШЕКОА елдеріне және атап айтқанда, Қазақстанға қаражаттың түсуін біраз ұлғайтуға мүмкіндік береді [175].

Егеменді елдер қатарынан орын алған кезеңнен бастап, Қазақстан да өркениеттің шешімі қиын, жалпыәлемдік маңызы бар футуристік дилеммаларына тап болды. Олар: бүгінгі өркениетті дамудың тұрақты үрдістерінен алшақтамау, жалпы азаматтық, «гуманитарлық күйреудің» алдын алу үшін осы жолды бірден-бір дұрыс жол ретінде таңдау турасындағы бүкіләлемдік дәрежедегі алаңдаушылықтарға қатысты стратегиялық мақсаттар ұстану қажеттігі және осыған байланысты ой-пікірлер мен болжамдар, тиісті бағдарламалар мен түйінді тұжырымдамаларға алдын-ала дес беру.

Алайда XXI ғасырда дүниенің ешбір әлеуметтік дүмпулерсіз, соғыссыз, жергілікті қақтығыстарсыз, ұлттық-діни, трайбалистік кикілжіндерсіз дамуы үшін, яғни өркениетті даму жолын болашақ ұрпақтарымызға сақтау үшін тек қана қоршаған ортаны қорғаудың шараларымен шектелмесек керек. Әрине, өзіміз мекендеп отырған Еуразия континентінде экологиялық қауіптерден аса зор зардап шеккен елдердің алдыңғы қатарында алдымен біздің ел тұр.

Басқаны ауызға алмағанда, тек қана Арал теңізі мен Семей полигонының қасіреті неге тұрады?! Сөйте тұра Еуразия кеңістігінің стратегиялық кіндігі болып саналатын Орталық Азия сияқты аймағында жоғарыдағыдай саяси-әлеуметтік тұрақсыздықтар базаларының да мейлінше жеткілікті екендігіне назар аударған дұрыс тәрізді [176].

Біріккен Ұлттар Ұйымының жіктеуі бойынша мемлекет жүйесіндегі адамның қауіпсіздігіне қатысты негізгі факторлар төмендегідей:

- экономикалық қауіпсіздік;
- азық-түлікпен қамтудың қауіпсіздігі;
- денсаулықтың қауіпсіздігі;
- экологиялық қауіпсіздік;
- жеке бастың қауіпсіздігі;
- қоғамдық қауіпсіздік;
- саяси қауіпсіздік.

Қауіпсіздіктің экология сияқты басты саласындағы ахуалды анықтау үшін салыстырмалы түрде Қазақстан мен Шығыс Еуропа елдерінің 90-жылдардың алғашқы жартысында экологияны жақсартуға жұмсалған шығындарына көз жіберейік.

Қазақстандағы қазіргі кезеңде жүзеге асырылып отырған - Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірлесіп жүргізіліп жатқан қоршаған ортаны қорғаудың ұлттық жоспарының орындалу барысы ұлттық қауіпсіздіктің экологиялық қатаң талаптарына әлі де толығымен жауап бере алмайды. Басқаша айтқанда, экологиялық міндеттемелердің тетіктері мейлінше әлсіз әрі олар ұлттық қауіпсіздігіміздің негізгі «орталық» жүйелерімен кірісуге келгенде әлжуаз.

Саясатты, экономиканы және табиғи ресурстарды қолдану технологиясын экологияландырмай, адам дамуы индексінің құлдырауы мен елдің экологиялық апатқа ұшырау қаупінен құтылу мүмкін емес. Олай болса қауіпсіздік жүйесінің дамудағы тұрақтылықтың басты факторларының бірі - экологиямен тығыз байланысы соншалықты күмән тудырмайды [176, б. 24].

1990-1991 жылдары еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке ие болып, Арал өңіріндегі экологиялық апатты жағдаймен жалғыз қалғанда тығырықтан шығудың жолын тапқан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болғанын қадап айту қажет. Осы тұста Елбасы экологиялық апатты жағдайға әлемнің назарын аудартты. Елбасының қатысуымен 1991-жылы Қызылорда қаласында Арал өңіріндегі экологиялық апатты ахуалға арналған Қазақстан Ғылым Академиясының көшпелі сессиясы өткізілді. Америка Құрама Штатындағы Атланта қаласында Аралға көмек көрсетуге арналған бірінші халықаралық форум өтті.

Москвада 1992-жылы қаңтар айында Арал өңірінде халықаралық көмек жобасын іске асыратын «Арал» Координаторлық Кеңесі құрылды. Кейіннен әлемдік деңгейде экологиялық апат аймағы болып танылған Арал өңірін сауықтыру мақсатындағы «Арал дағдарысының келеңсіздіктерін жою негіздері туралы халықаралық бағдарлама» қабылданды [177].

Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты пайдалануды басқару және осы салада мемлекеттік бақылауды өзінің басты функциясы ретінде атқаратын органдар

арнайы уәкілетті органдар болып саналады. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен тікелей айналысатын басты мамандандырылған орган - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі болып табылады. Бұл министрлік қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау функцияларының жүзеге асырылуына басшылық жүргізеді, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды басқару функцияларын жүзеге асыратын өзге де орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді [178].

Қоршаған ортаның жағдайы туралы ақпараттың басым бөлігі министрлікке оның карамағындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар «Қазгидромет», «Қазавиамет», «Экология және климаттың қазақ ғылыми-зерттеу институтынан» түседі. Экологиялық ақпаратты сақтау, баспаға шығару және тарату мақсатында министрліктің жанында «Қоршаған ортаны қорғау бойынша ақпараттық-талдау орталығы» құрылған болатын. Бұл басқарма Қазақстанда бірнеше экологиялық конвенциялардың, оның ішінде Орхусс Конвенциясының жүзеге асырылуына жауапты болып келеді.

Мемлекеттік органдар өз қолдарында жинақталған экологиялық ақпаратқа талдау жүргізіп, оны келесі қайнар көздері түрлерінде жүйелендіреді: табиғи ресурстар мен объектілердің кадастрлары, қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингі, ықтимал қауіпі бар химиялық және биологиялық заттардың тізімі, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік статистикалық есеп жүргізу, кәсіпорынның экологиялық паспорты, өндіріс объектісінің қауіпсіздік декларациясы, қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік баяндамалар [179].

Қоршаған ортаның жай-күйі және оның ластануы дәрежесі туралы ақпарат келесі үш ірі көрсеткіштер тобынан тұруы қажет: сандық, сапалық және әлеуметтік-экономикалық. Алғашқы екі топ көрсеткіштері тікелей жергілікті орындарда айқындалатын болса, оларға әлеуметтік-экономикалық талдау мен баға беру статистикалық органдармен жүзеге асырылуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің таяудағы жылдарға және ұзақ мерзімді кезеңге арналған қызметі елдегі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты, мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларында көрсетілген тапсырмалар мен осы тұрғыда Үкіметтің алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

Еліміздің 2010-жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарына сәйкес министрлік Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын әзірлеп шығарды. Онда экономиканы, заңнамаларды және қоғамды экологияландыру сияқты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі үш бағыты белгіленген. Осы тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін республика Үкіметі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітіп, ол тиянақты түрде әрі уақытында жүзеге асты [179, б. 39].

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму жөніндегі комиссиясының, «Еуропа үшін қоршаған орта», «Азия үшін қоршаған орта

және орнықты даму», Бүкіләлемдік кәсіпкерлер кеңесінің орнықты дамуы үшін еуразиялық өңірлік желісінің мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады. Осы орайда бірқатар стратегиялық құжаттар қабылданып, сонымен бірге Қазақстан Үкіметінің 2004-жылғы қаулысымен Қазақстан Республикасының орнықты дамуы жөніндегі кеңес құрылды. Үкімет басшысы төрағалық ететін Кеңестің құрамында депутаттар, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ғалымдар мен әкімдер бар.

Қазақстан Республикасы үшін орнықты дамуға көшу төмендегідей сатылардан тұрады.

1) Дайындық сатысы (2007-2009 жылдар) - қоғамдық және саяси қызметтің барлық салаларына, экономиканы орталықтандыруға, технологиялық серпінділікті жүзеге асыруға тұрақты даму принциптерін енгізу үшін жағдайлар жасауға дайындық.

2) Бірінші саты (2010-2012 жылдар) - Қазақстан Республикасының әлемнің бәсекеге неғұрлым қабілетті елу елінің қатарына енуін қамтамасыз ету.

3) Екінші саты (2013-2018) - әлемдік дамудың көшбасшылары арасындағы халықтың тұрмыс деңгейі бойынша елдің жағдайын нығайту, табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдаланудан болатын шығындарды елеулі түрде азайту.

4) Үшінші саты (2019-2024 жылдар) - орнықты дамудың қабылданған халықаралық критерийлеріне қол жеткізу [180].

Аталған Тұжырымдаманы жүзеге асыру мақсатында Үкімет 2007-жылдың 2-наурызындағы қаулысымен «Балқаш-Алакөл бассейнінің 2007-2009 жылдардағы орнықты дамуын қамтамасыз ету» бағдарламасын бекітті. Бағдарламаның басты мақсаты бассейнің орнықты дамуын қамтамасыз ету және экожүйелік басқаруды қалыптастыру, сонымен бірге инвестициялар тартып, экологиялық таза технологияларды енгізу үшін қолайлы жағдайлар туғызу негізінде өңірдегі тұрғындар үшін өмір сүру ортасын сақтау.

Министрлік Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғаудың Экологиялық мониторинг орталығын құрды. Оның құрамында Арал бойы экологиясының, Балқаш және Каспий бойлары мониторингтерінің өңірлік орталықтары ұйымдастырылған [181].

Халыққа экологиялық мәселелер, оларды шешу жолдары мен министрліктің қызметі туралы хабарлап отыру мақсатында арнайы веб-сайт ашылды. 2005 жылдан бері жылма-жыл «Экологиялық таза қала» байқауы өткізіліп келеді. Оның мақсаты жергілікті билік органдары мен тұрғындарды қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге, салауатты өмір салтын насихаттауға, тұрғын кварталдар мен оларға жақын жатқан аумақтарды тәртіп пен тазалықта ұстауға ынталандыру болып табылады.

Сонымен бірге «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны шығаратын «Гидрометеорология және экология» тоқсандық журналы мен «Атамекен», «Экологический курьер» тәрізді басылымдардың да осы мақсаттарды көздейтінін, яғни қоршаған ортаны қорғау мәселелері туралы халыққа ақпараттар жеткізіп тұратынын да атап айтқан орынды.

## 2.2 «Жаңа экологиялық саясаттың» қазіргі моделіне өтудің мазмұны және ерекшеліктері

5 маусым-бүкілдүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні деп жарияланған. Қазіргі Қазақстанда да осы күн қоршаған ортаны қорғау күні деп атап өтіледі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Бұл арада біз бірқатар мәселелерді, атап айтқанда, экологиялық жағынан зардап шеккен аудандардың экономикалық даму мәселелерін шешуде халықаралық ынтымақтастық пен іс-қимылды үйлестіруді, қоршаған ортаны қорғауды жақсарту жөніндегі заңнамалық нормаларды енгізуді, экологиялық қауіпсіздіктің басқа да элементтерін шешуіміз керек» - деген сөзі қазіргі кезде осы мәселенің мемлекеттік деңгейде қаралып жатқанының дәлелі [182].

Экологиялық талаптарды реттейтін арнаулы нормалар біршама. Олардың қатарына: Қазақстан Республикасының 1997-жылғы 18-наурыздағы «Экологиялық сараптама туралы»; Қазақстан Республикасының 1997-жылғы 15-шілдедегі «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы»; Қазақстан Республикасының 1997-жылғы 15-шілдедегі «Қоршаған ортаны қорғау туралы»; Қазақстан Республикасының 1993-жылғы 21-қарашадағы «Жануарлар дүниесін қорғау, өнімін молайту және пайдалану туралы»; Қазақстан Республикасының 1999-жылғы 11-ақпанындағы «Өсімдіктер карантині туралы» заңдары, сондай-ақ жер қатынастары, атмосфералық ауаны қорғау туралы т.б. заңдар жатады [183].

3-желтоқсан 2003-жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы» бекітілді. Онда жаһандық және ұлттық экологиялық мәселелер шеңбері белгіленген. Жаһандық мәселелерге: климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биологиялық әралуандылықты сақтау, ал ұлттық экологиялық мәселелерге экологиялық апат аймақтары, Каспий ресурстарын игеру барысында туындаған мәселелер, су ресурстарының сарқылуы мен ластануы, байырғы ластанулар, транс-шекаралық сипаттағы мәселелер, әскери-ғарыш және сынақ кешендері полигондарының табиғатқа тигізген әсері, ауаның ластануы, қоршаған ортаның радиоактивті, бактериологиялық және химиялық заттармен ластануы, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың зиянды әсері, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсері жатқызылған [184].

Жоғарыда аталған тұжырымдамада белгіленген шараларды орындау мерзімі үш кезеңге бөлінген: I кезең - 2004-2007 жж., II кезең - 2008-2010 ж.ж. және III кезең - 2011-2015 ж.ж.

I- кезең жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 6-желтоқсан 2004-жылы қабылданған № 1278 Қаулысымен «Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жж. арналған бағдарламасы» бекітілді. Онда қоршаған ортаны қорғау, экологиялық сақтандыру, өндіріс пен тұтыну қалдықтары, экологиялық аудит туралы заң актілерін әзірлеу, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесін құру көзделген. Осы аталған шараларды іске асыру мақсатында «Қазгидромет» Республикалық

мемлекеттік кәсіпорны аясында Республикалық қоршаған орта мониторинг орталығы құрылды.

2005-жылғы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Заңы бекітілді. Сонымен қатар бұл кезеңде табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы суды үнемдеу, шөлейттенуге қарсы күрес, байырғы ластануларды жою, өнеркәсіп және тұрмыс қалдықтарын басқаруды жетілдіру, қоршаған ортаның мониторингі жөніндегі бірқатар бағдарламаны іске асыру көзделген.

II кезеңде қоршаған ортаны қорғаудың 2008-2010 жж. арналған бағдарламасын іске асыру арқылы тұрақты дамуды қамтамасыз ету және қоршаған ортаның жай-күйі сапасын жақсарту қарастырылған.

III кезеңде барлық белгіленген бағдарламаларды іске асыруды аяқтап, табиғи ортаның сапасын басқару жүйесін қалыптастыру және оған тигізілетін зиянды әсерлерді барынша азайту арқылы қоршаған орта нысандарының тиісті сапасы мен қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қажетті деңгейіне қол жеткізу көзделген [185].

Егеменді Қазақстанда саяси демократияландыру кезеңінде қоршаған ортаны қорғау саласында қоғамдық қатысудың жаңа ұйымдастырушылық формалары пайда болды, оларға мыналар жатады: ерікті қоғамдар: Ұлттық экологиялық қоғам (Алматы), «ЭКОС» Шымкент экологиялық қоғамы, «Жабайы табиғат» Түлкібас экологиялық қоғамы (Оңтүстік Қазақстан), «Көкжиек» арал маңының мәселелерін шешуге көмек беретін қоғам (Орал), Құстармен әуестенушілер қоғамы (Алматы), Табиғатты қорғау қоғамы (Талдықорған) және т.б.;

комитеттер: Балқашты құтқару бойынша қоғамдық комитет (Балқаш), «Радиация. Экология. Денсаулық» проблемалық комитет (Алматы), Аралды құтқару бойынша комитет;

одақтар: «ИРИС» ядролық сынақтардан жапа шеккендер одағы (Семей), «Табиғат» ассоциациялар мен кәсіпорындардың экологиялық одағы (Алматы), «Ас-Саям» рухани-экологиялық интеграциясы;

ассоциациялар: «Қорық» қорықтар мен ұлттық саяжайлар ассоциациясы (Алматы), ізденуші-ғалымдар ассоциациясы, экологиялық сауаттану ассоциациясы (Орал), экология және әлеуметтік прогресс үшін студенттер ассоциациясы (Алматы);

орталықтар: Қарағанды эоорталығы, «Жасыл Алтай» әлеуметтік-экологиялық орталығы (Риддер), «Наурзум» Қостанай эоорталығы, экологиялық және рухани сауаттандыру орталығы, «Тау» экологиялық орталығы (Алматы), «ЭКОС» экологиялық бірлестік (Көкшетау);

қоғамдық қорлар: «Феникс» ядролыққа қарсы экологиялық қор, «Қазақстанның фермері» қоры, Экологиялық сақтандыру қоры (Алматы), «XXI ғасыр» қоғамдық қор, «Сатей» түйе шаруашылығын қолдау және қалпына келтіру Шымкент аймақтық қоры;

қоғамдық экологиялық ұйымдар: «Каспий табиғаты» Ғылыми өндірістік басқармасы (Атырау), «Исток» Ғылыми өндірістік басқармасы (Семей), «Биосфера экологиясы» Ғылыми өндірістік басқармасы (Алматы), «XXI ғасыр және Каспий» Ғылыми өндірістік басқармасы, «ЭКОМ» Ғылыми өндірістік

басқармасы (Павлодар), «ЭкоОбраз» Ғылыми өндірістік басқармасы (Қарағанды), «Жасыл республика» жас экологтардың балалар ұйымы (Алматы);

әуесқой ұйымдар: экологиялық клубтар (Риддер мен Қарағандыдағы «Беловодье» және «Эдельвейс»), Петропавл қаласындағы жастар эоклубы «Беркана», Көкшетаудағы «Горизонт» экологтық-өлкетанушылық жастар клубы, Тараздағы «Киванис» және «Ваганты», Қапшағайдағы «Берендей» эоклубтары); патрульдер («Экопатруль» клубы және Талғар мен Тараздағы қоршаған ортаны қорғау бойынша дружиналар); балалар экологиялық кружоктар (Қазақстанның көптеген мектептерінде);

жасыл қозғалыстар: «Табиғаттың жасөспірім қорғаушылары» (Талғар), «Жасыл құтқарылу» (Алматы), «Жасыл қозғалыс» (Тараз), «Экош» ғылыми жастар жасыл қозғалысы (Балқаш), «Жайық Орал» экологиялық қозғалысы (Орал) және т.б. [186].

Тәуелсіз даму жылдарында Қазақстанда экологиялық Ғылыми өндірістік басқармалардың саны он есе көбейді және 2004-жылы 170-тен астам тіркелген ұйымдардың санына жетті, сол уақытта Қырғызстанда - 117, Өзбекстанда - 22 (300 тіркелмегендер).

Интернетте жеке «парақтарды» (сайттарды) қалыптастырудағы экологиялық Ғылыми-өндірістік бірлестіктердің негізгі мақсаттары мынадай: қоғамдық ұйымдардың жарнамасы; жеке ақпаратты тарату; серіктестер мен қоғамдастық тарапынан ұйымдастыру әрекеті бойынша шынайы бағалануы; электронды конференцияларды, анкеталық әдіс, сауалнама және т.б. жүргізу арқылы қажетті ақпаратты алу. Қазақстандық экологиялық ғылыми-өндірістік бірлестіктердің бір қатар сайттарына сипаттама берейік: «Феникс» қоғамдық қордың сайты (Алматы); Интернет Тренинг Орталығының сайты (Алматы); Қарағанды экологиялық орталықтың сайты; «Тенгри-Умай» және «Ангел» Алматылық қоғамдық қорлардың, Қарағанды экологиялық мұражайының сайттары [187].

Егеменді Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңы - табиғат пен оның байлықтары Қазақстан Республикасы халықтарының өмірі мен қызметінің, олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әл-ауқатын арттырудың табиғи негізі болып табылады.

Осы Заң қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілейді, сонымен бірге экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, шаруашылық және өзге де қызметтің табиғи экологиялық жүйелерге зиянды әсерін болғызбауға, алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған [188].

Осы заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- қоршаған орта-табиғи объектілердің, оның ішінде өзара қарым-қатынастағы атмосфералық ауаны, суды, топырақты, жер қойнауының жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ климатты қоса алғанда, табиғи ресурстардың жанды әрі жансыз жиынтығы;



- қоршаған ортаны қорғау-табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс-қимылына, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

- қоршаған ортаны қорғау объектілері-қоршаған ортаның заңдармен қорғалатын құрамдас бөліктері;

- табиғи ресурстар - қоғамның материалдық, мәдени және басқа қажеттерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаның шаруашылық, т.б. қызмет процесінде пайдаланылатын құрамдас бөліктері;

- табиғатты пайдалану-адамның шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы;

- қоршаған ортаның сапасы - қоршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы;

- қоршаған ортаның мониторингі - адамды қоршаған табиғи ортаның жай-күйін бақылау және адамдардың денсаулығы мен өзге де тірі организмдерге зиянды немесе қауіп туғызатын қатерлі ахуалдар туралы ескерту;

- экологиялық жүйе-организмдердің және олар мекендейтін жансыз ортаның өзара байланысты біртұтас функционалдық жиынтығы [188, б. 254].

Жаңа терминдердің пайдаланылуы заманы мен уақытына сай жүрудің белгісі. Сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау заңында (3-бап) қоршаған ортаны қорғаудың мынадай негізгі принциптері қарастырылған:

- адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдылығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру;

- экологиялық жағдайы қолайсыз аумақтардағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру;

- биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылыми, мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтауды қамтамасыз ету;

- халықтың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласына белсенді түрде және демографиялық жолмен қатысуы;

- жер, оның қойнауы, су, атмосфералық ауа, ормандар мен өзге де өсімдіктер, жануарлар дүниесі;

- табиғи экологиялық жүйелер, климат және жердің озонды қабаты қорғалуға тиіс.

Экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілері, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ерекше қорғалуға тиіс [188, б. 255].

Қоршаған ортаны қорғау заңының түпнұсқасында азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері көрсетілген.

Мысалы, әрбір азаматтың және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ шетелдіктердің өз өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға, оның жай-күйі туралы

дұрыс ақпарат алуға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан өз денсаулығы мен мүлкіне келтіретін залалдың өтеуін алуға құқығы бар.

Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен қатар мынадай міндеттері де бар: әрбір азамат қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды орындауға, өзінің экологиялық білім деңгейін арттыруға және жеткіншек ұрпаққа экологиялық тәрбие беруге жәрдемдесуге міндетті [188, б. 255].

Қоршаған ортаны қорғау заңының түпнұсқасында (7-бапта) мемлекеттік өкімет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзіреті жайлы көрсетілген:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоршаған ортаны қорғау саласында: мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлейді;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылықты жүзеге асырады, олардың заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын бақылайды;

қоршаған ортаны ластағаны үшін және табиғи ресурстарды қорғау мен көбейту үшін ақы алу тәртібін белгілейді;

заңдарды белгіленген жағдайда табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы қаулылар шығарады, табиғат пайдалану шарттарын (келісім-шарттарын) жасайды, лимиттер мен квоталар белгілейді;

табиғат пайдаланудың әр алуан түрлері бойынша тұжырымдамаларды бекітеді, табиғат пайдаланудың мемлекеттік құрылымының, табиғи ресурстарды кешенді пайдалану, молықтыру және қорғау кестелерін бекіту және жүзеге асыру, табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрларын жүргізу тәртібін белгілейді;

экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізбесін бекітеді, өз құзіреті шегінде мемлекеттік қорықтар, мемлекеттік ұлттық және табиғи парктер, басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұйымдастырады;

қоршаған ортаны қорғау саласында ақпарат беру мен мемлекеттік статистиканы жүргізу тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады [188, б. 255].

Жергілікті өкілді органдар тиісті аумақтарда қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану жөніндегі бағдарламаларды бекітеді; өз құзіреті шегінде қоршаған ортаны сауықтыру, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және ұтымды пайдалану, экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғау мәселелері жөніндегі жолсыздықтар үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген міндетті ережелер қабылдайды.

Жергілікті атқарушы органдар қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, өз құзіреті шегінде табиғатты

пайдалануды реттейді; қоршаған ортаны ластағаны үшін ақы мөлшерін бекітеді, теріс экологиялық сараптама берілген кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салуға және қайта құруға тыйым салу туралы қорытындылар дайындайды, экологиялық талаптар бұзылған жағдайда шаруашылық және өзге де қызметті тоқтату туралы және тиісті шаралар қолданады; экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғау туралы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру туралы шешімдерді қабылдайды немесе жоғары тұрған органдарға ұсыныстар енгізеді [188, б. 255].

Қоршаған ортаны қорғау заңының түпнұсқасында (24-бапта) қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингі туралы былай көрсетілген:

қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингі қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқару міндеттерін атқаратын арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады және онда:

қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйіне, сондай-ақ оларға антропогендік ықпал жасау көздеріне белгілі бір бағдарлама бойынша жүргізілетін бақылау; аталған бақылау объектілерінің жай-күйін бағалау; олардағы өзгерістерді болжау қамтылады [188, б. 255].

Жоғарыда келтірілген жағдайлармен қатар экологиялық сараптама және оның түрлері қарастырылады. Экологиялық сараптама - шаруашылық және де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкес келуінің, осы қызметтің қоршаған ортаға жасалуы мүмкін теріс әсерлерінің және соларға байланысты зардаптардың алдын алу мақсатында сараптама объектісін іске асыруға жол берілуінің анықтамасы.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік экологиялық және қоғамдық экологиялық сараптама жүзеге асырылады. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізеді. Қоғамдық экологиялық сараптаманы қоғамдық бірлестіктер немесе халықтың өзге де топтары қоғамдық экологиялық сараптама жүргізе алады.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүзеге асырудың ұйымдастыру нысандары және қоғамдық бірлестіктердің экологиялық сараптама саласындағы өкілетті экологиялық туралы заңдармен белгіленеді. Қоғамдық сараптаманың қорытындысы ақпараттық және ұсыныс жасау сипатында болады [188, б. 262].

Сан жылдар бойы Семей ядролық сынақ полигонында жүргізілген сынақтар ол жерде тұратын адамдар денсаулығы мен қоршаған ортаға орасан зор зиян келтірді. Қазақстанның өзге аймақтарымен салыстырғанда бұл жақта халықтың жалпы аурулар саны мен өлімі көп, балалар мен жануарлардың дамуында әр түрлі аномалиялық өзгерістер жиі орын алады, 1996-жылға дейін Семей облысының бүкіл аумағы, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының полигонға жақын жатқан аудандары сынақ аймағы болып есептелді. Осы аумақтардағы қоршаған табиғи ортаның тоқырауға ұшырауы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайларды ушықтырып, нәтижесінде жергілікті халықты әлеуметтік қорғауды арнайы заңдастыру мен құқықтық реттеуге бағытталған шаралардың керек екендігін көрсетті. Өйткені,

бұл аймақ тұрғындарының өмір сүруі мен еңбек етулері азаматтардың еңбекке қабілеттіліктері мен денсаулықтарын қолдауын қажетсінетін қосымша шығындарды талап етті [189].

Кеңес уақытында аталмыш аймақта қызмет етушілердің жалақысына арнайы аудандық коэффициенттер төленген. Қазақстанның егемендік алуына байланысты ядролық сынақтардың салдарларын жою, зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау, емдеу, сауықтыру және реабилитациядан өткізуге бағытталған арнайы мемлекеттік жоспарлы шара қолға алынды. Осы мақсатта 1992-жылдың 18-желтоқсанында Қазақстан Республикасының «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңы қабылданды. Бұл заңның 1949-1990 жылдар аралығында Семей полигонындағы ядролық сынақтар аймағында тұрған және тұратын азаматтарға тікелей қатысы бар. Заңға сәйкес аталмыш санаттағы азаматтарға республикалық бюджеттен өтемақылық төлемдер жасалады.

Заң көп жылдық ядролық жарылыстар әсерінен зардап шеккен азаматтардың мәртебесі мен аумақтардың түр-түрін белгілейді, өтемдер, жеңілдіктер түрлерін және аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі шараларды айқындайды.

Алматы тоғыз жолдың торабы. Мұнда екі темір жол вокзалы, әуежай, үлкен екі автовокзал бар. Қалада еліміздегі коммерциялық банктердің 75 пайызы, 25 сақтандыру компаниялары, тауарлы және қорлар биржалары орналасқан [190].

Алматы қаласы соңғы жылдары табиғат ерекшеліктерімен және индустриялық, спорттық тез дамуымен туристерді өзіне көптеп тартуда. Мұнда 1000-ға жуық әртүрлі спорт құрылымдары, бассейн, теннис корты, спорт залдары мен клубтары бар. Түрлі мәдени орталықтар жақсы дамып келеді. Қала ірі қаржы доноры болып қала береді, себебі барлық жиналған салықтардың 68,8 пайызы республикалық бюджетке аударылады. Жергілікті бюджеттің қиындығына қарамастан әлеуметтік жағдайларға көп көңіл бөлінеді, қала тұрғындарының 17,6 пайызы зейнеткерлер. Олар қажетті әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілген, тұрмысы ауыр отбасыларына да түрлі көмек көрсетіліп отырады.

Еліміздің ірі мегаполисінің табиғаты мен қоршаған ортасын қорғауда елеулі жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, су және орман қорларын қорғау басты назарымызда ұсталып келеді. 2002-жылы жергілікті бюджеттен Бауман бағы мен «Медеу» табиғат паркінің орман белдеулерін жөндеу мен қорғауға 1,5 млн. теңге бөлінді.

Қаланың экологиялық жағдайын жақсартудың бізде арнайы бағдарламасы, 2000-жылдың наурыз айынан бастап атмосфералық ауаның ластануын тексеретін үш бекет бар.

Қала ауасын бүлдіріп жатқан кәсіпорындар мен қатар автокөліктердің көпшілігі біраздан әңгіме болып келеді. Алдағы уақытта бұған тосқауыл қойылатын болады. Жақында Алматының ауасының тазаруына кепіл болатын үш жақты Алматы қаласы әкімшілігі, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ және Қоршаған ортаны қорғау министрлігі арасында жаңа замандық, автогаз толтырғыш

компрессорлық стансалар құру туралы түсіністік пен өзара сенім меморандумына қол қойылды. Қазір Алматы қаласы мен облысында газ құю стансалары желісін салу жоспарлануда. «ҚазТрансГаз» ЖАҚ-ына қарайтын «ҚазТрансГаз» дистрибьюшн» компаниясы қалада 15 автомобильдік газтолтырғыш компрессорлық стансасын салып, алғашқы кезеңде мың автомобильді баламалы жанармайға ауыстырмақ. Сонымен қатар Алматы-Бішкек-Тараз-Шымкент трассасы бойында осындай АГТКС салу жобасы өз кезегін күтуде. Ал, Алматыда құны 1,7 миллион АҚШ долларын құрайтын 2 АГТКС стансасы салынғалы отыр [190, б. 3].

Бұл күндері Алматыда 250 мың автокөлік бар. Қалаға келіп-кететіндерін қоса есептелгенде 320 мыңнан асады. Оған үлкенді-кішілі жылу жүйелерінің құбырлары мен өндіріс орындарының мұржаларынан будақтаған қою түтін мен улы газдарды қосыңыз. Алматыда соңғы жылдары жанар май құю стансалары да көбейіп кетті. Мәселен, бір ғана Алматы мен Қаскелеңнің арасында 40 шақты жағар-жанар май құю стансасы бар. Үлкен жолдың бойында немесе тұрғын үйлерден алысырақ қауіпсіз жерде салынуға тиіс мұндай стансаларды азуы мықты, ақшалылар белден басып, кез-келген бос жерге орнатып алатыны екінің біріне аян. Егер бір автокөлік күніне 7-10 текше метрге дейін улы газ шығарады десек жоғарыда айтқан бензин және дизель отынымен жүретін 250 мыңдай автокөлік қала арқылы өтетін 70 мыңдай көліктің ауаға қанша тонна улы қоспалар шығарып жатқаны белгілі болар [190, б. 3].

Біздің қолда бар деректер бойынша Алматы қаласының ластану деңгейі өзінің шырқау шегіне (ИЗА-13,1) жеткен. Көбінесе Алматы ауасын ластайтындар: көмірқышқыл газы, күкірттің қос оксиді, көмірсутегілер, көмір оксиді, азоттың оксиді мен түтін шаңдар. Ал тұрақты жылу көздерінің қатарына жататын АӨК ОЭО (ТЭЦ) - 1 жүйесі 8253 тонна зиянды қалдықтар бөліп шығарады. Осы зиянды қалдықтар ауада химиялық реакцияға түсіп, бұрынғыдан да қауіпті жаңа қосылыстар түзеді.

Сұлу Алатаудың бауырында жатқан көркем қала шұңқырға орналасқандықтан ауа алмасуы қиын. Оңтүстік астананың ауасының нашарлай түсуіне ең басты техникалық ақаулары бар автокөліктер кінәлі. Ал мамандар автокөліктердің моторларында жанар май толық жана алмағандықтан, көмірсутегілердің басым бөлігі қара күйеге айналатынын, әсіресе техникалық ақаулы автокөліктерден қара түтін көп бөлінетінін айтады [190, б. 4].

Алматы - жасыл қала, оған ешкімнің таласы жоқ. Алайда соңғы жылдары қала ағаштарының көбі қартайып, бұталары қурап жатыр. Жазда бар ағаштың жапырақтары түтін мен күйеге малынып, кірден көз ашпай тұрады. Қалада шамадан тыс көбейіп кеткен автокөліктің түтінін тазартуға олардың шамасы келмейді. Сондықтан қаптаған жанар-жағар май құю стансаларын азайтып, жас көшеттерді отырғызуға көңіл бөлу қажет.

Экологиялық қылмыс дегеніміз-қоршаған ортаға, оның ресурстарына, халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қоғамға қауіпті, қылмыстық заңдарға қайшы іс-әрекеттер болып табылады.

Экологиялық талаптарды реттейтін арнаулы нормалар біршама. Олардың қатарына: Қазақстан Республикасының 1997-жылғы 18-наурыздағы

«Экологиялық сараптама туралы»; Қазақстан Республикасының 1997-жылғы 15-шілдедегі «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы»; Қазақстан Республикасының 1997-жылғы 15-шілдедегі «Қоршаған ортаны қорғау туралы»; Қазақстан Республикасының 1993-жылғы 21-қарашадағы «Жануарлар дүниесін қорғау, өнімін молайту және пайдалану туралы»; Қазақстан Республикасының 1999-жылғы 11-ақпанындағы «Өсімдіктер карантині туралы» заңдары, сондай-ақ жер қатынастары, атмосфералық ауаны қорғау туралы және заңдар жатады [191].

Ғалымдардың айтуы бойынша, бақылаусыз және келешекті ойламай жасаған ғалымдардың шаруашылық қызметі салдарынан жер планетасы болашақта адам тіршілігіне жарамсыз болып қалуы мүмкін. Улы газдардың әсерінен озон ойығы тереңдеп, жылудың артуы әсерінен мәңгі мұзарттар еріп, теңіздерде судың деңгейі көтеріліп, топан су басу қаупі артуда.

Каспий теңізі деңгейінің жыл сайын көтерілуі, Чернобыль атом электр станциясының және Арал, Семей апаттары бірнеше мемлекеттердің халқын абыржытуда, сондықтан, осы аталған қауіп-қатерлердің барлығы қазір дүниежүзілік сипат алуда. Барлық елдер бірлесіп, табиғатты қорғау жұмысын ұйымдасқан түрде қолға алуға міндетті болып отыр.

Қоршаған ортаны қорғау заңының түпнұсқасында (68-бапта) төтенше экологиялық ахуал және экологиялық апат аймақтары жөнінде айтылады. Төтенше экологиялық ахуал - адам қызметінің немесе табиғаттың дүлей күштерінің салдарынан белгілі бір аумақта пайда болған, қоршаған ортаны, адамдардың өмірі мен денсаулығы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау үшін қауіпті, терең және тұрақты теріс өзгерістермен сипатталатын қолайсыз экологиялық ахуал [188, б. 265].

Сонымен қатар экологиялық апат аймақтары - егер қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі нұқсан келтірсе және табиғи экологиялық жүйелер бұзылып, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі азып-тозса, экологиялық ахуал төтенше аумақтар, экологиялық апат аймақтары деп жарияланады.

Экологиялық апат аймағында: қолайсыз экологиялық жағдайдың пайда болуына себепші болған шаруашылық объектілерінің қызметі тоқтатылады; адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды ықпал ететін ұйымдардың, цехтардың, агрегаттар мен жабдықтардың қызметі тоқтатыла тұруы мүмкін; қажет болған жағдайда адамдарды көшіру жөнінде шаралар жүргізіледі.

Ал төтенше экологиялық ахуал салдарынан зардап шеккен, сондай-ақ экологиялық апат аймақтарында тұратын азаматтар өтемақылардың, жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғаудың басқа да түрлерін қоса алғанда өздеріне келтірілген зиянды өтеттіруге құқығы бар.

Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағында төтенше экологиялық ахуалды Үкімет жариялайды. Экологиялық апат аймақтары Қазақстан Республикасының заңдарымен жарияланады [188, б. 265].

Заңға сәйкес қоршаған ортаның жай-күйі, ластануы және сауықтырылуы туралы, қаржыландыру (қаржыландыру көздері) туралы, қоршаған ортаны

қорғау мен сауықтыру жөніндегі шараларға қаражат жұмсау, табиғи ресурстардың жай-күйі, пайдаланылуы, қоршаған ортаға жасалатын әсерлері, оның сапасын нормалау мен шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар туралы мәліметтер қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпарат болып табылады. Ол ашық және жария болып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялануға тиіс [188, б. 265].

Лауазымды адамдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпаратты жасыруына, дер кезінде бермеуіне немесе жалған ақпарат беруіне жол берілмейді.

Халық арасында экологиялық білім беруді мемлекеттік органдар және қоғамдық бірлестіктер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және заңдарға қайшы келмейтін өзге де тәртіппен жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау қоршаған ортаның жай-күйін, шаруашылық және өзге де қызметтің ықпалымен оның өзгерістерін байқап отыруды, қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі жоспарлар мен шаралардың орындалуын, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың, оның сапа нормативтері мен экологиялық талаптардың сақталуын тексеруді өзіне міндет етіп қояды.

Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік, ведомстволық, өндірістік және қоғамдық бақылау жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде арнайы уәкілеттік мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады [188, б. 266].

Қоршаған ортаны қорғау саласында арнайы уәкілеттік мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының:

меншікті нысаны мен бағыныштылығына қарамастан, ұйымдарға және басқа да объектілерге (соның ішінде белгіленген тәртіппен көрсету арқылы) кіріп көруге, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қажетті құжаттаманы, талдамалардың нәтижелері мен өзге де материалдарды сұратуға және танысу үшін тегін алуға;

-табиғи ресурстарды пайдалану лицензияларында белгіленген ережелердің сақталуын және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жекелеген қызмет түрлерінің жүзеге асырылуын, табиғатты пайдалану шараларының (келісім-шарттарының) және табиғатты пайдалануға берілген рұқсаттың орындалуын тексеруге, белгіленген тәртіппен олардың күшін жоюға, жою жөнінде нұсқамалар беруге немесе ұсыныс енгізуге;

-заңды және жеке тұлғаларға талаптар қоюға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы жолсыздықты жою жөнінде нұсқамалар шығаруға;

-кәсіпорындардың, құрылыстар мен объектілердің жұмысын шектеумен тоқтата тұру, оларды пайдалана беруге тыйым салу, экологиялық талаптарды бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және де өзге қызметті шектеу туралы нұсқамалар шығаруға, немесе осы қызметті тоқтату туралы ұсыныс енгізуге;

-қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салдарынан келтірілген залал мөлшерін анықтауға және соның негізінде кінәлі адамдарға осы залалды ерікті түрде өтеу туралы талаптар қоюға немесе сотқа талап-арыз беруге;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы ведомстволық және өндірістік бақылаудың нормалары мен ережелерін сақтауды тексеруге құқы бар [188, б. 266].

Заңға сәйкес 79-бапта қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бақылау жөнінде төмендегідей қарастырылған. Қоғамдық бақылауды қоғамдық бірлестіктер өз бастамасы, табиғат пайдаланушылармен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен шарттар бойынша жүзеге асырады.

Қоғамдық бақылаудың жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес белгілейді.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян зардап шегушінің еңбекке қабілетінен айырылу дәрежесін, оны емдеуге және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды, науқасты күту жөніндегі шығындарды, өзге де шығындар мен залалдарды ескере отырып толық көлемінде өтеуге тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салаларынан келтірілген моральдық зиян Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен өтеуге тиіс [188, б. 267].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен қорғауға алынған жерлер экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, Қазақстан Республикасының ұлттық байлығы болып табылады.

Осы Заң ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін белгілейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар - ерекше құқықтық қорғау тәртібі бар немесе мемлекеттік табиғи қорық қорын сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін шаруашылық қызметі тәртібімен реттелетін жер, су, орман және жер қойнауы учаскелері.

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры-қоршаған ортаның табиғи (калаондар, уникалдар мен реликтер, ғылыми зерттеулерге, ағарту, білім беру ісіне, туризмге және рекреацияға арналған зат-болмыс ретінде экологиялық), ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған объектілерінің жиынтығы [188, б. 267].

Қазақстан Республикасында мақсатына, қорғау тәртібіне және пайдалану ерекшеліктеріне қарай ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мынадай түрлері көрсетіледі:

- биоөрістік аумақтарды қоса алғанда, мемлекеттік табиғи қорықтар;
- мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;
- мемлекеттік табиғи парктер;
- мемлекеттік табиғи ескерткіштері;
- мемлекеттік қорық өңірлері;
- мемлекеттік табиғи тапсырыстар;
- мемлекеттік зоологиялық парктер;



- мемлекеттік ботаникалық бақтар;
- мемлекеттік дендрологиялық парктер;
- мемлекеттік қорғалатын табиғи аумақтардың ормандары;
- ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе ғылыми жағынан ерекше құнды су қоймалары;
- халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар;
- жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелері [188, б. 268].

Ерекше қорғау құқықтық тәртібі: қорық тәртібі, тапсырыс тәртібі болып бөлінеді.

Қорық тәртібі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе арнайы бөлінген аймақтарда кез келген шаруашылық қызметке, сондай-ақ қоршаған ортаның табиғи жай-күйін бұзатын өзге де қызметке тыйым салуды көздейді.

Тапсырыс тәртібі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе арнайы бөлінген аймақтарда шаруашылық және өзге де қызметті белгілі бір маусымда, белгілі бір мерзімде ғана, мұның өзі мемлекеттік табиғи-қорық объектілерінің сақталуына қауіп төндірмейтіндей және олардың көбеюін нашарлатпайтындай мөлшерде ғана жүргізуді көздейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды пайдаланудың мақсаттарында: және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар: ғылыми; мәдени-ағартушылық; оқу; туристік және рекреациялық; шектелу шаруашылық мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін [188, б. 268].

Қоршаған ортаға және тұрақты дамытуға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Конференциясы Преамбула өткізе отырып, 1992-жылы 3-14-маусым аралығында Рио-де-Жанейрода, мақсат қыла отырып, мемлекеттер, қоғамның негізгі секторлары мен адамдар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа деңгейлеріне шығу жолдары арқасында жаңа, глобальдық әділетті серіктестікті орнату үшін; күш сала отырып, барлығының мүдделерін құрмет тұтып және қоршаған ортамен дамытудың глобальдық біртұтастығын қорғауды қамтамасыз ететін халықаралық келісімдерге қол жеткізу үшін мойындай келіп, ортақ үйіміз жер сипатының тұтастығы және өзара байланыстылығын 27 принцип арқылы жариялады.

Мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысы мен халықаралық құқық принциптеріне, қоршаған орта мен дамуға қатысты өздерінің дербес саясаттарына сай ресурстарын игеруге егеменді құқыққа ие және олардың құзыр немесе бақылау аясында сол қызмет атқару жауапкершілігі өзге мемлекеттердің немесе ұлттық юрисдикция шеңберінен тыс жататын жерлердің қоршаған ортасына зардап әкелуге себепші болмайды.

Мемлекеттер қоршаған орта саласында тиімді заң жүзіндегі актілер қабылдайды. Мемлекеттер қоршаған ортаға қатысты дауларын бейбіт жолмен және Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысына сәйкес тиесілі әдіспен шешіп отырады.

Мемлекеттер мен халықтар осы декларацияға енген принциптердің орындалуы жолында, сондай-ақ орнықты даму бағытында халықаралық

құқықты одан әрі жетілдіріп отыру үшін ниетті еріктілік пен серіктестік рухына ынтымақтасады.

Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын іске асырудан күтілетін нәтижелер: Осы құжаттың ережелерін іске асыру республикалық деңгейде іс-шаралар жоспарын әзірлеуді, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мен ұтымды табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік қолдау және реттеу шараларын әзірлеуді және іске асыруды көздейді.

Осы құжаттың ережелерін қоғам мен мемлекет қызметінің жекелеген салаларына және экология саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу ерекшеліктеріне қатысты нақтылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік өңірлік және салалық бағдарламаларын әзірлеу кезінде жүзеге асырылуы мүмкін [188, б. 268].

Бірінші кезеңде (2004-2007 жылдар) қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданып, іске асырылатын қоршаған ортаны қорғау, экологиялық сақтандыру, өндіріс және тұтыну қалдықтары, экологиялық аудит туралы мәселелерді реттеуге бағытталған заң актілері әзірленетін, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесі құрылатын болады.

Бұдан басқа келесі бағдарламалар:

- төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған;
- 2015-жылға дейін Қазақстан Республикасында қызған газдардың қалдықтарын азайту жөніндегі;
- су үнемдеу жөніндегі;
- шөлейттенумен күрес жөніндегі іс-қимылдар;
- халықтың ішкі көші-қоны және экологиялық апат аймақтарының аумақтарын шаруашылық мақсатқа пайдалану;
- байырғы ластануларды жою жөніндегі;
- өнеркәсіп және тұрмыстық қалдықтарды басқаруды жетілдіру жөніндегі;
- әскери-ғарыш және сынақ кешендері полигондары аумағының экологиялық жай-күйінің мониторингі жөніндегі бағдарламаларды іске асыру жоспарлануда.

Мұның бәрі бірінші кезеңде қоршаған ортаға төңірегінділер мен шығарындыларды тұрақты деңгейде сақтауға және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын жинақтауға мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде (2008-2010 жылдар) қоршаған ортаны қорғаудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жолымен тұрақты даму қағидаларына сәйкес келетін және қоршаған ортаның жай-күйін сапалы жақсартудың үшінші кезеңінің басталуын қамтамасыз ететін қоршаған ортаны қорғаудың жүйесін құру процесі толық аяқталуы тиіс.

Үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар) барлық белгіленген бағдарламаларды аяқтау нәтижесінде қоршаған орта объектілері сапасының нормативтік көрсеткіштері және қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізілуі, қоршаған ортаның қамтамасыз етілуі мен сапасын басқару жүйесінің қалыптастырылуы тиіс [188, б. 268].

Бұл бағдарламалардың бәрі ресми құжатта Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолымен 3-желтоқсан 2003-жылы №1241 бұйрықпен бекітілген.

Бүгінгі таңда экологиялық мәселеге аса мән беріліп отыр. Қоршаған ортаны қорғау заңдылықтарының сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейтуде, жаңа міндеттер жүктеуде. Мәжілістен кейін өткен баспасөз мәслихатында Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы-Омархан Өксікбаев көп жылдардан бері кен орындарды қазу, ядролық қаруларды сынау салдарынан елімізде күрделі экологиялық ахуалдың сақталып отырғандығын жеткізді. Өндіріс салаларындағы қалдықтардың да көп жиналуы қоршаған ортаға залалын тигізуде.

Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының айтуынша, елімізде мұндай өндіріс қалдықтарының көлемі 20 миллиард тоннаға жуық. Оның 5 миллиардтан астамы токсиндік қалдықтар. Қоршаған ортаны негізгі ластаушылар мұнай-газ өндірісі саласындағы кәсіпорындар, қара және түсті металдар, жылу энергиясы мен тау-кен орындары болып отыр. Каспий шельфін игерудің де қоршаған ортаға залалы айрықша алаңдаушылық туғызуда. Теңіздегі мұнайды игеру кезінде қоршаған ортаны қорғау шараларының сақталмауынан Каспий теңізіндегі биоресурстарға келер кері әсерінің де ықтималдығына алаңдаушылық туып отыр. Сондықтан да елімізде экономиканың даму қарқынының экологияға кері әсері болмау шаралары жүзеге асырылмақ [192].

Бұл мәселелерді шешу барысында Мемлекет басшысы Үкіметке тұрақты даму жөніндегі Ұлттық комиссияның ережесінің жобасын, сондай-ақ еліміздің тұрақты дамуының Ұлттық бағдарламасын дайындау жөніндегі ұсыныстарды енгізуді тапсырды. Бұл құжатта экономикалық өсу мен қоршаған ортаны қорғаудың тепе-теңдігінің сақталуына үлкен маңыз берілмек. Сондай-ақ, Елбасы тарапынан төтенше жағдайлардың алдын алуда және экологиялық қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз етуде елдегі құқықтық-нормативтік қорды жетілдіру жайында міндеттер жүктелді. Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында елдегі ғылыми-техникалық әлеует және басым салалардағы технологиялық даму мәселелері қаралды.

Қоршаған ортаны қорғау министрі Айткүл Самақованың айтуынша, елдегі экологиялық жағдайды жақсартуда ИСО 9000 ИСО 14000 сияқты халықаралық өлшемдерді енгізудің ықпалы мол болмақ-деді. Министр, экономикада және қоғамдық экологияны сауықтыру саласында бетбұрыс жасау мәселесіне назар аударды [192, б. 3].

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау- әрбір азаматтың парызы. Сондықтан да қоршаған ортаның тазалығын сақтау мәселелерінде білім берудің барлық кезеңінде үйрету және экология мәселелері бойынша білім берудің мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу қажеттілігіне назар аударылды. Қоршаған ортаның тазалығын сақтауда облыс әкімдерінің де атқарар міндеттеріне назар аударылып отыр.

«Оңтүстік Қазақстан арнайы табиғатты қорғау прокуратурасы таяуда Оңтүстік Қазақстан облысы аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының қызметкерлерімен бірлесе отырып, Оңтүстік Қазақстан облысы көлемінде

Қазақстан Республикасы «Экологиялық Кодексінің» талаптарының орындалуына тексерулер жүргізді. Тексеру нәтижелері Оңтүстік Қазақстан облысында күл-қоқыс орналастыратын полигондардың ахуалы бүгінгі таңда ешқандай сын көтермейтінін айғақтап берді. Аталған полигондарда экологиялық заңнамалар сақталмайды және «Жер Кодексінің» талаптары өрескел бұзылады [193].

Ал, қоршаған ортаны қорғау басқармасының қызметкерлері және жергілікті жердегі уәкілетті инспекторлар бұл келеңсіз жағдайларға түбегейлі іс-шара қолданбаған. Ілуде бір шара көріле қалса оның да формальдылығы басым. Олар әрі кеткенде күл-қоқыс тасымалдайтын мекемелерді әкімшілік жауапкершілікке тартумен ғана шектелген. Аудан, қалаларда орналасқан полигондар жергілікті атқарушы органдардың тарапынан заң талабы бойынша рәсімделмеген. Кейбір аудандарда аталған полигондар тиісті мекемелердің құзіретіне берілмеген. Ал, берілген жағдайда жер бөлу туралы келісім-шартта полигон залалын рекультивация жасау жөнінде міндеттеме көрсетілмейді.

Қазақстан Республикасы «Жер Кодексінің» 140-бабында меншік иелері мен жер пайдаланушылар бүлінген жерді рекультивация жасауға, оның құнарлылығын және басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру мен оны шаруашылық айналымға уақытша тартуға, жер бүлінгенде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, сақтауға міндеттелген [193, б. 2].

Мысалы, «Спецавтотранспорт» ЖШС-іне Шымкент қаласы әкімінің 2005-жылғы 9-тамыздағы № 323 қаулысының негізінде күл-қоқыс тастайтын 21,7960 гектар жер учаскесі полигон ретінде 10 жылға келісім-шартпен берілген. Алайда, аталған ЖШС санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды өрескел түрде бұзуда.

Атап айтқанда, экологиялық сараптамадан өтпеген полигонда ең қарапайым талаптардың бірі-санитарлық ара қашықтық сақталмауда. Күл-қоқысы шашылып жатқан полигоннан маңайындағы тұрғын үйлер зардап шегуде. Қалдықтардан бөлінетін улы заттар табиғи ортаға кері әсер етіп, ол өз кезегінде тұрғындар денсаулығына залалын тигізуде. Түсініктірек болу үшін айта кетсек, сол күл-қоқыстан газдар мен озон қабаты бүлінуде [193, б. 2].

Мамандардың тұжырымына сенсек, полигонда 5 миллион тонна күл-қоқыс жиналған. Ал, қала әкімімен жасасқан жоғарыдағы келісім-шартта полигоннан келетін залал бойынша рекультивация жасау жөнінде жер пайдаланушының міндеттемесі ретінде көрсетілмеген. Бұл өкінішке қарай, жалғыз-жарым факті емес, мұндай мысалдарды Оңтүстік Қазақстан облысындағы барлық аудан, қалалардан табуға болады. Полигондардың іс-құжаттары осы уақытқа дейін рәсімделмеген, жер пайдаланушының құқықтық актілері заңды түрде бекітіліп берілмеген. Мұның өзі жер пайдаланушылардың экологиялық жауапкершіліктен жалтарып кетуіне жол береді, ал, жер қыртыстарына келетін зиян мөлшерін жан-жақты жетілдірілген бүгінгі заманғы машина да дәл есептеп бере алмайды.

Аталған тексеруге қатысқан қоршаған ортаны қорғау басқармасының аудандық уәкілетті инспекторлары тексеру жұмыстарын тым орынсыз созып жібергенін де айтуға тура келеді. Өз учаскесіндегі полигонды тексермеген

инспекторлар да табылады. Соның салдарынан прокуратураға сапасыз толық емес мәліметтер жолданған. Кейбір инспектор тексеру қорытындысында ешқандай заң бұзушылық анықталмағанын көрсеткен. Мұның өзі қоршаған ортаны қорғау басқармасының инспекторлары өз қызметтік міндеттеріне салақ қарағандығын, басшылары тарапынан ведомстволық қадағалау мен бақылаудың қажетті деңгейде болмағандығын көрсетеді [193, б. 2].

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы бойынша мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе соларға теңестірілген лауазым иелерінің шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсетуі сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылық ретінде таңбаланады. Осынау құқық бұзушылық барлық жоғарыда көрсетілген аудандық қоршаған ортаны қорғау басқармасының уәкілетті инспекторларының жұмысында орын алған.

Қазақстан Республикасының «Экологиялық Кодексінің» 301-бабында сұйық қалдықтарды, полигон жағдайында жарылатын, коррозиялы, қышқылданатын, өрт қаупі жоғары немесе өрт қаупі бар қауіпті қалдықтарды, сумен реакцияға түсетін қалдықтарды полигондарға қабылдауға және орналастыруға тиым салынатынын да ескерте кеткеннің артықтығы болмас деп ойлаймыз...

«Экологиялық Кодекстің» 288-бабында өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде жеке және заңды тұлғалар олармен қауіпсіз жұмыс істеу шараларын көздеуге, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға міндеттелген. Ал, тексеру барысында барлық қала, аудандарда орналасқан полигондардың қоршаған ортаға әсерді бағалау іс-құжаттары міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтпегендігі анықталды [193, б. 3].

Қазақстан Республикасының Президенті 3-желтоқсан 2003-жылы бекіткен «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы» жылдың басты қорытындысы болып табылады. Онда еліміздің экологиялық қауіпсіздігін қазіргі жағдайдағы стратегиялық мақсаттардың дамуына сәйкес қамтамасыз етудің алғышарттары нақтыланған және кеңейтілген [194].

Осы тұжырымдамада көрсетілгендей, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі тетіктері:

- экономиканы экологияландыру;
- табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесінің экономикалық тетіктерін жетілдіру;
- табиғат пайдалану мен экологиялық сараптама жасауда рұқсат беру жүйесін оңтайландыру;
- қоршаған ортаның жағдайына мониторинг жасаудың тиімді жүйесін енгізу;
- Қазақстан Республикасының заңдарын экологияландыру;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарды жетілдіру және жүйелеу;

- қоршаған ортаны қорғаудың ИСО-14000 халықаралық стандартын енгізу [194, б. 15].

Кез келген құқықтық мемлекеттегі сияқты, бұл мәселелердің бәрі осы салаға қатысты заңдарды қабылдау және жетілдіру арқылы жүзеге асады. Бұл күндері республикада экологиялық жағдайға әсер ететін құқықтық қатынас субъектілерінің қызметін реттейтін қажетті заңдық актілер біршама қамтамасыз етілген. Ол заңдар Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне сәйкес қабылданған және мына төмендегі негізгі мақсаттарды шешуге бағытталған:

- қоршаған ортаны қорғау;
- табиғи ресурстарды тиімді пайдалану;
- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету [194, б. 15].

Қазіргі қолданыстағы заң актілерінде азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің тетіктері былайша нақтыланған:

- қолайлы қоршаған орта;
- қоршаған ортаның жағдайы жайлы нақты хабарлама;
- азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келген зиянды қайтару.

Сонымен бірге құқықтық қатынастар субъектілерінің міндеттері де айқындалған:

- табиғат байлықтарына үнемділікпен қарау;
- қоршаған ортаның сақталуы мен қорғалуы [194, б. 15].

Тұтастай алғанда, қазіргі кезде Қазақстан Республикасының экологиялық құқық саласының заңдық негіздері заңдардың бес тобынан тұрады.

Бірінші топ - қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар саласындағы заңдар: «Қоршаған ортаны қорғау туралы»; «Жер, орман және су кодекстері»; «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы»; «Мұнай туралы»; «Атмосфералық ауаны қорғау туралы»; «Жануарлар әлемін қорғау, қалпына келтіру және пайдалану туралы»; «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», т.б.

Екінші топ - қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік бақылау және басқару мәселелеріне қатысты заңдар: «Экологиялық сараптама туралы»; «Радиациялық қауіпсіздік туралы»; «Азаматтардың денсаулығы мен тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы»; «Азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және кеден кодекстері».

Үшінші топ - қоршаған ортаны қорғауды қаржылай қамтамасыз ететін заңдар: «Әр жылғы республикалық және облыстық бюджеттер»; «Салық және бюджетке төленетін өзге де төлемдер туралы»; «Инвестициялар туралы»; «Кәсіпкерлікті қолдау туралы», т.с.с.

Төртінші топ - адам өмірінің сапасы туралы заңдар: «Халықтың денсаулығын қорғау туралы»; «Азаматтардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы»; «Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы», т.с.с. [194, б. 14].

Бұл заңдар тобына азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы заңдарды, атап айтқанда, Арал өңірі мен Семей полигонының зардабын тартқандарға әлеуметтік көмек жайлы заңдарды да жатқызуға болады.

Бесінші топқа қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық конвенциялар мен келісімдер жатады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Парламенті 20-дан астам халықаралық конвенцияларды, келісімдер мен хаттамаларды бекіткен. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарды жетілдіру біздің мемлекетіміз үшін оң фактор деп санаймыз. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарды жетілдіруде кемшіліктер де бар.

Атап айтқанда, біріншіден, қоршаған ортаны қорғау саласында базалық заң болып табылатын «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заң мен оны орындауға бағытталған Үкімет пен министрліктердің 50-ге жуық нормативтік актілері ескірген, оларды қайта қарап, заманға сай өзгерту керек.

Екіншіден, кейбір заң актілерінің жоқтығынан қоршаған ортаны қорғауға байланысты қоғамдық қатынастардың реттелуі қиындап отыр. Мәселен, елімізде 20 млрд. тоннадан астам өндірістік және тұрмыстық қалдықтар ашық-шашық жатқанда және олардың көлемі жыл сайын 1 млрд. тоннаға көбейіп жатқанда, «Қалдықтар туралы» заң жобасы Үкімет тарапынан дайындалмай отыр. Ал Қоршаған ортаны қорғау министрлігі бұл қатынастарды реттеуді «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы шешуді ұсынады. Біздің ойымызша, ол жеткіліксіз [194, б. 15].

Сонымен қатар экологиялық аудит туралы, экологиялық кәсіпкерлік туралы, экологиялық сақтандыру туралы заңдар керек. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Үкімет тарапынан әр жылдарға жоспарлаған заң жобаларын көбіне ұсынбайды, ұсына қалса кешіктіреді. 1997-жылдың соңынан бері министрлік бірде-бір жаңа заң жобасын жасап, ұсынған емес. Қайта, олардың бұл кемшілігін депутаттар толықтыруға тырысу жолында еңбектеніп, «Атмосфералық ауаны қорғау туралы», «Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы» заң жобаларын дайындап ұсынды, олар қабылданды. Енді «Қалдықтар туралы» және «Ауыз су туралы» заң жобаларын ұсынып жатыр [194, б. 15].

Сондай-ақ, «Экологиялық ақпарат туралы», «Экологиялық сараптама туралы» заң жобалары да депутаттар тарапынан дайындалып, ұсынылды. Осының бәрі Парламент депутаттарының қоршаған ортаны қорғау, халықтың денсаулығына экологиялық әсерлерді құқықтық реттеу ісінде өз үлестерін қосып отырғанын дәлелдейді.

Экологиялық қауіпсіздікті сақтау ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және еліміздің халықаралық интеграциялық процестердегі мүдделері мен басымдылықтарының басты негіздерінің бірі. Табиғи ресурстарды көптеп пайдалану оның азайып, сапасының төмендеуіне әкеледі, сондай-ақ, экологиялық тоқырау жағдайына тап боламыз. Экологиялық қиыншылықтар бір аймақта немесе бір салада басталып, аймақтық және мемлекеттік, тіптен халықаралық қиындықтарға ұшыратады. ХХІ ғасыр басында жер бетіндегі табиғи, ресурстық және биосфералық жүйе бір-біріне байланысты ғана емес, олардың тағдыры да бір-біріне тәуелді. Бұл жүйелердің экологиялық қауіпсіздігінің деңгейін қалыпты жағдайда сақтау және планеталық ресурстарды реинвестициялау үшін солардың мүмкіндіктеріне сүйене отырып,

өздерінің экономикалық өсуін жасайтын мемлекеттер мен геосаяси жүйелердің өзара келісімді іс-әрекеті керек [195].

Жоғарыда аталған мәселелер Парламент Мәжілісінің экология және табиғат пайдалану жөніндегі комитетінің басты назарында тұр. Парламент аясында қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі басындағы жағдайы мен мәселелері:

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс істеп тұрған заңдардың тиімділігіне талдау жасау;

- экологиялық заңдар жүйесінің моделін жетілдіру;

- экологиялық кодекс жобасын жасап, заңға айналдыру ісіне белсене араласу;

- Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұрғысынан табиғи ресурстар, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды үйлестіру;

- экономикалық заңдардың экология талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

- азаматтар мен өсіп келе жатқан ұрпақтың экологиялық-құқықтық санасының қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етуге атсалысу [195, б. 6].

Заң шығарушылық ісінің нақты шараларына келер болсақ 1999-жылдың 1-желтоқсанынан бастап екі жыл ішінде «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (23.06.2000);

«Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісімді бекіту туралы» (05.07.2000);

«Қазақстан Республикасының Шекара аралық тұрғыдан қоршаған ортаға жасалатын әсерді бағалау туралы конвенцияға қосылуы туралы» (21.10.2000);

«Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігінше қол жеткізу туралы конвенцияны бекіту туралы» (23.10.2000);

«Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік авариялардың шекарааралық әсері туралы конвенцияға қосылуы туралы» (23.10.2000);

«Қазақстан Республикасының Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану конвенциясына қосылуы туралы» (23.10.2000);

«Қазақстан Республикасының ауаның, алыс қашықтықта шекарааралық ластануы туралы конвенцияға қосылуы туралы» (23.10.2000);

«Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (04.06.2000);

«Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғызстан Республикасы Үкіметі, Тәжікстан Республикасы Үкіметі және Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы гидрометеорология саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» (05.10.2000);

«Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (23.10.2001);



«Атмосфералық ауаны қорғау туралы», «Қауіпті өнеркәсіп объектілеріндегі өнеркәсіп қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды [195, б. 6].

Қазіргі таңда Парламентте бір топ депутаттар бастамашы болған «Балық аулау және балық қорларын қорғау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобалары талқылану үстінде.

Парламентте «Экология» атты депутаттық топ құрылды, оның құрамында 23 депутат болды. Олардың мақсаты Парламенттегі заң шығару ісінде экологиялық жобалардың өтуіне жәрдемдесу, экономикалық және әлеуметтік заңдардың экология талаптарын бұзбауын қадағалау және экология саласының мәселелеріне жұртшылық назарын аудару болып табылады. Ол топты комитет мүшесі Төлен Тоқтасынов басқарады.

Бұлардан басқа парламенттік қызметтің көпқырлы іс-шаралары ұйымдастырылды. Атап айтқанда, 2000-жылы 9-наурызда Парламент депутаттары «Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік қорының жұмысын және қоршаған ортаны қорғауға арналған инвестициялар жасаудың қаржылық көздеріне шолу» жобасын жүргізетін халықаралық сарапшылар тобымен кездесті.

13-наурыз 2000-жылы Байқоңыр ғарыш айлағын пайдалануға байланысты туындаған әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелер жөнінде Үкімет сағаты өткізілді.

26-сәуір 2000-жылы Комитет «Қазақстан Республикасындағы экологиялық мәселелер, жай-күйі, оны шешу мен басқарудың тиімділігін арттыру» деген тақырыпта кеңейтілген отырысын өткізді.

5-6-маусым 2000-жылы комитет мүшелері Көкшетау қаласында ОБСЕ тарапынан ұйымдастырылған «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу» деген тақырыптағы Семинарға қатысты. Семинар барысында Парламент, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен экологиялық қоғамдық бірлестіктер арасында бірлесіп жұмыс істеу жайлы меморандумға қол қойылды [195, б. 6].

2-қыркүйек 2000-жылы Парламентте «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу» туралы Үкімет сағаты өткізіліп, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі хабарлама жасады.

26-қыркүйек 2000-жылы Парламенттегі «Экология» депутаттық тобының қатысуымен Балқаш көлін қорғауды құқықтық реттеу мәселелері жайлы комитеттің кеңейтілген отырысы өтті.

14-желтоқсан 2000-жылы комитет мүшелері әріптестік бағдарламасы мүшелері-ОКИОК және американдық энергетикалық қауымдастық мүшелерімен кездесті.

10-15-мамыр 2001-жылы комитет Атырау облысының экологиялық жағдайымен танысып, соның қорытындысын өзінің көшпелі отырысында облыс басшыларымен, облыстағы қоршаған ортаны қорғау саласының

мамандарымен, экологиялық қоғамдық бірлестіктермен және жергілікті тұрғындар өкілдерімен бірге талқыланды.

2001-жылы 26-29-қыркүйек аралығында Семей қаласында «Сирек кездесетін жолақты қарағайлы орманының жай-күйі, мәселелері мен оларды шешудің жолдары туралы» мәселе бойынша комитеттің көшпелі отырысы болды.

26-қазан 2001-жылы комитет «Қазақстан Республикасының халқын ауыз сумен қамтамасыз ету туралы» деген мәселе бойынша Парламенттік тыңдау өткізді. 16-17-қараша 2001-жылы Балқаш қаласы мемлекеттік органдары өкілдерінің, өнеркәсіп, білім беру мен ғылым салаларының басшылары мен мамандарының және кәсіпкерлердің, жұртшылықтың қатысуымен: «Іле-Балқаш бассейнінің экологиялық жай-күйі, Балқаш көлін қорғау мәселелері» деген тақырыпта комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

23-қараша 2001-жылы комитет Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлесе отырып Білім және Ғылым министрлігінің, Мәдениет, Ақпарат және Қоғамдық келісім министрліктерінің қатысуымен «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы» Орхус конвенциясы шеңберінде бірлескен алқа мәжілісін өткізді [195, б. 6].

Алдағы мерзімде комитет мынадай заң жобаларын дайындауды жоспарлап отыр: «Ғарыштық қызмет туралы». Бұл заң экономиканы, ғылым мен техниканы дамытуға, еліміздің қорғанысы мен қауіпсіздігі жолында ғарыштық қызметті құқықтық жағынан қамтамасыз етуге, ғарыш айлағы тұрғындарының қорғалуын жақсартуға бағытталған.

«Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» айтатын болсақ, бұл заң міндетті экологиялық сақтандырудың құқықтық негізін жасайды, азаматтар мен заңды тұлғалардың қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығын сақтауға келтірген зияндарын өтеу шараларын мықтылауды, «Сақтандыру қызметі жайлы» Қазақстан Республикасының Заңды экология саласы бойынша дамытатын болады.

«Өндіріс және тұрмыстық қалдықтары туралы» айтып өтейік. Бұл заң өндіріс және тұрмыстық қалдықтарды жинау, сақтау, пайдалану, залалсыздандыру және көму мен жою секілді шаралар арқылы қалдықтардың қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиянын, оны болдырмау шараларын реттейтін болады, қалдықтарды шаруашылық ісінде пайдаланудың құқықтық негіздерін жасайды.

«Жануарлар әлемін қорғау, көбейту және пайдалану туралы» Заңның жаңа редакциясы туралы айталық, бұл мәселе жануарлар әлемін қорғау мен көбейту мәселесін жақсарту, жануарлардың бір өңірде көп болып кетіп, бір өңірде болмай қалуын болдыртпай, артық жерін пайдалану, жоқ жерін толықтыру мәселелерін қайта реттеу қажеттігіне байланысты туындап отыр.

«Балқаш көлін қорғау туралы» заң арқылы Балқаш көлі экологиялық апат шегіне жетпей тұрғанда оны қорғау шараларын белгілейді.

Қазіргі жұмыс істеп тұрған Орман кодексі 1993-жылы қабылданғандықтан, одан бергі жылдары Конституция мен Азаматтық кодекс жаңадан қабылданғандықтан және орман қорғау мен орманға қатысты қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді жақсарту мақсатында жасалады.

«Су кодексі» заңы 1993-жылы қабылданған. Содан бері өткен жылдар арасында нарық қатынасына көшуге және мемлекеттің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарды түгелдей дерлік жеке меншік кәсіпорындарға айналуына байланысты заңды жаңа талаптарға сай қайта жасау қажеттігі туындады.

«Экологиялық кодекс» заңы бір жылдың жұмысы емес. Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі заңның жобасын жасау ниетімен Парламент депутаттары мен қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен жұмыс бастады [195, б. 6]. Мақсат барлық экологиялық мәселелерге қатысты басты заң жасау болып табылады. Мұндай тәжірибе көптеген елдерде бар. ТМД елдерінің Парламентаралық Ассамблеясы да осындай модельдік заң жобасын әзірлеп жатыр. Осы заң жобаларымен қатар комитет алдағы мерзімде де Үкімет сағаттары, Парламенттік тыңдаулар, семинарлар мен дөңгелек үстел кездесулері секілді түрлі шаралар ұйымдастыруды жалғастыра беретін болады.

2005-жылы наурызда Шығыс Қазақстан облысында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдардың құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігі, мәселелері және оларды шешу жолдары» деген тақырыпта комитеттің көшпелі отырысы өткізілді.

Сондай-ақ жақын мерзімде радиация қалдықтарын тасымалдау мен сақтау мәселесі жөнінде дөңгелек үстел өткізіп, оны жақтаушылар мен қарсы болушыларды жолықтырамыз деген ойдамыз.

Бұрыннан жасалып келе жатқан ашық талқылау, хабарлама берудің жеңілдігі секілді Орхус конвенциясына сай келетін ақпарат беру мен бірлесіп жұмыс жүргізу саясаты жалғаса беретін болады.

Экологиялық сақтандыру қоршаған ортаға, өмірге, денсаулыққа немесе басқа тұлғалардың мүлігіне зиян келгенде, келісім-шартта көрсетілген міндеттемелерге жауапкершілік қатері төнгенде жеке немесе заңды тұлғаның (сақтандырылған) мүліктік құқығын қорғаумен байланысты қарым-қатынастардың кешені болып табылады [196].

Экологиялық сақтандыру - өзіндік белсенді дамуды талап ететін маңызды бағыт. Нарықты жіті реттеу аясында сақтандыру төлемдері келтірілген шығынның мөлшерін немесе тазалау жұмыстарының құнына тең келеді, сонымен қатар қайталанып тиюі мүмкін зиянын есепке алады. Мұндай жағдайда, қоршаған ортадағы шығынды экологиялық сақтандыру жүйесін дамыту мақсатында ластаушы-кәсіпорындарын ынталандыру қарастырылған, демек олардың жүзеге асырып жатқан өндірістік процестері қоршаған ортаны ластау немесе апат тудыруға аз қауіп келтіретін болса, кәсіпорындар аз мөлшердегі сақтандыру төлемдерін төлейді.

Міндетті экологиялық сақтандырудың мақсаты апатты ластану салдарынан қоршаған ортаға және (немесе) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Заңына сәйкес шаруашылықтың немесе басқа қызметтің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын жеке және заңды тұлғалар міндетті түрде экологиялық сақтандыруға жатады. Заң экологиялық қауіпті шаруашылық түрімен айналысатын және өзге де қоршаған ортаға зияны бар қызметті жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін анықтайды.

Аталмыш Заңды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-жылғы 18-мамырдағы №423 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004-жылғы 8-қаңтардағы №19 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулы қабылданды [197].

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерін қысқартуды, соның ішінде экологиялық қауіпті шаруашылық қызметті лицензиялауды алып тастау қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 95 бабына сәйкес (ары қарай - Экологиялық кодекс) экологиялық сақтандыру қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды экономикалық реттеу механизмдерінің бір түріне жатады [197, б. 27].

Экологиялық зиян келтірген үшін жауапкершілікке тарту жүйелері экологиялық реттеу мәселелеріне альтернативті түрде қарайды. Реттеу мақсаттарына келсек, мұндай жүйелер орнаған жағдайға байланысты экономикалық стимул құру мақсатында, сонымен бірге бюджеттік кіріс алу мақсатында пайдаланылады. Экологиялық зиян келтіргеніне қатаң жауапқа тартылу жүйесі ластаушы келтірген зияны үшін қаржылай жауапкершілікке тартылған кезде, мұндай зиян тигізгені үшін қауіпті азайту бойынша шаралар қолдануға ерекше стимул қалыптастырады.

### **2.3 Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралардың ұлттық жоспары**

Жер шарындағы экологиялық жағдай күннен-күнге шиеленісе түсуде. Бұрын-соңды болмаған саяси әлеуметтік, экономикалық даму үрдістерінен өзіне ыңғайлы бағыттарын таңдап, тығырықтан шығу жолы іздестірілуде. Дүниежүзілік өркениетті елдер арасындағы сауда-саттық қарым-қатынастардың молаюы мемлекеттік экологиялық сараптауды күшейтуді қажет етіп отыр. Көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығы өнімдерінің тазалығына сараптама жасау 1980-жылдан бастап-ақ қолға алынған. Өйткені, химиялық тыңайтқыш арқылы алынған өнімдер әлдеқайда арзан, ал таза өнімдердің бағасы жоғары болып келеді. Мұндай экологиялық сараптау - адамдардың денсаулығына тигізетін әсеріне жасалған қорытынды деп түсіну керек. Күн өткен сайын адамзат алдында экологиялық мәселелердің саны артып, оны шешу жолдары қиындай түсуде.

Сондықтан да экологиялық мәселелерді шешу жеке адамның ғана емес, қоғам мен мемлекеттің де міндеті болмақ. Қазіргі кезде дүние жүзіндегі дамушы және дамыған елдерде табиғи ресурстарын игеру нарықтық қатынастың бастамасы болып отыр. Нарықтық жағдайда табиғат ресурстарын өндіру, өңдеу және пайдалану барысында жаңа экологиялық ұғымдар мен түсініктер қалыптасты. Өнімнің құны ендігі жерде бұрынғыдай «қажетті зат» емес, экологиялық таза өнім ретінде бағалануы тиіс. Өнімдердің экологиялық құны оның ортасының сапалылығымен өлшенеді [198].

Сондықтан экологиялық таза өнімнің өте жоғары бағалануы қазірдің өзінде нарықтық ортадан орын алды. Ендігі жерде бизнесмендер бұрынғыдай өнімнің санына емес, сапасына көңіл бөлді. Ол үшін жердің, ауаның, судың тазалығы қажет екенін түсіне бастады. Таза өнім өндіру үшін табиғи ортаның сапасын жақсарту, ластануға жол бермеу шаралары қатар жүргізілуі керек. Ол үшін өндіріске жаңа экологиялық технологияны енгізу қажеттігі туып отыр. Осының бәрі бүгінгі күні барлық адамзаттың мойындап отырған экологиялық маркетинг жүйесін іске қосудың алғышарттарын білуді қажет еді. Ол ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп өнімдерінің барлық түріне экологиялық сараптама жасау болып табылады.

Өйткені, мемлекеттер арасындағы импорт пен экспорт өнімдерінің тасымалдануы күшейе түсуде. Солардың ішінде тамақ, темекі, ішімдік өнімдерінің сапасының төмендігі, сырттан келетін дәрі-дәрмектің сапасы мен қолдану мерзімінің өтіп кетуі байқалып отыр. Әсіресе өнеркәсіп бұйымдары арзанқол синтетикалық заттардан жасалынса, косметикалық заттардың сапасы бүгінгі күннің талабына сай емес. Осының бәрі адам денсаулығына зардабын тигізіп, тері, жұқпалы және аллергиялық т.б. ауруларды көбейтуде.

Әлемдік экологиялық мәселелерді шешу үшін ең алдымен оның пайда болу себептерін білу қажет. Экологиялық мәселелерді шешудің тиімді жолдарын анықтау ортаны сауықтырудың бірден-бір жаңа бағыты болмақ.

Қалыптасқан экологиялық мәселелерді шешудің негізгі ғылыми бағыттары мен оны жетілдіру жолдары айқындала бастады.

Олардың негізгілері:

- экологиялық білімді жетілдіру;
- экологиялық сараптама;
- экологиялық мониторинг;
- экологиялық маркетинг;
- экологиялық бизнес;
- экологиялық нарық;
- экологиялық менеджмент болып табылады [199].

Экологиялық мониторинг - қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарын тұрақты бақылау мен тексеру жүйесі. Ол 3 сатыдан тұрады: негізгі жағдайды бақылау, бағалау, алдын ала болжау. Экологиялық мониторингтің түрлері ұлттық, аймақтық, жергілікті деп жіктеледі.

Маркетинг - кез келген шаруашылық саласынан пайда табуды жүзеге асыратын шаралар жүйесі. Маркет сөзі ағылшынша нарық және өнімдерді сату мен сатып алу деген ұғымды береді.

Экологиялық маркетинг - табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың барлық жаңа технологиясын сақтай отырып экологиялық таза өнім өндіруді жүзеге асыратын экологиялық бизнес жолы. Экологиялық маркетингтің негізгі мақсаты - тауарларды сату мен сатып алу барысындағы барлық іс-әрекеттерді экологияландыру. Ал оның шешуші міндеттері - жаңа қоғамның талабына сай экологиялық таза өнімді өндіру мен сатудың тиімді жолын ұсыну.

Әлемдік экологиялық мәселелердің негізгі бағыттары:

- Әлемдік экологиялық мәселелер;
- Халық санының артуы;
- Климаттың өзгеруі (Озонның тесілуі, қышқыл жауындар, т.б.);
- Су ресурстарының тапшылығы;
- Жарамсыз жерлердің молаюы;
- Жер ресурстарының тозуы;
- Биоәртүрліліктің азаюы;
- Өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың қордалануы;
- Табиғи ландшафтардың ластануы және тозуы;
- Пайда болу себептері;
- Табиғат ресурстарын барынша пайдалану;
- Атмосферадағы газдардың тепе-теңдігінің бұзылуы;
- Суды барынша пайдалану және ластау;
- Ландшафтардың жарамсыздануы және климаттың өзгеруі;
- Топырақ эрозиялары, ластану мен құнарсыздану [200].

Табиғи биоценоздардың жойылуы; түрлердің азаюы; өндірістік қалдықтармен ластану; улы заттардың шығарылуы; орта сапасының нашарлауы; түрлі қауіпті аурулардың көбеюі.

Шешу жолдары:

- демографиялық тұрғыда реттелу, қолайлы мекендерге қоныс аудару;
- қалдықсыз немесе аз қалдықты жаңа технологияны енгізу. Экологиялық мониторинг;
- суды пайдалану технологиясын жақсарту және жауапкершілікті арттыру. Экологиялық мониторинг;
- жерді тиімді пайдаланудың жаңа экотехнологиясы. Экологиялық мониторинг;
- жерді пайдалануды қайта түлету. Экологиялық технология. Экологиялық сараптама. Табиғи ландшафтарды қайта түлету. Экологиялық жоспарлау. Жерсіндіру. Экологиялық мониторинг;
- қайта өңдеу немесе қалдықсыз технологияға көшу. Экологиялық технология. Экологиялық мониторинг;
- экологиялық сараптама. Табиғи ландшафтарды қайта түлету. Экологиялық жоспарлар. Экологиялық мониторинг [201].

Экологиялық бизнес - жекелеген немесе бір топ адамдардың өздерінің ынтасымен пайда табудың мол көзін іздестіру. Бұл мәселеде де табиғат ресурстары бизнестің көзіне айналады. Соның нәтижесінде, жекелеген табиғат ресурстары жойылып кетуі мүмкін. Осыған орай, табиғат байлығын бизнес көзіне айналдыру бұрынғыдай емес экологиялық талапқа, заңға сәйкес

жүргізілуі тиіс. Экологиялық бизнеспен қатар табиғатқа нұсқан келтірмеу, оны бұрынғы қалпына келтіру қарастырылады. Оны бақылауды қоғамдық және мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады. Экологиялық бизнес жүйесі төмендегідей құрылымнан тұрады.

Экологиялық нарық - тұтынушыларға экологиялық жағынан сапасы жоғары өнімдерді сату мен сатып алуды жүзеге асыратын қызмет жүйесі.

Экологиялық нарық - экологиялық өнім мен экологиялық қызметтен тұрады. Экологиялық өнімдер табиғат ресурстарын пайдаланудың әр түрлі қоршаған ортаға зиянсыз жолдарын қарастырады. Ал экологиялық қызмет өз кезегінде зат өндіру барысындағы барлық технологияны сақтау шараларына бақылау жасап отырады. Соның нәтижесінде табиғатқа көп шығын келтіруге жол бермейді. Ол негізінен байқау мен айып салу арқылы жүзеге асады.

Экологиялық менеджмент. Экологиялық бизнес талаптарын орындау менеджмент шегінде ғана жүзеге асуға негізделген. Ол экологиялық маркетинг ережелері мен талаптарына сәйкес жүргізіледі. Менеджмент - барлық бизнес жүйесіндегі жұмыстардың үйлестірушісі. Ал оны жүргізуші адамды - менеджер дейміз. Менеджер-өз ісінің шебері болумен қатар, білікті маман әрі экологиялық сауатты болуы керек. Өйткені ол бүкіл экологиялық маркетинг жүйесіндегі пайда табудың көзін қоғамның экологиялық-экономикалық мүддесіне лайықтап жүргізетін елінің патриоты болуы тиіс.

Менеджменттің әртүрлі түрлері дамып келеді. Олар: қаржы, өндіріс, өнімдерді реттеу, әкімшілік, мамандар дайындау, т.б. [202].

Қорыта айтқанда, бүгінгі ғаламдық экологиялық мәселелердің ядросы адам баласының материалдық және моральдық қажетін өтеу. Ол үшін табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың маркетингтік жүйесі іске қосылды. Оны өз деңгейінде түсіну және нарықтық жағдайдағы бизнес екенін білуіміз керек.

Сонымен, қоршаған ортаны қорғау, табиғи байлықтарды ұлғайту және сақтау, оларды тұрақты әрі тиімді пайдаланумен қатар қоршаған ортаны өндіріс қалдықтарынан өндірістен шыққан шайынды сулардан, улы химикаттар мен басқадай түрлі қалдықтарымен ластануға жол бермеуге қоғам болып бір адамдай жұмылып қызмет жасау керек.

Екіншіден, осы мақсатқа бағытталған мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілер мен заңдар, халықаралық, мемлекетаралық келісімдер, конвенциялар, шарттардың кешенді жиынтығы және басқада құжаттар жаһандағы табиғи қоршаған ортаны келешек пен болашақ ұрпақтарға сақтау мәселесін шешуге көзделіп отырғанына толық көзімізді жеткіздік деуге болатын сияқты.

Мемлекеттік заңдар мен халықаралық келісімдерге сәйкес, қазіргі және болашақ ұрпақтардың пайдасы үшін, қоршаған ортада түрлі табиғат қорғау шараларын жүргізуде оқушылар мен жастар, әрбір көкірегі ояу, «елім менің - жерім менің», - деген адам атсалысу керек.

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүлде жаңа мемлекеттік жүйесінің құрылуының және қалыптасуының, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органдарды жақсы ұйымдастырылған және аумақтық таралған жүйесін - қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқарудың жылдары

болды. Бұл қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және дәйекті іске асыруды қамтамасыз етті.

Алайда, Қазақстанда көптеген онжылдықтар бойы қоршаған ортаға төтенше жоғары техногендік салмақ түсіретін, табиғатты пайдаланудың көбінесе шикізат жүйесі қалыптасты. Сондықтан экологиялық жағдайдың түбегейлі жақсаруы әзір бола қойған жоқ, әрі ол бұрынғысынша биосфераның тұрақсыздануына, оның қоғамның тіршілік әрекеті үшін қажетті қоршаған ортаның сапасын, оның қолдау қабілетін жоғалтуына апаратын табиғи жүйелердің тозуымен сипатталады [203].

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негіздері Қазақстан Республикасы Президентінің 1996-жылғы 30-сәуірдегі өкімімен мақұлданған Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасына енгізіліп, онда өтпелі кезеңнің экологиялық басымдықтары, атап айтқанда, жекешелендірудің экологиялық мәселелері, табиғат қорғау заңнамасының мемлекеттік бақылау және сараптаманың, табиғат пайдаланудың экономикалық тетіктерінің, қоршаған орта мониторингінің жүйесін құру қажеттілігінің мәселелері қарастырылған болатын.

Ұлттық экономиканың барлық салаларын реформалау табиғи ресурстарды пайдалануда көзқарастардың өзгеруіне, қоршаған ортаны сақтауды ескере отырып, элеуметтік-экономикалық дамуды жүзеге асыруға негіз болды.

Аталған тұжырымдаманы қабылдаған сәттен бастап, Қазақстан Республикасында қоғамдық дамуда елеулі өзгерістер болды. Мемлекет дамуының стратегиялық құжаттары әзірленді, табиғат қорғау заңнамасының негізі құрылды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша бірқатар халықаралық конвенцияларға қол қойылды, табиғат қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды.

Мысалы, 1997-жылы «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Экологиялық сараптама туралы», 1998-жылы «Радиациялық қауіпсіздік туралы» заңдар, ал 2002-жылы «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» заң қабылданды. Табиғатты ұтымды пайдалану саласында Президенттің «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» (1996 жыл) және «Мұнай туралы» (1995 жыл) заң күші бар Жарлықтары, 2003-жылы - Орман, Су және Жер кодекстері қабылданды. Заңға тәуелді қажетті нормативтік құқықтық актілердің көпшілігі әзірленіп, бекітілді [204].

Заңнаманы жетілдіру мақсатында республикада оны дамыған елдердің заңнамасына жақындатып және халықаралық стандарттарды енгізу бағыты алынды. Қазақстан Республикасы 19 халықаралық конвенцияға қол қойды және оларды іске асыру жөніндегі іс-қимылдың ұлттық жоспарларын әзірледі. Экологиялық сараптау жүйесі, рұқсат ету және бақылау-инспекциялық жұмысы жолға қойылды.

Тұжырымдаманың міндеттерін орындау нәтижесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту және міндетті экологиялық сараптаманы енгізу есебінен 90-жылдардың басымен



салыстырғанда, қоршаған ортаны ластаудың қарқыны едәуір төмендеді. Алайда, мемлекеттің экологиялық, осал аумақ және шешілмеген экологиялық мәселелер мәртебесі сол күйінде қалып отыр.

Жоғарыда аталғандармен байланысты елдің стратегиялық басымдықтарына сәйкес қазіргі жағдайдағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің міндеттерін түбегейлі қайта қарау, нақтылау және кеңейту көзделуде.

Жаңа тұжырымдамада іске асырылмаған міндеттерді шешу ұсынылады. Олардың ішінде: экологиялық қауіпсіздік пен табиғатты пайдаланудың аса маңызды мәселелері бойынша зерттеулердің, оның ішінде іргелі ғылыми зерттеулердің, ілгерілемелі дамуын қамтамасыз ету; қоршаған ортаның жай-күйіне мониторингтің бірыңғай жүйесін енгізу; Қазақстан Республикасының аумағын экологиялық аудандарға бөлу және арнаулы картографиялау ұсынылады.

2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын әзірлеудің өзектілігі және басымдықтары. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экологиялық мәселелерді табысты шешу мен экологиялық апаттардың алдын-алудың негізі кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйесін экологияландыру болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздік тұрақты дамудың міндетті шарты және табиғи жүйелерді сақтаудың, қоршаған ортаның тиісті сапасын қолдаудың негізі болады.

Осы Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы «Қазақстан - 2030» Стратегиясының басымдықтарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы дамуының 2010-жылға дейінгі стратегиялық жоспарына сәйкес және ХХІ-ғасырдағы Күн тәртібінің негізгі ережелері мен Қоршаған орта және даму жөніндегі 1992-жылғы Рио-де-Жанейро декларациясының қағидаларын, сондай-ақ, Иоханнесбургте өткен (2002 жыл) тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммиттің шешімдерін ескере отырып әзірленді [205].

Қоршаған ортаның жай-күйінің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, экологиялық қауіпсіздіктің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету осы тұжырымдаманың ережелерін кезең-кезеңмен іске асыруды көздейді.

Бірінші кезең (2004-2007 жылдар) - қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендету және оны тұрақтандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу.

Екінші кезең (2008-2010 жылдар) - қоршаған ортаның сапа көрсеткіштерін тұрақтандыру және табиғатты пайдалануға экологиялық талаптарды жетілдіру.

Үшінші кезең (2011-2015 жылдар) - қоршаған ортаның сапасын жақсарту және қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу.

Қойылған міндеттерді шешуге:

- Қазақстан Республикасының заңдарын, табиғат пайдаланудың мемлекеттік экологиялық бақылаудың және экологиялық мониторингтің экономикалық тетіктерін жетілдіру және жүйеге келтіру;

- табиғатты пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландыру;

- қоршаған ортаны қорғау, экологиялық статистика, экологиялық білім беру, экологиялық үгіт-насихат және жұртшылықтың қатысуы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту;

- халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жолымен қол жеткізіледі.

Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясының қағидаларын ескере отырып, Қазақстанның экологиялық қауіпсіздік мәселелері оларды жаһандық, ұлттық және жергілікті шешудің маңыздылығы мен деңгейіне байланысты қаралады.

«Қызу әсерінің» салдарынан болатын климаттың өзгеруі жалпы әлемдік көлемдегі мәселе болып табылады және қоршаған ортаның жай-күйіне барынша ықтимал қатер төндіреді.

Қазақстан 1995-жылы климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Үлгілік конвенциясын бекітті, ал 1999-жылы осы Конвенцияда Киото хаттамасына қол қойды [206].

Табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуы, флора мен фаунаның тозуы орын алған және қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі зиян келтірілген Арал және Семей өңірлері экологиялық апат аймақтары болып жарияланды. Экологиялық апат аймақтары елдің ішкі қауіпсіздігіне нақты қатер болып табылады.

Қазіргі уақытта бұрынғы Семей полигонына шектес аудандардан (71,9 мың халқы бар 85 елді мекен) онкологиялық аурулардың, адамдар өлімінің, қан айналымы жүйесі ауруларының, жаңа туған сәбилер арасындағы кеселдердің және ерте қартаю көрінісінің жоғары деңгейі байқалуда.

Арал өңірі экологиялық апат аймағында (186,3 мың халқы бар 178 елді мекен) әсіресе әйелдер және балалар арасында асқазан-ішек аурулары мен қан аздығы, балалардың шетінеуі мен туа біткен патологияның жоғары деңгейі байқалуда.

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонын және Арал өңірінің мәселелерін кешенді шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеуді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003-жылғы 22-тамыздағы №182 Өкімімен құрылған ведомствоаралық жұмыс тобы жүзеге асырады [207].

Каспий теңізі бассейні мемлекеттерінің көмірсутегі ресурстарын кеңінен игеруі теңіз және жағалау маңы экожүйелеріне теріс әсер ауқымын ұлғайтады. Теңіз мәртебесінің айқындалмаған жағдайында транс шекаралық сипаттағы сыртқы экологиялық қатерлер елеулі мәнге ие болады.

Теңіздің Қазақстандық секторында көмірсутегі шикізатын алдағы кезде баса игеру елдің экологиялық қауіпсіздігіне ықтимал қатер төндіреді. Каспий теңізінің қоршаған теңіз ортасын қорғау жөніндегі үлгілік конвенциясы және басымдық іс-қимылдардың өңірлік стратегиясы Каспий теңізінің коммерциялық ресурстарын пайдалану және Каспий маңы елдерінің экожүйесін қорғау жөніндегі алдағы іс-шараларға қатысты өзара ортақ іс-қимылы бойынша негізгі бағыттарын айқындайды.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасында 2005-жылдың аяғына дейін теңіз және жағалау маңы экожүйелеріне залал келтірместен көмірсутегін өндірудің мүмкін болатын

шекті деңгейін айқындау жөніндегі арнаулы зерттеулерді жүргізу, геодинамикалық мониторингті іске асыру, иесіз мұнай ұңғымаларын және басқа да байырғы ластануларды жою, ілеспе газды аларда жағуды және мұнай құбырлары мен радиоактивті ластанған жабдықтарды рұқсат алмай көмуді тастату жөнінде шаралар қабылдау көзделеді.

Қазақстан су ресурстары үлкен жетіспейтін елдерінің санатына жатады. Қазіргі уақытта су объектілерін тау-кен өндіру, металлургия және химия өнеркәсібі кәсіпорындары, қалалардың коммуналдық қызметтері қарқынды лақтауда және ол нақты экологиялық қатер төндіреді. Ертіс, Нұра, Сырдария, Іле өзендері, Балқаш көлі ластанған. Халықты ауыз сумен қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылатын жер асты сулары да ластануға ұшыраған [208].

Бұл мәселелерді шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-жылы 21-қаңтардағы №71 қаулысымен Экономиканың су секторын дамытудың және Қазақстан Республикасы су шаруашылығы саясатының 2010-жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды. Сондай-ақ, халықты жеткілікті көлемде және кепілді сападағы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-жылғы 23-қаңтардағы №93 қаулысымен «Ауыз су» салалық бағдарламасы бекітілді, Қазақстан Республикасының Су кодексі және «Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, 2005-2010 жылдары негізгі су бассейндерінің су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың сызбаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстар жүргізілетін болады.

Ластанудың «байырғы» кездеріне қазіргі кезде иесіз тұрған объектілер: мұнай, газ және гидрогеологиялық ұңғымалар, шахталар, кеніштер (оның ішінде радиоактивтік қалдық), елдің экологиялық қауіпсіздігіне нақты қатер болып табылатын қалдық сақтағыштар мен ағынды суды жинақтағыштар жатады.

Қазіргі кезде уран өндіру өнеркәсібінің радиоактивтік үйінділерін жою және иесіз мұнай ұңғымалары мен өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою жөніндегі бағдарлама іске асырылуда. Алайда, бұл бағдарламалар байырғы ластанулардың барлық түрлерін толық қамтымайды. Сондықтан, байырғы ластануларды жою жөнінде бағдарлама әзірлеудің қажеттілігі тұр. Бұл бағдарламада 2006-жылға дейін қоршаған ортаға олардың әсерін бағалай отырып, кезең-кезеңмен байырғы ластанулардың барлық объектілеріне толық түгендеу жүргізу, ал 2010-жылдан бастап мұндай объектілерді жою жөніндегі жұмысты бастау көзделуде [209].

Байқоңыр ғарыш айлағы зымыран ұшыру кезінде бөлінетін бөлшектер құлайтын жалпы ауданы 12,24 млн. гектар жермен қамтамасыз етілген. Осы жағдайларда қоршаған ортаның жай-күйін бағалау ғарыш құралдарын, әскери техниканы және әскери объектілерді шығару, сынау, сақтау және пайдалану орындарында, сондай-ақ өнеркәсіп ұйымдары орналасқан, зымыран-ғарыш қызметін жүзеге асыратын әскери бөлімшелер мен құрылымдар тұрған орындарда техногендік ықпалдың алдын алу мен оны жою мәселесін шешуде маңызды орын алады.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасы аумағының зымыран-ғарыш қызметімен байланысты учаскелерінің экологиялық жай-күйінің мониторингі» бюджеттік бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-жылғы 29-желтоқсандағы №1449 қаулысымен бекітілген Елдің минералды-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде әскери-сынақ полигондарының аумақтарын гидрогеологиялық және геоэкологиялық зерттеулер басталды.

Автокөлік санының күрт көбеюінен ірі қалалардың ауасындағы (Алматы, Өскемен, Шымкент) көміртегі оксиді мен азот диоксидінің орташа жылдық шоғырлануы шекті мөлшерден асып түсуде.

Ауа бассейнінің ластануы, сондай-ақ көмірсутегі шикізатының бұрынғы кен орындарын дамытумен және жаңа кен орындарын игерумен де байланысты, бұл атмосфераның күкірт-сутегімен ластануын ұлғайта түседі.

1993-жылдан 2000-жылға дейін зиянды заттардың атмосфераға шығарылуы негізінен өндіріс құлдырауының есебінен 5,1 млн. тоннадан 3,2 млн. тоннаға дейін кеміді.

Радиоактивті ластану Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігіне нақты қатер төндіреді, олардың шығу кездері мынадай негізгі төрт топқа бөлінеді:

жұмыс істемей тұрған уран өндіруші және уран өңдеуші кәсіпорындардың қалдықтары (уран кен орындардың үйінділері, өздігінен төгілетін ұңғымалар, қалдық қоймалары, технологиялық желілердің бөлшектелген жабдығы); ядролық қаруды сынау нәтижесінде ластанған аумақтар; мұнай өндіру өнеркәсібі мен мұнай жабдығының қалдықтары; ядролық реакторлардың жұмыс істеуі нәтижесінде пайда болған қалдықтар мен радиоизотоптық өнім (иондаушы сәулеленудің пайдаланудан шыққан көздері).

Мәселенің кешенді шешілуі радиоактивті қалдықтарды ұқсату мен көму жөнінде мамандандырылған ұйым құруды көздеуі тиіс. Аталған іс-шараларды жүргізудің нәтижесі халықтың сәуле алуы мен қоршаған ортаның радиактивтік ластануын төмендету болмақ [210].

Арал теңізіндегі Возрождение аралындағы биологиялық полигонның қызметі бактериологиялық жұқтырудың ықтимал қаупін туғызып отыр. Кейбір биологиялық агенттердің қоршаған орта объектілерінде және жануарлардың организмінде ұзақ уақыт сақталатынын ескере отырып, олардың республика мен басқа да шектес мемлекеттер аумағына таралуының нақты қатері бар. Возрождение аралында оба, күйік және туляремия сияқты өте қауіпті жұқпалы аурулардың табиғи ошақтары болуы мүмкін. Бактериологиялық ластанудың алдын алу үшін Возрождение аралының аумағындағы қоршаған орта объектілері мен фаунаның тұрақты эпидемиологиялық және эпизоотологиялық мониторингін жүргізу қажет.

Осы мақсатта 2004-жылы жұқпалы ауруларды қоздырғыштардың ұзақ сақталуы мүмкіндігі тұрғысынан Возрождение аралының әр түрлі бөлігіне бағалау жүргізілді, Арал аумағының Қазақстандық бөлігін зерттеуді, оң нәтижелер табылған жағдайда Возрождение аралындағы биологиялық полигон қызметінің зардаптарын жою аяқталды.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және обаға қарсы мемлекеттік ұйымдар республика аумағындағы аса қауіпті жұқпалы аурулардың қоздырғыштары штаммдарының қозғалысына тоқсан сайынғы мониторинг жүргізеді. Барлық облыстардан бөлінген барлық штаммдар аса қауіпті жұқпалы аурулар қоздырғыштарының депозитарийі болып табылатын, Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалы аурулар ғылыми орталығына ғана келіп түседі, онда катаң есепке алу қамтамасыз етілген және тәртіп бойынша барлық талаптар сақталған.

Қазіргі уақытта Америка Құрама Штаттарымен бірлескен мақсаты аса қауіпті жұқпалы аурулардың қоздырғыштарынан халықты қорғау және елдің биологиялық қауіпсіздігін құру болып табылатын «Қазақстан Республикасындағы белсенді эпидемиологиялық мониторингтің ықпалдасқан жүйесін құру» бағдарламасы бойынша жұмыстар басталды.

Қазақстанда химиялық заттардың арасында ерекше қауіпті тұрақты органикалық ластағыштар (бұдан әрі - ТОЛ) тудырады. 2001-жылдың мамырында Қазақстан Республикасының Үкіметі Тұрақты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясына қол қойды.

Тұрақты органикалық ластағыштар - уытты қасиеттерге ие, ыдырауға тұрақтылық танытатын биожинақтағыштығымен сипатталатын химиялық заттардың әр түрлі тобы. Бұл топтың химиялық құрамалары мен қоспасы ауамен, сумен және көшетін түрлері бойынша трансшекаралық таралу объектісі болып табылады, сондай-ақ құрылық экожүйелері мен су экожүйелерінде жинақталып, өздерінің шығарынды көздерінен алыс қашықтықта шөгеді.

Белгілі бір органдарды зақымдайтын уларға қарағанда, бұл заттар ішкі реттеу жүйесін бұзады. Аз мөлшерінің өзінде ТОЛ қалыпты биологиялық функцияларды бұзуы, кейінгі ұрпаққа берілуі және адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға нақты қатер төндіруі мүмкін.

Қазақстандағы ТОЛ-дың едәуір бөлігін пестицидтер құрайды. Өсімдіктерді қорғаудың жаңа құралдарының сан түрлілігіне қарамастан, әлі күнге талдау жасалатын үлгілерде 1950-1960-жылдардың пестицидтері табылуда.

Республикада өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың мониторингін, оларды сақтауды, ұқсатуды және кәдеге жаратуды қамтитын қалдықтарды басқарудың мемлекеттік жүйесі жоқ.

Қазақстанның аумағында өндіріс пен тұтыну қалдықтарының 20 млрд. тоннадан астамы, оның ішінде 6.7 млрд. тонна улы заттар жинақталған, әрі олардың ұлғаю үрдісі байқалуда [211].

Бұл ескірген технологияларды қолданумен, сапасыз шикізатпен және отынмен, кәсіпорындардың өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату мен қайта құнарландыруға қаражат салуға құлықсыздығымен түсіндіріледі.

Уытты қалдықтарды қоса алғанда өндіріс қалдықтары күні күнге көбінесе тиісті экологиялық нормалар мен талаптарды сақтамастан, түрлі жинақтағыштарда қойылып, сақталады. Осының нәтижесінде көптеген өңірлердің топырағы, жер асты және жер үсті сулары қарқынды ластануға ұшыраған. Жиналған қалдықтардың үнемі ұлғайып отырған көлемі жаңа

техногендік ландшафтар қалыптастырады. Үйінділер мен террикондар биіктігі өскен сайын олар шаңның қарқынды көздеріне айналады.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың негізгі массасы құрауыштарға бөлшектенбестен шығарылып, ашық күресіндерге тасылады және қойылады, оның 97 %-ы Қазақстан Республикасының табиғат қорғау және санитарлық заңнамасы талаптарына сай емес. Оларды орналастыру және жайғастыру жобасын және қоршаған ортаға әсері бағаланбастан жүргізілген. Республикада қатты тұрмыстық қалдықтардың шамамен тек 5 %-ы ғана кәдеге жаратылады немесе жағылады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың тууы елдің экологиялық қауіпсіздігіне нақты қатер төндіреді. Қауіп апатты жер сілкінісі, көшкін, сел сырғыма, су тасқыны, өрт, өндірістік объектілердегі қауіпті өнеркәсіп және басқа да аппараттардың нәтижесінде адамның өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келуіне байланысты 1994-жылдан бастап төтенше жағдайлар салдарынан Қазақстанда шамамен 40 мың адам қайтыс болды және 250 мыңнан астам адам зардап шекті. Сараптамалық бағалау бойынша төтенше жағдайлардан (жаһандық дүлей апаттар болмаған кезде) келетін тікелей және жанама зиян жыл сайын шамамен 25 миллиард теңгені құрайды [212].

Орман өрттерінің экожүйелерге елеулі зиян тигізуі жалғасып отыр. Бұл орайда оларды уақытылы анықтау мәселесі шешілмеген. Орман өрттерімен күресудің сенімді және экономикалық жағынан тиімді авиациялық құралдары жоқ.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуы зардап шеккендер санын төмендетуге және келеңсіз салдарлардан материалдық зиянды азайтуға мүмкіндік береді.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары экономиканы, заңнаманы және қоғамды экологияландыру болып табылады.

Экономиканы экологияландыру өндірістің табиғат қажеттілігін азайту және заттар мен энергия алмасуының биосфералық процестеріне экономиканың әсерін азайту арқылы тұрақты экологиялық қауіпсіз табиғат пайдалануды қамтамасыз етуде және ресурстық-экологиялық тепе-теңдікті сақтауда болып табылады.

Экономиканы экологияландыруды жүзеге асыру үшін ресурс үнемдейтін технологияларды дамыту және экологиялық «лас» өндірістің үлесін азайту, табиғат пайдаланудың, мемлекеттік экологиялық бақылауды, экологиялық мониторингтің және статистиканың табиғат пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру арқылы барлық әзірленетін мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларға экологиялық шарттар мен талаптарды енгізу қажет.

Табиғат пайдаланудағы жаңа экономикалық тетіктер баға белгілеу жүйесіне экологиялық сипаттамаларды енгізуді табиғат пайдаланудың ақылық жүйесін жетілдіруді және міндетті экологиялық сақтандыруды көздейді.

Табиғат пайдаланушылардың табиғат қорғау қызметін қаржы ынталандыруын құрумен, сондай-ақ табиғат қорғау қызметіндегі қоршаған

ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық құралдарын енгізумен айқындалады. Табиғат пайдаланушыларды табиғат қорғау іс-шараларын жүргізуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ынталандыру экологиялық төлемдер жүйесін көздейтін табиғат пайдаланудың экономикалық тетігі көмегімен жүргізілуі тиіс [213].

Маңызды халықаралық экологиялық конвенцияларға, сондай-ақ халықаралық деңгейде табиғат қорғау қызметіне республиканың неғұрлым кеңірек қатысуын қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық әзірленетін бағдарламаларда халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары және оларды іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралар белгілеуі тиіс.

Техникалық және өзге де көмекті алу оны тиімді пайдалануды талдаумен бірге жүргізіледі. Тек қана ақпараттың жеткілікті көлемін қамтамасыз ету және жергілікті жағдайларды неғұрлым тереңірек түсіну үшін ғана емес, сонымен бірге, олар табиғат қорғау қызметін басқару жөніндегі дағдыларды игеруі үшін бірлескен жобаларға қатысуға жергілікті сарапшылар мен мекемелерді тарту қажет.

Қазақстанның 30 корпоративті серпінді бағдарламасына енген Атырауда «газ-мұнай-химия» алыбы Ескене территориясында салынатыны белгілі болғаннан кейін, екі алып зауыттардың құрылыстары да Мақат ауданының территориясына орналасатын болғандықтан, қуанышта шек жоқ. Қалаға кіре берісте Сәкөл дейтін өзенше бар. Мысалы, 1971-жылы көктемде сол Сәкөлдің суы Ескененің «Нефтепровод» ауылына шейін келіп, аудан халқы сары сазанға қарық болды. Тізеден келетін тасқын су жайылымға жусанның арасына шығып кетіп, жұртшылық қармақ-шанышқымен балық ұстап, қарық болған.

Сол өзеннің арнасына қаладағы «Дренаж» каналының жобасымен қос зауытты да қамтып, өндіріс орнынан бір шақырымдай қашықтықта (себебі, объектілер темір бетон қадаларға орналасқан) айналма канал қазған жөн сияқты. Сөйтіп, оның екі жағасын плитамен көмкеріп, Жайық өзеніне қайта құятын арна қылу қажет. Сол арнаны жылына 2 рет толтырып тұрса болады [214].

Неге бір шақырым қашықтықта десеңіз, зауыт ежелгі теңіздің табанына орналасқан, іргетас құюға цемент шақ келмейді, сондықтан темір бетон қадаларға орнатылған.

Каналдың екі жағасына ну қамыс, жиде, жыңғыл т.с.с. ағаштар отырғызса, бұларды күтіп, баптап отыратын бір шаруашылық ашса, құба-құп болар еді.

Су келген жылдары Сәкөлдің екі жағы алып бау-бақша болатын (1975 ж.). Каналға су насосармен айдалатын болуы керек. Каналды толтырып тұруға үстінен жүріп жатқан Еділ-Қиғаштың суын да пайдалануға болады.

Қоршаған ортаны қорғаудың үшінші бір әдісі - факелдерде жанып тұрған алауларды басқа мақсаттарға пайдалану. Олар: газ турбиналы жылу-электр стансаларын тұрғызу (Орал облысы), пайдасы - газды босқа әуеге жақпау, электр энергиясын және жылу алу.

Қазір «Болашақта» 160, 200, 250 квт болатын газозлектрогенераторлар резервте әзір тұр. Олар тек электр энергиясынан (ОЭО - ТЭЦ) ақау болып (аварийные ситуации) ток жоқ болғанда ғана іске қосылады.

Осы аумақта бір газтурбиналы электрстанса салынса, зауыттарды өз алдына дербес электр энергиясымен қамтамасыз етуге болар еді. Осылайша, Атырау ТЭЦ-не де шектен тыс (разгрузка) салмақ түспес еді. Осы да қосымша жобаға енгізілсе өте қолайлы болар еді.

Үшінші, жаңа жылда газ өңдеу зауытының бірінші кезегі іске қосылды. Бұл қытайлықтар салып жатқан кешен үш кезеңмен іске қосылмақшы. Үшінші, қорытындылаушы кезеңде іске қосу 2010-жылға жоспарланған.

Үш зауыттың жоспарлы қуаты жылына 800 млрд. текше метр газды өңдеуге жететін алып кешен еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына ерекше қызмет атқарары сөзсіз [214, б. 4].

Жаңа өндіріс орнын іске қосудан еліміз көретін пайда есепсіз мол. Ең бастысы, облыстың өндірістік кәсіпорындары мен тұрғындары көгілдір отынмен толық қамтамасыз етіліп, аймақ тұрмысы жана сапалық деңгейге көтеріледі. Бұған қоса, мұнайдың ілеспе газын жағу арқылы ауаға тарап жатқан улы заттар мөлшері азаяды.

Бұл сарапшылар пікірінше, мұнай өндіруші аудандардың экологиялық ахуалын жақсартады.

XXI ғасыр ғылым мен техниканың кемеліне жеткен кезеңдердің біріне жатады. Биосфераның барлық қабатында сол жетістіктердің ізі жатыр. Оның адам баласына пайдалы жақтары көп болғанымен тиімсіз жақтары да байқалуда. Әсіресе, жаппай урбанизациялық әрекеттер, жер асты - жер үсті қазбалар, жөнсіз пайдаланылған су қорлары, атмосфералық қабатқа ұстағыш қондырғышсыз ауаны ластау, зор қарқынмен жүргізіліп келеді және ол жақын арада жөнделе қояды дегенге ел әзірше сене қоймайды. Себебі, көптеген зауыттармен өндіріс ошақтардың жекеменшікке көшуі мемлекет тарапынан бақылауды азайтып жіберді немесе қолдан шығарып алды.

Бұл жағдай облыс көлемінде суды, топырақты пайдалануға да өзінің кері әсерін тигізіп отыр десек те болады. Өйткені, жерді тәлімге пайдаланушылар химиялық заттарды агротехникалық шараларға сәйкес қолдануды дұрыс жүргізбеу, ауыспалы егіс әдістерін пайдаланбау салдары жердің тозуына, қарашіріктік қабатының тозуына әкелуде.

Облыстағы химия өндірісінің ошағы «суперфосфат», «жаңа жамбыл», «химпром» зауыттар толық істеп тұрмаса да, олардан шыққан зиянды қалдықтардың әсері азаяр емес.

Ол үшін, алысқа бармай-ақ Жамбыл ауданына қарасты Ақтөбе ауылының жағдайын алатын болсақ та жеткілікті. Ол Аса өзеніне құятын бұлақтан түзілетін өзенше бойына орналасқан. Қиын жағдайдың барлығы сонда, Тараз қаласынан бөлінетін шаруашылық-тұтыну қалдықтарының 80 %-нан артық бөлігі, тәулігіне өндірістен бөлінетін 100-120 мың текше метр қолданудан өткен сулар осы Ақтөбе ауылына жақын 194 га жерге сүзгіден (филтрациядан) өткізуге арналған. Бұл жерлерде жер асты сулары 1-2 м жерден шығады [215].



«Жамбылгидрология» АҚ мекемесінің деректері бойынша, бұл жерлерде жер асты сулары тұрақты ластану жүруде деп есептейді. Сонымен бірге, сол аймақтағы сулардың құрамындағы хлоридтер, нитраттар, сульфаттар сияқты химиялық заттардың құрамы арта түсумен бірге, судың минералдануы мен кермектігі де күрт артып кетіп отыр. Өйткені, өткен 2004-жылы ол жердегі фильтрациялық әрекеттің мөлшері 4 - есе артқан деген де дерек бар.

Жыл сайын осындай қоршаған ортаның ластануы Жамбыл ауданының сол маңға орналасқан елді мекендерге айтарлықтай әсерін тигізіп отыр. Әсіресе, шаруашылыққа және ауыз су мәселесіне қолайсыз жағдай туғызуда. Топырақта сүзілу процесінің артық мөлшерде болуы, шаруашылыққа пайдалы жерлер батпаққа айналып, Ақтөбе ауылы жарамды жерлерінен айырылып қалып отыр.

Сонымен бірге бұл құбылыс Аса су бассейнінің экологиялық жағдайларына да әсер етуімен бірге, Жамбыл ауданының эпидемиологиялық жағдайларына да қауіп төндіруде.

Дегенмен, егістік даланың зақымдануы жөніндегі мәселе әзірше тыс қалып келеді. 1220 адам тұратын Ақтөбе ауылының ауыз сусыз қалуы, оның шаруашылығына қажетті жерлерінің құнсыздануы, экологиялық тығырыққа әкелмесіне кім кепіл. «Қазфосфат» ЖШС-і жыл сайын өзінің қалдық заттарын ауаға да, жерге де тастауын тоқтатқан жоқ. Оның зиянды мөлшері күн санап артпаса кеміген жоқ. Сондықтан, фосфор, фтор элементтерінің қасиеттерін көпшілікке айтудың қажеті жоқ шығар, бірақ олардың қоршаған ортада 100 жылдар бойына сақталып, зиянды әрекетін ескерсек те жеткілікті деп есептейміз [215, б. 67].

«Қазақстанның 2030» даму стратегиясында минералды ресурстарды кешенді пайдалану, жоғалымдар мен шығындарды азайту максималды түрде жою қарастырылған. Стратегияның бағыт-бағдарын орындау ел экономикасының тұрақты дамуын жоғарылатты.

Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде «Нарықтық экономикада нақты «кестесіз» жүру мүмкін емес» [216], - дейді, сондықтан келесі үш кезенді ұсынған:

Бірінші кезең, ол 1992-1995 жылдарды қамтиды, сол кездегі макроэкономикалық тұрақтылықтың 2-негізгі процесі - ол белсенді жекешелендіру мен нарықты тұтынатын тауарлармен қамту деп талап еткен.

Екінші кезең, ол 1996-2005 жылдар. Бұл кезеңде көлік жүйесі, байланыс, тауар және валюта нарықтарының дамуын топтастыру. Екінші кезеңнің барысында экономиканың интенсивті дамуының стимулдары мен қозғаушы күштері пісіп-жетілуі керек, олар: табиғатты тиімді пайдалану; жоғарғы технологияның шығуын жылдамдату және әлемдік экономикаға шығу, тағы басқалар.

Үшінші кезең, осылардың 5-7 жылға ұзартылуы қарастырылған.

1-наурыз 2006-жылы жарияланған Елбасының халыққа жолдауында ел экономикасының тұрақты түрде өсу қарқынына жеткенін айта отырып болашақта 50 дамыған елдің қатарына қосылуды стратегиялық бағыты ретінде айқындап көрсетті. Бұл жолдауда экологиялық мәселелерді шешудің нақты ұсынысы айтылды.

2006-жылы біздің экологиялық заңнамаларымызды халықаралық озық актілермен үйлестіруге, жаңа стандарттарға көшу, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған Экология кодексі қабылдануға тиіс. Тұтас алғанда, біз 2010-жылы қоғамның таңдаулы дамуының негізгі экологиялық стандарттарын жасауға тиіспіз [216, б. 34].

Қазіргі уақытта Қазақстан қоршаған ортаны қорғау мәселесіне байланысты 19 халықаралық конференцияға қосылды. Олардың ішіндегі маңыздылары: «Біріккен Ұлттар Ұйымының ауа райының өзгеруі жөніндегі шектеулі конвенциясы», «Құрғақшылықпен күрес жөніндегі конвенция», «Қоршаған ортаға қатысты мәселелерді шешудегі әділеттілікке қол жеткізу және шешім қабылдауға қоғамның қатысуы, ақпарат алуға мүмкіндігі туралы» Орхус конвенциясы және т.б. бұлардың қатарына «Озон қабатын қорғау туралы» Вена конвенциясын да қосуға болады.

Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен, Бүкіләлемдік экологиялық қормен, Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ЮНЕП бағдарламасымен, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы, Бүкіл әлемдік экологиялық қор және ЮНЕП ұйымдары бірлесіп 18 ортақ жоба дайындаған болатын. Оған кететін шығын да аз емес - 26 млн. доллар. Олардың ішіндегі жел энергетикасын дамыту бағдарламасына 2,5 млн. доллар, Қазақстанның таудағы жанды-жансыз табиғатының алуан түрлілігін сақтауға 2,77 млн. доллар, сулы-сазды өңірлерді жыл құстарының мекені ретінде кешенді қорғауға - 8,7 млн. АҚШ долларын бөлу көзделген [217].

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен бірге 2000-жылы «2001-2004 жж. орнықты даму үшін институционалды күшейту» ұзақ мерзімді бағдарламасын қабылдады. Осы бағдарламаның аясында орнықты дамуға арналған ынтымақтастықта сектораралық тосқауылдарды игеру жөніндегі талдау мен ұсыныстар даярлау, ХХІ ғасырға қазақстандық күн тәртібін әзірлеу, сондай-ақ орнықты даму жөніндегі Ұлттық комиссия құруға жәрдемдесу әрекеттері жүргізілді [217, б. 2].

Экологиялық ортаның адам денсаулығына оның геноқырына (геніне) әсері ерекше үрей туғызады. Экологиялық жағдайдың әсері, ең алдымен, адамның генетикалық органдарында бейнеленіп, соның салдарынан туа біткен кемтарлық, ауытқулар, ақаулардың санын едәуір арттырып, туу алды және туудан кейінгі өлімді дамытып және арттырады.

Халықтың денсаулық жағдайы мен ауруы арасында белгілі бір тәуелділік бар. Бірақ ол бір мағыналы емес. Бір жағынан халықтың денсаулығы ұзақ өмір сүріп және ұзақ жұмыс істейді, яғни өмір сүрудің ұзақтылығымен және салыстырмалы түрде елудің төменгі көрсеткіштерімен сипатталады. Бірақ, екінші жағынан тікелей өлімге әкелмейтін (созылмалы) аурулардың бірнеше түрлерінің жинақталуы, халықтың денсаулық деңгейі мен өлім көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтар арта түсетін болады. Халықтың денсаулығының

жақсаруы әрі өлудің, әрі ауру-сырқаудың азаюына, яғни халықтың сандық және сапалық әлеуметін арттыруға әкеледі [218].

Қоныстану мәселелерінің қоршаған орта жағдайымен байланысы көп жағдайда жанама түрде денсаулық жағдайының демографиялық көрсеткіштерге әсері арқылы көрінеді. Халықтың денсаулық жағдайының едәуір жинақтап қорыту көрсеткіші орташа жасының ұзақтылығы болып табылады. Бұл көрсеткіш республикада 1990-жылдардың соңында ерлер арасында 3,5 жылға, әйелдер арасында 2,8 жылға төмендеп, ер адамдарда 60,3 жасты, ал әйел адамдарда 70,3 жасты құрайды.

Осыған қарамастан, денсаулық және демографиялық үрдістерге әсер ету дәрежесі бойынша экологиялық факторлар ерекше орын алады.

Экологиялық қауіптің негізгі байқалуы болып табылатындар: адамның тіршілік ету ортасы сапасының нашарлауы, денсаулық және демографиялық жағдайлар көрсеткішіндегі жағымсыз үрдістердің дамуына әкеледі.

Қазақстандағы су сапасының нашарлауы, өзендердің су сапасы тазалық калпына сай келмей, олардың кейбіреулерінде гербицидтер мен пестицидтер қоспасы көп болып келеді. Барланған 609 жер асты суларынан кен орындарының 459 ластану ошақтары табылып, олар антропогендік сульфат, фенол, ауыр металдар, азот қоспаларымен ластанғандығы анықталды.

Тиісті ауыз судың жоқтығы және жабдықтаудың төменгі деңгейі аймақтың көптеген елді мекендерінің сумен қамтамасыз етілуінің күрделі мәселе болуына әкеп соқты. Қалаларда ауыз суды және коммуналдық-тұрмыстық қажеттілікке деген суды тұтыну деңгейі адам басына тәулігіне 120-дан 200 л, ал көптеген ауылдық елді мекендерде 20-дан-80 л және тәулігіне одан да аздау.

Осындай жағдайларда, біздің пікірімізше, халықтың қоныстану жүйесі мен желісі басым түрде мемлекеттің су саясаты және стратегиясымен анықталады. Олардан негізінен су-жер қорларын тұрақты пайдаланудың, бұл қорлардың оңтайлы деңгейде саны мен сапасын қолдауға бағытталынған жүйелерін жасау бойынша тәсілдер және ұстанымдар алынуы тиісті. Бұл аймақтың су қоры шектеулі болып, суды тұтынушы өндірістерді қарқынды түрде суды үнемдеуші даму жолдарына түсіру қажеттігін көрсетеді [219].

Бұл біздің ойымызша, елді мекендер желісі жиілігін, халықтың орташа санын, шаруашылықтың өндірістік мамандануы мен құрылымын анықтауы тиісті. Біздің пікірімізше, атап айтқанда қоныстану жүйесі көп жағдайда босаған су қоры көлемімен байланысты.

Ағынды және жер асты суларынан басқа жақын болашақта суландырмалы жердің өсімі (жаңа суландырмалы) қаралмайтындықтан онда қазірдің өзінде ауылдық жерлерде халық санының шамамен алынған көрсеткішіне шығуға болады. Және де қоныстану жүйесі, халықты ұтымды орналастырудың негізі, су шаруашылық кешенінің құрамдас бөлігі болып табылатындығын ескеру керек.

Ластану дәрежесі өте жоғары және 1 және 2 топқа жататын республиканың көптеген қалаларының ауыр экологиялық жағдайы, отын-энергетикалық және металлургиялық өндірістердің шоғырлануымен түсіндіріледі.

Экологиялық дағдарыс деңгейін анықтайтын факторларды есепке алу негізінде бөліп көрсетілген облыстардың ішінде жоғары экологиялық қауіпті зонаға Шығыс Қазақстан облысы жатады. Шығыс Қазақстан облысы экологиялық дағдарыс аудандарының ішінде халықтың ауру-сырқау деңгейінің ең жоғары дәрежесімен көзге түсіп, орташа республикалық көрсеткіштерге қатынасы бойынша ең жоғарғы көрсеткішті құрайды.

Талдау кезеңінде халықтың ауру-сырқау құрылымға да ішкі сипаттағы аурулар бойынша ең жоғары өсу байқалып, оған қоршаған орта елеулі әсер етеді. Соның салдары ретінде облыста өлу коэффициентінің ең жоғарғысының бірі ретінде көрінеді. 2000-жылдың басында ол орташа республикалық көрсеткіштен 2,3 есе асып түсті [220].

Денсаулықтың негізгі көрсеткіштерінің нашарлауына экологиялық факторлармен бірге күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, халықтың нақтылы табысының төмендеуі және әлеуметтік саладағы қол жеткен қызмет көрсету дәрежесінің төмендеуі әсер ететінін айта кету керек.

Қоныстанумен байланысты экологиялық мәселелер, ең алдымен қала халқы және көбінше урбандалған аймақтарға қатысты. Аймақтарды экологиялық сипаттау біртіндеп өзгереді.

Су көздерінің, топырақтың ластануы, аудандардың биожүйесіндегі ластану заттарының жинақталуы, табиғатқа рекреациялық қысымның өсуі алғашқы уақытта онша қауіп тудырмай, бірақ белгілі бір мерзімде жалпы экологиялық жағдай күрт нашарлап, аймақтың жұмыс істеуі мен дамуы үшін ұзақ уақыт әсерін тігізетін зардабы болуы мүмкін.

Қоныстануға әсер ететін экологиялық мәселелерді төмендегідей топтастыруға болады: қоршаған ортаның ластану мәселелері; табиғат қорын ұтымды пайдалану; урбандалған аймақтағы адамның жеке басының ыңғайсыздығы.

Қоршаған ортаның ластану мәселесі негізінен, қалалық мекендерде ауа алаптарының ластану мәселесі. Бұл үрдістердің негізгі салдары қала халқы денсаулығының нашарлауы болып, оның ұзаққа кететін экономикалық және әлеуметтік зардаптары болуы мүмкін. Қоныстанудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын демографиялық зардапқа келетін болсақ, онда қалалық қоныстардағы экологиялық қолайсыздық туудың төмендеуіне және аз балалы жанұялардың көбеюіне әкеліп соғады.

Демографиялық және экологиялық үрдістер өзара байланыса отырып, белгілі бір өзгешеліктерге ие болады. Өзара байланыс едәуір айқын түрде қалалық қоныстарда, ең алдымен ірі қалаларда байқалады. Демографиялық және экологиялық үрдістерге өзгерістердің үлкен жылдамдығы, олардың арасындағы өзара әсердің қарқындылығы, сонымен бірге басқа, ең алдымен әлеуметтік-экологиялық үрдістермен байланысқа тән [221].

Халықты қоршаған ортаның ластануы және экологиялық жағдайдың нашарлауынан әлеуметтік қорғаудың кешенді шараларын әзірлеу эколог-мамандардың міндеті. Бірақ, қазірдің өзінде организмді сауықтыруға және қоршаған ортаның қолайсыз әсерінен сақтандыруға жұмсалынатын қосымша материалдық шығынмен байланысты халықтың табысының орнын толтыру

кажет. Тек, осы 4 облысқа республиканың өнеркәсіп-өндірістік қызметкерлерінің жартысындай (47,0 %) және өнеркәсібі дамыған ірі және орташа қалалардың 50 % келеді. Көбінесе өнеркәсіптің шоғырлануы, онсызда өнеркәсібі әбден қаныққан - «тым артық» өнеркәсіпті орталықтарға келеді [222].

Мұндай өнеркәсіп орталықтары қолайлы экономикалық-географиялық жағдайымен - олардың көп жылғы экономикалық өсуінің - «базасы» ретінде сипатталады. Олардың дамуы өз кезегінде кәсіптік еңбек құрамының және жоғары дамыған индустриалды орталықтарға тән, тармақталған әртүрлі байланыс және қызмет көрсету жүйелерінің өсуіне әкеледі. Соған қарамастан өнеркәсіп орталықтары әсіресе нарықтық экономика жағдайында пайда болған көптеген мәселелерге ие болады. Мұндай, әсіресе күрделі мәселелерге жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыссыздық, тіршілік дәрежесі т.б. жатады.

Жұмыспен қамтамасыз ету құрылымын қайта құрумен байланысты нарықтық өзгерістер үлкен көлемде жұмыс орындарын жою және жаңаларын жасауда өз көріністерін тапты. Түбегейлі өзгерістер кезеңінде, жұмысқа қабылданатын және одан босанатын адамдар санының артуымен қатар жүретін жұмысшы күшін қайта бөлу күрт артады.

Радиациялық қауіпсіздік Қазақстан Республикасында ең қиын мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан ол әрқашанда назардан тыс қалмайды. 2004-жылы «Қарағанды облысының аумағындағы иесіз радиоактивті қалдықтарды сыртқа тасу» шаралары белгіленіп, ол жүзеге асырылды. Осы шараны жүзеге асыру процесінде Қарағанды, Теміртау, Балқаш және облыстың басқа да аудандарындағы иондық сәулелі 252 иесіз іздер жинақталып, арнайы қоймаларға сақталуға жіберілді. Олардың адамдардың денсаулығына және экологиялық жағдайға қаншалықты қауіпті екендігі айтпаса да түсінікті [223].

Жұмыс барысында 3400 кг таза сынап және 4186 шаршы метр аумақтан сынап қосындысы бар заттар жиналды. Сол сияқты технологиялық процесс кезінде сынап өндірісте пайдаланылған 4 ғимараттың сыртына кірпіш қаланып, полиэтилен пленкалармен және минералды мақта плиталармен толтырылып, жабылып тасталды.

Облыстың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында мынадай шаралар орындалды: төменгі Қайрақты поселкесіндегі ескі байыту фабрикасының қалдықтарының шаңданатын 35 га аумағына, Шет ауданындағы Ақжал поселкесінің ескі байыту фабрикасындағы 32,2 га аумаққа топырақ төгіліп, өңделді. Мұның өзі маңайдағы жерлерді, тоғандар мен атмосфералық ауаны өндіріс қалдықтарымен ластандыруды жоюға мүмкіндік берді.

Балқаш қаласындағы № 3 және № 6 насос станцияларының арасындағы шаруашылық-тұрмыстық су коллекторының екінші желісінің құрылысы; Жәйрем поселкесіндегі жасанды биологиялық ағынды және жайылма сулардың тазарту қондырғыларын кеңейту; Токаревка поселкесінде тазарту қондырғысын салу [223, б. 2].

Қазіргі кезде облыстық табиғат қорғау шаралары басқармасы, облыстық су шаруашылығы басқармасы «Қарағанды облыстық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қосылып, «Қарағанды

облысының табиғат ресурстарын және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып құрылды. Бұл басқарма алдағы уақытта да табиғатты қорғау мәселесін кешенді шешу үшін ауқымды жұмыстарды одан әрі жалғастыра беретін болады.

Ал шетелдік тәжірибеден мүлдем басқа жәйтті аңғаруға болады. Мәселен, Америка Құрама Штаттары, Қытай мемлекеттерінің ұлттық парктерінде болған туристер жылына 1 млн. АҚШ доллары шамасында қаржы қалдырып кететін көрінеді. Бұған қоса, аталмыш елдердің шетелдік саяхатшылар келіп аралайтын көрнекті орындарында түрлі тауарлар мен ақылы қызмет көрсетуді лайықты деңгейде үйлестіру негізінде өз беттерімен қаржы табуларына да рұқсат етілген. Туристерден түскен қаражат, ең алдымен, сол аймақ, өңірдегі жұмыстың жедел жүруіне, түрлі шаралардың ұйымдастырылуына пайдаланылып отырады.

Еліміздегі түрлі аймақтардың туристік саладағы басымдықтарын бағалау және туризм индустриясын дамытудың нақтылы стратегиясын белгілеуде арнайы зерттеулердің жүргізілуі - бұл да болса алға ұмтылушылықтың үлкен бір белгісі. Осы ретте мемлекет жүктеген міндеттемелерді жүзеге асыру мақсатында бұған бізде шетелдік «IPK International» консалтингтік компаниясы тартылған. Аталған компания экологиялық туризмге қатысты небір стратегияларды іс жүзіне асырумен айналысатын әлемдегі жетекші орталықтар санатынан орын алады. Оның бас сарапшысы Алессандро Груззо 2005-жылы еліміздегі туризмді дамыту үшін аса қолайлы аймақ саналатын Оңтүстік Қазақстан облысында өзінің жеке зерттеуін жүргізген [224].

Маманның Түлкібас ауданындағы аты әйгілі Ақсу-Жабағылы қорығын, тереңдігі 500 метрден асатын Ақсу шатқалын аралап көруі оның сол жердің тамаша табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыра түскен. Бұл зерттеулер, біріншіден көптеген шетелдік сарапшылар бойында «Түлкібас өңірі туризмді дамытуға қолайлы аймақ» деген пікірді берік қалыптастыра алды.

Екіншіден, өзіміздің сала мамандарына туған еліміздің туризмін дамытуға берілген нұсқау болды. Туризм кластерін жетілдіруді қолға алып жатқан энтузиастарға Үкіметтің 2005-жылдың қаңтар айындағы еліміздің бірқатар аймақтарындағы ұлттық парктердің жағдайын жақсарту жөнінде қаулы қабылдауы жаңа серпіліс әкелгендей болды. Сондықтан да олар Оңтүстіктегі Ақсу-Жабағылымен қатар Жетісудағы бұрыннан бар ұлттық парктер Алтынемел мен Алатауға мықтап назар аударып отыр. Себебі шетелдерден туристер көп келетін жер, міне, осы табиғат нүктелері. Бұл бағытта бірнеше жобалар жасалған екен. Ол «2006-2010 жылдары туристік кластарды дамыту» бағдарламасында да көрініс тауып үлгерген. Аталмыш бағдарлама Үкіметтің қарауына 2005-жылдың маусым айында жіберілмекші. Сала мамандарын бұл ретте қуантатыны - Үкімет қарауынан кейін аталған табиғи парктердің жандануына жол ашылатын болады [224, б. 2].

Мамандардың пікіріне сүйенсек, бүгінгі таңда, ең алдымен, Ел-орданың бет-бейнесін қалыптастыруға ерекше күш жұмсалуда. Сарапшылардың сөзіне қарағанда, алдағы үш жыл Ақмола облысындағы туризмді сатылап көтеруге қолайлы жылдар болмақ. Оған таяу болашақта жүзеге асырылуы тиіс «Ақмола

облысындағы туристік саланы 2006-2008 жылдар аралығында дамыту» бағдарламасы қозғау салмақ. Егер аталған құжат күшіне енсе, екі бірдей мәселе өз-өзінен шешімін табады. Олар: облыстағы туристік қызмет көрсету жағы жетіледі, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы жолға қойылады деген сөз. Щучье-Бурабай, Ерейментау, Қорғалжын, Ақкел, Бұланды, Сандықтау және Атбасар курорты аймақтарының Ел-ордаға жақын орналасуы оларда экологиялық туризмді дамыту үшін арнайы орталықтардың ашылуына түрткі болып отыр. Нақтылап айтар болсақ, жақында осы мақсатпен облыстық жұмыс тобы іске кірісті және туризм индустриясы ассоциациясы құрылды [224, б. 2].

Қазақстанда экологиялық туризмді дұрыс жолға қоюға тек өзіміздің сала мамандары ғана емес, шетел азаматтары да қызығушылық танытуда. Мәселен, 1998-жылдан бері әсіресе, американдықтар тарапынан бұл салаға баса назар аударушылық байқалып келеді. Америка Құрама Штаттардың белгілі фототілшісі Уэйн Истеп бүкіл қазақ елін аралап жүріп, тамаша ландшафтқа толы жерімізге, климаттың сан алуандығына, мәдени-тарихи ескерткіштеріміздің көптігіне керемет қызығып, соның нәтижесінде кең ауқымды фотоочерктер сериясын жасап шықты. Ол 2001-жылы «Қазақстанның жан дүниесі» деген атпен арнайы кітап болып жарық көрді. Мамандардың айтуынша содан бері бұл фотоальбом қазақстандықтарды өзге жұртқа таныстырудың тамаша «визит карточкасына» айнала бастаған [224, б. 2].

Соның нәтижесінде қазір көптеген елдер тарапынан қазақ жеріне деген қызығушылық арта түсуде. Десек те, шетелдіктердің танданысына тоқмейілсіп отыра бермей, өзіміздің отандық мамандар экологиялық туризм саласының жедел қарқынмен өрістеуіне бірдей жұмыла кіріссе нәтижесі көрінер еді.

Еліміздегі экологиялық дағдарыстың үлкен бір себебі - ХХ ғасырдағы химия өнеркәсібінің жедел дамуы. Жыл сайын Қазақстандағы су қоймаларына химиялық қоспалармен ластанған 6 млрд. м<sup>3</sup> ағын су құйылады, 3 млн. тонна зиянды заттар ауа қабатына сіңеді, 200 млн. тонна қатты қалдықтар қоқысқа тасталады. Геологиялық құрылымның өте күрделі болуы себепті Қазақстан қойнауынан табиғатта кездесетін қазба байлықтарының бәрі дерлік табылды. Мыс, қорғасын, мырыш, күміс, хром, ваннадий, фосфорит, борат, алтын, сурьма, тас көмір, мұнай және марганец қорлары мол. Осы шикізат көздерін игеретін ірі өндіріс орындары орналасқан территориялар ауасы қатты ластануда. Алматы қаласы ірі өндіріс орталығы болмаса да, ауаның қалыптан тыс ластануы мұнда да байқалады. Бұл жағдай әрине, қаланың географиялық орналасқан орнына байланысты. Мысалы, «Самал» ықшам ауданы тау аралық ауа циркуляциясына бөгет болатындай етіп салынған [225].

Қазіргі кезде ірі өнеркәсіп орындары шоғырланған және ірі көліктік тораптар кездесетін облыс орталықтарында экологиялық жағдай нашар. Мұндай қалаларға Шымкент, Ақтөбе, Тараз, Өскемен, Қарағанды жатады. Шаруашылық жұмыстары барысында қоршаған ортаны сақтауға деген салғырттық салдарынан бұл жерлердегі ауа құрамында көмірқышқыл газы мен басқа да зиянды химиялық газдар мөлшері артуда.

2006-жылы ауа құрамындағы көмірқышқыл газының үлесі 30-40 пайызға жетті. Ауаның тазалығын бүлдіруде автокөліктерден бөлінетін зиянды

заттардың үлесі аз емес. Соңғы жылдары автокөліктердің тым көбеюі бұл мәселені ұшындыра түсті. Әсіресе Алматы қаласының автокөліктерінен бөлінетін зиянды заттардың мөлшері барлық ластанудың 60-70 пайыз үлес көлемін алады. Атмосфераның төменгі қабатында жиналған өндіріс қалдықтары - зиянды газдар адам денсаулығына айтарлықтай зиян әкеледі. Бронхит, өкпе, бронхиальды астма ауруларын туғызып отыр. Тыныс жолдары арқылы қанға өтіп, оның құрамындағы гемоглобин мөлшерін азайтуда [226].

Батыс Қазақстанда мұнай өндіруге негізделген өндірістік кешеннің қалыптасуына байланысты Каспий суының табиғи құрамына, облыс орталығы ауасының тазалығына айтарлықтай нұқсан келді. Ал бұл жағдай жергілікті табиғат компоненттері сипатына қауіп төндіруде.

Қарағанды территориялық өндірістік кешеніндегі экологиялық жағдай да күрделі. Көмір қалдықтарының көп жатуынан оның баяу жануы жүреді де, ауаға жыл сайын 250 тонна көмірқышқыл газы бөлінеді. Бұл жердегі тұрғындар арасында жүрек-тамыр, өкпе, гипертония аурулары көп кездеседі.

Адам әрекеті айтарлықтай әсер еткен табиғи компоненттердің бірі - су көздері. Дүниежүзі бойынша өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында пайдаланылатын су мөлшері жылдан жылға артып келеді. Осыған орай еліміздегі ірі су көздерінің бүгінгі жайы да алаңдаушылық туғызып отыр. Бұл жағдай өз кезегінде табиғат заңдылығымен санаспай қарау салдары [227].

Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі деңгейі, яғни қуатты компьютерлердегі талдаудың жүйелілік әдістері үлкен масштабта жоспарланған жобалардың шағын кейпін алдын ала елестетуге мүмкіндік береді. Оларды іс жүзіне асырмас бұрын табиғатқа тиетін зиянды талдап қана қоймай, бұл салдарларды болдырмау жолын іздестіру қажет. Бізге табиғаттың үйлесімді құралған дүние екендігін және онда жүріп жатқан процестерге араласуға болмайтынын түсінетін кез жетті.

Қорыта келгенде қазіргі экологиялық дағдарыстардың түпкі тамыры адам баласының табиғаттың қарапайым даму, зат және энергия алмасу заңдарын олардың теориялық негіздерін білмеуде жатыр. Оны білу үшін экология ғылымының негіздерін оқып-үйрену қажет. Сондықтан елімізде қалыптасқан экологиялық сауатсыздықты жою маңызды болып отыр. Елбасының «Қазақстан - 2030» бағдарламасында көпшілікке үздіксіз экологиялық білім беру мәселесіне аса көңіл бөлуі бұл мәселенің маңыздылығын айғақтай түседі.

Біздің қоршаған ортамыздың жақсы болуы, табиғаттың өз қалпында сақталуы, жердің, судың, ауаның қауіпті заттармен, радиациямен уланбауы, жалпы тіршілік мекені - жер планетасының ластанбуы қазіргі жанашырлық жұмыстарымызға көп байланысты. Ал мемлекет тарапынан бұл салада атқарылып жатқан іс-шаралар, бөлінген қаржы аз емес. Тек соған көп болып атсалыса білгеніміз, лайықты үлес қосқанымыз абзал. Бізде табиғатты, қоршаған ортаны қорғауға арналған заң пакеттері баршылық. Өзгертіліп толықтырылған жаңа заң жобалары да қолданысқа енуде, талқыланып, қаралып жатқандары қаншама.

Әрине, заңның қабылдануы бар да, оның орындалуы тағы бар. Табиғат қорғау жүйесіндегі заңдар да орындалуымен, нәтиже беруімен құнды [228].



Экологиялық қауіпсіздік - ұлттық қауіпсіздік деп тегін айтылмаған. Сондықтан елді, жерді, туған өлкемізді ластамай, таза сақтауға, оны келер ұрпаққа табиғи қалпында қалдыруға тырысқанымыз жөн. Біз табиғаттың бір бөлшегіміз, одан өзімізді бөліп алып қарауымызға еш болмайды.

Өкінішке орай, бізде де табиғат қорғау заңдылықтарын сақтауда олқы тұстар бар. Кейбіреулері заңды орындауға салғырт қарайды. Мысалы, «Ладыженка», «Мариновское», «Ақан Құрманов», «Сепе-1», «Шұңқыркөл», «Акимовка», «Покровское-1», «Садовое-1», «Амантай», «Бастау» сияқты серіктестердің басшыларына талаптар жазылды. Оларға экологиялық талаптарды орындамағандықтары үшін әкімшілік айыппұлдар салынды [228, б. 3].

Жер шарының қандай бөлігін алсаңыз да біздің қазақ жеріндегідей экологиялық дағдарысқа ұшыраған аймақты кездестіре алмайсыз. Қазақ жері неше түрлі термоядролық сынақтардың табиғи полигоны болғаны әлемге әйгілі. Осының кесірінен әлемде теңдесі жоқ Американың Жоғарғы көлдер тобымен теңдесетін Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарындағы Алакөл, Сасықкөл, Ұялы, Жалаңашкөл, Балқаш және Қытайдағы Сайрам, Ебінұр көлдері де бүгінгі таңда экологиялық зардапты басынан кешіруде. Бұл өңір екі атом полигонының - Семей және Қытайдың Лоб-Норының арасында жатыр.

Аймақтың өзіне тән ерекшеліктері - жиі-жиі болып тұратын атмосфералық құрғақшылық пен ыстық желдер. Осы кезде ауаның ылғалдық көрсеткіші ноль градусқа дейін төмендейді. Қытайдың әр атом сынағынан кейін оңтүстік-шығыстан, Жоңғар қақпасынан жылдамдығы 60-80 м/сек ыстық жел соғады. Бұл осы өңірдегі адам өміріне аса қауіпті. Нақты мәліметтерге сүйенсек соңғы оншақты жыл ішінде аталған өлкеде әр 100000 адамға шаққанда жүйке мен психикалық ауруға шалдыққан адамдардың саны 960-тан 1624-ке, ақыл-ойы кем адамдар 3103-тен 4612-ге, невроз және тамыр дерті бар адамдар 3692-ге көбейді. Сары ауру, іш ауруы, туберкулез, рак сияқты сырқат түрлері де күн санап өсіп барады [228, б. 5].

Аталған көлдер дүниежүзінде тек осында ғана кезігетін реликті шағалардың бірден-бір отаны. Мұны 1968-жылы ең бірінші ғылымға әйгілеген ғалым Ернар Мұхтарұлы Әуезов еді. Бірақ адамдардың кейінгі 50 жыл ішінде ешқандай аяусыз табиғатқа қол салуынан көлдер экожүйесі қауіпті деңгейге жетіп, өсімдік, жануар, құстар, балықтар дүниесі кеміп бара жатыр. Мысалы, баяғыда осы көлдерде жыртылып айырылатын өзіндік құс базарын құрайтын бірқазан, үлкен аққұтан, су құзғын, қалбағай, қоңыр қаз, шағала, үйрек, аққу т.б. құстардың түрі бүгіндері мүлдем кездеспейді. Ал көлдер маңындағы бұлдырық, дала қыраны, қаршыға, меңіреу құр, шіл үкі, кекілік сияқты дала құстары мүлдем құрып кетті. Сол сияқты бұл өлкенің өзіндік фаунасы болып табылатын елік, қаракүйрық, жабайы шошқа, арқар, ондатра, құндыз сияқты аңдарды қазіргі кезде тек суреттен ғана көреміз.

Көлдердегі қарабалық, сазан, ақмарқа, шортан, табан т.б. балықтар мүлде азайды. Өсімдік дүниесі де аяусыз жойылып, бұрынғы сыңсып тұратын итмұрын, жүзген, тобылғы, тал, жыңғыл, жиде, қызылқайың тоғайлары оталып бітті. Жыл сайын шөпке шауып, тұқым қалдырмай қырып ала бергендіктен

шабындықтар мен жайылымдарда тұқымынан өнетін нәрлі шөптер мүлдем жоғалып, тек тамыр арқылы көбейетін нәрсіз жасыл шөптер ғана қалды. Қалың қамыс пен тал-бұта өскен алқаптарды шабындыққа айналдырамыз деген сылтаумен жаппай өртеп, аң-құсы мен өсімдігі аяусыз жойылды. Нарықтық қатынастар, жаппай жұмыссыздық, осыдан туатын экономиканың қыспағы осы аймақ тұрғындары арасында жаппай жүйке, невроз ауруларын туғызды [228, б. 3].

Демек, адам өзінің іс-әрекеттері арқылы табиғат-ананың жаратылысына күрделі өзгерістер әкелуде, мәселен, қарапайым егін егу тетігін алайықшы. Соның өзінде дән себу үшін жер жырттылып, жер қыртысы қопарылысқа ұшырап, топырақ массасы араласқа түседі. Ауыл шаруашылығында қазір қолданылып жүрген механизациялық құралдар, машиналар бір жылдың өзінде топырақ бетімен 25 рет жүріп өтіп, шаңдатып, жердің құрылымын қозғалысқа түсіреді. Міне, осындай әрекеттеріміздің бәрі соңғы бір ғасырдың ішінде жер бетін бүлдіруші жыртқыш тәрізді оның эрозия және дефляцияға ұшырап, талай миллиондаған шаршы шақырым жер көлемін істен шығарды.

Біздің елімізде де басқа мемлекеттердегідей жер эрозиясын жоюға тиісінше қаржы бөлінеді. Бірақ жер эрозиясын толығымен жою мүмкін емес, сол себепті бүгінгі міндет - эрозияны болдырмау жолдарын іздестіріп, амалын табу. Осы орайда, су тапшылығы деген мәселенің көлденеңнен келіп, алдымыздан шығатыны тағы бар.

Жер бетінде су көп, алайда адамзат тұтынатын тұщы су көлемі гидросфераның 3-ақ пайызын құрайды екен. Жерді біз анамыз десек, ана алақанындағы таза су да біздің тіршілігімізге нәр беретін - өмір өзегі. Ойланбастан, бүгінгі күніміздің қамымен жер мен суды бүлдіріп болған адамзаттың күндіз де, түнде де бас алмай ойланып шешер мәселесі - осы жер ана табиғатын неғұрлым ұқыпты пайдалану арқылы өз ғұмырын ұзарту болмақ.

Табиғат, қоршаған орта туралы толғанғың келсе, ең алдымен, тіл ұшына оралар атау - жер екені даусыз. Өйткені, жер - біздің тұратын үйіміз. Осы жер бетінде өзендер мен көлдер, мөлдір бұлақтар, орман, таулар бар.

Кең байтақ жер төсінде жыл сайын мыңдаған тонна алтын дәнді бидайдан бастап, жеміс-жидек, көкөністер өсуде. Біздің жеріміз көптеген қазба байлықтарға да бай. Сары алтыны өз алдына, қара алтын - мұнайға дейін жерден өнеді. Шексіз-шетсіз кең даламызды жырлап, Сарыарқа, Оқжетпес, Барсакелмес сияқты жерлерін, тұңғыш рет ғарышқа ұшқан ұшқышын ақын-жыраулар мақтан етеді [229].

Иә, адам баласы әр уақытта да тыным таппай, жердің үстін ғана емес, түбіне дейін тексеріп, қазбалап, үлкен теңіздерге шығып, аспанға ұшып, жаңалықтар ашуға ұмтылды. Соның нәтижесінде жаңа техникалар пайда болып, әлеуметтік әл-ахуал өзгеріп, қоғамның дамуы, табиғаттың тез өзгеруіне, бүлінуіне себепші болды. Адамдар өзінен кейін қазылған, қопарылған жерлер, суы тартылған өзендерді қалдыруда. Есепсіз, нысапсыз пайдаланудан бұл жерлер жарамсыз күйге түсуде. Мәселен, Қазақстанда елуінші жылдары тың игеру басталды. Сол мақсат - жоспармен жерді жыртқан кезде қатты жел топырақтың бетін көтеріп, бұрқыратып, салған дән түбімен қопарылып, жердің бетіне шықпау амалын да

ойлап тапқан сияқты болды. Ал, олардың бір күндік пайданы ойлап тапқаны - жердің өзіндік қасиетін жойды, мүлдем іске алғысыз етті. Жерді гүлдендіре білсек қана жер құбыла түседі, топырағы құнарланып, пайдасы мол болады [229, б. 3].

Соңғы жылдары жерді қорғау мәселесінде жерді қай жағынан болса да зерттеп, топырақты қопарып, көлемін өлшеп, суын тексеріп, шөбін түр-түрге бөліп, аспаннан да, жерден де суретке түсіріп, бар жағынан да бақылау шаралары қолданылуда. Бірақ жерді қор қылатын да құралдар аз емес.

Адам табиғаты қалыпты жетіліп, дамуы үшін самал желді, жаңбырдың себелеген дыбысын, құстардың дауысын, өзен ағынының дамуын тілейді. Сондай-ақ, көк шалғынның иісіне, өсіп тұрған егінге, аппақ мамық қарға, үй төбесіндегі салпыншақ мұздарға да көңіл бөлу керек. Өйткені адамзат жер бетіндегі табиғи құбылыстардың бәрінен ләззат алады. Тәңір жаратқан құбылыс пен болмыс, тіршілік иесі атаулының бірінде кемшілік жоқ. Бастапқы тепе-теңдік қалпын бұзып алып, адамзат баласы қолымызды «мезгілінен кеш сермеп» жүрмейік.

Ғылым мен техниканың бүгінгі жетістіктерін пайдалана отырып, адамдар кейде өзінің табиғатқа ықпалын шамадан тыс күшейтуде. Бұның өзі табиғаттың заңдылықтарын бұзуға соқтыруда. Ал бұл адамды алып күшке айналдырады. Енді қоғам мен табиғаттың дамуында адам шешуші күшке айналды. Сондықтан қазіргі кезде адамның тек өз тағдыры үшін ғана емес, сонымен қатар өзін қоршаған бүкіл органикалық емес орта үшін, ғаламшар үшін ұлы жауапкершілік керек болып отыр. Бүгінгі ең жауапты міндет - адамзат өз қолындағы ғылым мен техника күшін өз игілігіне орынды пайдалана білуі және табиғатқа еш зиян келтірмеуі болып отыр. Ғылыми-техникалық прогресс дәуіріндегі экологиялық мәселенің мәні техниканың дамуы табиғат пен қоғам арасындағы шиеленісті туғызатынында емес, керісінше ғылыми-техникалық прогресс табиғат пен қоғамның үйлесімді дамуының негізін қалайды [229, б. 3].

Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған «Табиғат қорғаудың дүниежүзілік стратегиясында» былай делінген: «Біз жерді әкелерімізден мұраға алғанымыз жоқ. Біз оны өз балаларымыздан қарызға алдық». Қазір жер басып жүргендер бұл жердің соңғы ұрпағы емес, бұлардан кейін басқа адамдар келеді және олар бізден өмір сүруге жарамды дүние алуы керек. Сөйтіп, ұрпақ болашағын жан-жақты қарастырғанда ғана стратегиялық мәселелер ойдағыдай орынды шешіледі [230].

Ғылыми-техникалық прогрестің (ҒТП) дамуы - табиғат ресурстары қорының азаюына алып келсе, олардың тозуы мен ластануы экологиялық жағдайды күрделендіре түсті. Осыған байланысты өндірісті жаңа технологияға ауыстыру тиімділігі туды. Демек, табиғат пен қоршаған орта байлығын пайдаланудың жаңа стратегиясын дамыту арқылы мемлекеттік және қоғамдық экологиялық саясатты қалыптастыру қажеттігі туындап отыр.

Қоршаған ортаның ластануы адам баласының тіршілік ортасын сапасыздандырып, қоғамның қалыпты дамуына кері әсерін тигізуде. Экологияның нашарлауы Қазақстанда бұрын болмаған жаңа мәселелер тудыруда. Ауа, су, топырақ ресурстары мен өсімдік пен жануарлар әлеміндегі соңғы жылдардағы өзгерістер осыған дәлел.

Оңтүстік Қазақстандағы ауыр экологиялық жағдай Әмудария мен Сырдария бассейнінің 2 миллион га жерін шөлге айналдырды. Осы өңірдегі 300 миллион га жерді алып жатқан қара сексеуілдің құрып кетуі өкінішті. Шу-Мойынқұм, Балқаш-Алакөл аумағының да экологиясы мәз емес. Әсіресе, Қапшағай, Тасөткел су қоймаларының салынуы жердің тозуына әкеліп соқты. Суды көп қажет ететін күріш, техникалық дақылдардың көбеюі де жерді тоздырып жіберді, Іле өзені суының 10-15 пайызын Қытай Республикасының алуы да бұл өңірде қауіпті экологиялық жағдайлар туғызуы әбден мүмкін.

Шығыс Қазақстан облысында да күрделі экологиялық мәселе жеткілікті. Түсті металлургия, вольфрам, уран, қорғасын, мырыш өнеркәсіптері елді мекендер мен қала тұрғындарына залалын тигізуде.

Қазақстанда қазіргі кезде 16 миллион тонна қатты радиоактивті қалдықтар жинақталған. Мамандардың зерттеуі бойынша, Қазақстанда тұратын 2,6 миллион адам «мутагенез» ауруына шалдығып отырғаны анықталған [230, б. 3].

Экологиялық жағдайға талдау жасау, оның зардабынан сақтану, іс-шара қолдану, қоғамдық пікір туғызу үшін көпшіліктің білімі мен тәрбиесін, мәдениетін көтеру керек. Ол үшін барлық оқу орындарында экологиялық білім мен тәрбие беруді саяси әлеуметтік деңгейге көтеру керек. Осы туралы көпшілік болып ойлану қажет.

Басын мәңгі мұздықтар мен ақ бұлт көмкеріп, баурайын жасыл желек ораған асқар таулары, сол таулардың өзегін жарып шыққан өзендері мен кәусар бұлақтары, қырқасы мен жөн-жотасы, жазық далалары - бәрі де бірін-бірі толықтырып тұратын жер жәннаты Жетісудың табиғаты ежелден-ақ өзінің ерекше көркімен, сұлулығымен әлемге аян. Жаратылысы бөлек осы аспан таулар мекенінің келісті табиғатын, көркем көрінісін құдай берген бақ пен байлығын қаз қалпында сақтау, көркейтіп отыру жұмысы қалай жүріп жатыр деген ой көптен көкейімізде жүр.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің тікелей ұсынысымен жалпы еліміздегі экологиялық маңызға ие нысандардың тізімі жасалды. Оған облыс бойынша Балқаш көлі, Іле өзені, Талдықорған, Талғар, Текелі, Есік қалалары мен аудан орталықтарындағы елді мекендер енді. Тұрмыстық қалдықтарды үйіп қоя бермей, оны жою жағы да қолға алынуда. Көксу және Іле аудандарындағы улы химикаттарды сақтайтын орындарды күрделі жөндеуден өткізу, ауа бассейнін ластаудан қорғау үшін тұрақты бақылау пункттерін қалпына келтіру, Панфилов ауданындағы радиация көздерін жою, Заречный мен Қапшағай қаласындағы апатты жағдайдағы су құбыры жүйесі мен тазалау жұмыстарын ретке келтіру және Бақанас, Қарабұлақ, Шонжы, Өтеген батыр ауылдарындағы су жүретін құбырларды реттеу шараларын атқару көзделген [230, б. 4].

Қоршаған ортаны қорғай отырып, сауықтыру мәселесі аумақтағы қалалардан бастап елді мекендерге дейін - бәрі біздің басқармаға жүктелген соң, атқарар іс көлемі айтарлықтай. Қазіргі кезде кез келген ауылдың шетіндегі қағаберіс жерлер қоқысқа толып, су ағатын арықтар арнасы керексіз деген құрылыс, өзге де қалдықтарға толып қалған. Мұны дер кезінде тазаламаса, бұл өте қауіпті, әрі апатты нәрсе. Қалдықтың аты қалдық, бір күндері індет, жұқпалы аурулар тарап кетуі мүмкін. Сондықтан да біз бірінші кезекте бір жерге жинақталған қоқыстарды жоюды қолға алуымыз керек.

2007-жылы қаңтар айында Елбасының арнайы Жарлығымен қабылданған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 20 және 292 баптарындағы жергілікті атқару органдарының міндеттеріне қалдықтарды қайта өңдеу, органикалық және коммуналдық қалдықтарды жеке жинау, жөнсіз өртеуге жол бермеу, қалдық полигондарына жауапты кәсіпорындарды белгілеу жүктелген болатын. Бұдан елдегі экологиялық ахуалды жақсарту тек жауапты саналатын бір мекеменің құзырына ғана жатпайтыны, басқа да тиісті орындардың еншісіне тиесілі екенін байқау қажет [231].

Алматы облысы республикамыздағы ең ірі аймақтардың бірі. Әкімшілік орталығы - Талдықорған қаласы. Қазір қаланың ажары ашылып күн санап көркейіп келеді. Айналасы жасыл белдермен көмкерілген, ағынды Қаратал өзені орай аққан қаланың ауа райы да, табиғаты да ерекше ғой. Алайда, 1974-жылы салынып 18 жылға ғана арналған қоқыс төгетін орын әлі күнге дейін пайдаланылуда. Аумағының кеңейгені сонша, қоқыс Қаратал өзеніне қарай ойыса бастады. Бұл өзеннің Балқашқа құятынын ескерсек, еліміздің үлкен бассейніне бірте-бірте қауіп төнуі ғажап емес.

Қоршаған ортаны қорғау - баршаның ісі. Сондықтан да біз облыс тұрғындарымен бас қосып, пікір алмасып, өзара тиімді жолдарды қарастыруымыз керек.

Экологияны таза сақтау - болашақ үшін қажет. Елбасы Жолдауларында қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалануда ашық саясат қалыптастыру тәрізді сындарлы ұсыныстары бізге жаңа міндеттер жүктеуде. Бұл ең бірінші Табиғат-Ананың қадіріне жетуді бәсекеге барынша қабілетті болуды талап етеді. Демек, біз табиғи байлықты тиімді пайдалана отырып, орнын ойсыратып алмай, экологиялық ахуалды құлдыратып жібермей, қалыпты дамытуды сақтауға мүдделіміз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Экология мәселелерін терең зерттеу ғылымдар жүйесінде ең беделді орын алатынына күмән келтіруге болмас. Бұл мәселелер адамзатқа өзін қоршаған ортамен ортақтасып, табиғаттың сырын, өзіндік ара қатынасын зерттеп, оның жан-дүниеде болған әсерін сезіп байқап, мүмкін болатын экологиялық зардаптардың мөлшерін, таралған аумағын экономикаға келтіретін зиянын, жер бетіндегі тірі тіршілікке тигізетін қолайсыз құбылыстарын аңғарып біліп, оған қарсы пәрменді күрес жүргізу үлкен мәселе. Табиғатты қорғау мемлекеттің басты міндеті, адамзаттың абзал ісі. Туған табиғатты сүю өз Отанына деген шын сүйіспеншіліктің белгісі.

Ғылым мен техниканың ғарыштап өсуі, өндіріс орындарының географиялық аумақтарды алдын-ала зерттемей талғамсыз орналасуы, әсіресе өте зиянды кәсіпорындарының жобалаусыз орналасуы, ядролық, бактериологиялық, химиялық, ракеталық сынақтардың өткізілуі, үлкен қалалардағы урбанизация мәселелерінің күрделіленуі, ауылдық жерлердегі жер-судың эрозияға ұшырап жатуы өте үлкен күрделі мәселе екені анық.

Еліміздің әрбір азаматы, әсіресе оқу орындарында білім алып жатқан студент-жастар оны жете түсініп, бұл мәселеге атүсті қарамай, керісінше үлкен мән бергені жөн. Себебі ертенгі күн - жастардікі, келешек ұрпақтардікі.

Қазіргі Қазақстандағы экологиялық жағдай төмен, тіршілік өмірге қауіпті деуге болады. Мәскеу профессоры «Химия қауіпсіздігі» одағының президенті Лев Федоровтың айтуынша: «Ресей мен Қазақстан ең бір ластанған экологиялық аймаққа жатады» депті.

Табиғат деген сөзде мазмұнды, терең мағыналы, мол ұғым бар. Ол - барлық тіршілік дүниенің мекені, құт-берекесі. Адам үшін табиғат ең қасиетті, қастерлі ұғым. Сол қастерлі табиғат ортасында, бар тірі жан өмір сүретін, өсіп-өнетін үлкен үйімізде әртүрлі сынақтар өтіп жатыр, жалғаса беретініне күмән жоқ. Сынақтардың әр түрлі ғылыми салада өткізілген, әлі де өткізілетін түрлері көп шығар. Одан келетін пайданың да мөлшері үлкен, келтіретін қасіреті де аз емес.

Адам өміріне келетін ауруларды, қауіпті оқиғаларды азайту жолында зиянсыз жана технологияны енгізу ісінде, халықтың саяси-әлеуметтік өміріне жәрдемдесетін сынақтар өткізу әлбетте керек, әрі қолайлы. Ал қуатты мемлекеттердің өрескел үстемдігімен, қаражатының күшімен, шовинистік идеологиясымен, тек өз қамының төңірегіндегі тоғышарлықпен адам өмірінің жан-жануар, өсімдік дүниесінің өркендеуіне кедергі болатын сынақтар өткізу ешқандай адамгершілік сипатқа жатпаса керек.

Қазіргі кездегі экологиялық жағдайлар, әсіресе оның қауіпсіздігін азайтып, түпкілікті шешетін мәселе болып, бүкіл адам баласын ойландырып тұр.

Жалпы экология ғылым тұрғысында тек XIX ғасырдың орта тұсында ғана қалыптасты. Бұл кезеңде жер бетіндегі тірі ағзалардың сан алуандығы мен олардың тіршілік келбетінің ерекшеліктері жайлы негізгі мәліметтер белгілі болған. Тірі ағзалардың құрылымы мен дамуының және олардың қоршаған ортамен қарым-қатынасының белгілі бір заңдылықтарға бағыныштылығы жайлы түсініктер де туындай бастаған еді.

Бүгінгі таңда адамзатты ерекше алаңдатып отырған зор мәселенің бірі - қоршаған табиғат ортаның бүгінгі жай-күйі. Табиғат тіршілік атаулының анасы, адамның өмір сүруінің бірден-бір кепілі. Табиғатта бар дүние бір-бірімен өте тығыз байланысты да, өзара тәуелді болып жаралған. Даму ырғағы бір-бірімен үйлесімді байланысты болғанда ғана табиғат заңдылығы бұзылмайды.

Бұрынғы Семей сынақ полигоны аймағының қазіргі кездегі радио-экологиялық хал-ахуалы өте күрделі. Оған негізгі себепкер жайт - 40 жыл (1949-1989 жж.) бойы үздіксіз жүргізілген жалпы саны 465 ядролық сынақтың салдары екендігіне бүгінгі күні ешкім күмән келтірмейді. Осыншама сынақтар жүргізу кезінде (барлығын қосқанда) 600-ден астам ядролық заряд жарылған екен.

Полигон Қазақстанның үш облысына (Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды) қарасты жерлердің түйіскен бөліктерінде, сирек мекенді аймаққа орналасқан. Полигонның алып жатқан аумағының жалпы ауданы 2 млн. гектарға жуық, анығырақ айтқанда 18500 шаршы шақырым, ал периметрі - 600 шақырымдай. Полигонның оңтүстік-батыс бағыттағы шекарасы Ертіс өзенінен 180 шақырым қашықтықта өтеді. Полигон аумағының 54 %-ы бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының жер үлесіне тиетін болса, 39 %-ы - Павлодар облысының жер үлесінде көшеді, ал қалған 7 % бөлігі Қарағанды облысының жер үлесінде екен.

Соншама уақыт бойы жүргізілген аса қуатты ядролық қару түрлерін сынау жұмыстары, бұл өңірдегі қоршаған ортада, орнына қайтып келмес процестер мен күрделі экологиялық жағдайдың қалыптасуына душар етті. Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің табиғи ортадағы тепе-теңдігі бұзылды. Осы өңірді мекендеген тұрғындардың денсаулығына орасан зор нұқсан келуіне әкеліп соқтырды.

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны - өте күрделі ғылыми-зерттеу кешені болып есептеледі. Оның құрылымы - лабораториялық-экспериментальді базалар орналасқан Курчатov қалашығы мен бірнеше тәжірибелік алаңдардан тұрады. Полигон орталығы Ертіс өзенінің жағасында, сол жақ беткейінде орналасқан. Бүгінгі әкімшілік құзыры Шығыс Қазақстан облысының қарауына берілген. Полигон орталығының тамаша дамыған инфрақұрылымдық жағдайы бар, яғни Курчатov қалашығын облыс орталықтарымен, тәжірибе алаңдарымен қосатын тас жолдар мен темір жол қатынасы салынған.

Адам табиғи қорларды, тағам, құрылыс материалдарын шаруашылыққа игеру мақсатында пайдаланады. Мұның бәрі табиғаттың даму ырғағын өзгертпей қоймайды. Бүгінгі таңда өндірістің қарыштап дамуы табиғи қорлардың азаюына ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаның шектен тыс ластануы сияқты жаңа мәселе туғызып отыр. Өндірістен шығатын керексіз заттармен, ең алдымен, ауа, су қоймалары, топырақ ластанады. Өндірістік қалдықтар топырақты құнарсыздандырып, өсімдіктерге, жануарларға жағымсыз әсер етеді. Өндірісті өз мүддесі үшін дамытқан озық ойлы адамзат табиғаттан пайдалы затты алады да, оған зиянды қалдықтар тастайды. Жиырмамыншы ғасырға дейін адам баласының табиғатқа етер залалы жер шарының әр түпкіріне әрқалай болып келсе, қазір бұл әсер бүкіл ғаламшарды қамтып отыр.

Сондықтан табиғат-анаға перзенттік сүйіспеншілікпен мейірім, қамқорлық көрсету адамның ұлы парызындай. Табиғатқа аялы қамқорлық қажет. Сонда ғана ол адамзаттың тіршілігі үшін ғана емес ұдайы гүлденуінің де кепілі болады.

Табиғатпен қарым-қатынаста адамдар белгілі бір үйлесімділікті берік сақтауы тиіс. Табиғаттың да өз даму заңдылықтары бар, оған нұқсан келмеуі керек. Әйтпесе, табиғат үкімі қатал. Ол адамдардың тәкаппарлығын, қателіктерін көтере бермейді.

Қазіргі кезде әрбір мемлекеттің ішкі саясатында да, сондай-ақ халықаралық саясатта да бір-бірімен өзара тығыз байланысты мәселелер тұр. Олар - ғылыми-техникалық прогрестің бұрын болып көрмеген дәрежеде жоғары дамуы, қоршаған орта жайы және жер шары халықтарының өсімі. Бұл мәселелер өзара байланысты және олардың кері байланыстары да күшті. Сондықтан адамзат алдында бұл мәселелерді ғылыми негізінде терең зерттеу және ғылыми реттеу міндеті тұр. Қазіргі заманда табиғат пен қоғам және техника арасындағы өзара байланысты терең зерттеу арқылы ғана адамның табиғаттағы тепе-теңдікке араласуына жан-жақты ғылыми негіз қалауға болады.

Қоршаған ортаға қауіпті заттардың қатарына улы заттар, ауыр металдар, нитраттар, нитриттер, пестицидтер, т.б. жатады. Бұл заттар Шығыс Қазақстан аймағында (Өскемен, Риддер, Зырян) шекті рауалы мөлшерден асып кетуде. Кең таралған химиялық заттардың ішінде канцерогендердің өте қауіптісі – бензапирен. Бұл заттармен ластану әсіресе Алматы, Атырау, Теміртау, Жезқазған, Тараз, Шымкент, Қаратау қалаларында байқалып отыр. Бұл заттар адам организміне ауаның құрамы, су және азық-түлік арқылы түседі.

Мұндай улы заттар көбінесе тыныс органдарын - өкпе мен қолқаның қызметін бұзады. Егер біз өкпе арқылы тәулігіне 2000 л ауа өткізсек, онда ауаның құрылымындағы зиянды газдарды қоса қабылдайтынымыз белгілі. Сондықтан болар Арал, Атырау, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан аймақтарында тұрғындардың өкпе-тыныс жолдарының қабынуы, өкпе ісіктері, енгікпе ауруларына шалдыққандары басым.

Қоршаған орта өндірістік қалдықтар мен автокөлік у түтіндерінен ластанғанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің денсаулығы зардап шегеді. Әсіресе минералды тыңайтқыштар мен зиянкестерге қарсы қолданылатын пестицидтер жеміс-жидек арқылы адам организміне нитрат ретінде түседі. Мерзімінен ерте піскен көкөністерде (қарбыз, қауын, картоп, пияз, сәбіз, т.б.) нитраттар көп болады.

Экологиялық мәселе - табиғат байлықтарын үнемді, жоспарлы, мақсатты пайдалануға міндеттейді. Бұл мәселенің шешімін іздестіру барысында адамзат мынадай ұстанымдарды басшылыққа алуы тиіс: адамзат қызметінің көлемі мен түрі табиғи ресурстардың қор мүмкіндіктерімен сәйкестірілуі керек, өндірістің түбегейлі жаңа технологиясы пайдаланылып, ол тұйық цикл, былайша айтқанда, ешбір қалдықсыз жұмыс істеуі қажет. Енді жер шарындағы барлық адамнан осы іске атсалысуын талап ететін жағдайға жетті. Осыған байланысты табиғатты қорғау тек әлеуметтік, экономикалық, экологиялық қана емес, саяси мәселеге де айналып отыр.



Қазақстанда Ақсу-Жабағылы қорығы, Наурызым қорығы, Алматы қорығы, Барсакелмес қорығы өз тіршілігін жасап келеді. Қорық аймағы шаруашылық айналымнан босатылып, онда кен өндіру мен құрылыс жұмыстарын жүргізу, аң-құс атып, балық аулау, шөп шабу мен мал жаю және ағаш дайындау сияқты табиғат байлықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге тыйым салынған. Қорықтарда тек саны азайып, жойылып кетуге жақын қалған хайуанаттар мен аса бағалы өсімдіктер ғана өлкеміздің көрікті табиғат ландшафтылары, жалпы табиғат кешендері сол қалпында сақталады.

Полигондар зардабын шешу мәселесі күн тәртібінде тұр. Осы тұрғыда «Семей полигоны аймағындағы тұрғындардың денсаулығын зерттеу және сауықтыру шараларын ұйымдастыру» (1992, 1995) туралы маңызды құжаттар қабылданды. Ал полигондардың қоршаған табиғи ортаға тигізген зардабын және радиактивті қалдықтарды жою мәселесі халықаралық, мемлекеттік деңгейде жүргізілуде. Болашақта полигондар аймағындағы бүлінген жерлердің қалпына келіп, табиғат тыныштығы орнайтынына сеніміміз зор.

Ал, Арал теңізінің экологиялық ахуалына келетін болсақ, Арал өңірінде туындап отырған қазіргі экологиялық апаттар нышаны жыл өткен сайын теңіз суын тарылтуда. Оның фаунасы мен флорасы жойылып бітуге жақын. Топырақтың тұздануы өте жылдам жүреді. Арал теңізінде балық өсіру шаруашылығы тоқталып, соңғы 1-2 жылда ғана қайта қолға алынды. Ондағы тұрғындардың әлеуметтік жағдайы төмендеп кетті. Теңіз түбінен көтерілген улы тұздың мөлшері жылына 13-20 млн. тонна деп есептеледі. Тіптен, тұзды шандар әсері сонау Орта Азия республикалары аумағына жетіп, ауыл шаруашылығына зардабын тигізуде. Топырақтың тұздануы Өзбекстанда - 60 %, Қазақстанда - 60-70 %-ға артып отыр. Мұның өзі жалпы шаруашылыққа зиянын тигізуде. Арал өңіріндегі климаттың өзгеруі шөл белдемнің табиғи ландшафтарын бірте-бірте күрделі әрі қайтымсыз антропогендік экожүйелерге қарай ығыстыруда.

Арал өңіріндегі антропогендік факторлар ондағы тұрғындардың салт-дәстүріне, экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етуде. Жұмыссыз қалған балықшылар әлеуметтік жағынан қорғаусыз қалып, басқа аймақтарға еріксіз қоныс аударуда.

Қазіргі Арал өңірінде адамдардың денсаулығы күрт төмендеп кетті. Бұл өңірде соңғы мәліметтер бойынша туберкулез, бүйрекке тас байлау, сарысу, өкпе-тыныс жолдарының қабынуы, жұқпалы аурулар республиканың басқа өңірімен салыстырғанда жоғары көрсеткішті беріп отыр.

Қазіргі таңда Балқаштың экологиялық ахуалы да сыр беріп отыр. Балқаш көлі соңғы жылдары 2 метрге жуық төмендеп отыр. Сонымен көл жағалаулары батпақтанып, сорланып, тақырлар мен шөлдерге айналуда.

Іле-Балқаш экожүйесіндегі өзгерістер (әсіресе Қапшағайдан төменгі бөлігі) өте сирек кездесетін Іле тоғайын, өзен жағасындағы шұрайлы жайылымдар мен оның сағасындағы қамыс-қоғанның жойылуына себепші болды. Көлдің жағалаулары кеуіп, тұзды шаң жиі көтерілді. Ауа райы өзгеріп, қуаңшылық пен аңызак желдер үдеді.

Іле-Балқаш экожүйесінің фаунасы мен флорасы зардап шегуде. Балық аулау соңғы жылдары 5 есе төмендесе, уылдырық шашу (Қапшағай су қоймасы) тіпті азайды. Сонымен қатар балықтардың Іле бойындағы егіс, көкөніс алқаптарына пайдаланылған пестицидтер, гербицидтер және минералды тыңайтқыштар қалдықтарымен улануы жиі байқалуда.

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экологиялық даму тарихы (1991-2009 жж.)» атты тақырыпты зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер төмендегідей *қорытындылар* жасауға мүмкіндік берді:

- жаңа нарықтық жағдайда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экологиялық даму тарихын қарастыруда кенестік жүйе кезеңінде қалыптасқан экологиялық апат ошақтарының салдары мен зардаптарын практикалық түрде талдау тәсілдері, концептуалды-әдістемелік тұжырымдары мен қазіргі уақытта оларды шешу жолдары мен тенденциялары анықталды;

- қазіргі нарықтық кезеңде қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешудің қолайлы тәсілдерін жүзеге асыру механизмі белгіленді;

- Қазақстан Республикасындағы экологиялық мәселелерді халықаралық қауымдастықта қарастырып, мемлекетіміздің ішкі саясатының негізінде іске асырудың әдіс-тәсілдерін айқындауға себепкер болды;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әлеуметтік және экологиялық мәселелерді қазіргі талаптарға сәйкес жоғары және сапалы шешімдер қабылдады;

- елімізде қоршаған ортаны қорғау ісі бойынша шаралардың ұлттық жоспары және экологиялық мәселелерді тиімді шешуде жаңа зерттеу жобасын дайындау әдістері мен тәсілдері анықталды.

Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай *ұсыныстар* жасауға болады:

- қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экологиялық даму тарихының мәселелерін кешенді түрде зерттеу бұрын қалыптасқан экологиялық апат ошақтарының ауыр салдары мен зардаптарын жоюда жаңа тәсілдерді қолдануға толық мүмкіндік береді.

- Қазақстан Республикасында нарықтық кезеңде қоршаған ортаны қорғау мәселерін халықаралық деңгейде шешудің қолайлы тәсілдерін жүзеге асыру тенденцияларын қалыптастыру қажет.

- Қазақстанның медициналық орталықтарының күш-жігерін апатты аймақтардағы онкологиялық және радиация арқылы пайда болған ісік ауруларын емдеуге бағыттау қажет.

- Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасындағы экологиялық мәселелерді халықаралық қауымдастықта қарастырып, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізінде іске асыруды көздеген стратегиялық мақсаттары ерекше назарға ие.

- «Жаңа экологиялық саясаттың» қазіргі моделіне өтуде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдар әлеуметтік және экологиялық мәселелерді қарастыруда қазіргі талаптарға сәйкес жоғары және сапалы шешімдер қабылдау қажет.

- Егеменді Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау ісі бойынша іс-шаралардың ұлттық жоспарының жаңа жобасын дайындау қажет.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. - Алматы: Атамұра, 2003. - 240 с.; Назарбаев Н.А. Жүз жылға татитын он жыл / Десять лет, равные столетию: Н. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің он жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі / Выступление Н. Назарбаева на торжественном собрании, посвященном 10-летию независимости Республики Казахстан. - Алматы: Атамұра, 2001. - 112 б.
- 2 Хайыров Ғ. Экология ұлт таңдамайды // Ана тілі. - 1998. - 26 ақпан.
- 3 Темірғали Ж. Экологиялық ахуалға Үкіметтің назарын аударды // Заң газеті. - 2002. - № 2.
- 4 Таңатарова Қ. Экологиялық біліктілік бәсекелестік кепілі // Деловой мир Казахстана. - 1999. - № 2. - 56 б.
- 5 Полянский Ю.П. және т.б. Жалпы биология. - Алматы, 1986. - 239 с.
- 6 Жатқанбаев Ж.Ж. Биосфера. - Алматы, 1978. - 132 с.
- 7 Исмагилов М.Н. Экология. - Алматы, 1978. - 188 с.
- 8 Әділов Ж.М. Тұрақты даму және айналадағы орта. - Алматы, 1998. - 186 б.
- 9 Бейсенова Ә.С., Шілдебаев Ж.Б. Экология негіздері. Оқу құралы. - Алматы, 1998. - 214 б.
- 10 Сағымбаев Г.К. Экология негіздері. - Алматы, 1995. - 152 б.
- 11 Төребаев С.С., Шілдебаев Ж.Б. Биологиялық күрес жолдары. - Алматы, 1987. - 139 б.
- 12 Экзарьян В.Н. Геоэкология и охрана окружающей среды. - Москва, 1997. - 317 с.
- 13 Моисеев Н. Н. Человек и ноосфера. - Москва, 1990. - 245 с.
- 14 Реймерс Н.Ф. Экология. - Москва, 1994. - 195 с.

- 15 Казначеев В.П., Вернадский В.И. Учение о биосфере и ноосфере. - Новосибирск, 1989. - 388 с.
- 16 Колчинский Э.И. Эволюция биосферы. - Ленинград, 1990. - 218 с.
- 17 Данилов-Данильян В.И., Лосев К.С. Экологический вызов и устойчивое развитие. - Москва: Прогресс - Традиция, 2000. - 416 с.
- 18 Самойлов Л.Н. Глобальные проблемы общественного прогресса. Филос. вопросы типологии и взаимосвязи. - Москва: Издательство Московского университета, 1985. - 96 с.
- 19 Акимова Т.А., Хаскин В.В. Экология. - Москва: ЮНИТИ, 1988. - 455с.
- 20 Бейтсон Г. Экология разума. - Москва: Смысл, 2000. - 476 с.
- 21 Гроф С. Космическая игра. Исследование рубежей человеческого сознания. - Москва: Изд. Трансперс. ин-та, 1997. - 256 с.
- 22 Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. - Ленинград: Наука, 1990. - 279 с.
- 23 Пик М. Өз үйінді қорғай біл. Елді мекеніңіз бен қалаңызды аман сақтап калудың амалдары: Жұртшылық күшін жұмылдыру жөніндегі Сьерра-клубтың кеңестері. - Алматы, 1994. - 184 б.
- 24 Фурсов В.И., Ергалиева Т. Общая экология. - Алматы, 1996. - 171 с.
- 25 Шілдебаев Ж.Б. Қызықты экология (Оқу құралы). - Алматы, 2000. - 144 б.
- 26 Бигалиев А.Б., Жамалбеков Е.Ж. Қазақстанның топырақ экологиясы. - Алматы, 1995. - 79 б.
- 27 Султанбеков Т.К. Эколого-технологические основы производства сухих строительных смесей на природном и техногенном сырье: Автореф. дис... д.техн.н. - Алматы, 2001. - 50 с.
- 28 Сейдақұлова Н.Қ. Қазақстанның қазіргі экологиясы: Оқу құралы. - Алматы: Мерей, 2002. - 48 б.
- 29 Төлеубаев Б.Э. Ядролық тарихы бар табиғи орта экологиясы. Оқу құралы. - Павлодар: ИРБЭ, 2001. - 140 б.
- 30 Атраубаева Р. Іле өзені және оның экологиясы. Оқу құралы. - Алматы: Зият, 2003. - 140 б.
- 31 Есеналиев А. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері: Заң ғ.к. ...дис. - Алматы, 2003. - 154 б.
- 32 Нұрғызыранов А., Шапшаңов Қ. Арал өңірінің экологиясы (Қызылорда облысы). - Алматы, 1996. - 169 б.
- 33 Қанаев Ә.Т., Қанаева З. Экология: Оқу құралы. / Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 136 б.
- 34 Мажитов С.Ф., Игликова К.С., Турмашева Б.К. История Казахстана новейшего времени. - Алматы: Тарих тағылымы, 2009. - С. 183.
- 35 Нурбетова Г.О. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. - Алматы, 2009. - 160 б.
- 36 Назарбаев Н.А. К обновленному Казахстану через углубление реформ, национальное согласие. - Алматы, 1994.; Назарбаев Н.А. В потоке истории. - Алматы, 1999. - 269 с.; Назарбаев Н. Эпицентр мира. - Алматы, 2001. - 167 б.
- 37 Асылбеков М.Х., Козина В.В. Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета. - Алматы: Тарих тағылымы, 2009. - С. 70-71.

- 38 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 4. - Алматы: «Атамұра», 2009. - С. 623-624.
- 39 Ғылым көкжиегінде: ғылыми көпшілік жинақ. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 178 б.
- 40 Гигиена и экология человека / Н.А.Матвеева, А.В.Леонов, М.П.Грачева и др.; Под ред. Н.А.Матвеевой. - М.: Академия, 2005.- 304 с.
- 41 Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Оқулық. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2004. - 328 б.
- 42 Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 7-қ., 1-т., 58-іс, 5-п.
- 43 Елдашбаева Н.М. Қазақстандағы экологиялық проблемалар / Молодежь и глобальные проблемы современности: Материалы республиканской научно-практической конференции. - Караганды: Изд-во Болашак-Баспа, 2009. - Т.2. - Б. 290.
- 44 Сахариев Е. Аралдағы табыттар мен молалар ертең ажал аждаһаларына айналады // Қазақстан - ЗАМАН. - 2008. - 7 ақпан (№ 6). - 1,7 б.
- 45 Мамашарипова Г.А. Арал теңізінің су-экологиялық мәселелері мен Семей аймағының экологиялық мәселелері және БҰҰ даму бағдарламасының рөлі // Қазақ Ұлттық университетінің Хабаршысы. - Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. - 2008. - № 1. - 34-39 бб.
- 46 Айдосов А. Арал теңізі бассейнінің кеңістігіндегі әлеуметтану мәселелері // Изденіс. - Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - 2008. - № 2. - 163-167 бб.
- 47 Айгарина А. Экология как приоритет// Деловой Казахстан. - 2007. - 30 марта (№12). - С. 7.
- 48 ҚР ПМ. 7-қ., 1-т., 90-іс, 2-п.
- 49 Абишев И. Негативные воздействия на окружающую среду // Экоурьер.- 2009. - 16-28 февр. - С. 3.
- 50 Қыстаубаев С. Қазақстандағы экологиялық проблемалар және оның зардаптары // Мектеп (Шымкент). - 2008. - № 2. - 22-27 б.
- 51 Медеубаева М. Экология - проблема общая // Вечерняя Астана. - 2009. - 17 сентября. - С. 29.
- 52 Нұрғисаев С. «Экологиялық апат аймағы» деген сөз қатты қинайды...»: Қызылорда облысы әкімінің осы мәселеге байланысты түсінігінен / Әңг. М.Байназар // Жас Алаш. - 2004. - 22 қаңтар (№ 9). - 1-2 б.
- 53 Оразбекұлы Қ. Біз бай «үйдің» балаларымыз бірақ ортақ шаңырағымызда тәртіп, тазалық болуы керек // Дала мен қала. - 2006. - 13 қазан (№ 37). - 9 б.
- 54 Акимова И.Р. Экология: нетрадиционный взгляд на традиционные проблемы // Экологическое право. - 2000. - №2. - С.2-4.
- 55 Адыбаева Л. Табиғат мерекесі // Биология және салауаттылық негізі.- 2007.- № 4.- 33-35 б.
- 56 Айтуғанова З.Ш. Экологиялық дағдарыстың аймақтық сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. - 2003. - № 3. - 29-33 б.

57 Назарбаев Н.А. Осмысление пройденного и дальнейшего демократического реформирования общества / Доклад на 2 сессии Ассамблеи Казахстана, 30 июня 1995 г. // Саясат. - 1995. - № 2.

58 ҚР ПМ. 5-Н-қ., 1-т., 989-іс, 11-п.

59 Казначеев В.П. Учение В.И. Вернадского о биосфере и ноосфере. - Новосибирск, 1989. - 281 с.

60 Мырзахметов М. Экология - ұлтқа ортақ проблема: Экология мәселесі // Егемен Қазақстан. - 2004. - 10 шілде (№ 174). - 2 б.

61 Мамырбаева Ю. Экология - прежде всего! // Известия. - 2007. - 20 апреля. - С. 19.

62 Сергазина Г.М., Баймуханов С.Б. Семипалатинский ядерный полигон. История строительства и функционирования. - Семипалатинск, 1999. - 156 б.

63 Ибрашева Ж., Енсебаева Э. Европейский союз во внешней политике Казахстана. - Алматы, 2001. - 134 б.

64 Алиева Н.К. Экология человека как объект философского анализа: Автореф. дис... к.филос.н. / Ин-т философии и права НАН Кыргызской Республики; научный руководитель Тогусаков О.А. - Бишкек, 2007. - 26 с.

65 Байбұғаева Б. Дүние жүзіндегі және Қазақстандағы қазіргі экологиялық мәселелер // Жалпы тарих және құқықтану мектепте, колледжде және ЖОО-да. - 2009. - № 6. - 31-32 б.

66 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030». Барлық қазақстандықтардың өсіп-өнуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: Білім, 1997. - Б. 11.

67 Назарбаев Н. Эпицентр мира. Алматы, 2001. - Б. 55.

68 Нығыметуллаев М. Экологиямыз жан шошырлық болып тұр: Атом зардаптары туралы // Дүние. - 2004. - № 2. - 12-14 б.

69 Успанова Б., Бимурзаева З.Е. Экологияның ұрпаққа әсері // Жас ғалымдар - ғылымның келешегі: Республикалық ғылыми конференцияның еңбектері. - Алматы: ҚазНТУ, 2004. - 1-бөлім. - 268-272 б.

70 ҚР ПМ. 5-Н-қ., 1-т., 994-іс, 5, 6-пп.

71 Төребеков Ә.Т. Экология және адам денсаулығы // «Тәуелсіздіктің тура жолы - білімде» атты колледж білімгерлері мен мектеп оқушылары, жас ізденушілерге арналған III аймақтық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері / Құраст. Найзабаев Ә.А. - Тараз, 2009. - 306-309 б.

72 Сымағұлова Н. Жаһандағы өзекті мәселелер // Химия мектепте. - 2009. - № 4. - 72-74 б.

73 Тілекова Ж. Экология хақындағы бірер сөз // Ақиқат. - 2003. - № 8. - 74-77 б.

74 Самакова А.Б. Экология - серьезная наука, и ее проблемы надо серьезно решать: Беседа с м-ром экологии / Записал М. Сатаев // Экспресс К. - 2004. - 13 мая. - С. 4.

75 Садыханұлы М. Қоршаған ортаны қорғаудағы қауқарымыз қандай? // Экономика. - 2010. - 18-31 наурыз (№ 11/12). - 9 б.

- 76 Попазов Д. Экология без границ// Казахстанская правда. - 2008. - 5 июня. - С. 4.
- 77 Палжерова Ұ. Қазақ халқының экологиялық қағидалары // «Тәуелсіздіктің тура жолы - білімде» атты колледж білімгерлері мен мектеп оқушылары, жас ізденушілерге арналған III аймақтық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері/ Құрастырған Найзабаев Ә.А. - Тараз, 2009. - 281-286 б.
- 78 Мажитов С.Ф., Игликова К.С., Турмашева Б.К. История Казахстана новейшего времени. - Алматы: Тарих тағылымы, 2009. - С. 183.
- 79 Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор - 1680, Тізбе - 2, Іс - 3346, - Б. 30.
- 80 ҚРОММ. 1680-қ., 2-т., 3348-іс, 151-п.
- 81 ҚРОММ. 1680-қ., 2-т., 3347-іс, 9-п.
- 82 ҚР ПМ. 5-Н-қ., 1-т., 1023-іс, 45-пп.
- 83 Аралым - арым, Балқашым - бағым. / Құрастырушы Н. Жүнісбаев. - Алматы: Қайнар, 1988. - 264 бет.
- 84 ҚРОММ. 1680-қ., 2-т., 3346-іс, 45-п.
- 85 Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты. 86-қ., 11-т., 21-бума, 141-іс, 18-п.
- 86 ОҚОММ. 771-қ., 1-т., 1-бума, 10-іс, 11-п.
- 87 ОҚОММ. 771-қ., 1-т., 1-бума, 17-іс, 5-п.
- 88 Арал аймағының медициналық өзекті мәселелері. - Қызылорда, 1994. - 84 бет.
- 89 Асанов Қ.Ә., Елешев Р.Е., Алимаев И.И. Жайылым және экология. - Алматы: Ғылым, 2001. - 468 б.
- 90 Атраубаева Р.Н. Іле өзені және оның экологиясы. Оқу құралы. - Алматы: Зият, 2003. - 140 бет.
- 91 Жетісу жер ұйығым: Облыстық экологиялық ғылыми практикалық конференция материалдары. - Талдықорған, 2003. - 88 бет.
- 92 Қанаев Ә.Т., Қанаева З.Қ. Экология: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 136 б.
- 93 Қосанов О., Қосанов С. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Шартарап, 2000. - 112 бет.
- 94 ҚР ПМ. 7-қ., 1-т., 55-іс, 11-пп.
- 95 Жылқышбаева Қ.Қ. Қазақстан жеріндегі жаппай қырып-жоятын қаруды сынаудың зияны мен салдары (1946-1991 жж.): т.ғ.к. ...дис. - Алматы, 2000. - 145 с.
- 96 Әлімбаев Қ. Сарыарқа не, Невада не - бәрі бір // Семей таңы. - 1990. -18 наурыз.
- 97 Ибраев М. Қара жер, саған өкпем жоқ // Семей таңы. - 1990. - 5 ақпан.
- 98 Қамбаров Ж. Жер-ана неге күрсінді? // Семей таңы. - 1990. - 19 желтоқсан. - 3 б.
- 99 Метов М. Семей полигонының қасіреті ұмытылмайды // Егемен Қазақстан. - 1994. - 3 қыркүйек.
- 100 Бейсенова Ө. Экология дегеніміз не? // Ана тілі. - 2003. - 24 шілде.

- 101 ОҚОММ. 161-қ., 3-т., 3-бума, 26-іс, 8-п.
- 102 ОҚОММ. 161-қ., 3-т., 3-бума, 23-іс, 34-п.
- 103 ОҚОММ. 161-қ., 3-т., 15-бума, 129-іс, 32-п.
- 104 ОҚОММ. 161-қ., 3-т., 12-бума, 109-іс, 7-п.
- 105 Жатқанбаев Ж. Экология негіздері: Оқулық. - Алматы: Зият, 2004. - Б. 45.
- 106 Шалқаров К. Ғасыр қасіреті // Семей таңы. - 1989. - 12 ақпан.
- 107 Жәутікова А. Жат жерден жазылмас дерт арқалаған боздақтардың қатары күн сайын сиреп барады // Қазақстан сарбазы. - 2001. - 17 шілде (№ 56). - 6 б.
- 108 Войткевич Г.В., Вронский В.А. Основы учения о биосфере. - Москва, 1989. - С. 77.
- 109 Мұсаұлы А. Табиғатқа қысастық толастар емес // Президент және Халық. - 2009. - 4 желтоқсан (№ 48). - 4 б.
- 110 Макежанов С.А. Мы все в ответе за экологию Алматы // Вечерний Алматы. - 2008. - 16 октября. - С. 4-5.
- 111 ҚРОММ. 1680-қ., 2-т., 3348-іс, 45-п.
- 112 Құрманбаева А. Әлемдік экологиялық жаһандану // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. - 2008. - № 2. - 43-46 б.
- 113 Есеналиев А. Қоршаған ортаны қорғау баршаның ісі // Заң газеті. - 1998. - 5 тамыз. - 6 б.
- 114 Жұмабаева А. Экология жайын кім ойлайды? // Атамекен. - 1998 - 28 қаңтар.
- 115 Жұмабаев С. Ұйымның уайымы экология болып тұр // Алаш айнасы. - 2010. - 10 сәуір (№ 57). - 5 б.
- 116 Жұбанышева Б. Қазақстанның экологиялық жағдайы // География және табиғат. - 2009. - № 6. - 21-25 б.
- 117 Нурсултанова Л.Н. Нефтегазовая промышленность современного Казахстана: исторический аспект (1985-2007 гг.): Дис... д.и.н. - Алматы, 2008. - С. 38.
- 118 Экология мәселесі басты назарда // Ана тілі. - 1999. - № 24. - 17 маусым. - 3 б.
- 119 Нұғманұлы И., Шайхеслямова К. Адам, қоғам, табиғат жүйесінде // Биология, география және химия. - 1999. - № 5. - 1 б.
- 120 Серікова Л. Қоршаған ортаны қорғау - баршаның міндеті // Қазақстан жоғары мектебі. - 2003. - № 3. - 163-165 б.
- 121 Бақытов Ж. Экологияны сөзбен емес, іспен қорғайық // Атамекен. - 1998. - 28 қаңтар. - 2 б.
- 122 АсқароваҰ. Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2005. - Б. 56.
- 123 Экология және табиғат қорғау. - Алматы, 1990. - Б. 23.
- 124 Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. - Алматы: Атамұра, 2003. - 240 с.; Жүз жылға татитын он жыл / Десять лет, равные столетию: Н. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі / Выступление Н. Назарбаева на



Торжественном собрании, посвященном 10-летию независимости Республики Казахстан. - Алматы: Атамұра, 2001. - 112 б.

125 Данияров К.К. О новой истории Казахстана. - Алматы, 2004. - Б. 399.

126 ОҚОММ. 161-қ., 3-т., 3-бума, 26-іс, 1-п.

127 ОҚОММ. 161-қ., 3-т., 3-бума, 23-іс, 1-п.

128 ОҚОММ. 161-қ., 3-т., 15-бума, 129-іс, 36-п.

129 Жолдыбекова А. Жер жаралы, ауа лас, халық сам-саз // Заң газеті. - 2010. - 21 қаңтар (№ 9). - 5 б.

130 Ильяшина А.П. Экология и здоровье человека// Қоғам дамуындағы қазіргі жастардың рөлі: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2007. - Ч.2. - С.113-117.

131 Статистический ежегодник Казахстана за 2005 г. - Алма-Ата, 2005. - Б. 35.

132 ОҚОММ. 86-қ., 11-т., 21-бума, 141-іс, 2-п.

133 ОҚОММ. 771-қ., 1-т., 1-бума, 1-іс, 2-п.

134 История Казахстана: народы и культуры: Учеб. Пособие / Масанов Н.Э. и др. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. - Б. 121.

135 Кіребайұлы А. Экологиялық аймақты америкалық журналист зерттеп жүр: Американың «Дискавери» ғылыми журналының қызметкері Эва Кован Аралды зерттеуде // Айқын. - 2006. - 20 маусым (№109). - 6 б.

136 Карменова Г. «Зеленые» горизонты // Вечерняя Астана. - 2010. - 30 марта. - С. 6.

137 Карташова О. Экология - наша общая боль: О республиканской студенческой научно-практической конференции «Экология Балхаш-Алакольского бассейна: проблемы, поиски, решения» // Огни Алатау. - 2006. - 16 мая. - С. 3.

138 Керімбаева Н. Ұлттық ұғым - дүниетанудың қайнар көзі // Атамекен. - 2010. - 24 ақпан (№ 4). - 4 б.

139 Машан М.С. Политическая система Казахстана: трансформация, адаптация, целедостижение. - Алматы, 2000. - Б. 27-28.

140 Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. - 2008. - №21(2525). - 225-226 б.

141 Романова Н. Этнополитические процессы в Республике Казахстан. - Алматы, 1998. - Б. 76.

142 Биекенов Е.У. Формирование политической культуры хозяйственного руководителя: Автореф. дис...д.соц.н. - Алматы, 1993. - Б. 11.

143 Ишмухамедов А. Проблемы становления и развития политической науки в Казахстане. - Алматы, 1999. - Б. 55.

144 Кадыржанов Р. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы. - Алматы, 1999. - Б. 89.

145 Шеретов С.Г. Новейшая история Казахстана (1985-2002 гг.): Учебное пособие. - 2-е издание, переработанное и дополненное. - Алматы: Юрист, 2003. - Б. 125.

146 Кузембайұлы А., Абиль Е. История Республики Казахстан: Учебное пособие. - Астана: Фолиант, 2002. - Б. 152.

- 147 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы Заң. 2004 ж. 7 шілде, № 581 // Егемен Қазақстан. - 2004. - 14 шілде. - № 176. - 3 б.
- 148 ОҚОММ. 771-қ., 1-т., 1-бума, 17-іс, 1-п.
- 149 Егемен-ақпарат. Арал тағдыры - адам тағдыры // Егемен Қазақстан. - 1999. - 20 сәуір. - 2 б.
- 150 Семенова Л. Организация экологической политики // Вестник «Зеленое спасение». - Алматы, 1999. - Вып. 10. Права человека и природы. - С. 9-17.
- 151 Садвокасова Г.К. Проблемы взаимосвязанного развития систем расселения и окружающей среды в Казахстане // Вестник КазГАСА. - 2001. - № 1. - С. 32-36.
- 152 ШукпUTOва А.М. Об экологической ситуации в Республике Казахстан и мерах по ее улучшению // Информационный экологический бюллетень Республики Казахстан. - Алматы, 2001. - I-II кв. - С. 16-39.
- 153 Бақытов Ж. Табиғат-ана жылап тұр: [Экология] // Парасат. - 1999. - № 4. - Б. 8.
- 154 Бозданұлы Б. Табиғатты талап жатырмыз, оған ауданда қарап жатқан ешкім жоқ: [Жылы ой ауданының экология және биокорлар басқармасы жұмысынан] // Атырау. - 1998. - 12 наурыз. - Б. 4-6.
- 155 Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 7-қ., 1-т., 1278-іс, 3-п.
- 156 Бөлегенұлы М. Қоршаған ортаны қорғау - парызымыз: [Алматы облысы Ақсу ауданы қоршаған ортаны қорғау басқарма мемлекеттік инспекторы М. Төлегенұлымен әңгіме] // Жетісу. - 2001. - 11 қаңтар. - Б. 1-2.
- 157 Қазақстандағы экологиялық жағдай: ақпарат бюллетенінің деректерінен // Атамекен. - 1993. - 12 қараша, 20 тамыз. - Б. 3-10.
- 158 Алтаев А.Ш. Социальное развитие рабочих промышленности Казахстана (1970-1990 гг.): Диссертация ... д.и.н. - Алматы, 1996. - 322 с.
- 159 Соглашение об информационном сотрудничестве в области экологии и охраны окружающей среды // Информационный экологический бюллетень Республики Казахстан. - Алматы, 1999. - III кв. - С. 123-124.
- 160 Жақан Ғ. Қоршаған ортаны шетелдік компаниялар ластайды бірақ айыппұлды біздің үкімет төлейді: [Экологиялық қауіпсіздікті сақтау. Батыс Қазақстан облысы] // Атамекен. - 2001. - 1 қаңтар. - Б. 4.
- 161 Салықов К. Экология, экономика және саясат. // Заман - Қазақстан. - 1992. - 8 мамыр. - Б. 8.
- 162 Шарафутдинов Д.Ф. Экологическая информация и современное общество. - Алматы, 2005. - 196 с.
- 163 Күзембаева Ә.Б. Экология саласындағы Қазақстан-АҚШ ынтымақтастығы// ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. - 2008. - № 3/4. - 69-77 б.
- 164 Қасымханқызы Б. «Экологиялық зардабы бар, бірақ біз бақыттымыз», - дейді байқоңырлықтар: «ҚазСат» байланыс және хабар тарату геостанционарлық жер серігі ғарышқа ұшырылды // Алтын орда. - 2006. - 23-29 маусым (№26). - 5 б.

- 165 Қожағұлова Х. Экология және біз // Қазақстан географиясы және экология мектепте және ЖОО-да оқыту. - 2009. - № 1. - 3-4 б.
- 166 Қожан Т. Экология - жаһандық мәселе // Заң газеті. - 2008. - 14 мамыр (№ 71). - 1,3 б.
- 167 Құрманбаева А. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» диалогиясындағы экология аспектісі// ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. - 2007. - №1. - 100-104 б.
- 168 Лощев Н. Экология. Сто лет назад // Эко курьер. - 2002. - 11 января. - С.5.
- 169 Семенова Л. Орхусская конвенция и экологическое законодательство Республики Казахстан // Правовая реформа в Казахстане. - 2000. - № 1 (5). - С. 46-47.
- 170 Жақсыбаев Э. Экологиялық мәдениет және табиғатты көркейту // Ақиқат. - 2001. - № 3. - Б. 88-90.
- 171 Қасейінұлы М. Табиғат аясында. Бізді аялаған табиғатты аялайық // Вестник ВКГУ. - 2001. - № 2. - Б. 68-70.
- 172 Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. - 2006. - 9 қаңтар. - Б. 2-4.
- 173 Жанпізы Р. Қазақстан таңдауы: Орталық Азиядағы интеграция ма, әлде еуразиялық диверсификация ма? // Қоғам және дәуір. - 2005. - № 4 (8). - Б. 12-14.
- 174 Қараманов Ү. Арал өңірінің экологиялық проблемасы алаңдатады // Атамекен. - 2004. - 24 маусым. - Б. 6-7.
- 175 Майемер А. Батыс Қазақстан облысының экологиялық жағдаяты // География және табиғат. - 2008. - № 3. - 38-40.
- 176 Макежанов С.А. Заботясь о природе, думаешь о себе: Беседа с дир. департ. природных ресурсов и регулирования природопользования г. Алматы // Вечерняя Алматы. - 2006. - 28 октября. - С. 3.
- 177 Малибеков К. С уважением к природе! // Экокурьер. - 2008. - 1-15 августа. - С. 3.
- 178 Мамиланова К. Қоршаған ортаның денсаулыққа әсері // Жалпы тарих және құқықтану мектепте, колледжде және ЖОО-да. - 2009. - № 6. - 33-35 б.
- 179 Сүлейменов Б. Экологиялық проблемалар тездетіп шешуді қажет етеді // Атамекен. - 2007. - 26 наурыз (№6). - 2 б.
- 180 Мамышев Ж. Экология в приоритете // Курсив. - 2008. - 17 января (№2). - С. 2.
- 181 Алиев М.К., Тажибаев С.Д. Экологические проблемы в Казахстане в период развития рыночных отношений // Гидрометеорология и экология. - 2000. - № 1. - С. 26-30.
- 182 Назарбаев Н.Ә. Серпінділік стратегиясын іске асыру міндеттері // Егемен Қазақстан. - 2006. - 24 қаңтар. - Б. 1-3.
- 183 Джангирова Г.С. История антиядерного движения в Казахстане (1985-2006 гг.): автореферат ... к.и.н. - Алматы, 2009. - 29 с.

- 184 Алимбекова Ж.Е., Исакова Г.А. Исторические аспекты природопользования и охраны окружающей среды // Новое в охране труда и окружающей среды. - Алматы, 2000. - С. 196-199.
- 185 Балгабекова Р.М., Байбосынова А.С. Некоторые мероприятия по защите окружающей среды // Казахстан 2030 - здоровый образ жизни. - Караганда, 1998. - С. 12-14.
- 186 Экологическая антология: «Город XXI века». - Алматы, 1999. - С. 202-206.
- 187 Айгазиев А.Т. Эколого-экономические проблемы мира Республики Казахстан // Вестник Московского университета. Серия 6. Экономика. - 2000. - № 1. - С. 53-62.
- 188 Айтжанов А. Охране природы всенародную поддержку // Эко курьер. - 1999. - № 15/16. - С. 1-2.
- 189 Айтжанова Д.А. К вопросу обеспечения качества окружающей природной среды региона // Новое в охране труда и окружающей среды: Материалы IV Международной научно-технической конференции. - Алматы, 2000. - С. 249-253.
- 190 Материалы республиканского семинара «Экологическое образование: НПО и государство в реализации Орхусской конвенции в Республике Казахстан» 7-8 июня 2001 г. - Боровое-Кокшетау, 2001. - С. 50-51.
- 191 ОҚОММ. 661-қ., 3-т., 15-бума, 128-іс, 2-п.
- 192 ҚР ПМ. 5-Н-қ., 1-т., 1020-іс, 8-пп.
- 193 ОҚОММ. 661-қ., 3-т., 15-бума, 130-іс, 7-п.
- 194 Мәлібеков Қ. Экологиялық тазалық сақталуда: Облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығымен әңгіме / Әңг. Н.Әлдібаев // Жетісу. - 2005. - 2 шілде. - 10 б.
- 195 Миусов А. Дышите глубже... // Вечерний Алматы. - 2009. - 17 сентября. - С. 4-5.
- 196 Молдажанов С. Экологиядан түскен қаржы тек экологияны жақсартуға жұмсалуды тиіс // Атамекен. - 2010. - 24 ақпан (№ 4). - 2 б.
- 197 ҚРОММ. 1137-қ., 2-т., 3348-іс, 151-п.
- 198 Мұратова А.Н. Экологиялық қауіпсіздік - тұрмыс сапасын қамтамасыз етудегі фактор // ҚР ҰҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. - 2009. - №6. - 53-56 б.
- 199 Мұртаза Ш. Жүз жылдық жара: Экологиялық әңгіме // Дүние. - 2002. - № 1. - 34-42 б.
- 200 Мырзабеков Ж.М. Особо охраняемые природные территории Казахстана. - Алматы, 2000. - С. 87.
- 201 Қазақстандағы экологиялық жағдай: ақпарат бюллетенінің деректерінен // Атамекен. - 1993. - 12 қараша, 20 тамыз.
- 202 Қалың қалай біздің ортақ үйіміз? / Қазақстанның экологиялық жағдайы туралы. // Қазақстанның агроөнеркәсібі. - 1990. - № 12. - 34 б.
- 203 Қасіреті бітпеген қайран Шоқым. Ядролық сынаққа байланысты таратылған Абралы ауданы мен «Қайнар» совхозының рактан қайтыс болған адамдар тізімі. // Лениншіл жас. - 1990. - 2 желтоқсан. - 3 б.

- 204 Қаюпова Н. Әйелге қамқорлық - болашаққа қамқорлық. // Халық кеңесі. - 1992. - 19 қыркүйек. - 2 б.
- 205 Мелдебекова К. Ана мен баланы аялап. // Ауыл. - 1994. - 10 наурыз. - №4. - 6 б.
- 206 Олжабаев С. Созақтағы тозаң. Ел мен жер қасіреті экологиясы // Арай. - 1993. - № 4. - Б. 13.
- 207 Ормантаев К., Ешмұхамбетов С. Экология және ана мен бала денсаулығы. // Жас алаш. - 1992. - 15 қазан. - 3 б.
- 208 Өтепбергенов С. Қазақстанның экологиялық қолайсыз аймақтары. // Парасат. - 1990. - № 6. - 8-9 б.
- 209 Отырардағы екі ойран. Экология және біз // Парасат. - 1992. - № 4. -13 б.
- 210 Пірәлиева Г. Жүрек жаншып, жан сыздап: Экология және біз. // Өркен. - 1990. - 26 мамыр. - 2 б.
- 211 Салықов К. Экология, экономика және саясат // Заман - Қазақстан. - 1992. - 8 мамыр. - 4 б.
- 212 Сарыбеков К. Табиғат тағдыры - ел тағдыры / Экология тақырыбы туралы мәселе // Жас алаш. - 1994. - 2 қараша. - 2 б.
- 213 Сарыбеков К. Тіршілік зарын, табиғат зарын кім тыңдар? // Атамекен. - 1994. - 17 наурыз. - 3 б.
- 214 Суханбердин Х. Ауа да, су да таза болсын. Экология және біз. // Атамекен. - 1994. - 28 сәуір. - 5 б.
- 215 Суханбердин Х. Табиғатқа деген жабайы көзқарастан қашан арыласыз?: Арал проблемасы // Атамекен. - 1993. - 25 қараша. - 3 б.
- 216 Назарбаев Н.А. Казахстан на пути ускоренной экономической социальной и политической модернизации. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана. - Астана: Елорда, 2005. - С. 23.
- 217 Сыздықов Қ. Қасіретке ұшыраған адамдар мен тауқымет тартқан табиғат туралы толғаныс. // Атамекен. - 1993. - 14 қаңтар. - 2 б.
- 218 Смайылов К. Табиғатты қорғау - адамды қорғау. // Атамекен. - 1993. - 30 қаңтар. - 3 б.
- 219 Уровень жизни населения в Казахстане. // Статистический сборник. - Алматы, 2001. - С. 33.
- 220 Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организации здравоохранения в 2000 г. // Статистический сборник. - Алматы, 2000. - С. 13.
- 221 Информационно-экологический бюллетень. Итоговый выпуск 1999. - Алматы, 1999. - С. 37.
- 222 Региональный статистический ежегодник Казахстана. - Караганда, 2002. - С. 28-29.
- 221 Табиғат апаттарына қарсы бірлесе күресейік // Алматы ақшамы. -1994. - 18 сәуір. - 2 б.
- 222 Табиғат туралы // Атамекен. - 1994. - 14 қараша. - 3 б.
- 223 Наурызбаев М.К. Основные направления и перспективы в исследовании влияния ракетно-космической деятельности на экологию Республики Казахстан

// Состояние и перспективы научной и инновационной деятельности в космической сфере Республики Казахстан: Материалы научно-практической конференции / Под общ. ред. Р.А.Алшанова. - Алматы, 2005. - С.50-52.

224 Ормантаев К., Ешмұқамбетов С. Экология және ана мен бала денсаулығы. - Алматы: Қазақстан, 1991. - Б. 55.

225 Өрісбаев Қ. «Экология, экология» дейміз, елімізде бірде - бір Экология институты жоқ: Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессормен сұхбат / Әңг. Т.Тәшен // Айқын. - 2005. - 28 қыркүйек (№ 182). - 4 б.

226 Өтемұратов М.Ж. Экологиялық сауықтыру - баршаға ортақ : Обл. табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департ. дир. әңгіме / Әңг. Қ.Қорасани // Сыр бойы. - 2007. - 29 маусым. - 2 б.

227 Ниязбекова Р.К., Сапаралиева К.С. Экологиялық таза тамақ өнімдерін өндірудегі сапа мен бәсекеге қабілеттілік // ҚазЭУ хабаршысы. - 2006. - № 4. - 180-184 б.

228 Новиков Ю.В. Экология, окружающая среда и человек: [учеб. пособие для вузов, сред. шк. и колледжей]. - М.: Гранд; Фаир-пресс, 2005.- С. 101.

229 Селбиев М. Табиғат-анаға озбырлық жасамайық // Айқын. - 2009. - 11 шілде (№125). - 6 б.

230 Нұрғали А.А. Экологиялық қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері // Казахстанский журнал международного права. - 2004. - № 3(15). - 169-177 б.

231 Нұрғали А.А. Қазақстан Республикасында азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғауға қатысудың құқықтық нысандары: З.ғ.к. ...дис. автореф. / - Алматы, 2005. - Б. 11.